Кәсіптік мәліметтер (өндіру қарқыны, қысым, температура, мұнай мен газдың арақатынасы, судың мөлшері (бар болғанда)) белгілі кезеңнің бойында жиналады және содан кейін коллекторды модельдеу барысында алынған жобалық (есептік) мәліметтермен салыстырылады. Әдеттегідей, олар сәйкес келмеуі керек. Содан кейін модельді баптау деп аталатын процедура орындалады, оның барысында коллектордың моделі (табиғи модельдеу кезінде пайдаланылатын және минималды анық болатын мәліметтерді өзгерту арқылы) реттеледі. Мұндай баптау модельдеудің мәліметтері нақты өндірудің мәліметтерімен сәйкес келмегенінше жүзеге асырыла береді. Бұдан әрі өзгертілген модельдер ұңғыманың болашақ өнімділігін анықтау үшін пайдаланылады. Белгілі уақыт өткеннен кейін нақты өндіру мәліметтері модельдеудің таяудағы нәтижелерімен қайта салыстырылады. Сәйкес келгендер қайтадан жойылуы керек. Модельді баптау процедурасын кен орынды пайдалану мерзімі аяқталғанға дейін қайта орындау керек. Одан басқа, мысалы, қысымды ұстап тұру, өндіруді күшейту/ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту, сонымен қатар механикаландырылған ұңғыманың пайдалануы сияқты бірнеше операциялар кен орны өнімділігінің бүкіл мерзімі ішінде орындалу керектігін атап өту қажет. Егер көмірсутегілер экономикалық пайдалы жолмен өндірілмейтін болса, кен орнын тоқтатып қою керек. Ол үшін ұңғыманы бітеу, оны цемент пен құмның шарларымен толтыру, сонымен қатар шегендеу колоннасын жауып қою керек. Осы процедура компанияның немесе мемлекеттік органдардың нормативтік құжаттарына сәйкес өткізіледі.

1.4 Мұнайды және газды іздестіру: Кен орнын барлау

Алдыңғы бөлімдерде түсіндірілгендей, мұнай мен газ жер бетінің және теңіз түбінің астында мыңдаған фут тереңдікте болады. Мұндай коллекторлар жердің геологиялық тарихынан тәуелді тек қана белгілі жерлерінде орналасады. Осылайша, мұнай коллекторларының орналасуын анықтау өте күрделі міндет, сонымен қатар мұнай өндіретін өнеркәсіптің ең проблемалы мәселесі болып табылады. Мұнай коллекторын іздестіруге және табуға үш негізгі жұмыс түрлері кіреді: геологиялық суретке түсіру, геофизикалық зерттеулер және іздестіру-барлау бұрғылауы. Келесі бөлімдерде осы жұмыс түрлерінің әрқайсысы үшін қысқаша ақпарат ұсынылған.

1.4.1 Геологиялық суретке түсіру

Геологиялық суретке түсіру жерасты мұнай коллекторларының орналасуының потенциалды орындарын анықтаудың ең байырғы және алғашқы құралы болып табылады. Ол жер бетінің геологиясын, ашылған жыныстардың және жыныстың беттік қабаттарының үлгілерін зерттеуді тұспалдайды. Жиналған ақпарат геологиялық теориялармен бірге мұнай коллекторлары жердің астында суретке түсіру орнында бола ма екенін анықтау үшін пайдаланылады. Геологиялық суретке түсірудің нәтижелері соңғы болмайды және тек қана мұнай коллекторын табу мүмкіндігін береді. Бір геологиялық суретке түсіруді пайдалану арқылы мұнай коллекторларын іздестірудегі табыс дәрежесі тарихи төмен болып табылады. Қазіргі уақытта геологиялық суретке түсірулер мұнай коллекторларының орналасу орнын анықтаудың мүмкіндіктерін жоғарылату үшін геофизикалық зерттеулермен бір уақытта орындалады.

1.4.2 Геофизикалық зерттеулер

Негізінде өнеркәсіпте пайдаланылатын геофизикалық зерттеулердің төрт типі бар: гравиметриялық барлау, магниттік барлау, сейсмометриялық зерттеу және қашықтықтан зондтау.

Гравиметриялық барлау мүмкін болатын мұнай коллекторын табудың ең қымбат тұратын әдісі болып табылады. Зерттеулердің осы типі тау жынысының тығыздығын суретке түсіруді өткізетін гравиметр құралын пайдалануды тұспалдайды. Мысалы, тұз, тау жыныстарына қарағанда, тығыздығы аз болып табылады, сондықтан гравиметр тұз күмбездерінің бар екенін анықтай алады, олар, өз кезегінде, антиклиналь құрылымының бар екендігін көрсетеді. Мұндай құрылымда мұнай мен газдың жиналып қалуы мүмкін.

Магниттік барлау, тау жыныстарының типі мен шөгу тереңдігі әсер ететін, магниттік тартылысты өлшеуде тұрады. Магниттік барлау, құрамында магниттік темір кенінің жоғары концентрациясы болатын, көмбе жанартаулық формациялардың немесе іргетас жыныстарының бар болуын және шөгу тереңдігін анықтау үшін қолданылады. Осы ақпарат іргетас жыныстары үстінде шөгінді қабаттардың бар болуын анықтау үшін пайдаланылады.

Сейсмометриялық зерттеу геологиялық орта арқылы жоғары қысымды дыбыстық толқындарды жіберуді және тау жыныстары қабаттарының әртүрлі беттерімен тойтарылған толқындарды алуды тұспалдайды. Дыбыстық толқындар орасан зор жерүсті дірілдеткіштермен немесе пайдаланылатын жарылыс заттарымен пайда болады. Толқынның жүріс

уақыты және оның сипаттамалары кіретін, жиналған мәліметтердің үлкен көлемі геологиялық тау құрылымы туралы ұғымды алу, сонымен қатар мұнай өнімдерінің жиналып қалуы мүмкін болатын, қабаттарды анықтау мақсатында талданылады.

Барлық геофизикалық зерттеулердің арасында зерттеудің осы түрі ең маңызды және дәл болып табылады. Соңғы жылдары айтарлықтай ғылыми-техникалық прогреске сейсмометриялық зерттеу саласында қол жеткен. Мәліметтерді жинауды, оны өңдеуді, талдауды және түсіндіруді оңтайландыру сейсмометриялық зерттеудің мағынасы мен дәлдігін жоғарылатты. Одан әрі, сейсмометриялық зерттеудің үш өлшемді (3D) технологиясын дамыту геологиялық тау құрылымдарының 3D суреттемесін ұсыну үшін мүмкіндік берді.

Қашықтықтан зондтау пайдалы қазбалардың жерасты кен орнының, судың, жарықтардың және басқа құрылымдық ерекшеліктердің бар болуын анықтау үшін инфрақызыл жылусезгіш түсті суретке түсіруді пайдалануды тұспалдайтын қазіргі заманғы техника болып табылады.

Әдетте, серікпен байланысты болатын өлшеу құрылғысы сигналды жерасты құрылымдар карталарын өндіретін арнайы компьютерлерге жібереді.

1.4.3 Іздестіру-барлау бұрғылауы

Геологиялық суретке түсіру мен геофизикалық зерттеулер барысында жиналған мәліметтер құрамында мұнай немесе газ болатын геологиялық құрылым туралы мүмкін түсініктер мен ұғымдарды әзірлеу үшін пайдаланылады. Бірақ, бізге әлі де мұнай/газ кен орындарын игеру экономикалық мақсатқа лайықты болу үшін осы геологиялық қабаттардың құрамында мұнай өнімдері бар ма және олардың мөлшері жеткілікті ме екенін анықтау керек (егер сондай анықталса). Соңғы жауапты алудың жалғыз тәсілі – бұл барлау ұңғымасын бұрғылау және зерттеу.

«Жабайы мысық» ретінде белгілі барлау ұңғымасы геологтармен және геофизиктермен анықталған орында бұрғыланады. Ұңғыма бұрғыланатын жыныстардың әртүрлі қабаттарының қасиеттері туралы немесе әртүрлі формациялар ие болатын сұйықтықтар мен қысымдар туралы іс-жүзінде ештеңе белгілі болмаған кезеңде бұрғыланады. Осы себептен жұмыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұңғыманы аяқтау және бұрғылау бағдарламасы әдетте өзгереді. Бірінші ұңғыманың контрукциясы оңтайлы болып табылмайды, сондықтан оның құны, кен орында бұрғыланатын, басқа ұңғымалармен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болады.

Барлау ұңғымасын өткізгеннен кейін бұрғыланған жыныс бөлшек-

терінің үлгілерін алу және олардың құрамы мен қанығулық сипатын зерттеу маңызды. Мұндай мәліметтер оның шөгу тереңдігіне қатысты қабаттың типін анықтау үшін, сонымен қатар жыныста көмірсутекті құрамды шикізаттың бар болуын тексеру үшін пайдаланылады.

Қабатты бұрғылау үлгілерін талдау үшін арнайы зертханаларға қосымша іріктеп алу, сақтау және жолдау керек. Мұнайы бар қабатты әр бұрғылаудан кейін пайдалануға енгізілген ұңғыманы зерттеу керек. Ұңғыманы қайта бұрғылаудан кейін әртүрлі каротаждық жұмыстарды қайта-қайта өткізу керек. Бұрғыланатын қабаттарда ақпаратты жинау үшін пайдаланылатын бірнеше каротаждық құрылғылар мен техникалар (электр каротаж, радиоактивті каротаж әдісі және акустикалық каротаж) бар. Осы құрылғылар ұңғымаға каротаждық сымның (электр кабелі) көмегімен түсіріледі. Олар қажетті тереңдікке жеткеннен кейін құрылғылар жоғарыға өлшенген сигналдарды жібереді, олар компьютерлерге жазылады. Жиналған сигналдар өңделенеді және шөгу тереңдігімен жыныстар мен сұйықтықтардың қасиеттерін салыстыру нысанында ұсынылады.

Барлау ұңғымасы жыныстар мен сұйықтықтардың қасиеттері, типі және сұйықтықтармен қанығулығы, коллектордағы бастапқы қысым, коллектордың өнімділігі және т.б. туралы маңызды ақпаратты береді. Мұндай мәліметтер кен орынды игеру үшін пайдалы болатын өте маңызды ақпарат болып табылады. Сонымен бірге, көптеген жағдайларда барлау ұңғымасын зерттеу барысында алынған мәліметтер жеткілікті болып табылмайды. Осылайша, жаңа коллектордың өлшемі мен қасиеттері туралы толығырақ ақпаратты алу үшін қосымша ұңғымаларды бұрғылау қажет. Бірақ бұл әр барлау ұңғымасын бұрғылау барысында коллектордың анықталуы керектігін білдірмейді. Барлау ұңғымасын бұрғылау кезінде өнімсіз ұңғымаларға немесе экономикалық тиімсіз коллекторларға кезігуге болады.

1.5 Мұнай коллекторларының типтері

Әдеттегідей, мұнай коллекторлары геолологиялық құрылымы мен игеру тәсіліне (ығыстыру механизміне) сәйкес жіктеледі.

1.5.1 Мұнай коллекторларының геологиялық классификациясы

Мұнай коллекторларының геологиялық құрылымы әртүрлі өлшемдерде және пішіндерде болуы мүмкін. Дәстүрлі түрде коллекторларды олардың қалыптасу байланысты жіктеу ыңғайлы. Олар келесі жағдайлар болып табылады:

•Күмбез тәріздес және антиклиналь коллекторлар. Осы коллекторлар 1.1-суретте көрсетілгендей, жыныс қабаттарының жиналуы нәтижесінде пайда болды. Күмбез тәріздес коллектордың контуры – дөңгелек, ал антиклинальдің – ұзын және тар. Мұнай және газ кеуекті жыныстар арқылы жылжиды немесе көшеді, мұнда олар саңылаусыз жауып тұратын жыныспен тығындалады және қабаттың пішініне ие болады.

•Бұзылған коллекторлар. Мұндай коллекторлар 1.2-суретте көрсетілгендей, жыныс қабаттарын жылжыту мен орын ауыстыру (тектоникалық бұзылу) арқылы қалыптасқан. Кеуекті емес тау жынысы құрамында мұнай/газ болатын кеуекті жыныстың қозғалыс бағытына қарама-қарсы бағытта жылжиды, бұл олардың тығындалып қалуына алып келеді. Мұнайдың/газдың коллекторда тығындалуы мұнайлы жыныстың және тектоникалық бұзылулардың иілуі көмегімен жүзеге асырылады.

• Тұзды күмбезі бар коллектор. Коллектор құрылымының осы типі жоғарыда жатқан жыныстардың қабаттарын деформациялайтын және көтеретін үлкен өткізбейтін тұзды күмбездің жоғары қарай жылжуы нәтижесінде пайда болады. 1.3-суретте көрсетілгендей, мұнай өнімдері жауып тұратын жыныстың және өткізбейтін жыныстың төменде жатқан шарының арасында немесе жыныстың екі өткізбейтін қабаттарының және тұзды күмбездің арасында тығындалып қалады.



СУРЕТ 1.1
Жыныс қабаттарының жиналу нәтижесінде пайда болған коллектор.



1.2-СУРЕТ
Бұзылған коллектордың геологиялық пішіні.



Oil – Мұнай
Cap rock – Жабын жынысы
Gas – Газ
Water – Су
Salt – Тұз

1.3-СУРЕТ
Тұз күмбезі бар құрылым учаскесі.



Impervious cap rock – өткізбейтін жабын жынысы

1.4-СУРЕТ

Тау жыныстарының үйлесімсіз орналасуынан пайда балған коллектор.

• Тау жыныстарының үйлесімсіз шөгуі. 1.4-суретте бейнеленген коллектор құрылымының осы типі өткізбейтін жауып тұратын жыныс төмен жатқан қабаттардың диагональ қуақаздары арасында қалыптасқан кезде тау жыныстарының үйлесімсіз шөгуі нәтижесінде пайда болған.

• Линза тәрізді коллекторлар. Коллекторлардың осы типіне жататын мұнайлы кеуекті жыныстар қоршаған кеуекті емес жыныстармен тығындалып қалған. Қабаттың қалыптасуы кезінде тұнбалардың және саздың әртекті шөгінділері қабаттың осындай кенет өзгеруінің мүмкін себебі болып табылады. Коллектордың осы типінің үлгісі 1.5-суретте көрсетілген.

• Аралас коллекторлар. Бұл жағдайда жыныстардың жиналуы мен бұзылуы, қабат кеуектілігінің кенет өзгеруі мен басқа жағдайлардың үйлесімі коллектордың осы типі үшін қақпанды құрайды.



1.5-СУРЕТ
Құмды линза тәрізді коллектордың үлгісі .

1.5.2 Қабатты ығыстыру механизмдері

Коллекторда мұнай пайда болып жиналатын кезде ілеспе газ бен судың қысым энергиясы да шоғырланады. Бұрғыланатын ұңғыма коллекторға жеткен кезде ондағы қысым мұнай қабатының қысымынан төмен болу керек. Осы қысымдар арасындағы айырмашылық газдың, судың немесе оның да, басқасының да энергиясы болып табылады. Мұндай энергия мұнайды қабаттан ұңғымаға ығыстырады және оны жоғарыға қарай көтереді. Осылайша, мұнай кен орындарын игеру бойынша инженерлер мен өндірісті ұйымдастыруы бойынша инженерлер үшін қызығушылықты білдіретін, мұнай коллекторларын жіктеудің басқа әдісі мұнайдың қабаттан ұңғымаға және одан әрі жоғарыға қарай жылжуын қамтамасыз ететін, оның жұмыс режимдеріне (ығыстыру механизмдеріне) сәйкес коллекторды сипаттау болып табылады. Ығыстырудың үш негізгі механизмі бар:

1. Ерітілген газ режимімен мұнай коллекторы. Коллектордағы қысым мен температураға сәйкес оның ішіндегі мұнайда онда ерітілген газдың (ерітілген газ) мөлшері әр түрлі болуы мүмкін. Ерітілген газ мұнайды тек қана егер қысым мұнай үшін тән болатын белгілі мәнге дейін төмендетілетін (қанықтыру қысымы деп аталатын) жағдайда ығыстыратын болады. Егер ұңғыма коллектор арқылы бұрғыланса және онда қанықтыру қысымынан төмен болатын қысым орнатылса, бөлінетін газ кеңейеді, мұнайды қабаттан ығыстырады және оны жоғарыға қарай көтереді. Энергияның жалғыз көзі ерітілген газды бөлу мен кеңейту энергиясы болып табылатын коллекторлар ерітілген газ режимі бар мұнай

коллекторлары деп аталады. Мұнайды ығыстырудың бұл механизмі барлық ығыстыру механизмдерінің ішінде тиімділігі ең төмен болып табылады. Жалпы, оның көмегімен коллектордан 15-тен 25%-ға дейін мұнай өндіріледі.

2. Газарынды режиміндегі коллекторлар. Көптеген коллекторларда мұнайдың үстінде орналасқан газды күмбез пішінді еркін газ бар. Осындай газды күмбездің пайда болуы коллектордағы қысым мен температура кезінде мұнайда ерімейтін газдың көп мөлшерде болуына байланысты. Артық газ ауырлық күшінің әсерінен бөлінеді және коллектордың жоғарғы бөлігін алады.

Мұндай коллекторларда мұнай газды күмбезде газдың кеңеюі арқылы өндіріледі. Кеңейтілген газ мұнайды төмен қарай итереді және бұрын өндірілген мұнай болған бос кеңістіктерді толтырады. Бірақ көптеген жағдайларда ерітілген газ мұнайдың қабаттан ығыстырылуына да мүмкіндік туғызады. Қолайлы жағдайларда ерітілген газдың кейбір бөлігі жоғары қарай газды күмбезге жылжиды да, оны осылайша ұлғайта отырып, өзінің энергиясын сақтап қалады. Мұнай газды күмбезді кеңейту көмегімен өндірілетін, коллекторлар тегеурінді газ режиміндегі коллекторлар деп аталады. Мұндай механизм ерітілген газдың тиімді режимі болып табылады. Оның көмегімен коллектордан мұнайдың алғашқы көлемінен 25-тен 50%-ға дейін өндіруге болады.

3. Суарынды режиміндегі коллекторлар. Басқа коллекторлардың көпшілігі орасан, үздіксіз, кеуекті қабаттар болып табылады, оларда мұнай/газ тек қана кішкене бөлігін алып отырады.

Мұндай жағдайларда мұнайдың/газдың астындағы ірі қабат жоғары қысыммен берілетін тұзды сумен шылқылдатылады. Егер мұнай/газ мұнай қабатына қарама-қарсы орналасқан ұңғымадағы қысымды төмендету көмегімен өндірілетін болса, тұзды су кеңейеді де, қабаттан мұнайды/газды ығыстырып, бұрын өндірілетін мұнаймен/газы бар бос кеңістікті ала отырып, жоғарыға қарай көтеріледі. Мұнайды/газды жылжытатын судың қозғалысы мұнайдың немесе газ қысымының құлауын бәсеңдетеді, сонымен қатар көміртектердің кеңею энергиясын сақтайды.

Мұнай/газ қабатының астындағы тұзды суды кеңейту мен жылжыту нәтижесінде мұнай өндірілетін коллекторлар суарынды режиміндегі коллекторлар деп аталады. Осы ығыстыру режимі ең тиімді болып табылады, себебі оның көмегімен шикізаттың бастапқы көлемінен 50%-ға дейін өндіруге болады.

1.6 Мұнай және газ кен орындарын игеру

Әртүрлі геологиялық суретке түсірулердің, геофизикалық зерттеулердің және барлау ұңғымаларын оқып білудің барысында жиналған ақпараттар мен мәліметтердің жеткілікті үлкен мөлшері карталардың әртүрлі типтерін құрастыру үшін пайдаланылады. Контурлық карталар бақылау нүктелеріне қатысты геологиялық құрылымды көрсету үшін корреляция маркерлері деп аталатын тереңдіктің бірдей интервалдары арқылы түсірілген сызықтармен берілген. Қуаттары бірдей картталарда корреляция маркерлері арасында қалыңдықтағы тербелістер ұсынылған. Басқа маңызды карталар, мысалы, кеуектілік карталары, өткізгіштік карталары мен жыныстардың әртүрлі сипаттамаларын және құрылымдардың орналасуын көрсететін карталар да құрастырылады. Қабаттардың барлық қолжетімді мәліметтері мен карталардың көмегімен құрылымдардың егжей-тегжейлі концептуалдық модельдері құрастырылады, оларда құрылымның шектерінде мұнай және газ шөгінділердің орналасу орны белгіленеді.

Осы кезеңдегі ақпарат мұнай қорларын бағалау, кен орынды игеруге қатысты шешім қабылдау және өнеркәсіптік пайдаланудың жоспарын құрастыру үшін жеткілікті болып табылады.

Мұнай-газ кен орындарын пайдалану бірлескен біріккен күш салуларды, сонымен қатар көптеген пәндерді білуді тұспалдайды. 1.3-бөлімде көрсетілгендей, коллекторды анықтау, суреттеу және сипаттау үшін геологтар мен геофизиктерді іске тарту керек. Мұнай және газ кен орындарын игеру бойынша инженерлер кен орынның өнімділігінің бүкіл мерзімінде мұнай қорларын өндіру мен коллекторды игеруді басқару бойынша стратегияны әзірлейді. Өндірісті ұйымдастыру бойынша инженерлер, сондай-ақ ұңғымаларды аяқтау бойынша инженерлер ұңғыманы аяқтау мен пайдалануға арналған қондырғыны конструкциялайды, оның көмегімен әртүрлі өндіру әдістер мен жағдайларды бақылауға болады. Ұңғымаларды бұрғылау бойынша инженерлер бұрғылау бағдарламаларын әзірлейді, олар негізге ұңғыманы аяқтау жобасын алады. Бұрында әр топ жеке-жеке жұмыс істеген және өз жұмысының нәтижелерін келесі топқа берген. Мысалы, геологтар мен геофизиктер өзінің жұмысын аяқтағанда, олар өз жұмысының нәтижесін кен орынды игеруді жобалаумен айналысатын топқа берген, ал ол өз кезегінде өз жұмысының нәтижесін өндірістік процесті ұйымдастырумен айналысатын топқа береді және т.б. Барлық дерлік жағдайда, әр жұмыс тобы маңызды мәселелерді талқылау мен анықтау үшін алдыңғысымен қызмет ету, сонымен қатар қосымша жұмыстарды өткізу туралы сұрату керек. Мұндай жұмыс тиімсіз деп есептелінеді.

Осылайша, соңғы жылдардың ішінде ірі компаниялардың көпшілгі кен орындарды игеруге мультитәртіптік топтық амал деп аталатын амалды қолдана бастады. Осы амалға сәйкес, кәсіпқойлар командасына, барлық қажетті тәртіптерде маман болып табылатын,инженерлер мен ғалымдар кіруі тиіс. Команда мүшелері кен орынды игерудің бүкіл кезеңі ішінде бір топ сияқты бірге жұмыс істейді. Сол уақытта, мысалы, бағдарламашылар, инженер-жоспарлаушылар, шығындар бойынша инженерлер, экономистер мен басқа да мамандар жұмыс тобымен тығыз қызмет етеді және тіпті оның ажырағысыз бөлігі болуы мүмкін. Тәжірибе көрсеткендей, кен орындарды игеруге мұндай амал едәуір тиімді болып табылады, сондықтан көбіне-көп компаниялар осы бағытта жұмыс істеуде.

Келесі бөлімде бұрғылау технологиясының, сонымен қатар кен орындарын зерттеу мен игеру технологиясының рөлі мен функциясының қысқаша суреттемесі берілген.

1.7 Бұрғылау технологиясы және жұмыс істеу тәртібі

Ұңғыманы игеру (өндірістік стратегияны әзірлеу, кен орындары шектерінде ұңғымалардың орналасуын анықтау, сонымен қатар ұңғыманың аяқталуын жобалау) кезеңінен кейін бұрғылаумен байланысты болатын жұмыстар кезеңі басталады. Әдетте, осы кезең бұрғылау бағдарламасын әзірлеуден кейін басталады. Содан кейін қажетті жабдықтар мен материалдарды сатып алуға жоспарлар дайындалып орындалады. Келесі қадам – жабдықтар мен материалдарды алып келу алдында кен орнында бұрғылау алаңшаларын дайындау, сонымен қатар бұрғылау жұмыстарының басталуы. Мұнай өндіретін компанияда қызметті ұйымдастыруға қатысты ұңғымаларды бұрғылау мен шегендеуге жауап беретін ұңғыманы бұрғылау бойынша инженерлер, сонымен қатар ұңғыманың аяқталуына жауапты болатын өндірісті ұйымдастыру бойынша инженерлер тағайындалады. Одан басқа, ұңғымаларды бұрғылау бойынша инженерлер ұңғымаларды бұрғылауға да, аяқтауға да жауап бере алады.

Бұрғылау бағдарламасы үш негізгі кезеңдерден тұрады: (1) ұңғыманы берілген тереңдікке дейін бұрғылау, (2) әртүрлі шегендеу колонналарын орнату және (3) шегендеу колонналарын цементтеу.

1.7.1 Ұңғыманы бұрғылау

Ұңғымаларды бұрғылау айналмалы бұрғылаудың қазіргі заманғы әдісіне дейін бұрғылау әдістерін дамытудың негізгі кезеңдері арқылы өтті. Осы әдісті пайдалану кезінде бұрғылау бастиегі қостүтік колон-

насының төменгі ұшына – бұрғылау колоннасына бекітіледі. Мұндай колонна, бұрғылау бастиегінің айналуын тудыра отырып, үстінде айналады. Бастиектің айналуы, сонымен қатар оған бұрғылау колоннасымен қысым жасау жыныстардың қирауына және ұсақ бөлшектерге кесілуіне (бұрғыланған жыныс) алып келеді. Тесіктен бұрғыланған жынысты кетіру үшін бұрғылау ерітіндісі немесе сазды ерітінді деп аталатын арнайы сұйықтық пайдаланылады. Ол бұрғылау колоннасы арқылы айдалынады және бұрғылау бастиегіндегі қондырма арқылы ағыс түрінде шығады. Мұндай сұйықтық бастиекті бұрғыланатын жыныстан, оны жоғары қарай бұрғылау колоннасы мен тесік қабырғасы арасындағы құбыр сырты кеңістік арқылы көтере отырып тазартады.

Бетінде бұрғыланатын жынысты кетіру үшін сазды ерітіндіні елейді және бұрғылау колоннасына кері айдайды. Бұрғылау жұмыстары бұрғылау қондырғысы деп аталатын үлкен күрделі жабдықтың көмегімен орындалады. Мұндай жабдық одан әрі қысқаша суреттелген.

1.7.1.1 Бұрғылау қондырғысы

1.6-суретте роторлы бұрғылау қондырғысы схемалы түрде бейнеленген. Ол екі негізгі бөлімдерден тұрады: бұрғылау қондырғысының негізінен (табанды бөлігі) және бұрғылауға арналған мұнарадан (жоғарға бөлігі). Бұрғылау қондырғысының негізі 15-тен 30 футқа дейін биіктікке жетеді, әдетте, бұрғылауға арналған мұнараны ұстап тұратын қатты платформа болып табылады.



1. Кронблок
2. Бұрғылау арқаны
3. Үстідегі жұмысшы балконы
4. Жылжымалы блок
5. Вертлюг
6. Жетекші құбыр
7. Вертлюгі бар біріктіргіш тіреуше
8. Роторлы үстел
9. Бұрғылау қондырғысының негізі
10. Бұрғылау жүкшығыры
11. Мотор
12. Бұрғылау сорабы
13. Дірілдік елек

14. Бұрғылау ерітіндісін араластыруға арналған цистерна
15. Бұрғылау ерітіндісіне арналған айнала жүру желісі
16. Бұрғылау ерітіндісі
17. Бұрғылау құбырының құлпы
18. Құбыр сырты кеңістік
19. Бұрғылау құбыры
20. Ауырлатылған бұрғылау құбырлары
21. Бастиек

1.6-СУРЕТ
Роторлы бұрғылау қондырғысының схемасы .

Қондырғыға бірнеше жүйелер мен компоненттер кіреді. Негізгі жүйелері келесілер болып табылады:

• Электр қоректендіру жүйесі. Ол қондырғының әртүрлі жүйелері мен компоненттеріне электр энергиясын беретін дизельдік қозғалтқышы бар электр генераторларынан тұрады. Өндірілетін энергияның 85%-ға жуығы бұрғылау ерітіндісінің айнала жүру жүйесімен тұтынылады.

• Көтеру жүйесі. Осы жүйенің міндеті ұңғымадан/ұңғымаға бұрғылау колоннасын түсіруден және көтеруден тұрады. Осы жүйенің негізгі элементтері кронблок, бұрғылау жүкшығыры, жылжымалы тальдік блок, көтергіш ілмек, ұршық, элеватор, бұрғылау тальдері және тальдік арқанның жылжымайтын ұшының бекіткіші болып табылады.

• Айналмалы жүйе. Жалпы, жүйеге жылжуын қамтамасыз ете отырып, квадраттық немесе алты қырлы көлденең қимасы (жетекші құбыр) бар құбырды айналдыратын электржетегі бар роторлы үстел кіреді. Жетекші құбыр көтеру жүйесімен ұсталынып отырады және бұрғылау құбыры мен бастиектің төменгі бөлігіне бекітіледі.

•Бұрғылау ерітіндісін берудің айналау жүйесі. Негізінен жүйе бұрғылау ерітіндісін сақтауға арналған резервуарлардан, жоғары арынды сораптардан, бұрғылау ерітіндісі жылжитын шлангтар мен құбырлардан және діріл елегінен тұрады. Жүйенің міндеті – бұрғылау ерітіндісін ұңғыма бойымен бұрғыланған жыныстарды жоғарыға тасу мақсатында жылжыту.

•Бұрғылау бастиегі. Бұл іс-жүзінде ұңғыманы бұрғылайтын құрылғы. Ол айналу нәтижесінде, сондай-ақ бұрғылау колоннасы жасайтын қысымның көмегімен жыныстарды қиратады және кеседі. Жыныстардың әртүрлі типтері үшін тағайындалған бастиектердің әртүрлі типтері мен пішіндері болады.

1.7.1.2 Бұрғылау ерітіндісі (Сазды ерітінді)

Бұрғылау ерітіндісі бұрғылау жұмыстарының өте маңызды элементі болып табылады. Оның маңыздылығы ол орындайтын функциялардың орасан үлкен мөлшерімен айқындалады. Осындай функциялардың кейбіреулеріне келесілер кіреді:

- Бұрғыланатын жынысты ұңғыманың түбінен жоғарыға тасымалдау.
- Бастиекті салқындату және бұрғылау колоннасын майлау.
- Қабатты айдау және қабаттағы сұйықтықтардың ұңғымаға ағып кетуін болдырмау үшін гидростатикалық қысымды өнімдендіру.
- Ұңғымалардың қабырғаларын қирап қалуын болдырмау үшін оларды ұстап тұру.
- Бұрғылау бастиегінің саптамаларынан шығатын ағыс түріндегі бұрғылау ерітіндісін пайдалану көмегімен жүзеге асырылатын бұрғылауды оңтайландыру.

Ұңғыма жағдайында пайдаланылатын бұрғылау ерітіндісінің қажетті қасиеттерін (қоюлық, тұтқырлық және су бергіштік) алу үшін, ол әртүрлі пропорцияларда дайындалуы мүмкін. Негізінен бұрғылау ерітіндісі судан және саздан (су негізіндегі бұрғылау ерітіндісі) тұрады. Басқа материалдар және химиялық заттар да оның қасиеттерін бақылау үшін қосылады.

Басқа, мысалы, көбік және ауа сияқты аққыштар да бұрғылау жұмыстарының барысында пайдаланылады.

1.7.2 Ұңғыманы шегендеу құбырларымен бекіту

Бекіткіш – бұл қабырғаларды ұстап тұру және олардың опырылып қалуын болдырмау үшін бұрғыланған тесікке (ұңғымаға) орнатылатын болат құбыр. Ұңғыманың қабырғаларын цементтеу кезінде формацияның шарларын тығындайды және әртүрлі шарлар арасында өзара әрекеттесуге жол бермейді.

Әдетте, ұңғымаға әртүрлі диаметрлі төрт шегендеу колонналары орнатылады. Олар геологпен көрсетілген тереңдікке орнатылады. Мұндай колонналарға бағыттауыш колонна, бірінші шегендеу колоннасы, аралық шегендеу колоннасы және пайдаланатын колонна кіреді. Бағыттауыш колонна ең үлкен диаметрге және төрт шегендеу колоннасының ұзындығына теңдестірілетін ең кіші диаметрге ие болады. Өз кезегінде, пайдалану колоннасы ең кіші диаметрге және ең ұзын корпусқа ие болады.

Сыртқы диаметрлері әртүрлі болатын колонналар беріктіктің және тығыздықтың әртүрлі категорияларына жатуы мүмкін . Беріктік кате-

гориясы колоннаның өндірісі үшін пайдаланылатын болат қорытпаның типімен, сонымен қатар оның минималды аққыштық шегімен анықталады. Әдетте беріктіктің келесі категориялары болады – H-40, J-55, N-80, C-75, L-80 және P-105. Әріптер (H, J және т.б.) қорытпаның типін және қыздырып өңдеуді анықтайды, ал цифрлар (40, 55 және басқалар) минималды аққыштық шегін (мың фунт/шаршы дюйм) анықтайды. Сыртқы диаметрлері белгілі және беріктік категориясы бар колоннаның сызықтық футына фунттармен анықталатын колонналар әртүрлі тығыздыққа (әртүрлі ішкі диаметрлерге) ие болу мүмкін. Колонна беріктігінің салмағы мен категориясы оның жарылу, мыжылу және тартылу сияқты әртүрлі жүктемелеріне қарсылығын анықтайды. Шегендеу колонналарын жобалағанда бұрғылау, орнату және мұнай өнімдерін өндіру кезінде пайда болатын барлық жүктемелердің төзуін қамтамасыз ете алатындай тығыздықты және беріктік категориясын таңдау қажет.

Шегендеу колоннасын орнату үшін, қажетті тереңдікке жеткеннен кейін, бірден бұрғылау бойынша операцияны аяқтау және бұрғылау колоннасын ұңғымадан тартып алу керек. Осыдан кейін бұрғылау колоннасының көтеру жүйесін пайдалана отырып, колонна ұңғымаға толық түспейінше, шегендеу колоннасын (құбыр артынан құбырды) түсіру керек. Бағыттауыш қалып деп аталатын дөңгелек тегіс зат колоннаның бірінші құбырының төменгі бөлігіне бекітіледі. Мұндай қалып колоннаның ұңғымада жылжуын жеңілдетіп басқарады. Келесі саты – колоннаны цементтік ерітіндінің көмегімен ұңғыманың қабырғасына бекіту. Осы процедураның аяқталуына қарай бұрғылау жұмыстарын (келесі колоннаны орнату үшін қажетті тереңдікке қол жеткенше) жаңартып отыруға болады. Әдетте, шегендеу колонналарын орнату және мұнай өндіруді бастау алдында мұнай қабатын каротаждау және бағалау керек. Шегендеу колонналары егер каротаждық жұмыстардың нәтижелері өнімді қабаттың бар болуын растайтын жағдайда ғана орнатылуы тиіс. Өзге жағдайда ұңғыманы жабу керек.

1.7.3 Шегендеу колонналарын цементтеу

Шегендеу колоннасын цементтеу үшін колонна мен ұңғыманың қабырғасы арасындағы құбыр сырты кеңістікті цементтік ерітіндімен толтырылуы керек. Осы процедура шегендеу колоннасы арқылы цементтік ерітіндінің қажетті мөлшерін (жұмыс өндірісінің орнында дайындалған) айдаумен орындалады. Әдетте, ерітіндіні шегендеу колоннасына беру басталғанға дейін цементті бұрғылау ерітіндісінен бөлетін, сонымен қатар олардың араласуын болдырмайтын арнайы резеңке тығынды орнату қажет.

Басқа тығын цементтік ерітіндінің белгілі мөлшерін айдағаннан кейін салынады, одан кейін цементті кетіру үшін тағайындалған бұрғылау ерітіндісі (әдетте сазды) беріледі. Бірінші тығын колоннаның түбіне жеткеннен кейін айдау қысымын, тығынды сығып шығару және цементтік ерітіндінің тіреу колоннасының сыртына ағуын қамтамасыз ету үшін жоғарылату керек. Жоғарғы тығын колоннаның түбіне жеткен кезде цементтік ерітінді үстіне дейін бүкіл құбыр сырты кеңістігін толтыруы керек. Осыдан кейін цементке тиісуге (ол қатпайынша және қысушы жүктемелерге жеткілікті тұрақтылыққа ие болмайынша) тыйым салынады. Содан кейін келесі шегендеу колоннасын орнату үшін бұрғылау операцияларын жалғастыруға болады.

Егер шегендеу колонналары цементтелген болса, олар ұңғымада берік бекітілген. Цементтің колоннамен және ұңғыманың қабырғасымен ілінісі берік болғаны маңызды. Ол үшін арнайы зерттеу (цементтік тұтастырғыштың акустикалық каротажы) өткізіледі, оның мақсаты цементтеудің бүтінділігін тексеру болып табылады. Егер шегендеу колонналарын цементтеу сапалы емес екені анықталса, цементтеу бойынша жөндеу қымбат тұратын жөндеу жұмыстарын дереу орындау қажет.

1.8 Кен орындарды игеру технологиясының мағынасы мен міндеттері

Кен орындарын игеру бойынша инженерлер кен орындарын игеруде және пайдалануда маңызды рөлді атқарады. Игеру бойынша инженерлермен орындалатын басты міндеттердің кейбіреулері одан әрі көрсетілген.

1.8.1 Қорларды бағалау

Табылған коллекторда мұнай мен газдың қорларын бағалау кен орындарын бағалау және өнеркәсіптік игеру үшін оның келешегіне қатысты шешімді қабылдау кезінде ең маңызды факторлардың бірі болып табылады. Коллектордағы мұнай мен газдың мөлшерін анықтау үшін коллектор туралы қолжетімді мәліметтерді пайдалана отырып, коллектордың жалпы көлемін (Vb) анықтау керек. Содан кейін қабаттың кеуекті жынысының бос кеңістіктеріндегі (жыныстағы кеуектілік кеңістік деп аталатын) сұйықтықтардың көлемін есептеу керек. Ол үшін коллектордың жалпы көлемін тау жынысының кеуектілігінің мәніне (φ) көбейту керек. Кеуектілік – бұл жыныстағы кеуектілік кеңістік көлемінің және жыныстың жалпы көлемінің арақатынасымен анықталады. Әдетте, кеуектілік кеңістік мұнаймен (немесе газбен) және сумен толтырылады. Сумен толтырылатын кеуектілік кеңістіктің бөлігі сумен қаныққан-

дық (*Sw*) деп аталады. Кеуектілік және бастапқы сумен қанықкандық каротаждық жұмыстардың және барлау ұңғымаларынан алған кернділік сынамаларды оқып зерттеу барысында анықталады. Осылайша, резервуардағы мұнайдың бастапқы көлемі (*V*0) келесі арақатынаспен анықталады:

$$V0 = Vb\varphi(1 - Sw).$$

Мұнайдың мұндай көлемі қабаттағы мұнайдың бастапқы қоры (ҚМБҚ) немесе мұнайдың теңгерімдік қоры (МТҚ) деп аталады. МТҚ-ны анықтаудың осы әдісі қорларды есептеудің көлемдік әдісі деп ата-лады.

Одан басқа, МТҚ-ны бағалаудың басқа әдістері (материалдық тең-герім әдісі мен өндірудің құлау қисығы бойынша қорларды есептеу әдісі) бар.

Барлық МТҚ-ны өндіру мүмкін емес, өйткені қабыттың кеуекті жынысында мұнайдың кейбір мөлшерінің жыныстан ұңғымаға жылжуына кедергі жасайтын белгілі күштер бар болады. Өндірілуі мүмкін болатын МТҚ-ның бөлігі шығару коэффициенті (*Er*), ал өндірілген мұнайдың жалпы көлемі (*ErV*0) дәлелденген қорлар деп аталады.

Уақыты жеткенде, коллектордың дәлелденген қорының көлемі үш факторлардың арқасында өзгереді. Біріншіден, мұнайдың көлемі оны коллектордан өндіру барысында азаяды. Екіншіден, неғұрлым мұнай көп өндірілсе, соғұрлым біз коллектор туралы ақпаратты көп аламыз. Осылайша, осындай ақпараттың арқасында МТҚ-ны зерттеудің алғашқы нәтижелері өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін. Үшіншіден, өндірудің және кен орындарды пайдаланудың жаңа жетілдірілген әдістерін пайдалану кезінде мұнайды шығарудың мүмкін коэффициенті шығарылады. Осылайша, кен орынның дәлелденген қорлары туралы ақпарат үнемі жаңартылады.

1.8.2 Ұңғымалардың орналасуы, орналастырылуы және өнімділігі

Кен орындарды игеру технологиясының басқа маңызды функциясы бұрғылану керек болатын ұңғымалардың оңтайлы орналасуын анықтау, сонымен қатар әр ұңғыманың өнімділігі туралы ақпаратты алу болып табылады, өйткені мұндай мәліметтер коллектордың ең тиімді өнімін қамтамасыз ету үшін маңызды болып табылады. Көптеген жағдайларда ұңғымаларды бұрғылауға арналған орын коллектордың нысанымен және қабатты ығыстыру режимдерімен анықталады. Коллектордың бөлігін игере бастаған кезде , бірден сумен батырылатын немесе газбен толтырылатын орындарда ұңғымаларды бұрғылауға тыйым салынғанын есте сақтау керек. 1.7-1.10 суреттерде коллектордың әртүрлі ны-

сандары және қабатты ығыстыру режимдері үшін ұңғымаларды бұрғылаудың артық көренетін орындары бейнеленген.



Oil – Мұнай
Gas – Газ
Cross section – Көлденең тілік
Top view – Үстінен көрінісі

1.7-СУРЕТ

Газарынды режимді резервуар; мұнайлы учаскенің табаны маңында аяқтау.



Oil – Мұнай
Water – Су
Cross section – Көлденең тілік
Top view – Үстінен көрінісі

1.8-СУРЕТ

Табан асты сулардың белсенді арыны бар коллектор; мұнайлы учаскенің жоғарғы бөлігі маңында ұңғыманың аяқталуы.



Oil – Мұнай
Gas – Газ
Cross section – Көлденең тілік
Top view – Үстінен көрінісі

1.9-СУРЕТ

Қабаттың газсерпімді режимі, қабат еңісінің тік бұрышы; ұңғымалар құрылымның түбінде орналасқан.



Oil – Мұнай
Water – Су
Cross section – Көлденең тілік
Top view – Үстінен көрінісі

1.10-СУРЕТ

Қабаттың суарынды режимі, қабат еңісінің тік бұрышы; ұңғымалар құрылымның түбінде орналасқан.

Ұңғымалардың орналасуы және әр ұңғыманың өнімділігі экономикалық ең пайдалы тәсілмен мұнай өнімдерінің максималды мөлшерін өндіру мақсатында анықталады. Бұл оңай міндет емес, сондықтан қабаттың есептік моделі кең зерттеулерді талап етеді. Мұндай зерттеулер кен орынды игеру және мәліметтердің үлкен санын алу кезеңінен кейін бірден өткізіледі. Одан басқа, осындай зерттеулердің барысында өндіру коэффициентін жоғарылату үшін қосымша ұңғымаларды (ұңғымалардың батырылған торын) бұрғылауда қажеттілік пайда болуы мүмкін.

1.8.3 Коллекторды модельдеу

Коллектор құрылымының күрделілігі мен коллектордағы сұйықтықтар ағынын анықтайтын сызықтық емес теңестірулердің көп мөлшері сұйықтықтар динамикасы мәселелерінің талдамалық шешімін алуды болдырмайды. Осы мәселені шешу үшін сандық есептеудің әртүрлі әдістерін пайдаланатын коллекторды модельдеудің бағдарламалары әзірленеді. Бағдарламаның қызмет етуі қабат-коллектордың және қабаттық сұйықтықтардың кеуекті жынысына қатысты болатын көптеген параметрлерді енгізуді талап етеді. Осы параметрлердің көпшілігі дәлдіктің әртүрлі дәрежесімен белгілі болу керек немесе есептелуі керек. Осылайша, модельдеу нәтижелерінің дәлдігі алғашында енгізілетін мәліметтердің дәлдігіне тәуелді болады.

Модельдік зерттеулер кен орынды пайдалану мерзімі бойында коллектор өнімділігін болжау мен бағалау үшін кен орынды игеру кезеңінде алдын ала өткізіледі. Кен орынды игеру басталғаннан кейін қажетті мәліметтер жиналады, ал коллектордың нақты өнімділігі модельдеу кезеңінде болжанған өнімділікпен салыстырылады. Барлық дерлік жағдайларда нақты және болжанатын нәтижелер сәйкес келмейді, сондықтан кен орынды игеру (модельдеу) бойынша инженерлер жаңа алынған мәліметтерді пайдаланып , жаңа ұсыныстарды жасап, оны да, басқаны да орындай отырып, кейбір немесе барлық енгізілетін мәліметтерді өзгерту арқылы модельді түзетеді.

Осы процедура модельдеу нәтижелерінің және әрекеттегі кен орынды игеру барысында алынған нақты нәтижелердің толық сәйкес келуіне дейін орындалады. Бұл процедура модельді баптау деп аталады. Осындай процедураны орындаудан кейін түзетілген модельдеу бағдарламасы кен орынның өнімділігін болжау үшін, сонымен қатар кен орынның игеруін жақсарту мақсатында өндірістік стратегияны басқару үшін пайдаланылады. Осы процедура кен орынды пайдаланудың әр жеке кезеңінде толық қайталанады.

1.8.4 Кен орынды игеру

Кен орынды игерумен байланысты көптеген мәселелер болады, олар кең және кешенді зерттеуді талап етеді. Қарапайым сөздермен айтқанда, кен орынды игеру міндеті мұнайды өндіру бойынша айрықша стратегияларды анықтауда тұрады, олардың көмегімен құрамында көмірсутегі бар шикізатты өндірудің максималды көрсеткіштерін алу және керексіз сұйықтықтарды өндіруді минимумға келтіру мақсатында коллектордағы әртүрлі сұйықтықтардың орын ауыстыруын бақылауға болады. Өндірістік стратегияларға кен орынның шектерінде әр жеке ұңғыма үшін өндіру қарқындарын анықтау, кейбір ұңғымаларды уақытша жабу, көрсетілген орындарда жаңа ұңғымаларды бұрғылау, сонымен қатар белгілі қысымды қамтамасыз ету немесе өндіруді күшейту бойынша операцияларды енгізу кіре алады. Кен орынды игерудің маңыздылығы соңғы жылдары мойындалған болатын. Бұл көптеген ірі мұнай өндіретін компанияларда кен орынды игеруге жауап беретін арнайы топтар мен бөлімдердің құрылуына алып келді.

1.8.5 Мұнай өндіруді күшейту

1.5.2 бөлімде суреттелген табиғи қабатты ығыстыру механизмдері , әдетте, төмен мұнай бергіштік коэффициентін қамтамасыз етеді. Шындығында, егер коллекторлардан мұнайды өндіру тек қана қозғаушы күштердің көмегімен жүзеге асырылатын болса, онда мұнай бергіштік коэффициенті өте төмен болады. Жыныстар мен сұйықтықтардың айрықша қасиеттері, сонымен қатар коллекторда сұйықтықтардың жылжуын басқаратын күштер өндірудің осындай төмен көрсеткіштерін қамтамасыз етеді.

Өндіру көрсеткіштері алғашқы өндірудің көрсеткіштерінен жоғары болуы үшін, біз табиғи қозғаушы күштерді, сондай-ақ жыныстар мен сұйықтықтардың қасиеттерін жасанды бақылау мен өзгерту үшін мұнайды өндіру процесіне араласуымыз керек. Кен орындарын игеру бойынша инженерлер игеру, түзету және жетілдіру әдістерін, сонымен қатар алғашқы өндірудің жоғарылау көрсеткіштеріне жетуге жәрдем беретін әртүрлі техникаларды әзірлеп, зерттеулерін жалғастыруда. Осындай техникалардың кейбіреулеріне табиғи қозғаушы күштің әрекетін күшейту кіреді. Мұндай техника сұйықтықты жоғары қысыммен коллекторға айдау арқылы жүзеге асырылады. Басқа техникалар сұйықтықтар мен жыныстың қасиеттерін жақсартуға бағытталған, бұл мұнай негізіндегі сұйықтықтардың жылжымалығын жақсартуға және олардың жылжуына кедергі жасайтын күштерді басып тастауға алып келеді. Барлық жоғарыда көрсетілген техникалар қабаттардың мұнай

бергіштігін ұлғайту әдістері немесе қабат бергіштікті жоғарылату әдістері ретінде әйгілі. Қабат бергіштікті жоғарылатудың кейбір әдістерінің қысқаша суреттемесі одан әрі берілген.

1.8.5.1 Қысымды тұрақтандыру

Мұнай өндіру барысында коллектордағы қысым қабатты ығыстыру режимінен, ығыстыру күшінен, сондай-ақ мұнайды өндіру көлемінен тәуелді болатын мөлшерде төмендейді. Қысымның максималды төмендеуі ерітілген газдың режимі бар коллекторларда, содан кейін – газарынды режимі бар мұнай коллекторларында байқалады. Қысымның ең аз төмендеуі суарынды режимі бар коллекторларда болады. Коллектордағы қысымның төмендеуі қабаттың мұнайды беру қабілеттілігін төмендетеді. Егер коллектордағы қысым қанығу қысымынан төмен болса, ұңғыманың өнімділігі аса төмен болып қалады.

Өнімділікті сақтау мен мұнай өндіруді жоғарылату үшін коллекторда жоғары қысымды ұстап тұрудың жалғыз тәсілі коллектордағы қажетті қысымды сақтап қалуға көмектесетін мөлшерде және қысыммен коллекторға сұйықтықты айдауда тұрады. Коллектордың типіне байланысты ондағы қысымды коллектордың шетіндегі бұрғыланған ұңғыма арқылы суды айдау болсын, не коллектордың жоғарғы бөлігіне газды айдау болсын ұстап тұруға болады.

1.8.5.2 Ұңғыманы суландыру

Суландыру жағдайында мұнай өндіретін ұңғымалар арасында бірдей интервалдар арқылы айдау ұңғымалары бұрғыланады. Мысалы, егер ішіне бес ұңғыма кіретін геометриялық тор бойынша су жіберу схемасы туралы айтатын болса, онда бұл жағдайда бір айдау ұңғымасы төрт мұнай өндіретін ұңғымалар арасында және олардан бірдей қашықтықта орналасуы керек. Суды төрт мұнай өндіретін ұңғымаға жылжыту (ығыстыру) үшін мұнайды айдау ұңғымасына айдау керек. Ұңғымалар арасындағы оңтайлы қашықтықты (олардың орналасу схемасы), сонымен қатар айдау қарқындылығы мен мұнайдың тиімді ығыстыруын қамтамасыз ететін айдалатын судың қысымын анықтау үшін технологиялық үдерістің модельдеуі, әдетте, мұнайды өндірудің басталуына дейін өткізілуі керек. Ұңғымаларға су жіберу бойынша жұмыстар әрқашан өндірілетін сұйықтықты жоғары суландырумен байланысты. Мұндай жұмыстар мұнай бергіштік коэффициенттің экономикалық тиімділік жоспарында тым төмен болғанша жүргізіледі.

Судың тұтқырлығы мұнайдың тұтқырлығынан төмен болып табылатындықтан, ол мұнай арқылы өте алады және қиын өндірілетін мұнай-

дың елеулі көлемі арқылы өте отырып, мұнай өндіретін ұңғымаға ерте жете алады. Суландыру тілдерінің пайда болуын болдырмау мақсатында инженерлер коллектордың белгілі типі үшін айдалатын судың көлемін анықтау кезінде зерделі болуы тиіс. Одан басқа, олар жыныстың және сұйықтықтың қасиеттерін ескеру қажет. Егер судың тұтқырлығын өзгертіп, оны мұнайдың тұтқырлығымен салыстырғанда жоғары жазаса, ұңғымаға су жіберу процесін жетілдіруге болады. Осылайша, мұнайдың жоғары жылжуын, сонымен қатар су-мұнайлы бөлімнің тұрақтылығын қамтамасыз ететін жағдайлар жасалатын болады. Одан басқа, мұндай жағдайларда мұнай тілдерінің пайда болуы мүмкін болмайды . Осының барлығына айдалатын суға полимерлерді қосу арқылы қол жетуге болады. Осы процедура полимерлік сулау деп аталады.

1.8.5.3 Химиялық қалпына келтіру

Кейбір сұйықтықтар басқаларына қарағанда, біртектілеу болады, сондықтан қатты беттермен жылдамырақ ілініседі. Сұйықтықтардың екі типі бір қатты бетпен түйіскен кезде, олардың біреуі (ұқсастықтың жоғары индексімен) бет бойымен басқасының зарарына ағып кетеді. Осыдан кейін мұндай қатты бет сұйықтықпен суланатын бет ретінде сәйкестендіріледі. Кеуекті тау-кен жыныстарының көпшілігі мұнаймен емес, сумен суланған, сондықтан сумен суланған жыныстар ретінде анықталады.

Мұндай жыныстар мұнайды ығыстыру үшін қолайлы жағдайлар жасайды, өйткені мұнайды өндіру барысында суды пайдалану керек. Кен орындарды игеру бойынша инженерлер мен бет химиясында маманданатын ғалымдар ұңғымаға су жіберу бойынша тиімді жұмыстарды өткізу мақсатында жыныстың суланғыштығын өзгерту үшін химиялық заттарды пайдалануды тұспалдайтын әдістерді әзірледі. Мұндай әдістер химиялық регенерация әдістері ретінде әйгілі. Екі ең кең таралған химиялық регенерация әдістері беткі-белсенді заттарды қолданумен су жіберу, сонымен қатар сілтілік су жіберу болып табылады.

Беткі-белсенді заттарды қолданумен ұңғымаға су жіберу кезінде, алдымен қабатқа айдау ұңғымасы арқылы беткі-белсенді заттармен су ерітіндісінің мөлшері айдалады. Содан кейін ұңғымаға су жіберу бойынша кәдімгі операциялардағы сияқты кәдімгі су айдалады. Тасқын сулар пайда болғанға дейін айдалған беткі-белсенді заттар фазалардың бөліну шекарасында беткі тартылыстың өзгеруін тудырады, сонымен қатар жыныста болған мұнайға жылжымалылық береді, сондықтан мұнай тасқын сумен ығыстырылуы мүмкін. Өз кезегінде, суға полимерлерді қосу кезінде мұнайдың жылжымалылығы үшін қолайлы жағдай-

лар жасалатын болады, бұл қабатқа су жіберу тиімділігін жоғарылатады. Мұндай жағдайда осы әдісті беткі-белсенді заттарды қолданумен полимерлік су жіберу деп атауға болады.

Сілтілік су жіберу – бұл беткі-белсенді заттарды қолданумен су жіберу ғана, бірақ бұл жағдайда беткі-белсенді заттар коллекторға бірден айдалмай, соның ішінде пайда болады. Осы әдіс тек қана мұнай коллекторларында, сілтімен реакцияға түсе алатын және бетті-белсенді заттарды түзе алатын табиғи қышқылдардың жоғары концентрациясы болатын жағдайларда пайдаланылады.

Ең кең таралған амал тасқын судың пайда болуына дейін күйдіргіш сода ерітіндісінің (NaOH) мөлшерін айдау. Сілті мұнайда қышқылдармен реакцияға түседі, бұл беткі-белсенді заттардың пайда болуына алып келеді. Осыдан кейін сілтілік су жіберу операциясы беткі-белсенді заттарды қолданумен қабатқа су жіберу процесіне айналады. Осы әдіс, беткі-белсенді заттарды қолданумен қабатқа үнемі су басу процедурасына қарағанда, арзанырақ тұратын болып табылады.

1.8.5.4 Мұнайды қабаттан онымен араласатын агенттермен ығыстыру

Егер мұнайды қабаттан онымен араласатын агенттермен ығыстыру туралы айтатын болса, онда осы операция барысында мұнай коллекторында араласатын заттың мөлшері коллекторға жеткілікті араласуды қамтамасыз ететін қысым кезінде айдалады. Содан кейін су айдалады. Араласатын сұйықтық ретінде көміртегі қостотығы байытылған табиғи газ, азот, түтіндік газдар, сонымен қатар жеңіл көмірсутектерден алынған сұйықтық пайдаланылады. Мұнайды қабаттан онымен араласатын сұйықтықтармен ығыстыру өндірудің жоғары көрсеткіштерін қамтамасыз етеді.

1.8.5.5 Қабатқа жылулық әсер ету

Құрамында өңделмеген мұнай бар коллекторлар пайдаланудың бірегей мәселесін тудырады. Мұнайдың жоғары тұтқырлығынан өндірудің жоғарыда көрсетілген жетілдірілген әдістерінің көмегімен де мұнайды өндіру өте қиын, ал кейде тіпті мүмкін емес. Мұнайдың жылжымалығын жақсартудың ең жақсы тәсілі – мұнайдың тұтқырлығын азайту үшін қабатты қыздыру. Егер мұнайды өндіру қабатты қыздыруды тұспалдаса, онда өндірудің мұндай әдісі қабатқа жылулық әрекет ету деп аталады. Қабатқа жылулық әрекет етудің үш ең кең таралған әдісі бар – қабатқа буды айдаумен мұнай өндіруді күшейту, буды айдаумен суды жіберу және қабат ішін өртеу.

Қабатқа буды айдаумен мұнай өндіруді күшейту әдісі белгілі уақытқа (әдетте, бір айдан көп кезеңге) өнімді ұңғымаға буды айдауды тұспалдайды. Содан кейін ұңғыма кейбір уақытқа (әдетте, бірнеше күнге) жабылады. Айдалған бу қоршаған жыныстқ қыздырады да, мұнайдың тұтқырлығын елеулі төмендетеді. Осыдан кейін ұңғыманы пайдалану кезеңі басталады. Ол мұнайдың ағыны азайғанға дейін жалғаса береді. Бұл жағдайда, буды айдаумен мұнайды өндіруді күшейту операциясы қайта өткізіледі. Бірақ осы процедураны тура сол тәртіпте – алдымен буды айдау, содан кейін ұңғыманы жабу және тек қана осыдан кейін пайдалануға кірісу керектігін есте ұстау керек. Осы процедура Хью-Пью әдісі ретінде әйгілі.

Буды айдаумен ұңғымаға су жіберу процедурасы ұңғымаға су жіберудің әдеттегі процедурасына ұқсас, тек бірінші жағдайда судың орнына бу пайдаланылады. Осылай айдау ұңғымасына мұнайдың тұтқырлығын төмендететін бу айдалады, ал конденсацияланған бу (ыстық су) мұнайды өнімді ұңғымаларға ығыстырады.

Қабатқа қабат ішінде өртенуді қамтамасыз ету үшін айдау ұңғымасы арқылы ауа айдалады. Бірақ осы процедура жақын жатқан қабатта мұнайдың өртенуіне мүмкіндік туғызатын жағдайларда орындалуы керек. Қабат ішінде өртену аумақтарында айдалған мұнаймен, бумен және газдармен кенжар түзіледі. Ауаны үздіксіз айдау кезінде оттық кенжар өнімді ұңғымаларға жылжиды. Бумен, газдармен және конденсацияланған сұйықтықтармен қыздыру мен ығыстыру әдістерінің үйлесімі мұнай өндіру көрсеткіштерін жоғарылатады.

1.9 Өндіру технологиясының мағынасы мен міндеттері

Өндірісті ұйымдастыру бойынша инженерлер игеру кезеңінде де, кен орынды пайдалану кезеңінде де ең маңызды рөлді атқаратын сияқты. Олар кен орындарды игеру бойынша инженерлермен дайындалған кен орындарын игеру мен пайдалану бойынша стратегияларды тәжірибелік енгізуге жауапты болады. Өндірісті ұйымдастыру бойынша инженерлер өндірудің белгіленген әдістерінің көмегімен мұнайдың/газдың қажетті көлемдері өндірілетін шегендеу колонналарын жобалау мен орнатуға жауапты болады. Одан басқа, олар кен орынды пайдалануның бүкіл мерзімі ішінде мұнайды өндірудің ең жақсысы болып табылатын күйде ұңғыманы ұстау үшін жауапты. Өндірісті ұйымдастыру бойынша инженерлермен орындалатын осы екі басты міндет жерасты өндірісінің технологиясы ретінде жіктеледі. Өндірісті ұйымдастыру бойынша инженерлер бұрынғыдай, ұңғыма сағасында мұнайды жинау сәтінен бастап, мұнай мен газды ақырғы тұтынушыға жеткізумен

аяқтай отырып, барлық жерүсті өндірістік объектілерді жобалауға пайдалану мен күтуге жауапты болады. Мұндай операциялар осы кітаптың негізгі заты болып табылатын жерүсті өндіріс технологияларына жатады. Осылайша, осы кітапта бір уақытта мұнай-газ кен орындарының шектерінде жерасты және жерүсті өндірістің технологияларына қатысты (өндірістің бірыңғай жүйесі ретінде қарастырылатын) мәселелер көрсетілген. Мұндай жүйенің басты міндеті ең үнемді және қауіпсіз тәсілмен мұнай өнімдерінің максималды мөлшерін өндіруде тұрады. Келесі бөлімдерде жерасты өндіріс технологияларына қатысты операциялар қысқаша суреттелген.

1.9.1 Ұңғымаларды аяқтауды жобалау

Ұңғыманы аяқтау – коллектордың қабырғаларынан жоғарыдағы ұңғыманың сағасына дейін жылжитын, өндірілетін сұйықтықтар үшін өткелді беретін ұңғыманы орналастырудың жерасты механикалық схемасы.

Ұңғыманы аяқтауды жобалау бұрғылау бойынша инженерлер үшін қажетті болып табылады, өйткені осы процедура, ұңғыманы аяқтауға сәйкес келетін, ұңғыманы бұрғылау бойынша операциялардың тиісті жобалалануына, жоспарлануына және орындалуына мүмкіндік туғызады.

1.9.1.1 Ұңғымаларды аяқтау типтері

Ұңғымаларды аяқтаудың үш негізгі типі бар: ашық кенжармен ұңғыманы аяқтау, шегенделген кенжармен ұңғыманы аяқтау (перфорацияланған шегендеу құбырларын пайдаланумен ұңғыманы аяқтау) және колонна-хвостовикпен ұңғыманы аяқтау.

Ашық кенжармен ұңғыманы аяқтау кезінде ұңғыма мақсатты мұнай қабаты үстінде орналасқан нүктеге дейін бұрғыланады. Содан кейін ұңғымаға пайдалану шегендеу колоннасы цементтеледі. Осыдан кейін мақсатты қабат бұрғыланады де шегенделмеген (ашық) болып қалдыралады. Өндірулер көлемі мен өндірілген сұйықтықтардың қасиетіне байланысты, ұңғыма шегендеу колоннасының көмегімен немесе өнімді қабаттың үстіне орнатылатын және сораптық-компрессорлы мен шегендеу колоннасының арасындағы кеңістіктің саңылаусыздығын қамтамасыз ететін нығыздауышты қолданатын пайдалану сораптық-компрессорлық колонналары арқылы пайдаланыла алады. Нығыздауыш міндеттерінің бірі шегендеу колоннасын өндірілетін сұйықтықтардан қорғау болып табылады. 1.11-суретте аяқтаудың осы типі бейнеленген.

Егер шегенделген кенжармен аяқтау (перфорацияланған шегендеу

құбырларын пайдаланумен ұңғыманы аяқтау) туралы айтса, онда бұл жағдайда ұңғыма өнімді аумақ арқылы бұрғыланады, ал пайдалану шегендеу колоннасы оған түсіреледі де цементтеледі. Осыдан кейін өнімді аумақтың шектерінде орналасқан колоннаның бөлігінде қабат пен ұңғыма арасындағы байланысты қамтамасыз ететін перфорациялық арналар бұрғыланады (1.2-суретті қараңыз). Әрі жаңадан, игеру жағдайларына тәуелді мұндай ұңғымадан алынатын мұнай пайдалану шегендеу колонналары немесе пайдалану сораптық-компрессорлық колонналары арқылы өндірілуі мүмкін.



Cement – Цемент
Production casing – Пайдалану шегендеу колоннасы
Tubing – Пайдалану сораптық-компрессорлық колонна
Packer – Тығыздауыш
Formation – Қабат

1.11-СУРЕТ

Ашық кенжармен ұңғыманы аяқтау: (a) пайдалану шегендеу колоннасы және (b) нығыздауышпен пайдалану сораптық-компрессорлық колонна арқылы өндіру.



Cement – Цемент
Production casing – Пайдалану шегендеу колоннасы
Tubing – Пайдалану сораптық-компрессорлық колонна
Packer – Тығыздауыш
Formation – Қабат
Perforations – Перфорациялық арналар

1.12-СУРЕТ
Шегенделген кенжармен ұңғыманы аяқтау: (a) сораптық-компрессорлық колоннадағы нығыздауышсыз және (b) сораптық-компрессорлық колоннадағы нығыздауышпен.

1.13-суретте көрсетілгендей, колонна-хвостовикпен ұңғыманы аяқтау кезінде пайдалану шегендеу колоннасы мұнай қабаты үстіне орнатылады және цементтік ерітіндімен бекітіледі (ашық кенжармен ұңғыманы аяқтау жағдайында сияқты). Осыдан кейін хвостовик (әдеттегідей, диаметрі кішілеу шегендеу колоннасы) орнатылады, ол өнімді қабаттың бойымен цементтеледі. Содан кейін хвостовикте перфорациялық арналар бұрғыланады, олардың арқасында ұңғыма мен қабат арасында байланыс орнатылады.



Cement – Цемент
Casing – Пайдалану шегендеу колоннасы
Liner – Артқы ілмек
Formation – Қабат

1.13-СУРЕТ
Колонна-артқы ілмекпен ұңғыманы аяқтау.

Кейбір жағдайларда қабаттың бойында әлдеқашан перфорациялық арналары бар және цементтеуді талап етпейтін хвостовик орнатылады.

1.9.1.2 Пайдалану шегендеу және сораптық-компрессорлық колонналарды орналастыру нұсқалары

Пайдалану шегендеу және сораптық-компрессорлық колонналарды орналастыруға байланысты ұңғымаларды аяқтаудың бірнеше нұсқалары бар. Лайықты нұсқаны таңдау әдетте коллектордың сипаттамалары мен шығындарына байланысты болады. Коллектордың типі және ығыстыру механизмі, жыныстар мен сұйықтықтардың қасиеттері, сонымен қатар механикаландырылған өндірудегі және күшейтудегі қажеттіліктер, ұңғыманы аяқтау типін таңдауға және колонналарды орналастыру схемасына әсер ететін кейбір техникалық факторлар болып табылады. Пайдалану шегендеу және сораптық-компрессорлық колонналарды орналастыруға негізделген ұңғымаларды аяқтау нұсқалары екі негізгі категорияларға бөлінуі мүмкін: ұңғыманы кәдімгі аяқтау және лифттік колонналарсыз ұңғыманы аяқтау.

Кәдімгі аяқтау сораптық-компрессорлық колонна пайдалану шегендеу колоннасының ішінде орналастырылатын кездегі аяқтау нұсқасы болып табылады. Бұл жағдайда нығыздауыш сияқты пайдаланылмауы да мүмкін, ал мұнайды өндіру сораптық-компрессорлық колонна, құбыр сырты кеңістік арқылы немесе ол да, басқа да арқылы жасалынады. Ұңғыма өтетін мұнай қабаттарының санына байланысты аяқтау бір немесе бірнеше қабатта орындалуы мүмкін. 1.14-суретте бірнеше (үш) қабатта кәдімгі аяқтау бейнеленген.

Лифттік колонналарсыз ұңғымаларды аяқтау – ұңғымаларды аяқтаудың арнайы типі, оны барысында ұңғыманы игеру үшін салыстырмалы кіші диаметрлі пайдалану шегендеу колоннасы қолданылады . Аяқтаудың мұндай типі кезінде сораптық-компрессорлық колонна пайдаланылмайды. Одан басқа, аяқтаудың осы нұсқасы төмен шығынды болып табылады және ресурсы аз болатын үлкен емес кен орындарды игеру кезінде пайдаланылады. Кәдімгі аяқтау жағдайдаында сияқты лифттік колонналарсыз ұңғымаларды аяқтау, 1.15-суретте көрсетілгендей, бір немесе бірнеше қабатта орындалуы мүмкін.



Formation – Қабат

1.14-СУРЕТ

Ұңғыманы бірнеше қабатта кәдімгі аяқтау.



Cement – Цемент
Formation – Қабат
1.15-СУРЕТ
Ұңғымаларды бірнеше қабатта лифттік колонналарсыз аяқтау.

1.9.2 Сораптық-компрессорлық колонналардың дизайны

Сораптық-компрессорлық колоннаның дизайны осы пайдалану колоннасының өлшемін, беріктігі мен тығыздық категориясын анықтауды тұспалдайды. Пайдалану сораптық-компрессорлық колоннаның өлшемі өндіру көлемімен ағынды сұйықтықтың типтерімен, сонымен қатар ұңғыма кенжардағы және жоғарыдағы қысыммен анықталады. Сораптық-компрессорлық колоннаның беріктік категориясы және тығыздығы оның беріктігін көрсетеді және колонна барлық күтілетін жағдайларда салынатын әртүрлі жүктемелерді талдаумен анықталады.

1.9.2.1 Сораптық-компрессорлық колонналардың өлшемін анықтау

Пайдалану сораптық-компрессорлық колоннаның өлшемін анықтау ұңғыманы аяқтаудың және бұрғылаудың басталған нүктесі болып табылады, өйткені осы колоннаның өлшемі барлық шегендеу колонналарының өлшемдеріне және сәйкесінше, бұрғылау бағдарламасына, сонымен қатар онымен байланысты шығындарға тікелей әсер етеді. Сораптық-компрессорлық колоннаның өлшемі ұңғыманы игерудің өз-

геріп тұратын жағдайларында оны пайдаланудың бүкіл мерзімі бойында өндірудің қажетті қарқындарын қамтамасыз ететіндей таңдалуы керек. Сораптық-компрессорлық колоннаның өлшемін анықтау үшін өндіру жүйесін (қабаттан мұнайды өндіруден оның жерүсті ажыратқышқа тигеніне дейін) толық зерделеу қажет. Табиғи ығыстыру барысында сияқты өндірудің (игеруден бастап кен орын қорларының таусылуына дейін) жетілдірілген әдістерін пайдалану кезінде де қабаттың сұйықтықтарды беру қабілеттігін ескеру қажет. Одан басқа өндірілетін сұйықтықтардың пайдалануы құбыр бойымен қозғалысын, ұңғыма сағасының тарылуын, сонымен қатар ұңғыманы пайдалану мерзімінің бойында жасалынатын жерүсті мұнайын жинауды талдап шығу, сондай-ақ сұйықтықтарды механикаландырылған өндірудің мүмкін құралдарын ескеру қажет.

Қабаттан ұңғыманың кенжарына сұйықтықтардың қозғалысын құйылу қатынасы басқарады, сол уақытта сұйықтықтардың кенжардан жоғарыға жылжуы қайту қатынасы арқылы жүзеге асырылады.

Құйылу қатынасы – өндіру көлемі (q) мен динамикалық кенжарлық қысым арасындағы тәуелділік (Pwf). Арақатынас коллекторлар үшін сызықтық болып табылады, оларда мұнай қанығу қысымынан жоғары қысым кезінде өндіріледі (яғни Pwf қанығу қысымынан жоғары немесе тең болған кезде). Өзге жағдайда қатынас, 1.16-суретте көрсетілгендей, қисықтың пішінін қабылдайды. Құйылудың қатынасы сызықтық болып табылса, ол құйылу қатынасының еңісіне кері пропорционалды болатын өнімдік коэффициентімен беріледі. Іс-жүзінде, өнімділік коэффициенті – бұл өндіру көлемінің қысым айырымының бірлігіне арақатынасы (коллектордағы орташа статикалық қысым арасындағы қысымдағы айырмашылық PR және Pwf). Құйылу қатынасы коллектор жынысының және сұйықтықтардың сипаттамаларынан тәуелді болады, олар уақытымен, сонымен қатар 1.17-суретте көрсетілгендей, қосынды өндірумен өзгереді.

Құйылудың қатынасын анықтау үшін және болашақ қатынастарды болжау үшін бірқатар әдістер бар.

Қайту қатынасы сұйықтықтардың пайдалану сораптық-компрессорлық колоннасы ұңғыманың сағасы және жерүсті шығу желісі бойынша жылжуын тұспалдайды. Жалпы алғанда, сұйықтықтың жылжуын талдауға ағын жүйесінің әр учаскесінде қысым айырымын анықтау кіреді. Бұл өте күрделі мәселе, өйткені ол мұнайдың, газдың және судың (көпфазалы ағын) біруақытта жылжуын қарастырады, бұл жылжу қысым айырымын, кейбіреулері өзара тәуелді болып табылатын көптеген айнымалы шамалардан тәуелді етеді. Осы мәселенің талдамалық шешімі

жоқ. Оның орнына көпфазалы ағында қысымның айрымын болжау үшін пайдаланылатын эмпирикалық арақатынастар мен механикалық модельдер әзірленеді. Қазіргі кезде осы қатынастарды тік, еңкіш және көлденең құбырларда қысым айрымын анықтауға арналған модельдерді пайдаланатын компьютерлік бағдарламалар қол жетімді.

Сораптық-компрессорлық колоннаның өлшемін және шығу желісін анықтау кешенді процесс болып табылады, оған ұңғыманың болашақ өнімділігін анықтау мен болжау, пайдаланудың өзгеріп жатқан жағдайларында көпфазалы ағынды талдау, сонымен қатар экономикалық тиімділікті талдау кіреді. Бірақ, біз қарапайымдау амалды ұсынамыз, ол одан әрі суреттелген және 1.18-суретте бейнеленген.



Bottom-hole flowing pressure – Кенжарлы гидродинамикалық қысым
Linear – сызықтық
Nonlinear – сызықсыз
Production rate – Өндіру көлемі

1.16-СУРЕТ
Құйылудың ара қатынасы.



Bottom-hole flowing pressure – Кенжарлы гидродинамикалық қысым
Time – уақыт
Cumulative production – өндіру жиынтығы
Production rate – Өндіру көлемі

1.17-СУРЕТ

Құйылу қатынасының уақыттан немесе қосынды өндіруден тәуелділігі.



Bottom-hole flowing pressure – Кенжарлы гидродинамикалық қысым
Tubing – Пайдалану сораптық-компрессорлық колонна
Production rate – Өндіру көлемі

1.18-СУРЕТ

Әртүрлі құбырлар үшін құйылудың және қайтудың қатынасы.

1. Құйылу қатынасының осы күнін мен болашағын анықтау (болжау). Нәтижелерді, q-ге P*wf* қатынасы сияқты графикалық түрде көрсету.

2. Сораптық-компрессорлық колоннаның және шығу желісінің диаметрін таңдап және жерүсті ажыратқыш қысымының берілген мәнінен бастап, қолжетімді арақатынастарды және көпфазалық ағынның модельдерін пайдалана отырып, өндірудің белгілі көлемі, мұнайдың суланғыштығы және газ-мұнай арақатынасы үшін кенжарлы гидродинамикалық қысымды анықтау.

3. Егер мұнайдың суланғыштығының және газ-мұнай арақатынасының мәндері тұрақты болып табылады, 2-қадамды өндіру көлемінің (q) әртүрлі мәндері үшін қайталау қажет. Осылайша, q және Pwf арасындағы арақатынас анықталған және құйылу қатынасындай тура сол графикте көрсетілген.

4. 2 және 3 қадамды сораптық-компрессорлық колоннаның және шығару желісінің өлшемдерінің әртүрлі үйлесімдері үшін қайталау қажет.

5. 2-4 қадамдарды мұнайдың суланғыштығының және газ-мұнай арақатынасының әртүрлі күтілетін мәндері үшін, сонымен қатар ұңғыманы пайдаланудың әртүрлі жағдайлары үшін (табиғи құйылу және механикаландырылған өндіру) қайталау.

6. Pwf – q графигінде сораптық-компрессорлық колоннаның шығу желісімен және игеру жағдайларымен белгілі үйлесімі үшін қайту қатынасы қисығының және уақыттың кез келген мезеті үшін құйылу қатынасы қисығының қиылысуы, Pwf сәйкес келетін өндірудің максималды мүмкін көлемін көрсетеді. Егер қайту қатынасының қисығы құйылу қатынасының белгілі қисығымен қиылыспаса, онда құйылу мен игеру жағдайларының осындай арақатынасында мұнайды бермейтін болады.

7. Мүмкіндік болса, қайту қатынасы қисықтарының нағыз және басқа кейінгі құйылу қатынасы қисықтарымен қиылысуын қамтамасыз ете алатын, осындай үйлесімді, сонымен қатар өндірістік стратегияның талаптарына жауап беретіндей, осындай q мәндерін таңдау керек.

8. Егер сораптық-компрессорлық колоннаның шығару желісімен үйлесуінің бір нұсқасынан көбін пайдалану мүмкін болса, онда экономикалық тиімдісін таңдап алу қажет.

1.9.2.2 Сораптық-компрессорлық колоннаның беріктігі мен тығыздығының категорияларын анықтау

Егер сораптық-компрессорлық колоннаның өлшемі анықталған болса, келесі қадам сораптық-компрессорлық колоннаның беріктік пен қалыңдық категорияларын анықтаудан тұрады. Пайдалану колоннасы жағдайында сияқты сораптық-пайдаланулық колоннаның беріктік категориясы болат қоспасының типіне және аққыштық шегіне дейін оның

созғыш жүктемесіне жатады. Сораптық-пайдаланулық колоннаның беріктік категориясы пайдаланулық колонналардың беріктік категорияларына ұқсас (яғни Н-40, J-55, N-80, C-75, L-80 и P-105). Одан басқа, күкіртқұрамды ортадағы күш түсулердің әрекетінен жарылуға тұрақты болатын басқа да жоғары төзімді колонналар да қолжетімді.

Сораптық-компрессорлық колоннаның беріктік категориясын және тығыздығын анықтау үшін. алдымен сораптық-компрессорлық колоннаға әрекет ететін максималды қиратқыш және жарғыш жүктемелерді есептеу керек, сонымен қатар оларды беріктік қорының коэффициентіне көбейту керек. Алынған мәндер айтарлықтай қиратқыш және жарғыш жүктемелерді төзе алатын сораптық-компрессорлық колоннаның беріктік пен тығыздық категорияларын алдын-ала таңдау үшін пайдаланылады. Егер колоннаның тығыздығы белгілі болса, тығыздықтың мәнін беріктік қорының коэффициентіне көбейте отырып, созғыш жүктемені есептеуге болады. Осыдан кейін есептеудің нәтижелері таңдалынған сораптық-компрессорлық колонна үшін жарылуға беріктік шегінің мәнімен салыстырылады. Егер беріктіктің осындай шегі созғыш жүктеменің мәніне тең немесе асып кетсе, онда мұндай сораптық-компрессорлық колоннаны пайдалануға болады. Өзге жағдайда басқа беріктік категориясы және колоннаның тығыздығы таңдалынады, ал есептеулер ақырғы таңдау жасалғанша қайталанады.

1.9.3 Ұңғымаларды аяқтау мен күрделі жөндеу бойынша операциялар

Ұңғыманы аяқтау және күрделі жөндеу бойынша операциялар іс жүзінде ұқсас болып табылады. Бірақ осы операцияларды өткізу кезінде олар әртүрлі заттармен ассоциацияланады. Ұңғыманы аяқтау бойынша операциялар ұңғыманы пайдалануға дайындау үшін орындалатын кейбір немесе барлық жұмыстарды қамтиды. Өз кезегінде, күрделі жөндеу бойынша операциялар кен орынды игерудің бастапқы кезеңінде пайда болатын, белгілі мәселелерді шешу үшін орындалатын жұмыстарға жатқызылады. Ең маңызды және стандартты операциялардың кейбіреулері келесі тараудың бөліктерінде қысқаша берілген.

1.9.3.1 Атыс-жарылыс жұмыстары

Қабатты ұңғыманың сағасымен байланыстыратын шегенделген кенжармен ұңғыманың перфорациялық арналары шегендеу колоннасы цементтің шары және қабат арқылы өтеді. Перфорациялық арналар тегіс болуы керек, сонымен қатар жоғары өнімділікті қамтамасыз ету үшін салыстырмалы үлкен диаметрге және ену тереңдігіне ие болу керек.

Одан басқа перфорациялық арналар бұл қабаттың өнімділігін бағалау журналдарында анықталғандай, қабаттың таза және өнімді аумақтары арқылы өту керек. Осылайша, ұңғымалық перфоратор сәйкес жерде орнатылуына ерекше назарды аудару керек. Ұңғымалық перфоратордың қажетті типін, жарылғыш қоспаны және ұңғыманы аяқтауға арналған ерітіндіні таңдау, сонымен қатар атыс жұмыстарын орындау барысында ұңғымадағы қысымды бақылау оңтайлы және өнімді перфорациялық арналарды алудың маңызды элементтері болып табылады.

Перфорациялық арналар арнайы пішіндегі жарылыс затының зарядын жару арқылы орындалады. Мұндай заряд қаптама деп аталатын корпустан; қорғасынның, мыстың және вольфрамның ұнтақты қоспасынан тұратын ендірмеден; қаптама мен ендірме арасында орналасқан жарылғыш материалдан; сонымен қатар оталдырғы білтеден тұрады. 1.19-суретте фигуралы зарядтың схемалы көлденең қимасы көрсетілген. Жарылыс кезінде қаптама кеңейеді және жарылады, ал ендірме қорғасынның, мыстың және вольфрамның бөлшектерінен тұратын, сәбіз тәріздес қондырмаға тиеді. Мұндай ендірме үлкен жылдамдықпен жылжиды және қаптамаға нанғысыз жоғары қысым көрсетеді. Жоғары энергияға ие болатын ендірме, осылайша, перфорациялық арнаны түзе отырып каптама, цемент және қабат арқылы өтеді.

Ұңғымалық перфораторлар бос денелі болат корпусы бар және металды таспада зарядтардың орналасуымен жартылай қирайтын перфораторлар сияқты жіктеледі (Сурет 1.20). Бос денелі болат корпусы бар перфораторлар болат цилиндрлерімен берілген, оларда жарылыс зарядтары және қажетті құралдары орналасқан. Кішкентай диаметрлі перфораторлар пайдаланулық сораптық-компрессорлық колонналар үшін пайдаланылады, ал үлкен диаметрлі перфораторлар тек қана пайдаланулық шегендеу колонналары үшін қолданылады. Перфораторлар қатты корпуска ие, жоғары қысымды және температураны шыдай алады, сондай-ақ атыс жұмыстары барысында қалып кеткен жыныстың барлық сынықтарын жинайтындығымен пайдалы ерекшеленеді.



Case – Қаптама
Liner - Ендірме
Explosive – Жарылғыш зат
Detonating cord – Оталдырғы білте

1.19-СУРЕТ
Фигуралы заряд (қимада бейненленген).



Casing gun – Шегендеу колонналарына арналған тескіш
Through-tubing gum – Лифттік колоннада жұмыс істеуге арналған тескіш
Semiexpandeable wire carrier and strip – Таспалы кумулятивті корпуссыз жартылай қирататын тескіш
Fully expandable – Толық қирататын тескіш

1.20-СУРЕТ
Ұңғымалық тескіштің типтері.

Бірақ перфораторлардың корпусы қатты болып табылғандықтан, ол өткір бұрышты майысулары бар учаскелерде өте алмайды. Жартылай қирайтын перфораторларда заряд иілімді металл жолаққа бекітіледі. Жарылыстан кейін жыныстың сынықтарының үлкен бөлігі ұңғымаға тиеді, бірақ металл жолақ, қалып кеткен жанбаған заряд, сонымен қатар электронды детонатор алынып шығарылады. Одан басқа, осындай перфораторлардың иімділігі оларға майысуларда және шамадан тыс майысқан ұңғымаларда ілгері жылжуға мүмкіндік береді. Толық қирайтын перфораторлар, жартылай қирайтын перфораторлар сияқты тура сондай артықшылықтарға ие болады. Бірақ қиратушы перфоратор ұңғыманың тесігінде қалып қоятын бөліктерге толығымен қирайтындықтан, нәтижесінде заряд толық жанып кетті ме екенін анықтау мүмкін емес.

Перфорациялық арналар тегіс және салыстырмалы зақымданбаған болу үшін атыс жұмыстарын кенжардағы қысым қабатты қысымнан әлдеқайда төмен болып табылатын жағдайларда орындау керек.

Атыс жұмыстарын өткізгеннен кейін қысымдағы айырма сұйықтықтардың қабаттан ұңғымаға жылжуын тудырады. Осындай жылжудың барысында перфорациялық арналар жыныстың қандай да бір сынықтарынан тиімді тазартылады. Атыс операцияларын орындаудың осындай тәсілі тоқыраудағы атыс-жарылыс жұмыстары деп аталады. Тоқырауда АЖР-ды өткізу үшін ұңғымаға сораптық-компрессорлық колоннаны орнату қажет, сондықтан мұндай атудың әдісі сораптық-компрессорлық колонна арқылы перфорациялауға жатады.

Алғашқы уақытта үлкен диаметрмен және терең енумен перфорациялық арналарды орындау үшін әрқашан шегендеу колонналарына арналған үлкен бос денелі кумулятивті перфораторлар пайдаланылған. Бұл ұңғыманың сыртында сораптық-компрессорлық колоннаны орнатуды талап етті. Одан басқа, ұңғымадағы қысымды бақылау керек болды, сондықтан атыс жұмыстары, кенжардағы қысым қабатты қысымнан онша көп емес болған жағдайларда өткізу керек. Репрессияда перфорациялаудың мұндай тәсілі перфорациялық арналарды жыныс сынықтарынан тазарту үшін тиімді құралдарды ұсынбады. Шегендеу колонналардың үлкен перфораторларын пайдалануды және тоқырауда жұмыстарды орындауды тұспалдайтын атыс жұмыстарын орындаудың басқа тәсілі СКҚ-дағы перфорация ретінде әйгілі. Бірақ жақындағы технологиялық әзірлемелердің арқасында қажетті перфорациялық арналарды кішкене заряды бар жартылай қиратушы перфоратордың көмегімен орындауға болады.

1.9.3.2 Ағынды күшейту мақсатында ұңғымадағы жұмыстар

Ағынды күшейту мақсатында ұңғымадағы жұмыстарды екі негізгі категорияларға бөлуге болады: аналық жыныста қышқылдық өңдеу және қабатты гидравликалық жару. Аналық жыныста қышқылдық өңдеу міндеті бұрғылаумен немесе ұңғыманы күрделі жөндеумен байланысты басқа жұмыстармен тудырылуы мүмкін болатын қабаттың кенжар маңы аумағының зақымдануларын жоюдан тұрады. Қышқылдық өңдеу ұңғыманың өнімділігін жаңғырту немесе жоғарылату үшін өткізіледі. Қабатты гидравликалық жару сияқты осындай операция өз кезегінде өткізгіштігі төмен қабаттар үшін қолданылады. Оның мақсаты ұңғыманың өнімділігін жоғарылату болып табылады.

Карбонатты қабатты қышқылдық өңдеу оған төмен қысыммен берілетін тұзды хлорсутекті қышқылды айдау арқылы жүзеге асырылады. Қышқыл айдалған кезде ол өткізгіштігі жоғары құрылымдар арқылы өтеді де, реакцияға түсіп, карбонатты жыныстарды ерітеді. Нәтижесінде қабаттан ұңғымаға сұйықтықтар ағынын жеңілдететін арналар ретінде белгілі әртекті жоғары өткізгіш туннельдер құрылады. Кварцтық қаңқаны қышқылдық өңдеу кезінде фторсутекті және тұзды хлорсутекті қышқылдың (лайлы қышқыл ретінде әйгілі) ерітіндісі сазды және жарым-жартылай кремнеземді еріту үшін қабатқа айдалады.

Қабатты гидравликалық жару операциясы, әдетте, азөткізгішті қабатта (өте төмен өткізгіштікпен) жасалған ұңғымаларда орындалады. Карбонатты қабатты гидрожаруға арналған сұйықтық, қабаттың гидравликалық жарылу қысымынан асып кететін қысымдар кезінде тұзды хлорсутекті қышқыл алдында айдалады. Оны айдағаннан кейін жыныс жарылады, ал жарықтардың беті кедір-бұдырлы болып қалады, өйткені қышқыл оның карбонаттық қабырғаларымен реакцияға түседі. Осылайша, қысым төмендетілген кезде жарықтар жабылмайды және сұйықтықтардың қабаттан ұңғымаға жылжуы үшін жеткілікті кеңістікті береді. Осы операция қышқылдық гидрожарылыс деп аталады. Азөткізгішті кварцтық жыныстардың гидравликалық жарылуы қабаттың гидравликалық жарылуы деп аталады. Карбонаттық жыныстарды гидрожару операциясы жағдайында сияқты азөткізгішті кварцтық жыныстардың гидрожаруына арналған сұйықтық жарықтардың пайда болуын тудыру үшін жоғары қысымда айдалу қажет.

Жарық кейіннен пропант ретінде белгілі болатын қысуға жоғары төзімділігі бар жоғары өткізгішті құммен толтырылуы үшін ашық болу керек.

1.9.3.3 Ұңғымаға құмның келіп түсуімен күресу

Егер ұңғымалар цементтелмеген немесе әлсіз цементтелген қабатта бұрғыланған болса, онда құм сұйықтықтармен бірге шығарылуы мүмкін. Ұңғымадан құмды шығару өте күрделі мәселе болып табылады. Өндірілетін құм жерасты және жерүсті жабдықты зақымдайды да, осылайша, оның өте жиі және қымбат тұратын алмастыруына алып келеді. Одан басқа, құм ұңғыманың кенжарында және жерүсті технологиялық жабдықта тұнып қалады, ал бұл, өз кезегінде, ұңғыманы және жабдықты тазарту үшін қайта-қайта тоқтатуларды талап етеді.

Құмның шығаруын бақылайтын және болдырмайтын әдістер бар. Мұндай әдістер механикалық сақтау әдістері, сондай-ақ химиялық пен пластиктік консолидация әдістері болып жіктеледі. Механикалық сақтаудың ең қарапайым әдісі өнімді аумақтың қарама-қарсы жағында торлы құбырлы сүзгіштерді орнатуды тұспалдайды. Мұндай сүзгіштер эрозия мен коррозияға тартылады, сондықтан оларды жиі ауыстырып отыру қажет. Ал бұл олардың құмды ұңғымадан шығару мәселесін тек қана жарым-жартылай шешуге қабілетті екенін білдіреді. Құмның ұңғымаға түсуімен ең жақсы және ең көп қолданылатын механикалық күресу әдісі қиыршық тасты төгу деп аталады. Қарапайым сөздермен айтқанда, осы әдіс өнімді аумаққа қарама-қарсы орналасқан шегендеу колоннасының диаметріне қарағанда, кішірек диаметрмен торлы құбырлы сүзгішті орнатуды тұспалдайды. Шегендеу колоннасы мен сүзгіш арасындағы құбыраралық кеңістік белгілі өлшемдегі қиыршық таспен (құммен) толытырылады. Қабаттық құм қиыршық тасты жауып тастайды, ол өз кезегінде, құбырлы сүзгішті ұстап тұрады. Құбыраралық кеңістікті толтырудың мұндай шешімі ұңғымаға сұйықтықтармен бірге жылжитын қабаттық құмның тиюін болдырмайды.

Ұңғымада құмның пайда болуымен күресудің химиялық немесе пластмассалық әдісі қабатқа полимердің ерітіндісін және катализаторды айдауды тұспалдайды, олар ұңғыма оқпаны айналасындағы құмның бөлшектерін полимермен жабады. Кейіннен полимер қатып қалады және құмның бөліктерін желімдейді де, осылайша, ұңғыма оқпаны айналасындағы құмды бекітеді.

Ұңғымаға құмның түсуімен күресудің әр әдісінің өз кемшіліктері бар, сондықтан әр белгілі жағдай үшін лайықты болатын ең лайықты әдісті таңдауға ерекше назар аудару керек. Ұңғымаға құмның келуімен күресудің барлық әдістері оның өнімділігінің жоғалуына алып келеді. Бірақ мұндай мәселе құмды шығару мәселесімен салыстырғанда елеусіз болып табылады.

1.9.3.4 Ұңғымадағы жөндеу-оқшаулау жұмыстары

Жөндеу-оқшаулау жұмыстары ұңғымада оны пайдаланудың бастапқы кезеңінде орындалатын кез келген цементтеу жұмыстарын тұспалдайды. Негізінен, бұл ұңғымадағы белгілі мәселелерді шешу үшін орындалатын жөндеу жұмыстары. Жөндеу-оқшаулау жұмыстарын қолданудың ең кең таралған салалары келесілер болып табылады:

• Газ-мұнай және су-мұнай қатынасын бақылау. Газдың және судың көп мөлшері бар перфорациялық арналарға цементті айдау олардың шамадан тыс келуін бәсеңдетуі мүмкін, осылайша, мұнай өндіруге және қажетсіз жоғары газ-мұнай және су-мұнай қатынасының төмендеуіне мүмкіндік туғызады.

• Арнаны жөндеу. Осы операция, егер алғашқы цементтеу кезінде бос кеңістіктер анықталса, немесе шегендеу пайдаланулық колоннаның корпусы жарылып қалса, орындалады. Егер шегендеу колоннасы сыртындағы арна екі немесе одан да көп аумақтарды байланыстырса, қажетсіз сұйықтықтар (мысалы, су) мұнаймен бірге өндіріле отырып, қабатқа арна арқылы енуі мүмкін. Өзге жағдайда мұнай арнаға енуі және басқа төменарынды қабатқа тиюі мүмкін. Арнаны жөндеу арнаның жоғарғы мен төменгі бөліктерінде бірнеше перфорациялық тесіктерді орындауды тұспалдайды. Одан әрі арнаға цементтік ерітінді айдалады, ол оны саңылаусыз етеді.

• Ұңғыманы қайта аяқтау. Егер көптеген коллекторларды немесе көп-/бірқабатты коллекторды пайдалану үшін бір ұңғыма пайдаланылса, онда жаңа қабатты игеру алдында біріктірілген қабатты жауып тастау керек. Осылай, біріктірілген қабатты толық тығындау үшін ескі перфорациялық арналарға цемент айдалады. Осы операцияны өткізгеннен кейін жаңа қабат перфорацияланады.

• Шегендеу колоннасының ағуын жою. Ағудың сипатына байланысты цементтік ерітінді шегендеу колоннасының белгілі бөліктерін тығындау үшін пайдаланылады. Осылайша, осы ерітіндінің көмегімен ұңғымаға қажетсіз сұйықтықтардың енуін болдырмауға, сонымен қатар өндірілген мұнайдың басқа қабаттарға тиюін қамтамасыз етуге болады.

• Хвостовиктерді орнату. Осы операция ашық оқпанмен аяқтауды перфорацияланған хвостовикпен аяқтауға түрлендіру мақсатында хвостовикті цементтеуді тұспалдайды.

• Ұңғыманы тығындау және жабу. Мұндай операция таусылған ұңғымаларды жабу үшін пайдаланылады. Осылай, цемент барлық перфорациялық арналарды қысып тығындайды және ұңғымада бірнеше цементтік тығындарды құрады.

1.9.4 Ұңғыманы пайдалану

Ұңғыманы пайдалану қабаттан бұрғылау ұңғымасына, сонымен қатар ұңғыма кенжарынан жоғарыға жылжитын сұйықтықтарды шығаруды тұспалдайды. Мұндай сұйықтықтар үстіге қажетті көлемде шығарылуы керек. Одан басқа, сұйықтықтарды шығару кезінде олардың жерүсті тазартқыш құрылыстар арқылы жылжуын қамтамасыз ететін жеткілікті қысым сақталу керек. Кейбір коллекторларда қысымның жоғары болатындығы соншалықты жоғары кенжарлы қысым жағдайларында қажетті көлемде өндірілетін сұйықтықтар ұңғыма сағасының сәйкес қысымымен үстіге итеріп шығарылады. Пайдаланудың мұндай тәсілі табиғи фонтан ретінде әйгілі. Жоғары қысымды ұстап тұратын (мысалы, қабаттағы табан судың арқасында) жоғары бастапқы қысымы бар коллекторлар ұзақ уақыт бойы табиғи фонтан әдісімен әзірленуі мүмкін.

Егер коллектордағы қысым төмендесе, оны коллекторға, табиғи фонтандауды, қажетті өндіру көлемдерін және ұңғыма сағасындағы сәйкес қысымды қамтамасыз ететін суды немесе газды айдау арқылы ұстап тұруға болады. Бірақ кейбір жағдайларда қабатты қысым қажетті табиғи фонтанды сақтау үшін жеткіліксіз болуы мүмкін. Бұл әдетте сораптық-компрессорлық колоннада гидростатикалық арынды төмендететін және үйкелісті жоғарылататын өндірілетін судың жоғарыланған мөлшері кезінде болады. Осылайша, сұйықтықтар қажеттіден төмен болатын қысым кезінде жоғарыға дейін жете алады немесе оған тіпті жете алмайды. Мұндай жағдайларда сұйықтықтарды көтерудің сыртқы құралдарына жүгіну қажет. Мұндай құралдар ұңғыманы пайдаланудың механикаландырылған әдістері деп аталады. Өндірісті ұйымдастыру бойынша инженерлер механикаландырылған көтеру қондырғыларын таңдауға, жобалауға, орнатуға және пайдалануға жауапты болады.

1.9.4.1 Механикалы пайдаланудың механикаландырылған тәсілі

Механикаландырылған пайдаланудың мақсаты ұңғыманың төменгі бөлігіндегі қабаттан өндірудің жоғары қарқындарын жасау мен жер бетінің талап етілетін қысымымен жоғарыға сұйықтықты механикалық көтеру үшін төмен кенжарлы қысымды жасау болып табылады. Негізгі механикаландырылған пайдалану әдістері қарнақтық сораппен, гидравликалық сораппен, электр ортадан тепкіш сораппен ұңғыманы пайдалану және сұйықтықты көтерудің газлифттік көтеру тәсілі болып табылады.

Қарнақтық тереңдік сорап (ҚТС) өнеркәсіпте пайдаланылатын ең ескі және кең таралған ұңғымаларды пайдаланудың механикаланды-

рылған әдісі болып табылады. Бірақ әдіс салыстырмалы төмен өнімді тік және түзу ұңғымалармен шектелген. Сораптық жабдық негізінен батырмалы сорапқа қосылған, сораптық колоннаға (сораптық қарнақ) қарай жоғары және төмен қайтымды-ілгерімелі қозғалысты қамтамасыз ететін жерүсті жабдықтан тұрады (Сурет 1.21). Сорапты біржүрісті клапандары бар плунжер-цилиндрлі жүйе ретінде қарастыруға болады. Өндірілетін сұйықтықтар төмен қарай жүріс кезінде плунжердің үстіндегі цилиндрге тиеді және жоғары қарай жүріс кезінде жоғарыға көтеріледі.



Horsehead –
Carrier bar (stirrup) –
Clamp – Қамыт
Polished rod – Жылтыратылған сояуыш
Stuffing box – Нығыздауыш құрылғы
Casing – Корпус
Tubing – Құбыр желісі
Pump – Сорап
Casing shoes – Колоннаның тоспасы
Sucker rods – Сорап қарнағы
Sampson post – Ырғалғыш білдектің тірегі
Walking beam – Балансир
Center iron (saddle bearing) – Балансирдің орталық мойынтірегі (тіреуіш мойынтірек)
Rotary counter balance – Ырғалғыш білдектің роторлы теңестіргіші
Foundation - Негіз

Equalizer – Тұрақтандырғыш
Pitman – Балансирдің шатуны
Grank – Иінтірек
Gear reducer – Айналымдарды төмендеткіш
Prime mover – Бірінші жетек

1.21-СУРЕТ
Ұңғыманы қарнақтық пайдалану схемасы

Гидравликалық сорапты (ГС) пайдалану әдісінде сорап ұңғыманың төменгі бөлігінде орналасқан, жоғары қысымдағы сұйықтық энергиясымен қоректенеді. Сораптың функциясы ұңғыманың сағасындағы талап етілетін қысыммен жоғарыға өндірілетін сұйықтықты көтеру үшін оның қысымын ұлғайту болып табылады. 1.22-суретте гидравликалық сорап станциясының схемасы көрсетілген. Жерүсті объекті сорапты қоректендіретін гидравликалық сұйықтықтың жоғары қысымын қамтамасыз етеді. Гидравликалық сұйықтық тұйықталған тізбек арқылы өте алады және өндірілетін сұйықтықпен түйіспейді. Мұнай сондай-ақ гидравликалық сұйықтық ретінде пайдаланылуы мүмкін. Бұл оны өндірілетін сұйықтықпен араластыруға мүмкіндік береді. Осы әдістің негізгі шектеуі гидростанцияның қымбат тұратын орталықтанған блоктарында және қымбат тұратын таза гидравликалық сұйықтыққа қажеттілігі болып табылады.

Электр ортадан тепкіш сорапты (ЭОТС) пайдалану әдісі электр қозғалтқыштардан қоректендірумен ортадан тепкіш сораптарды пайдаланады. Сорап және қозғалтқыш ұңғыманың төменгі бөлігінде орналасқан және электр энергиясы арнайы кабель арқылы жер үстімен моторға беріледі (сурет 1.23). ГС-да сияқты ЭОТС функциясы сұйықтықтың қысымын ол қозғала алатындай және жоғары қысыммен жоғарыға жете алатындай жоғарылату болып табылады. ЭОТС жоғары беттік қысыммен өте жоғары жылдамдықтарды өндіруге қабілетті.



A – Жұмыстық сұйықтыққа арналған ыдыс B – Көмекші сорап C – Таратқыш құбыр желісі D – Ұңғыманың сағалық тесігі E – Гидравликалық сорап

1.22-СУРЕТ

Гидравликалық сорапты орнату схемасы.



1.23-СУРЕТ
Типтік стандартты толық сорап жүйесі. (Брайон Джексонос, Centrilift ұсынылған)

Газлифттік (ГЛ) қондырғының көптеген әртүрлі типтері болса да, көтеру приципі олардың барлығында бірдей. Жоғары қысымды газ корпусы мен құбыр желісі арасындағы сақиналық кеңістік енгізіледі,

содан кейін арнайы газлифттік клапандар арқылы (Сурет 1.24) құбыр желісіне тиеді. Газ құбыр желісіндегі сұйықтықпен араласады, бұл кезде оның тығыздығы төмендейді, демек, ұңғыманың төменгі бөлігінде сұйықтықпен берілген гидростатикалық арын төмендейді. Кенжарлық қысымның төмендеуі қабаттан сұйықтықты көбірек өндіруді тудырады. Төмендетілген гидростатикалық арын құбыр желісіндегі қысымның жоғалтуларын төмендетеді және осылайша, сұйықтыққа салыстырмалы жоғары қысымы бар бетке жетуге мүмкіндік береді.



Production – өндіру
Gas inlet – Газдың кіруі
Unloading valves – қайта өткізу клапаны
Operating valves – бөліп тұратын реттығын

1.24-СУРЕТ
Газлифттің схемасы

СҰРАҚТАР

1. Мұнай пайда болуының органикалық теориясын қысқаша суреттеңіз

2. Мұнай қабатына анықтама беріңіз.

3. Мұнай қабатының пайда болуы мен мұнайдың жиналуына алып келетін қажетті жағдайлар қандай?

4. Мұнай-газ аналық жыныс деп нені тұспалдайды?

5. Мұнай қабатының әртүрлі геологиялық типтерін атаңыз және суреттермен қысқаша сипаттаңыз.

6. Қабаттан мұнайдың ағуын тудыратын механизм нені білдіреді?

7. Мұнайдың қабаттан ағуын тудыратын механизмдердің әртүрлі типтерін суреттеңіз.

8. Мұнайды іздестіру кезінде пайдаланылатын әдістерді атаңыз және қысқаша суреттеңіз.

9. Жуып-шаятын сұйықтықтардың қандай функциялары бар?

10. Ұңғымадан су шығарудың мақсаты неде?

11. Мұнай кен орындарын игеру және пайдалану саласындағы кен орындарды игерудің рөлі мен функцияларын қысқаша суреттеңіз.

12. Суреттерді пайдалана отырып, сіз газ арынды режимі бар антиклиналь қабаттық резервуар үшін ұңғыманы қайда орналастыратыныздыжәне бұрғылайтыныңызды көрсетіңіз, себептерін айтыңыз.

13. Суреттерді пайдалана отырып, сіз су арынды режимі бар антиклиналь қабаттық резервуар үшін ұңғыманы қайда орналастыратыныздыжәне бұрғылайтыныңызды көрсетіңіз, себептерін айтыңыз.

14. Табиғи резервуарды модельдеудің рөлі қандай?

15. Өнідруді күшейту нені білдіреді?

16. Өндіруді күшейтудің әртүрлі әдістерін суреттеңіз.

17. Мұнай кен орнын игеру мен пайдалану саласындағы өндіру технологиясының рөлі мен функциясын қысқаша суреттеңіз.

18. Ұңғыманы игерудің негізгі типтері қандай?

19. Ұңғыманың өнімділік коэффициентін анықтаңыз.

20. Ұңғыманы перфорациялаудың мақсаты қандай?

21. Ұңғыманы күрделі жөндеу бойынша келесі жұмыстардың әрқайсысының функциясын түсіндіріңіз:

а. Ынталандыру

б. Құмның пайда болуымен күресу

в. Ұңғымадағы жөндеу-оқшаулау жұмыстары

22. Ұңғыманы механикаландырылған пайдалану мен өндіруді күшейту арасындағы айырмашылықты суреттеңіз.

23. Ұңғыманы механикаландырылған пайдалану әдістерінің әртүрлі типтері қандай?

t

2
Кен орындарын игеру бойынша негізгі жұмыстар: Алдын ала тексеру

Осы тарау мәтін мазмұнын алдын ала қарап шығу ретінде және қамтылатын қызмет саласының, көз жетер биіктіктен, түрлерін алудың тәсілі ретінде қызмет етуі керек. Өндірілген шикі мұнай-газ қоспасын далалық өңдеуі ұңғымадан алынған ағынды минималды шығындар арқылы әрқайсынан максималды мөлшерді өндіру үшін сапалы мұнай мен газдың тауарлық өніміне бағытталған. Осы тарауда біздің мақсатымыз базалық түсінікті беру және ұңғыма сағасынан өнім ағынының ақырғы сапасына дейін блоктың әр өңделінетін бетін қысқаша суреттеуін ұсыну болып табылады. Осы тарау оқырмандар үшін негізді дайындау кезінде өзінің құндылығын дәлелдейді. Оқырмандар осы тараудан өткен кезде, олар 2.1-суретте көрсетілгендей, кезеңнен кезеңге жеңіл өте алатын болады.

2.1 Газ-мұнай қоспасын ажырату

Ұңғымадан ағынды өңдеу кезінде бірінші қадам - бұл шикі мұнай, табиғи газ бен судың фазаларын жеке ағындарға бөлу. Газ-мұнай қоспасының ажыратқышы – бұл осы жұмысты орындайтын аппарат. Газ-мұнай қоспасының ажыратқыштары тік, көлденең немесе сфералық болуы мүмкін. Ажыратқыштар ажыратуға арналған фазалар санына байланысты екі типке жіктеліне алады:

1. Мұнай кен орындарында мұнайдан газды немесе газ кен орындарында судан газды бөліп алу үшін пайдаланылатын екіфазалы ажыратқыштар.

2. Сұйық фазадан газды және мұнайдан суды бөліп алу үшін пайдаланылатын үшфазалы ажыратқыштар.

Сұйықтық (мұнай, эмульсия) деңгейді тісіру немесе реттеу клапаны арқылы төмен қарай кетеді. Газ колоннадан газды сұйықтықтың кішкентай тамшыларынан бөліп алуға арналған ажыратқыш арқылы өтіп жоғары шығады.

Ажыратқыштарды олардың жұмыстық қысымына сәйкес категорияларға бөлуге болады. Төмен қысымды құрылғылар 10-нан 80 фунт/шаршы дюймге дейін (69-дан 1241 кПа дейін) қысыммен жұмыс істейді. Орташа қысымды ажыратқыштар 230-дан 700 фунт/шаршы

дюймге дейін (1586-дан 4826 кПа дейін) қысыммен жұмыс істейді. Жоғары қысымды құрылғылар 975-тен 1500 фунт/шаршы дюймге дейін (6722-ден 10342 кПа дейін) қысыммен жұмыс істейді.



Sales gas and sulfur – тауарлық газ және күкірт
Gas plant – газ өңдеу зауыты
1st removal of acidic gases and water vapor – 1 қышқыл газдарды және су буларын кетіру
2nd separation of NGL – ГК 2 ажырату
NGL fractionation – ГК бөлу
Gas/oil separation – Газ-мұнай қоспасын ажырату
Crude oil – Шикі мұнай
Water – Су
Oil dehydration and emulsion treatment – Мұнайды сусыздандыру және эмульсияны тазарту
Desalting – Тұщыландыру
Stabilization and sweetening – Тұрақтандыру және күкіртсіздендіру
Oil storage – Мұнайды сақтау
Exhane – Этан
Propane – Пропан
Butanes – Бутан
Natural gasoline – Газды бензин

2.1-СУРЕТ
Кәсіпшілікте өндіруші ұңғыманың ағыстарын өңдеу

Гравитациялық бөлу – бұл ажыратуды орындайтын негізгі әрекет, бұл ең ауыр сұйықтық төменде шөгетінін, ал ең жеңілі жоғары көтерілетінін білдіреді. Ажыратқыштың ішіндегі газ бен сұйықтықтың арасындағы ажырату дәрежесі келесі факторлардан тәуелді болады: ажыратқыштың жұмыстық қысымынан, сұйық қоспаның болу уақытынан және сұйықтық ағының типінен (турбулентті ағын ламинарлы ағынға қарағанда, газ көпіршіктерінің көп мөлшеріне шығуға мүмкіндік береді).

2.2 Мұнайды сусыздандыру және эмульсияны тазарту

Шикі мұнайды бөлгеннен кейін, ол тазартудың келесі кезеңдерінен өтеді. Мұнай кен орнын игеру кезінде басты аспект құрамында су болатын шикі мұнайдың ағызу-құю құрылғыларын жобалау мен пайдалану болып табылады.

Газ-мұнай қоспаны ажыратудың бірінші сатысы кезінде шикі мұнайдан гравитацияның көмегімен барлық су кетірілмейтінін ескеру керек. Бөлінген қабаттық мұнайда 15%-ға дейін су болуы мүмкін, ол эмульсияланған нысанда болуы мүмкін. Сусыздандырудың мақсаты екі функция болып табылады: қалып кеткен еркін су мұнай көлемінен толық жойылғанына көз жеткізу және мұнай эмульсиясын қирату үшін қажетті құрал-сайманды қолдану. Жалпы алғанда, ажыратқыштан кетірілген еркін су 500 мкм және одан үлкен су тамшыларына дейін кішірейтіледі.

Ажыратқыштан шығатын мұнай ағынында әдетте өлшемі кішілеу еркін су тамшылары болады, барлығына қосымша, су мұнайды эмульсияға айналдырады. Мұнайдағы қабаттық судың толық көрінісін 2.2-суреттен көруге болады.

Өндірілген шикі мұнайда шөгінді мен қабаттық су (қатты тұнба және су), тұз бен басқа қосындылар болады. Олар осы саты кезінде шикі мұнайдан жеңіл кетіріледі. Құрамында қатты бөлшектер және қосындылар болатын қабаттық су ағын суларды тазарту жүйесіне бағытталады. Тазартылған, сусызданған мұнай құрылғының жоғарғы жағынан ағады. Тұздың сипаттамаларына байланысты құрамдастырылған субөлгіш пен тұзсыздандырғыш қажет болады.

Шикі мұнайы бар қабаттық су нысандардың біреуінде болады



Water produced with crude oil exists in one of the forms – Шикі мұнайдан өндірілген су келесі нысандардың біреуінде бола алады

Free water (FW) – Еркін су (ЕС)
Suspended water (SSW) – Вадоз су (ВС)
Soluble water (SW) – Еритін су (ЕС)
Emulsified water (EW) – Эмульсиялық су (ЭС)
W/O emulsion – Су/мұнай эмульсиясы
Regular – Жүйелі
Inverse – Кері

2.2-СУРЕТ
Шикі мұнаймен бірге өндірілетін минералданған судың нысаны.

Жалпы алғанда, сусыздандыру жүйесіне тазарту типіне сәйкес жабдықтардың әр түрлі типтері кіреді: суды кетіру немесе эмульсияны бөлшектеу. Ең кең таралғандары бұл:

- Еркін су ажыратқышы (FWKO)
- Жуатын бак
- Кіші диаметрлі және үлкен биіктікті резервуар
- Ағын тазартқыш
- Химреагенттерді айдауға арналған клапан
- Электрстатикалық сусыздандырғыш

Жиірек біреуден көп сусыздандыратын құрал, әсіресе эмульсияны бөлу үшін пайдаланылады. Мысалы, бұл қыздырғыш-деэмульгатор және хим-электродегидратор. Эмульсияны бөлу үшін химикаттарды қосудың рөлін жете бағаламауға болмайды. Осы химикаттар деэмульгаторлар ретінде әрекет етеді – олар су-мұнай бөлімінің бетіне сіңіріле салысымен эмульсияның пайда болуына алып келетін су бетінде мұнайдың тұрақтандырғыш қабықшасын жарады.

2.3 Тұзсыздандыру

Егер тұздың мөлшері 20 РТВ-дан (мың мұнай барреліне натрий хлоридінің эквиваленті түрінде көрсетілген тұз фунтынан) асып кетсе, шикі мұнайдан тұзды кетіру алғашқы шикізатты қайта өңдеу үшін ұсынылады. Шикі мұнайдағы тұз мұнайдағы қалдық суда (тұз ерітіндісі) ерітілген түрде табылады. Ол күрделі коррозияны және өлшемделік мәселелерін тудырады және оны жою керек.

Электростатикалық тұзсыздандыру мұнай кен орындарын сусыздандыру мен тұзсыздандыру үшін немесе мұнайды тазартатын зауыттарда шикі мұнайдан суда еритін ластаушы заттар мен бейорганикалық хлоридтерді жоюға көмектесу үшін қолданылады. Мұнай өндіретін құрылғыларда осындай суда ерігіштік қосылыстарды кетіру кейінгі айырып шығару үдерістерінде тот басудан зақымдануларды болдырмау

үшін жүзеге асырылады.

Шикі мұнайдағы тұздың мөлшері (РТВ) екі параметрлердің функциясы болып табылады: мұнайдағы қалдық судың мөлшері (R) және қалдық судың тұздылығы (S). Математикалық формула түрінде бізде келесі алынады:

$$РТВ = f(R, S)$$

Тұзсыздандырудың электростатикалық үдерісіне екі маңызды бірізді әрекет кіреді:

1. Шикі мұнайдың құрамында болатын кішкентай су тамшыларының мөлшерін ұлғайту үшін су инжекторын жуып-шаю (суды сұйылту).
2. Дисперстік су фазасын механикалық жылжытуды және дисперсиялауды енгізу жолымен тамшыларды өлшемі бойынша үлестіру (электростатикалық коагулятор).

2.4 Тұрақтандыру және күкірттендіру

Газсыздандыру, сусыздандыру және тұзсыздандыру сатыларынан кейін шикі мұнайды сақтау үшін жинау жүйелеріне айдау қажет. Бірақ тұрақтандыру және күкіртсіздендіру күкіртсутегі түрінде (H_2S) қатысу керек. H_2S газы жиі шикі мұнайда ол ұңғымалардан келіп түскенде болады. Оның иісі өткір ғана емес, сонымен қатар улы да болып келеді. Ол адамды тыныс алуы кезінде өлтіруі мүмкін. Осы газ сондай-ақ ылғалды атмосферада, бұл ретте күкірт қышқылын түзе отырып, тот басуды тудыруы мүмкін. Құбыр желілерін тасымалдаудың техникалық талаптарға сәйкес H_2S-мен бірге қышқылдық газдарды (көмірқышқыл газ, CO_2) кетіру талап етіледі.

Тұрақтандыру үдерісі, негізінен, жарым-жартылай дистилляция нысаны болып табылады және үйлестіру үдерісін білдіреді. Ол құрамында күкірт болатын шикі мұнайды күкіртсіздендіреді (күкіртсутегінің және көмірқышқыл газды кетіреді) және бу қысымын төмендетеді, осымен ол шикі мұнайды танкерлерде тасымалдау үшін қауіпсіз етеді. Бу қысымы, метан, этан, пропан және бутан сияқты жеңіл көмірсутектермен тудырылған. Шикі мұнайдың қысымы төмендетіле салысымен жеңіл көмірсутектер буланады және мұнайдың жалпы көлемінен ұшып кетеді.

Егер осындай жеңіл көмірсутектердің жеткілікті мөлшері кетірілген болса, бу қысымы шамалас атмосфералық қысым кезінде тасымалдау үшін қанағаттанарлық болып қалады.

2.5 Мұнай өнімдерін сақтауға арналған резервуарлар

Мұнай өнімдерін өндіру, өңдеу және тарату әртүрлі типті және өлшемді көп резервуарларды қажет етеді. Бұрандалармен бекітілген кішкене резервуарлар немесе дәнекерленген резервуарлар кәсіпшілік үшін мінсіз болуы мүмкін, сол уақытта ірілеу, дәнекерленген сақтауға арналған резервуарлар бүкіл бойынша таратқыш терминалдарында және мұнай өңдейтін зауыттарда пайдаланылады. Өнімді сақтауға арналған көлемдерді пайдалану жағдайлары, сонымен қатар игерудің нақты мәселелері бакты таңдау үдерісіне әсер етуі мүмкін.

Сақтауға арналған резервуарлар көптеген нысандарда қолжетімді: цилиндрлік вертикаль және горизонталь; ашық үсті және жабық үсті; жалпық түп, конустық түп, еңкіш түп және тостақ тәріздес түп. Үлкен резервуарларда, әдетте, вертикаль цилиндрлік немесе вертикаль бүйірлік қабырғадан түпке ауысатын дөңгелектенген бұрыштары бар. Бұл пішін оған ішіндегі сұйықтықтың гидравликалық гидростатикалы индукцияланған қысымын төзуге мүмкіндік береді. Тасымалдау кезінде сұйықтықтарды тиеуге-түсіруге арналған бак-резервуарлардың көпшілігі әртүрлі дәрежедегі қысымды төзу үшін тағайындалған.

Мұнай өнімдерін сақтауға арналған резервуарлардың көпшілігі дара қабырғалармен жердің үстінде орналасқан және сақтауға арналған горизонталь резервуарлар болып табылады. Мұндай резервуарларда кез келген кемулерді ұстап қалу үшін резервуар сыртын қорғаудың екінші жүйесі болу керек.

2.5.1 Мұнай өнімдерін сақтауға арналған резервуарлардың типтері

Сұйықтықтарды сақтау үшін пайдаланылатын резервуарлардың сегіз типі болады:

1. бекітілген қақпағы бар резервуарлар;
2. қалқымалы қақпағы бар резервуарлар;
3. стационарлы қақпағы бар резервуарлар;
4. қалқымалы қақпағы бар күмбездік резервуарлар;
5. тік резервуарлар;
6. арынды резервуар;
7. өзгеретін бу кеңістігі бар резервуарлар;
8. сұйылтылған табиғи газды (СТГ) сақтауға арналған резервуарлар.

Резервуарлардың алғашқы 4 типі, топырақты негізге перпендикуляр бағдарланған осьпен цилиндрлік пішінге ие. Осы танктер негізінен

жер үстінде орналасқан. Көлденең танктер жер үстінде сияқты жер астында да пайдаланылуы мүмкін. Арынды резервуарлар өте жиі тік орналасқан және жоғары қысымдар кезінде құрылымдық бүтінділігін сақтау үшін сфералық пішінге ие. Олар жердің үстінде орналасқан. Өзгеретін булы кеңістікпен резервуарлар цилиндрлік пішінге сияқты сфералық пішінге де ие бола алады.

2.6 Газды күкіртсіздендіру

Шикі мұнайдың өңдеуін аяқтай отырып, біз табиғи газды тазартуға және қайта өңдеуге қайтып ораламыз. Құбыр желісі бойымен тасымалдау үшін құрғақ газ сапасының деңгейіне дейін табиғи газдың тікелей тәжірибесі өте күрделі болуы мүмкін, бірақ, әдетте, оған әртүрлі қосындыларды кетіру үшін үш негізгі процесс кіреді:

1. Күкіртті және күкірт қышқылын кетіру (газды күкіртсіздендіру);
2. Суды кетіру (газды сусыздандыру);
3. Табиғи газдың (ЖККФ) сұйықтықтарын бөлу.

Табиғи газды күкіртсіздендіру әрқашан ЖККФ-ны ажырату процесінің басталуы алдында табиғи газды сусыздандырудың және басқа өңдеу процестерінің алдында болатынын атап өту керек. Басқа жағынан сусыздандыру әдетте құбыр желілік тасымалдаудың талаптары бойынша қажетті. Бұл табиғи газдан ЖККФ-ны іріктеу үдерісінде қажетті қадам. Күкіртті мұнайлы газдың құрамы H_2S және CO_2 концентрациясының кең спектрінен өзгере алады. Ол бөлшектерден миллионға шамамен көлемнің 50 пайызына варияцияланады. Ең маңызды газдар H_2S және CO_2 болып табылады. Газды тұзсыздандыруды бірқатар себептерден өткізу керек: судың бар болуы кезінде осы екі газдардың коррозиялық белсенділігі; H_2S газдың уыттылығы және жану жылуы 980 Btu/SCF (Британ жылулық бірлігі /норм.куб.фут) кем емес. Күкіртсіздендіру ерітіндісінің қалаулы сипаттамаларының кейбіреулері келесілер болып табылады:

- H_2S және басқа күкіртті қосылыстардың талап етілетін кетіруіне қол жеткізу керек.
- Еріткіш пен қышқылдық газдардың арасындағы реакциялар еріткішті тозуын болдырмау үшін қайтымды болу керек.
- Еріткіш термотұрақты болу керек.
- Айналып жүретін еріткіштің бірлігіне қышқылдық газды сіңіру жоғары болу керек.
- Еріткіш тот басуды тудырмау керек.

- Еріткіш қосқышта немесе көмекші колоннада көбіктенбеуі керек.
- Қышқылдық газдардың таңдамалы кетіру қалаулы болады.
- Еріткіш арзан және оңай қолжетімді болу керек.

Газды аминдік тазарту сондай-ақ газды күкіртсіздендіру және қышқылдық газдарды кетіру ретінде әйгілі, газдардан H_2S-ті және CO_2-ні кетіру үшін әртүрлі алкиламиндердің су ерітінділерін (әдетте жай ғана аминдер деп аталады) пайдаланатын процестер тобына жатқызылады. Олар сондай-ақ қалпына келтірілетін химиялық еріткіштер ретінде әйгілі. Бұл мұнай өндіретін зауыттарда пайдаланылатын кәдімгі элементарлық үдеріс және сондай-ақ мұнай-химиялық зауыттарда, газ өндіретін зауыттарда және басқа өнеркәсіптік кәсіпорындарда пайдаланылады.

2.6.1 Технологиялық үдерісті суреттеу

Газды тазартудың типтік аминдік процесіне сіңіргіштің блогы және регенератордың блогы, сонымен қатар көмекші жабдық кіреді. Сіңіргіште аминдік ерітінді тазартылмаған газға қатысты кері бағытта ағады және агроөңдеу өнімін жасау үшін H_2S-ті және CO_2-ні сіңіреді, H_2S-тен және CO_2-ден еркін болатын және аминдік ерітінді сіңірілген қышқылдық газдардың жоғары мөлшеріне ие болады. Байытылған аминдік ерітінді содан кейін кедейленген аминді өндіретін рекуператорға, содан кейін сіңіргішке кері қайта өңделген болу үшін бағытталады. Рекуператордан босатылған бөлінген газ H_2S-тің және CO_2-нің жоғары концентрациясына ие болады.

2.7 Табиғи газдың сусыздандыру

Гликольмен абсорбциялық кептіру табиғи газдан және ЖККФ-дан суды кетіру үшін сұйық сіңіргіш жүйесі болып табылады. Бұл осы ағындардан суды кетіру үшін ең кең таралған және экономикалы пайдалы құрал. Триэтилен гликоль (TEG) табиғи газ ағынынан суды кетіру үшін пайдаланылады, бұл құбыр желісінің сапа стандарттарына сәйкес келеді. Осы үдеріс төмен температураларда гидраттардың пайда болуын болдырмау немесе көміртегінің немесе күкіртсутегінің қостотығының бар болуымен қамтасыз етілген тот басу мәселесіне (әдетте табиғи газда табылады) жол бермеу үшін қажет. Сусыздандыру немесе судан буды кетіру кіретін судың конденсация температурасын (бу сұйыққа конденсацияланатын температура) құрамында судың белгілі мөлшері болатын шығыста роса нүктесінің температурасына дейін төмендету есебінен қол жетеді.

2.7.1 Технологиялық үдерісті суреттеу

Конденсаттық газды сіңіргіште құрғақ гликольмен байланысқа енгізеді. Су буы гликольге сіңіріледі, демек, оның конденсация температурасы азаяды. Ылғал қанықкан гликоль содан кейін сіңіргіштен регенерация жүйесіне келіп түседі, онда ұлғайтылған газ бөлінеді және колоннаға және рекуператорға фракцияланады. Қыздыру сіңірілген су буын буландыруға және сусыз кедейленген гликольді салқындауға (жылу алмасу арқылы) және оны сіңіргішке кері айдауға мүмкіндік береді.

2.8 Сұйылтылған табиғи газды өндіру және ажырату

Табиғи газдың қажетті өңдеуінен кейбіреуі ұңғыма сағасында немесе маңында жүзеге асырыла алады (кәсіптік өңдеу), табиғи газды толық өңдеу, әдетте, табиғи газды өндіретін аймақта орналасқан мұнай өндіретін зауытта болады.

ЖККФ әдетте этан көмірсутегісінен және ауырлау (С+) компоненттерінен тұрады. ЖККФ-ны газды ағынның көлемінен өндіру және бөліп алу үшін фазадағы өзгерісті жасау қажет. Басқа сөзбен айтқанда, жаңа фаза ажыратуды жасау үшін игерілу керек.

Екі айрықша операция бөлгіш агенттер ретінде энергияны немесе массаны пайдалануға байланысты ЖККФ құрамдастырушыларын ажырату үшін тәжірибеде болады.

1. Энергетикалық бөлгіш құрал (ESA) – салқындату көмегімен жылуды бөлу ауыр компоненттерге конденсациялауға мүмкіндік береді, демек, сұйық фаза пайда болады. Төмен температурада ЖККФ-ны өндірісі көптеген газ өндіретін зауыттарда тәжірибеленеді. Мысалы, газ ағынынан, айтайық, *С2*, *С3* және *С4* өндіру үшін салқындату кезіндегі метансыздандыру жасалынады.

2. Массалық бөлгіш құрал (MSA) – сұйықтықтың (еріткіштің) көмегімен ЖККФ-ны бөліп алу үшін жаңа фаза игеріледі, MSA ағын газымен байланысқа енгізіледі, яғни сіңіріледі. Осы еріткіш ЖККФ компоненттерін сіңіру үшін таңдалынады.

2.9 Сұйылтылған табиғи газды бөлу

ЖККФ табиғи газдың ағынынан бөлінгеннен кейін, ол ары қарай өзінің құрама бөлшектеріне немесе дистилляция немесе фракционерлеу процесі көмегімен фракцияларға бөлінеді. Осы процесс кен орнында немесе мұнай-химия кешеніне қосылған терминалдық қондырғыда болуы мүмкін. ЖККФ компоненттері этан, пропан, бутан және пентан

плюс (табиғи бензин) ретінде анықталады.

Газ өңдейтін зауыттарда фракциялаудың көптеген жалпы мақсаттары бар. 2.1-суретте көрсетілгендей, ол кондициялық өнімдердің өндірісіне және әртүрлі көмірсутектер үшін қолжетімді көздерді жасауға бағдарланған. Негізінен фракциялау фракцияға немесе көмірсутектерді азайтуға алып келетін дистилляция процесі болып табылады. Кесу мен фракция мысалдары бұл C_3/C_4, сонымен қатар ШФЛУ және C^+ ретінде әйгілі, сондай-ақ табиғи бензин ретінде әйгілі. Сұйықтықпен тазартқыш колонналар ЖККФ-ны ажырату және кетіру үшін пайдаланылады. Олармен келесі факторларды оңтайландыру есебінен айдалған өнімдерде таза парафазалық өнімдерді алу үшін басқаруға болады:

- Кірістегі ағынның жылдамдығы;
- Кері ағын жылдамдығы;
- Қыздырғыштың температурасы;
- Кері ағынның температурасы;
- Колоннадағы қысым.

2.10 Жерүсті өндірістік объекттер

Оқулықтың 5-бөліміне, жер үстінде өндірістік операциялар үшін нысандар ретінде қызмет ететін тақырыпты қамтитын жаңа бөлім кіреді. Ыңғайлығы үшін олар Жерүсті өндірістік объектілер тақырыбымен осы бөлімде топтастырылған. Осы бөлім кітаптың екінші басылымына жаңа қосымша болып табылады. Оған келесі тақырыптарды қамтитын төрт тарауды кіргізеді:

- Мұнаймен бірге өндірілген суды ұтымды пайдалану мен кетіру (15-тарау)
- Кәсіпшілікте мұнайды сақтауға арналған резервуарлар, буды қайтару жүйесі (VRS) және резевуарда мұнайды жауып тастау (16-тарау)
- Мұнайды өндіруге арналған химиялық реагенттер (OFC) (17-тарау)
- Құбыр желілері мен сораптар (18-тарау)

Осы құралдарды әдетте жерүсті кәсіптік объектілерде төрт тіреу колонналары ретінде таниды.

3
Шикі мұнайдың және мұнай өнімдерінің құрамы мен типтері

Шикі мұнай біртекті зат бола бермейді. Оның физикалық сипаттамалары, ол әлемде қайда өндірілетініне байланысты әртүрлі болады және осы өзгерістер оны пайдалану саласы мен бағасын анықтайды. Бұл әртүрлі географиялық жерлердегі мұнай әдетте өзінің бірегей қасиеттеріне ие болатынымен байланысты. Мұндай мұнай бір-бірінен, әсіресе әңгіме оның тұтқырлығы, ұшпалығы және уыттылығы туралы болса, күрт ерекшеленеді.

Өзінің табиғи тазартылмаған күйінде шикі мұнай тығыздығы мен консистенциясы бойынша өте жұқа, жеңіл және ұлпалы аққыштығынан аса қою, жартылай қатты, ауыр мұнайға дейін әртүрлі болады. Сондай-ақ, жерден өндірілетін мұнайдың түсінде, ашық, алтын-сарыдан бастап, елестетуге мүмкін болатын өте көгілдір, күңгірт қара түске дейін орасан градация бар.

Осы тарауда химиялық әдістемені және пайдаланумен және дәстүрлі физикалық әдістерді қолдану жолымен шикі мұнайдың құрамы көрсетілген. Шикі мұнайдың корреляция мен талдама көрсеткіштерінің негізінде шикі мұнайдың әртүрлі түрлерінің жіктелімі мен сипаттамасы түсіндіріледі. Сондай-ақ түсіндірмеге шикі мұнайдың белгілі түрлерінің әртүрлі типтері және мұнайдың маркерлі сұрыпталымдары кіргізілген. Одан басқа, шикі мұнайдан негізгі өнімдердің өндірісі кезінде дистилляцияның негізгі операциялары суреттелген.

3.1 Кіріспе: шикі мұнай туралы деректер

Шикі мұнай, сондай-ақ жай ғана мұнай ретінде белгілі – бұл көмірсутектерден, органикалық қосылыстардан, сонымен қатар металдың кішкене мөлшерінен тұратын жер қойнауларында табылған сұйықтық. Көмірсутектер, әдетте, шикі мұнайдың негізгі компоненті болып табылатынына қарамастан, олардың құрамы шикі мұнайдың типіне мен оны қалай өндіретіне байланысты 50%-дан 97%-ға дейін вариациялана алады. Азот, оттегі және күкірт сияқты, органикалық қосылыстар, әдетте, шикі мұнайдың 6%-дан 10%-ға дейін құрайды, сол уақытта мыс, никель, ванадий және метал сияқты металдар жалпы құрамның 1%-дан кем емесін құрайды.

3.1-суретте шикі мұнай туралы толық ақпарат берілген. Оған шикі мұнайдың түрлері, шикі мұнайдың сәйкестендіру параметрлері, шикі мұнайдың элементті құрамы, шикі мұнайда табылған көмірсутектердің

төртнегізгі топтары кіреді және ол шикі мұнайдың сапасы ретінде екі параметр бойынша өлшенеді:

1. API градустарында мұнай тығыздығы және жеңіл (38 API немесе жоғары), орташа ауыр (22-38 API) немесе ауыр (22 API немесе төмен) сияқты жіктелімі.

2. Құрамында күкірттің белсенді қосылыстары болмайтын (тәтті) (күкірттің мөлшері <0,5%) немесе күкіртсутегі болатын (қышқыл) (күкірттің мөлшері >0.5) ретінде күкірттің мөлшері



3.1-СУРЕТ

Шикі мұнай туралы деректер.

Түсі: 38 API немесе орташадан жоғары: 22−38 API ауыр: 22 немесе тәттіден төмен: мөлшері 8 < 0.5%

Қышқыл: мөлшері 8 > 0.5

Осы жіктелім одан әрі, 3.1-кестеде көрсетілгендей, шикі мұнайдың кейбір типтік түрлерімен бейнеленеді.

3.1-кесте
Шикі мұнайдың типтік түрлерінің мысалдары

TABLE 3.1

Examples of Typical Crude Oils

Classification	API Range	Examples (Crude Name, API)
Light	>33	Saudi Super Light, 39.5 Nigerian light, 36 North Sea Brent, 37
Medium	28–33	Kuwait, 31 Venezuela Light, 30
Heavy	<28	Saudi Heavy, 28 Venezuela Heavy, 24

Classification – Жіктеме
API range – API көрсеткіші
Examples (Crude name, API) – Мысалдар (Мұнайдың аталуы, API)
Light – Жеңіл
Medium – Орташа
Heavy – Ауыр

3.2 Шикі мұнайдың құрамы

Шикі мұнай – бұл ұзындығы және күрделілігі алуан түрлі көмірсутектердің қоспасы. Шикі мұнайдың құрамын зерттеудің және жіктеудің екі тәсілі бар: химиялық тәсіл (талдау) және физикалық әдістер. Химиялық құрам шикі мұнайдан көптеген жылдар бойы бөлінетін жеке химиялық қосылыстарды сипаттайды және сәйкестендіреді. Шикі мұнайдың көптеген компоненттерін сәйкестендіру мүмкіндігі болғанымен, олар бұрын ешқашан жеке компоненттерге бөлінбеген. «Oklahoma crude» сұрыбы мұнайының үлгісінде, жалпы алғанда, 141 қосынды сәйкестендірілді, бұл сұрыпқа шикі мұнайдың жалпы көлемінің 44% келеді. Екінші жағынан, физикалық әдіс шикі мұнайды және мұнай өнімдерін көмірсутектер қоспасының түрінде қарастырудан және олардың сапасын анықтау үшін физикалық зертханалық сынақтар немесе әдістерді сипаттаудан тұрады.

3.2.1 Химиялық амал

Барлық дерлік мұнайдың кең орындары көмірсутектер ретінде белгілі сутек және көміртектен тұратын, S, N_2, O_2, сонымен қатар, кейбір басқа металдары бар көмірсутектер емес қоспалардың әртүрлі мөлшері бар химиялық қосындылардың қоспасынан құралады. Шикі мұнайдың элементтік құрамы шамамен 3.1-суретте көрсетілген құрамға тең. Мұнайдың құрамына кіретін көмірсутектік қосындылар келесі сипаттамалармен суреттелген қосындылардың химиялық әртүрлі кешендеріне топтастырылады:

- Әрбір кешен өзінің молекулярлық құрылымы мен қасиеттері бойынша ұқсас қосындылардан тұрады (мысалы, алкандар немесе парафиндік кешендер).
- Аталған кешеннің аясында қосындылардың кең спектрі бар, олар аса жеңіл немесе қарапайым көмірсутектен ауыр немесе күрделі көмірсутекке дейін түрленіп отырады. Мысал ретінде, CH_4 парафиндік кешендегі бірінші топты және $C_{40}H_{82}$ - соңғы топты білдіреді.

3.2.1.1 Көмірсутектердің бірінші қатары

Мұнай сұрыптарының және оның өнімдерінің басым көпшілігінің негізгі құрамдас бөлігі сутек және көміртектен ғана тұратын көмірсутектік қосындылары болып табылады. Аталған қосындылар келесі класс тармақтарының біріне жатқызылады:



Crude oil – Шикі мұнай
Hydrocarbones – Көмірсутектер
Alkanes – Алкандар
Cycloalkanes – Циклоалкандар
Alkenes – Алкендер
Aromatics – Хош иістілер

• Әрбір кешен өзінің молекулярлық құрылымы мен қасиеттері бойынша ұқсас қосындылардан тұрады (мысалы, алкандар немесе парафиндік кешендер).

• Аталған кешеннің аясында қосындылардың кең спектрі бар, олар аса жеңіл немесе қарапайым көмірсутектен ауыр немесе күрделі көмірсутекке дейін түрленіп отырады. Мысал ретінде CH_4 парафиндік кешендегі бірінші топты және $C_{40}H_{82}$ - соңғы топты білдіреді.

Мұнай сұрыптарының және оның өнімдерінің басым көпшілігінің негізгі құрамдас бөлігі сутек және көміртектен ғана тұратын көмірсутектік қосындылар болып табылады. Аталған қосындылар келесі класс тармақтарының біріне жатқызылады:

• Алкандар немесе парафиндер – Алкандар жалпы формуласы C_nH_{2n+2} болатын қаныққан қосындылар болып табылады. Алкандар басқа кешендермен салыстырғанда, реакцияға түсуге қабілетсіз. Олар қалыпты немесе тармақталған тізбек бола алады; тармақталған тізбек біріншіге қарағанда құндырақ, себебі жоғары октанды жанармай өндіру үшін қолданыла алады.

• Циклоалкандар немесе циклопарафиндер (нафтендер) – циклоалкандар және бициклоалкандар шикі мұнай және оның фракцияларында әдетте әртүрлі пропорцияларда болады. Нафтаның диапазонында осы циклдік қосындылардың көп мөлшерлерінің болуы хош иісті қосындыларды өндіруде маңызы зор. Нафтендердің жоғары пайызымен араластырылған нафта хош иістендіру үшін тамаша шикізат болады.

• Алкендер және олефиндер – Алкендер – бұл жалпы формуласы C_nH_n болатын қанықпаған көмірсутектер. Олар шикі мұнайда болмайды деуге болмайды, бірақ шикі мұнайды жоғары температурада қайта өңдеуде пайда болады. Алкендер өте реакцияға қабілетті қосындылар. Жеңіл олефиндік көмірсутектер көптеген мұнай-химия өнімдері үшін базалық компонент болып есептеледі. Этилен, ең қарапайым, осы қатынаста маңызды мономер болып табылады. Мысалы, полиэтилен жақсы танымал термопластикалық полимер және полибутадиен болып есептеледі және ең кең қолданылған синтетикалық каучук болып табылады.

• Ароматиктер – хош иістендіргіш қосындылар әдетте шикі мұнайда болады. С6-С8 диапазонындағы (В-Т-Х ретінде белгілі) мономолекулярлық қосындылар ғана коммерциялық мағынаға ие болды. Аталған аспектілерде ароматиктер маңызды мұнай-химиялық шикізат қана емес, моторлық отын үшін де құнды материал болып табылады.

Биядролық және көпциклдік хош иісті қосындылар ауыр мұнай фракциялары мен қалдықтарда болады. Ауыр қалдықтарда және тасшайырлы негізді шикі мұнайдың кейбір сұрыптарында шоғырланған

асфальтендер күрделі құрылымдардың көпциклді хош иісті қосындылары болып табылады. Ол хош иісті көмірсутектер мен гетероциклді қосындыларды сұйылтылған сақиналарға енгізген масс-спектроскоптық практикалармен расталды, олар асфальтендердің негізгі компоненттері болып табылады.

3.2.1.2 Екінші көмірсутекті емес қосылыстар

Осы сәтте шикі мұнай және оны өңдеу өнімдерінің құрамындағы көмірсутектік қосындылардың негізгі топтарына қысқаша жолу жасалды. Мәлімет толық болу үшін көмірсутектік емес қосындылардың басқа типтері шикі мұнай және мұнайды өңдеудің ағындарында кездесетінін атап өткен жөн. Олардың ішінде күкірт қосындылары, азот қосындылары, оттегі қосындылары мен металдардың қосындылары ең маңызды болып табылады.

3.2.1.2.1 Күкірттің қосылыстары

Шикі мұнайдағы күкірттің газ тәріздес қосындыларынан басқа күкірттің көптеген қосындылары күкірторганикалық қосындылар түрінде сұйық күйде табылды. Аталған қосындылар, әдетте, қышқыл емес. Күкіртті шикі мұнай күкіртті сутектің жоғары пайызын қамтиды. Дегенмен, күкірттің көптеген органикалық қосындылары қызу тұрғысынан тұрақсыз болады , сондықтан мұнайды өңдеу барысында сутек сульфидін өндіреді.

Күкірттің құрамы жоғары шикі мұнайға МӨЗ-да сұраныс көп емес, себебі мұнай өңдеу өнімдерін өңдеу үшін қосымша шығын жұмсалады. Катализдік риформингке жіберілген нафта күкірт қосындылары деңгейін ең төмен (1 промилле) деңгейге түсіру үшін және катализатордың улануын болдырмау үшін гидротазалаудан өтеді.

Күкірттің келесі қосындылары әдеттегі болып табылады:

- Меркаптандар (H–S–R) – күкіртті сутек, H–S–H, меркаптанның қарапайым формасы ретінде қарастыруға болады; алайда, кешеннің жоғары формалары иістері жағымсыз. Мысалы, бутилмеркаптан (H-C-C_4H_9) құрал зағағының әдеттен тыс иісі үшін жауап береді.
- Сульфидтер (R–S–R) – сутек алкилдер тобы құрамында күкірт молекулада сутектің орнын басқанда, иістің әдетте, жағымсыздығы төмендеу. Сульфидтер гидротазалау әдісімен алынып тасталуы мүмкін, бұл әдіс мұнай ағынын келесі жолдармен сутектендіруден тұрады:

$$R–S–R + 2H–H \rightarrow 2R–H + H–S–H$$

$$R–S–R + H–H \rightarrow R–R + H–S–H$$

Күкіртті сутек жылыту арқылы алынып тасталуы мүмкін және аминдық ерітінділердің көмегімен бөліне алады.

• Полисульфидтер (R-S-S-R) – бұл күрделірек күкірттік қосындылар және олар кей жағдайларда еркін күкіртпен шектеліп, ыдырап кете алады. Оларды сульфидтер сияқты мұнай фракцияларынан гидротазалау арқылы алынып тасталуы мүмкін.

3.2.1.2.2 Азот қосылыстары

Шикі мұнайда, әдетте, азот қосындылары аз (шамамен 0,1% - 0,9%) және күкірт қосылыстарына қарағанда, тұрақты болып келеді. Азот мұнайда гетероциклдік қосындылар түрінде болады және негізгі және негізсіз деп жіктеле алады. Азоттың негізгі қосылыстары негізінен пиридин гомологтарынан тұрады және жоғары қайтып жатқан фракциялар мен қалдықтарда болады. Азоттың негізгі емес қосылыстары пиррол және индол деп аталады, жоғары қайнап жатқан фракциялар мен қалдықтарда пайда болады. Жеңіл ағындарда азоттың мардымсыз ғана мөлшері болады.

Мұнай ағындарын гидротазалау барысында (күкірттен гидротазалау) да гидро-деазоттау, нәтижесінде катализмдік процестер үшін бастапқы шикізатқа арналған азот құрамын газ тәрізді аммиак ретінде шығарып тастау, тиімді шектерге жету.

Мұнайда азоттың болуы оның аз мөлшерінің табылғанынан гөрі мұнай өңдіретін өнеркәсіптердегі операциялар үшін маңызы зор. Азот қосындылары келесі әрекеттерге жауаптылығы анықталды:

• Катализ процестерінде катализатордың улануы.

• Тұрмыстық мұнай отыны сияқты кейбір өнімдерде шайырдың түзілуі.

3.2.1.2.3 Оттекті қосылыстар

Шикі мұнайдағы оттек қосылыстары күкірт қосылыстарынан гөрі күрделірек болады. Дегенмен, оттек қосылыстары катализаторларды өңдеу үшін улы емес. Фенол, крезол, нафтен қышқылдары сияқты оттектің бөлігі қосылыстарының басым бөлігінің қышқылдылығы аз. Мұнайдағы оттектің құрамы, әдетте, 2% құрайды, алайда олар көбірек тіркелген.

3.2.1.2.4 Металдар қосылыстары

Шикі мұнайда көптеген металдар кездеседі;оның ішінде кең тарағандары – олар натрий, кальций, магний, темір, мыс, ванадий және никель. Олар әдетте суда еритін органикалық емес тұздардың (натрий хлориді жағдайында сияқты) немесе металлорганикалық қосылыс ретінде (темір, ванадий және никель жағдайындағыдай) кездеседі.

Шикі мұнайда металл компоненттерінің пайда болуы мұнай өнеркәсібі үшін оның шағын мөлшерінен гөрі едәуір пайдалы. Металлорганикалық қосылыстар әдетте, ауырлау фракцияларда және шикі мұнайдың қалдықтарында шоғырланған. Катализдік риформинг үшін мұнай ағындарында ванадий қосылыстарының жоғары шоғырлануы тұрақты уларды өндіреді. Металл уларының мөлшерін азайту үшін ғана емес, күкірт пен азот қосылыстарын күкірттен тазалау және деазоттау үшін гидротазалаудан өтулері тиіс. Катализдік крекинг үшін ауыр фракцияларда металдың құрамын азайту үшін де гидротазалауды қолдануға болады.

3.2.2 Физикалық әдістер

Шикі мұнайда табылған әртүрлі химиялық заттарды талқылағаннан және тек қана қоспаның күрделілігін емес, сол сияқты химиялық заттардың нақты схемасы ретінде шикі мұнайды жіктеудегі күрделілігін түсінуден кейін, біз сондай-ақ алғашқы мұнайшылар физикалық әдістерді, әсіресе жіктеу үшін пайдалана бастағанын түсіне аламыз. Белгілі болғандай, әртүрлі кен орындарынан шикі мұнай сыртық түрі, тұтқырлығы бойынша және сонымен қатар ақырғы өнімнің өндірісі үшін оның пайдалылығы бойынша ерекшелене алады. Сондай-ақ шикі мұнай қорларының сапасын анықтау үшін белгілі базалық тесттерді пайдалану мүмкін болады. Тесттерге алғашқы физикалық қасиеттердің (күкіртті анықтауды қоспағанда) тізімі кіреді:

- Дистилляция
- Тығыздық, меншікті тығыздық және АПИ-дің меншікті салмағы (Америка мұнай институты)
- Тұтқырлық
- Бу қысымы
- Тұтану және оталу температурасы
- Қату және лайлану температура
- Түсі
- Күкірттің мөлшері
- Қатты тұнба және су (ҚТ және С)

- Анилинді нүкте
- Көміртекті қалдық

Осы сынақтардың кейбіреулері туралы толық ақпарат төменде суреттелген.

- *АПИ-дің меншікті салмағы*. Бұрында тығыздық мұнай өнімдері үшін басты сипаттама болған. Бірақ тығыздығы пен оның фракциялық құрамы арасындағы туынды қатынас жарамды деп мойындалған, тек қана егер олар мұнайдың белгілі типіне қолданбалы болса. Тығыздық берілген температурада материал көлемінің бірлік массасы ретінде анықталады. Оның текше сантиметрге граммен өлшенетін өлшемдері бар.

Кеңірек қолданылатын тағы бір жалпы қасиет – меншікті салмақ. Бұл мұнай тығыздығының му тығыздығына қатысы және ол мұнай мен су сынамаларының тығыздығы өлшенетін екі температураға тәуелді. Су температурасы 4 °C (39 °F) құрағанда, меншікті салмақ СГС жүйесіндегі тығыздыққа тең, себебі тура сол температура сақталғанда 1 г судың көлемі анықтама бойынша 1 мл болады. Сонымен, судың тығыздығы температураға қарай әртүрлі болуы мүмкін, ал меншікті салмақ әрқашан бірдей температура жағдайында бірлікке тең. Солтүстік Американың мұнай өнеркәсібінде меншікті салмақ үшін стандарттық температуралар 60/60 °F және 15,6/15,6 °C құрайды.

Тығыздық пен меншікті салмақ мұнай өнеркәсібінде кеңінен қолданылғанымен, АПИ меншікті салмағы артықшылықты қасиет болып есептеледі. Ол келесі қатынаспен белгіленеді:

$$^{\circ}\mathrm{API} = \frac{141.5}{\gamma} - 131.5$$

мұнда γ – 60 °F жағдайында мұнайдың меншікті салмағы болып табылады. Сонымен, аталған жүйеде сұйықтықтың меншікті салмағы 1,00 болса, АПИ меншікті салмағы 10 град. болады. АПИ үлкен меншікті салмағы жеңіл шикі мұнай немесе мұнай өнімі дегенді білдіреді, ал АПИ төмен меншікті салмағы ауыр мұнай немесе өнімді білдіреді.

Көміртекті қалдық. Көміртекті қалдық – стандартты зертханалық жағдайда мұнайды құрғағанша буландыру жолымен табылған кокс, битум және ауыр отын үшін салмақ бойынша көміртектің пайызы. Көміртекті қалдық деп Кондрадсон (CCR) бойынша көміртекті қалдықты атайды. Бұл металдар және кремний оксидтері сияқты сынақ басында

буланбайтын асфальт-бетондық қосылыстар мен материалдардың болжамды ұсынылуы.

• *Тұтқырлық.* Тұтқырлық сұйықтың ағуына кедергі жасаудың шарасы, яғни мұнайдың айдалуын көрсетеді.

• *Қату температурасы*. Мұнай ағатындай ең төмен температура (5 °F). Қату температурасы төмендей берген сайын мұнайдағы парафиннің құрамы азаяды.

• *Күл қалу*. Күл қалу үлгідегі металл мен тұздардың көрсеткіші болып табылады. Күл, әдетте, металл оксидтері, тұрақты тұздар мен кремний оксидтері түрінде болады. Шикі мұнайдың үлгісін ауа атмосферасында өртейді, күл – өртеуден қалған материал болып табылады.

• *Рейд бойынша қаныққан булардың қысымы*. Рейд бойынша қаныққан булардың қысымы (RVP) 100 °F температурасында мұнай немесе жеңіл өнімдердің көмегімен жасалатын бу қысымының өлшемі.

• *Металлдар*. Атап айтқанда, күшәла, никель, қорғасын және ванадий өнеркәсіптік катализаторлар үшін әлеуетті у болып табылады. Металдардың құрамы бөлікте миллионға шаққанда етіп келтірілген (ppm).

• *Азот*. Бұл сұйық көмірсутек үлгіде анықталған азоттың жалпы салмағы (бөлікте миллионға). Азот қосылыстары катализаторларды өңдеуге теріс ықпал етеді.

• *Тұздың құрамы*. Тұздың құрамы әдетте, тұз фунттарымен (натрий хлориді, NaCl) мұнайдың 1000 барреліне белгіленеді (PTB). Шикі мұнайдағы және ауырлау өнімдердегі тұздар коррозияның айтарлықтай проблемаларын тудыруы мүмкін, әсіресе, резервуар шатыры зонасы және дистицилляциялық колонналардың жоғарыдағы конденсаторларда.

• *Күкірт*. Бұл мұнай немесе оның өнімі үлгісіндегі тәжірибе барысында анықталған күкірттің жалпы құрамының пайыздық мөлшері (немесе бөлікте миллионға). Күкірттің шикі мұнайдағы құрамы олардың коммерциялық құндылығын анықтауда АПИ меншікті салмағына қосымша ескеріледі.

Шикі мұнайдың ауырлау түрлерінде күкірттің құрамы жоғары болады деп хабарланды.

• *Күкіртті сутек.* Шикі мұнайда немесе оның өнімдерінде ерітілген күкіртті сутек бөліктермен миллионға анықталады және өлшенеді. Бұл көмірсутектерді сақтау немесе қайта өңдеу үрдісінде дамуы мүмкін уытты газ.

Жоғарыдағы тестер әдетте, өлшенетін шикі мұнайға арналған көптеген қасиеттер болып табылады, себебі олар тасымалдауға және қойма жайларды ұйымдастыруға ықпал етеді. Сондай-ақ, аталған қасиеттер

шикі мұнайдан қандай өнімдер алынуы мүмкіндігін және қоршаған ортаның қауіпсіздігіне ықпал етуді анықтайды. Шикі мұнайдың бағасы аталған қасиеттердің басым бөлігіне байланысты.

Келесі диаграммада көрсетілгендей, күкірттің үлесі төмен жеңіл және шикі мұнай күкірттің үлесі жоғары ауыр мұнайға қарағанда, қымбат тұрады деп қорытындылауға болады.



High API – АПИ-дің жоғары меншікті салмағы
Lighter crudes – Жеңіл шикі мұнай
Higher price – Жоғары баға
Heavier crudes – Ауыр шикі мұнай
Lower price – Төмен баға
High SG – Жоғары SG

Шикі мұнайдың түрлерін зерделеудің екі амалы бойынша нәтижені келесідей келтіруге болады:

1. Химиялық құрамы
2. Физикалық қасиеттері

а. АПИ, күкірт, тұз, металдар, азот және тағы-тағылар.
б. Дистилляция: АОИМ, ТВР, EFV
в. Арақатынас: Kw, Ind

ТВР – бұл қайнаудың шынайы нүктесі, EFV – бір реттік тепе-теңдік булану, Kw – бұл Кх сипаттаушы факторы, ал Ind – бұл АҚШ Таулы-геологиялық бюросы қолданатын шикі мұнайды жіктеу жүйесі.

3.3 Шикі мұнайды жіктеу
3.3.1 Жалпы жіктеу (химиялық құрылымы негізінде)

Шикі мұнайды жіктеу үшін нақты әдіс болмағанмен, мұнай өңдеуші үшін бірқатар қарапайым критерийлер белгілеген пайдалы болар еді, олар бойынша бар шикі мұнай жіктелетін болады. Шикі мұнайды кеңінен жіктеу физикалық және химиялық қасиеттерді негізінде әзірленді. Шикі мұнайдың түрлері әдетте қоспадағы басым көмірсутек классының салыстырмалы санына қарай үш түрге жіктеледі.

1. Парафиндік компоненттер хош иісті қосылыстар мен нафтендердің біршама төмен пайыздық үлесімен негізінде парафиндік көмірсутектер болып табылады.

2. Нафтендер циклопарафиндердің қатынасы біршама жоғары және парафиндік мұнайдан гөрі битумның саны жоғарырақ.

3. Асфальтендер конденсирленген хош иісті сақиналардың көп санына және битумның жоғары пайызынан тұрады.

3.3.2 Химиялық құрамы бойынша жіктеу

Мұнай орналасуы мен табиғи процестерге қарай құрамдары әртүрлі химиялық заттардың көп санынан құралады. Мұнайдың құрамы (молекулярлық тип және салмақ) бір кен орнынан екінші кең орнынан, бір ұңғымадан келесі ұңғымаға дейін, тіпті тура сол ұңғымада, бірақ басқа деңгейге дейін әртүрлі болады .

Корреляция көрсеткіші шикі мұнайдың типін немесе классын белгілеу үшін енгізілді. Индекс корреляциясы АҚШ Таулы-геологиялық бюросы (BMCI) қолданатын шикі мұнайды жіктеу жүйесі деп танымал жүйе фракцияның орташа қайнау температурасының және оның меншікті салмағының ара қатынасын белгілейді.

$$\mathrm{BMCI} = \frac{48,640}{\mathrm{K}} + (473.7\mathrm{d} - 456.8)$$

мұнда K – бұл Кельвин градусымен фракцияның орташа қайнау температурасының нүктесі, ал d – 60/60 °F жағдайындағы фракцияның меншікті салмағы. Есептелген мәндерге сәйкес алдыңғы қатынастарды ескере отырып, мұнай түрлерін парафиндік, нафтендік (аралас) және асфальтендік деп жіктеуге болады. Мұнай парафиндері үшін нөлдік мән мен хош иісті қосылыстар үшін 100 мәні көзделген болатын.

3.3.3 Тығыздығы бойынша жіктеу

Меншікті тығыздық (меншікті салмақ) шикі мұнай түрлерін анықтау үшін кеңінен қолданылады. Бұл шикі мұнайдың сапасын бағалау. Тығыздық АПИ меншікті салмағы арқылы келесі қатынаспен белгіленеді:

Ватсонның сипаттамалық факторы (UOP) – шикі мұнайдың түрін белгілеу үшін қолданылатын басқа индекс. Оған фракцияның орташа қайнау температурасының Кельвин градусымен тығыздыққа ара-қатынасы белгіленуі жатқызылады.

$$°API = [141.5/Specific\ gravity] - 131.5$$

Ватсонның сипаттамалық факторы (UOP) – шикі мұнайдың түрін белгілеу үшін қолданылатын басқа индекс. Оған фракцияның орташа қайнау температурасының Кельвин градусымен тығыздыққа ара-қатынасы белгіленуі жатқызылады.

3.2-КЕСТЕ

Шикі мұнайдың әртүрлі типтерінің жалпы қасиеттері

Қасиеті	Парафиндік қалдық	Битумдік қалдық
АПИ-дің меншікті салмағы	Жоғары	Төмен
Мұнайдың мөлшері	Жоғары	Төмен
Мұнайдың октан саны	Төмен	Жоғары
Мұнайдың қоры	Тәтті	Қышқыл
Керосинның тұтануға бейімділігі	Төмен	Жоғары
Дизельдік отынның детонацияға бейімділігі	Төмен	Жоғары
Жағармайдың қату температурасы	Жоғары	Төмен
Жағармай мөлшері	Жоғары	Төмен
Жағармайдың тұтқырлық индексі	Жоғары	Төмен

Ватсон корреляция _____коэффициенті = $\frac{(K^{1/3})}{d}$

10-нан жоғары мән парафиндердің басымдылығын, ал 10-нан төмен мән хош иісті қосылыстардың басымдылығын білдіреді. Сонымен, шикі мұнайдың алуан түрлерінің қасиеттері 3.2-кестеде көрсетілгендей, қалдықтардың түрлеріне байланысты өзгеріп отырады.

3.4 Шикі мұнайды салыстыру және сынамасы

Шикі мұнайдың алуан түрлерін салыстыру үшін негіз қалыптастыру үшін сынама ретінде белгілі эксперименталды мәліметтер жасау керек. Сынама тексерудің талдауы немесе жан-жақты талдау болуы мүмкін. Шикі мұнайдың сынамалары шикі мұнай және оның фракцияларының физикалық қасиеттеріне арналған мәліметтерді жүйелі жинау ретінде сипатталған. Басқа сөзбен айтқанда, шикі мұнай сынамасы келесілерді анықтаудан тұрады: шикі мұнайдың және алынған фракциялардың қасиеттері (яғни шығу мен қасиеттердің пайыздық қатынасы). Дистилляцияны өткізбей, аналитикалық тестілеуді сынама ретінде қарастыруға болады. Дегенмен, ең кең тараған сынама – ол барлық жоғарыда тізілген параметрлерден тұратын ауқымды сынама.

Белгілі бір жағдайларда дистилляциялық қондырғыда жоғары тиімділікте жұмыс істейтін порциялық зертханада (14 тәрелкесі бар колонна және дефлегмация коэффициенті (RR)) шикі мұнайды дистилляциялау сынаманың негізі болып табылады. Қайнаудың жоғары температурасымен компоненттердің термикалық деструкциясын болдырмау үшін колоннадағы қысым кезең-кезеңімен төмендетіледі. Шикі мұнайдың әртүрлі типтерінің сипаттамаларын қайнау шегінде салыстыру дистилляцияланған фракциялардың тығыздығы мен олардың орташа қайнау температурасының тығыздығын белгілейтін кесте арқылы жасалуы мүмкін.



Naphtenic and low wax – нафтенді және шайырлы тұнба
Heavy naphtenic-low wax (Venezuela) – ауыр нафтенді – шайырлы тұнба (Венесуэлла)
Medium naphtenic – low wax – орташа нафтенді-шайырлы тұнба
Intermediate – Middle East – аралық Таяу Шығыс
Naphtenic and wax (Nigeria) – нафтенді және шайырлы тұнба (Нигерия)
Intermediate and wax (UK) – аралық және шайырлы тұнба
Highly waxy and paraffinic (Libya and Brazil) – шайырлы және парафинді тұнба (Ливия және Бразилия)
Paraffinic and high wax – парафинды және шайырлы тұнба
Wax range – шайырлы тұнба диапазоны
Density at 150C kg/l - тығыздығы
Gasoline - бензин
Naphta - нафта
Kerosine - керосин
Gas oil – газ ойль
Heavy gas oil – ауыр газойль
Lube oil distillate – май дистилляты
Mid-boiling point 0C – қайнаудың орташа температурасы

3.2-сурет

Қайнаудың орташа температурасы/тығыздық негізінде шикі мұнайдың типтерін салыстыру.

Осындай салыстыру 3.2-суретте көрсетілген. Қисық сызықтағы шикі мұнайдың тығыздық деңгейі көмірсутектердің үш негізгі сериялары-ның салыстырмалы пропорцияларының функциялары болып табылады: хош иісті қосылыстар, циклопарафиндер, парафиндер; олардың тығыздықтарының осы ретпен төмендеуі.

Сондай-ақ, әдетте стандартты шикі мұнаймен сылыстыру ұсынылады. Мұнай өнекәсібіндегі мұнайдың кейбір қабылданған түрлеріне шолу төменде сипатталған.

3.4.1 Мұнайдың маркерлі сұрыпталымы

Мұнай өнімдерінің ең белгіленген үш түрі: Солтүстік американың батыс-техасстық орташа мұнайы (WTI), «North Sea Brent» сұрыпты мұнайы мен «UAE Dubai» сұрыпты мұнайы, олардың баға белгіленімі көрсеткіш ретінде барлық мұнай өнеркәсібі үшін қолданылады, ал жалпы алғанда, 46 негізгі мұнайды экспорттаушы мемлекет бар. «Brent» сұрыпты мұнайы әдетте WTI бағасынан $ 2 жоғары сатылады, ол әдетте Энергетикалық ақпарат қызметінің (EIA) бағасынан мұнайшы-импорттаушыдан (IRAC) алынатын баға және ОПЕК шикі мұнайы үшін орташа әлемдік бағадан $5-6 жоғары сатылады.

3.4.1.1 Мұнайдың эталонды маркасы

Эталондық мұнай немесе мұнай-маркёр – бұл мұнайды сатып алушылар және сатушылар үшін базалық бағаның қызметін атқаратын шикі мұнай. Эталондық шикі мұнайдың үш негізгі түрі бар: «WTI» сұрыпты, «Brent Blend» сұрыпты және «Dubai» сұрыпты мұнайы. Басқа танымал қоспалар төмендегілерден құралады:

- ОПЕК орташа бағасы
- Сингапурда сатылатын «Тапис» сұрыпты мұнайы
- Нигерияда қолданылатын «Bonny Light» базалық сұрыпты мұнайы және мексикалық «Isthmus» мұнайы.

EIG агенттігі жариялаған нұсқаулықта 2011 жылдың редакциясында шикі мұнайдың немесе қоспалардың 195 негізгі ағыны анықталған (Intelligence Group Energy 2011). Мұнайдың базалық сұрыпы көтерме нарығында тұрақты сатылады және оның бағасы белгіленеді, оған шикі мұнайдың басқа сұрыптарын сатушылар ұзақ мерзімді немесе көтерме бағаларды орнату үшін бағдар ретінде сүйенеді.

3.4.1.2 Ауыр мұнай

Ауыр мұнайдың АПИ меншікті салмағы 28°С төмен. АПИ төмен болған сайын мұнай соғұрлым ауырлау болуы тиіс. Ол әдетте күкірт пен бірнеше металдың, атап айтқанда никель және ванадийдің (парафиннің жоғары мөлшері) жоғары үлесінен тұрады. Бұл қасиеттер мұнайды жерден немесе құбыр арқылы айдауды қиындатады және тазалау процесіне кедергі жасайды. Аталған қасиеттер ауыр мұнай өндірісі мен оны қолдану үшін күрделі экологиялық проблемаларды туғызады.

3.4.1.3 Парафинді мұнай

Парафиндік мұнайдың АПИ меншікті салмағы 33°С жоғары. АПИ жоғары болған сайын мұнай соғұрлым төмен болады. Жеңіл мұнай парафиннің төмен үлесі бойынша анықталады. Мұнайды осылай жіктеу оны айдауды және тасымалдауды жеңілдетеді.

3.4.1.4 Төмен күкіртті мұнай

Аз күкіртті мұнайдың күкіртті сутек және көміртек диоксидінің мөлшерлері шағын, ол негізінен, жанармайда қолданылады. Аз күкіртті мұнай, ол, әдетте, шикі мұнай, ондағы күкірт үлесі 0,5% немесе салмағына қарай одан да төмен болады. Күкірттің аз болуы мұнайды өңдеу өнімдерінің сапасын жақсартады, сонымен қатар аз күкіртті мұнай жоғары күкіртті мұнай сияқты өңдеуді талап етпейді. Ол күкірттің жағымсыз иісі болмағандықтан, тәтті деп аталады.

3.4.1.5 Жоғары күкіртті мұнай

Әдетте құрамында күкірт 0,5 % асқан шикі мұнай жоғары күкіртті (қышқыл) мұнай деп аталады. Күкірттің жоғары мөлшері мұнайды өңдеудің түпкі өнімдерінің сапасына ықпал етеді және кейде қосымша өңдеу шараларын талап етеді. Оны күкірттің жағымсыз иісіне байланысты қышқыл деп атайды.

3.5 Мұнай өнімдері

Мұнай жерден өндірігенде, пайдасы аз болады. Бұл ретте шикі мұнай одан алынатын дайын мұнай өнімдерін жасау үшін процестер топтамаларынан өтеді. Шикі мұнайдың сепарациясы екі жүйелі қадаммен жүзеге асырылады: бірінші шикі мұнайдың жалпы көлемін негізінен атмосфералық қысымда ажырату арқылы; сосын атмосфералық колоннадан ауыр мұнай тұнбалары жоғары вакууммен жұмыс істейтін екінші колоннаға айдалады.

Шикі мұнайға қатысты дистилляция процесі газ, жанармай, жермай,

пеш отыны, жағармайлар, ауыр дизельдік отын мен битум сияқты компоненттерді біртіндеп елейді. Дистилляция физикалық процесс болып табылады. Ол шикі мұнайды әртүрлі көлемдерге бөле алады, бірақ ол бастапқы шикі мұнайда бар белгілі бір көлемнен артық өндіре алмайды. Бұл бізді қайта өңдеудегі келесі қадамға алып келеді, ол жоғары октанды жанармай және көптеген басқа өнімдерді өндіру үшін химиялық конверсиядан тұрады.

Зауыттар әртүрлі фракциялардың ара-қатынасын өзгерту үшін фракциялық дистилляцияның физикалық операцияларының негізгі тізбегіне қосымша химиялық өңдеудің төрт негізгі операциясына сүйенеді. Қосындысына мұнайды өңдеудің Бес колоннасы аталады.

- Колонна № 1: Фракциялық дистилляция
- Колонна № 2: Крекинг
- Колонна № 3: Сәйкестендіру (Алкилдендіру)
- Колонна № 4: Түрлендіру (Каталитикалық реформинг)
- Колонна № 5: Гидротазарту

3.3-суретінде мұнай өнімдерімен бірге атмосфералық ректификациялық колоннаның иллюстрациясы ұсынылған.



Crude oil –
Lighter (low boiling point) –
Distillation unit –
Heavier (high boiling point) –
Boiling range –
Products –

3.3-СУРЕТ

Шикі мұнай және мұнай өнімдерінің дистилляциясы. (АҚШ Энергетика саласындағы ақпарат басқармасы, Бүгін энергетикада, 05 шілде 2012 ж. Рұқсат берілген)

4
Табиғи газдың құрамы мен сипаттамасы

Тұтынушылармен пайдаланылатын табиғи газ жердің астынан ұңғыманың сағасына дейін жеткізілетін табиғи газдан күшті ерекшеленеді. Табиғи газды өңдеу көптеген жағдайда шикі мұнайды өңдеу мен тазартуға қарағанда, күрделі болмағандықтан, ол тең дәрежеде оны түпкі тұтынушылармен пайдалануға дейін қажет.

Тұтынушылармен табиғи газды пайдалану алдында метанға дейін ыдырайды. Бірақ ұңғыманың сағасында болатын табиғи газ бұрынғыдай негізінен метаннан тұрса да, тіпті де айтқандай таза емес.

Бұл тарауда қазбалы отынның ықтимал көзі ретінде табиғи газдың кейбір сипаттамаларына шолу беріледі. Соның ішінде келесі аспекттер қарастырылған:

- Мәселенің тарихы
- Табиғи газдың көздері және шығу тегі
- Құрамы
- Газдың қасиеттері мен сипаттамалары
- Қолдану мен пайдалану салалары

4.1 Мәселенің тарихы

Газды жиі *табиғи газ* деп атайды, себебі ол табиғи көмірсутегі болып табылады. Ол түссіз және негізінен, қарапайым көмірсутегі болып табылатын метаннан тұрады. Табиғи газ газ кен орындарына жеткенге дейін географиялық қабаттар арқылы ұңғымаларды бұрғылау жолымен өндіріледі.

Табиғи газ ұңғыманың сағасынан түпкі тұтынушыларға дейін бірқатар құбыр желілері арқылы өтеді. Бұл құбыр желілерін, бөлу желілерін , жинау желілерін , тасымалдаушы желілерді, таратқыш желілерді және қызмет көрсеткіш желілерді қоса алғанда әртүрлі деңгейдегі қысымды газды тасымалдайды.

Тазартылмаған табиғи газ ұңғымалардың үш типінен тұрады:

1. Мұнай ұңғымаларынан, мұнда табиғи газ әдетте *жолай газ* деп аталады. Бұл газ мұнайдан бөлек қабатта табылуы (еркін газ) мүмкін немесе тазартылмаған мұнайда ерітілген болуы (ерітілген газ) мүмкін. Ерітілген газ – бұл мұнайда ерітілген газдың үлесі, ал жолай газ (газды қалпақ деп аталатын) – бұл шикі мұнаймен байланыстағы еркін газ.

Мұнай ұңғымаларынан өндірілетін табиғи газ мұнайлы жолай газ деп аталады.

2. Ішінде шикі мұнай аз немесе мүлдем жоқ болатын газды ұңғымалардан, мұнда табиғи газды *жолай емес газ* деп атайды. Газды ұңғымалар, әдетте, өз-өзінен шикі табиғи газды (құрғақ газ) өндіреді.

3. Жартылай сұйық көміртекті конденсатпен (ылғалды газбен) бірқатар еркін табиғи газды өндіретін газ конденсаты ұңғымалардан.

Шикі мұнайдың барлық резервуарларында ерітілген газ болады, жолай газ не болады не болмайды.

Табиғи газдың көзіне тәуелсіз, ол шикі мұнайдан (егер бар болса) бөлінген болса, ол әдетте метанның басқа көмірсутектерімен, ең бастысы, этанмен, пропанмен, бутанмен және пентанмен қоспада болады. Одан басқа, шикі табиғи газда, күкіртсутегі (H_2S), күкіртсутегінің қостотығы (CO_2), гелий, азот сияқты, көмірсутегілердің кейбір түрлерімен судың буы болады. Табиғи газдың бұл сипаттамалары 4.1-суретте суреттермен бейнеленген.

Қабаттық қысым төмендегеніне қарай, жолай емес газ аса критикалық (қысым / температура) жағдайларында кен орыннан шығарылады; молекулярлық массасы жоғарылау (C_3□) компоненттер изотермиялық жағдайларда қысымның төмендеуіне жарым-жартылай конденсациялануы мүмкін. Бұл нәтиже конденсацияның ретроградасы деп аталады. Осылайша алынған сұйықтық мардымсызданатын газ тасушы қабаттың кеуектері сияқты ұсталынуы мүмкін. Барлығынан жиі сұйықтық жоғарыда конденсацияланады да, сұйылтылған табиғи газ (СТГ) деп аталатынды өндіреді. Газ ағыннан бөлінгеннен кейін СТГ сұйылтылған мұнайлы газ (СМГ; іс-жүзінде, бутан және пропан) арқылы этанға дейін ең ауыр конденсаттардан (гександар, пентандар және бутандар) бастап, фракцияларға қосымша бөлінуі мүмкін. Жеңіл көмірсутектердің бұл көзі Құрама Штаттарында ерекше әйгілі, мұнда табиғи газды өңдеу олифиндер өндірісі үшін этандық шикізаттың және СМГ жылыту мен коммерциялық мақсаттар үшін негізгі бөлігін қамтамасыз етеді.

Әлемдегі ең үлкен газды кен орын, Иран және Катар арасында бөлінген, Оңтүстік Парс/Норд-Доум теңіз газконденсатты кен орын болып табылады. Бұл бағалар бойынша табиғи газдың 51 триллион текше метрі және табиғи газдық конденсаттың 50 миллиард баррелі. Бес жетекші газ өндіретін елдердегі тенденциялар (АҚШ энергетика саласындағы ақпарат басқармасының мәліметтері) 4.2-суретте көрсетілген.



Oil wells – мұнай ұнғымасы
Gas wells – газ ұнғымасы
Condensate wells – конденсатты ұнғыма
Associated gas – мұнай газы
Nonassociated gas – табиғи газ
Wet gas – майлы газ
Natural gas – табиғи газ
Hydrocarbons – көмірсутек
Methane – Метан
Ethane – Этан
Propane – Пропан
Butane – Бутан
Composition – Құрамы
Nonhydrpcarbones – көмірсутек емес
Carbon dioxide – CO_2
Oxygen – оттегі
Nitrogen – азот
Hydrogen sulfide – күкіртті сутек
Helium – гелий

4.1-СУРЕТ
Табиғи газдың кейбір сипаттамалары.



Annual gas production (billion cubic meters/year) - Газды өндірудің жылдық көлемі (млрд. куб. м/год)
USA – АҚШ
Russia – Ресей
Iran – Иран
Canada – Канада
Qatar – Катар

4.2-СУРЕТ
Табиғи газдың жетекші өндірісші-елдердің бестігі: АҚШ, Ресей, Иран, Канада және Катар. (АҚШ энергетикасының саласында ақпарат бойынша басқарма, https://en.wikipedia.org/wiki/List_of_countries_by_natural_gas_production**.)**

4.2 Табиғи газдың көздері мен шығу тегі

Табиғи газ мұнай сияқты қазба отын болып табылады. Ол жүздеген миллион жыл бойы планктон, өсімдіктер, жануарлар және өмірдің басқа нысандары сияқты органикалық материалдан қалыптасқан болатын. Уақыт өтісімен құм, шөгінділер және тау жыныстары органикалық затты көміп тастады. Бұл шөгінділер мен жыныстың сынықтары жерастында өте жоғары қысымда және өте ұзақ уақыт ішінде қысылатын органикалық затқа үлкен қысым жасайды. Бұл органикалық қалдықтарда жоғары температураны құрайтын микроағзалардың арқасында *термогенді* метанның пайда болуына алып келеді.

Енді бұл қысым жердің астындағы тереңдегі жоғары темпера-

ралармен үйлесімде органикалық заттағы көміртекті байланыстарды қиратады, өйткені жер қыртысы асты неғұрлым терең болса, температура соғұрлым жоғары болады. Басқа жағынан терең емес шөгінділерде (температура төмен жерде) табиғи газбен салыстырғанда, көбірек мұнай өндіріледі.

Негізінен, жоғары температура кезінде мұнайға қарағанда, табиғи газ көбірек жаратылады. Сол себептен, табиғи газ, әдетте, жер қыртысынан 1-2 миль төмен болатын шөгінділердегі мұнаймен ассоциацияланады. Тереңірек кен орындарда жер астында өте терең, әдетте көбінесе табиғи газ және көптеген жағдайларда таза метан болады.

Табиғи газ өте ұсақ микроағзалармен органикалық заттарды трансформациялау жолымен де пайда болуы мүмкін. Метанның бұл типі ең ұсақ метантүзуші микроағзалармен (метаногендермен) өндірілетін *биогенді метан* ретінде аталады. Олар метанның түзілуімен органикалық затты химиялы қиратуға қабілетті. Бұл микроағзалар әдетте, оттегіден айырылған жер беті маңындағы аумақтарда кездеседі. Бұл микроағзалар сондай-ақ адамды қосқанда, жануарлардың көбісінің ішек-қарнында өмір сүреді. Осындай тәсілмен метанның түзілуі, әдетте, жердің бетіне жақын болады, ал метан әдетте атмосферада жоғалады.

Кейбір жағдайларда бұл метан жердің астында жиналуы және табиғи газ ретінде шығарылатын болуы мүмкін. Биогенді метанның мысалы қоқысты газ болып табылады. Тұрмыстық қалдықтарды тастайтын жерлер оларда болатын қалдықтардың ыдырауы есебінен табиғи газдың салыстырмалы көп мөлшерін өндіреді. Жаңа технологиялар осы газды жинауға және табиғи газ қорларын толықтыра отырып, пайдалануға мүмкіндік береді.

4.3 Құрамы

Табиғи газ энергия тасушылардың әлемдік қорларының өмірлік маңызды компоненті болып табылады. Бұл энергия көздерінің ішінде ең тазаларының, қауіпсіздерінің бірі және ең пайдалысы. Табиғи газ негізінен, метан мен этан сияқты, олардың екеуі де атмосфералық жағдайларда газтәріздес болып табылады, қаныққан жеңіл парафиннен тұратын көмірсутектердің табиғи газы болып есептеледі. Қоспада сондай-ақ пропан, бутан, пентан және гексан сияқты басқа да көмірсутектері болуы мүмкін. Табиғи газдың қабаттарында тіпті одан ауырлау, негізінен, жоғары қысымдарынан газтәріздес пішіндегі көмірсутектер кездеседі. Табиғи газдың құрамы кең шектерде өзгеруі мүмкін. Газдық ұңғымадан шығыстағы табиғи газдың типтік құрамы төменде көрсетілген:

Табиғи газдың типтік құрамы

Метан	CH_4	70%–90%
Этан	C_2H_6	0%–20%
Пропан	C_3H_8	0%–20%
Бутан	C_4H_{10}	0%–20%
Көміртегі қостотығы	CO_2	0%–8%
Оттегі	O_2	0%–0.2%
Азот	N_2	0%–5%
Көмірсутек	H_2S	0%–5%
Сирек газдар	A, He, Ne, Xe	Із

Өзінің таза түрінде ішкі нарықта пайдаланылатын сияқты табиғи газ іс-жүзінде таза метан болып табылады. Біз жиі табиғи газбен ұқсастыратын *шіріген жұмыртқаның* тән иісі іс-жүзінде, түпкі тұтынушыға жеткізу алдында газға қосылатын *меркаптан* деп аталатын одорант болып табылады. Меркаптандар иісінен қандай да бір кемулерді иісінен анықтау есебінен табиғи газды пайдалануды қауіпсіз етеді. Табиғи газ әдетте басқа ілеспелі көмірсутектердің көбісін кетіргеннен кейін таза дерлік метан болып табылатын кезде *құрғақ* болып есептелінеді. Басқа көмірсутектер қатысатын болса, табиғи газды *ылғалды* деп атайды.

4.4 Газдың қасиеттері мен сипаттамалары

Табиғи газ жанғыш болып табылады, ауадан шамамен 40%-ға жеңіл, кему кезінде ол ауада сейілуі мүмкін. Табиғи газдың басқа дұрыс қасиеттері тұтанудың жоғары температурасы және тұтанғыштықтың тар диапазоны болып табылады, олар табиғи газ 1100° F температурасында тұтанатын және ауа көлемінің 4%-15% қоспасында жанатын болады.

Келесі қасиеттерді келесідей түйіндеуге болады:

- Таза жану (Табиғи газдың біртекті молекулярлық құрылымы, оны өртеу қатты бөлшектерді немесе күкіртті өндірмейтіндей, таза жануға мүмкіндік береді)
- Тиімді
- Таралған

4.1-КЕСТЕ
Шикі мұнайдың айрықша құрамы

	Жолай (Ылғал) Газ (Мол %)	Газды ұңғыма (Құрғақ) Газ (Мол %)	Газконденсатты ұңғыма Газ (Мол %)
Көміртегі қосто-тығы	0.63	–	–
Азот	3.73	1.25	0.53
Көмірсутек	0.57	–	–
Метан	68.48	91.01	94.87
Этан	11.98	4.88	2.89
Пропан	8.75	1.69	0.92
Изобутан	0.93	0.14	0.31
n-Бутан	2.91	0.52	0.22
Изопентан	0.54	0.09	0.09
n-Пентан	0.80	0.18	0.06
Гексан	0.37	0.13	0.05
Гептан плюс	0.31	0.11	0.06
Барлығы	100	100	100

4.2-КЕСТЕ
Табиғи газ үшін типтік құбырдың сипаттізімі

	Минимум	Максимум
Негізгі және жолай компо-ненттер (Мол %)		
Метан	75	-
Этан	-	10
Пропан	-	5
Бутан	-	2
Пентандар мен ауырлау көмірсутектер	-	0,5
Азот және басқа инертті ком-поненттер	-	3-4
Көміртегі қостотығы	-	3-4
Микрокомпоненттер		
Күкіртсутегі	-	0.25–1.0 г/100 норм.куб.фут
Меркаптанды күкірт	-	0.25–1.0 г/100 норм.куб.фут
Күкірттің жалпы мөлшері	-	5–20 г /100 норм.куб.фут
Суллы бу	-	7.0 фунт/млн. куб. фут
Оттегі	-	0.2–1.0 көлемнің млн.бөлігі
Жылубөлгіштік қабілеттілік		
Жылубөлгіштік қабілеттілік, бте/норм.куб.фут шекті көмір-сутектердің жалпы масса-сынан	950	1150

Ескерту: Сұйықтықтар: беру температурасы мен қысымы кезінде судан және көмірсутектерден еркін; қатты заттар: жабдықты пайдалану кезінде беру үшін зиянды мөлшерде қатты бөлшектері болатын.

- Иіссіз (Себебі иісі жоқ, меркаптан, 4.2-бөлімде суреттелгендей, газға толтырылады)
- Дәмсіз және уытты емес
- Сіңірмейтін
- Тот басуды тудырмайтын
- Қысыммен жарылатын

Табиғи газдың сипаттамасына қатысты, үш жағдай үшін *шикі жолай газдың* құрамы: жолайдың (ылғалды газдың), газды конденсаттың (құрғақ газдың) және конденсаттық ұңғыма газының, бірінші кезекте, 4.1-кестеде көрсетілгендей, берілген, ал содан кейін сапа стандартына сәйкес табиғи газ үшін құбыр желісінің сипаттізімі 4.2-кестеде келтірілген.

4.5 Табиғи газды қайта өңдеу

Шикі мұнайдан алынған және табиғи газдың ұңғымаларынан алынатын сұйықтықтардың қасиеттері ерекшеленеді. Жолай емес газ (еркін газ) жоғары қысым кезінде алынуы мүмкін. Оны құбыр желісіне бергенге дейін минималды өңдеу қажет болуы мүмкін. Жолай газ, бірақ, IV бөлімде суреттелгендей, жүйелі қайта өңдеуге және өңдеуге тартылуы мүмкін.

4.6 Қолдану және пайдалану салалары

Бұл қазба отын көптеген мақсаттарда қолданылады, сондықтан ол не үшін пайдаланылғаны туралы толық толық тізімді беру қиын болады. Табиғи газ барлық салаларда әртүрлі мөлшерлерде пайдаланылады. Олардың ең маңыздылары келесілер болып табылады:

- Тұрмыстық тұтыну
- Коммерциялық қолдану
- Өнеркәсіпте пайдалану
- Көліктік сектор
- Табиғи газды пайдалану арқылы электр энергиясын өндіру

4.3-суретте Құрама Штаттарындағы секторлар үшін табиғи газды пайдалану көрсетілген.



Электр энергияны өңдеу (24%)
Өнеркәсіптік (32%)
Басқалар (8%)
Коммерциялық (14%)
Тұрғын (22%)

4.3-СУРЕТ

Табиғи газды секторлар бойынша пайдалану. (АҚШ энергетикасы саласында ақпарат бойынша басқарма, энергетикаға жыл сайын шолу жасау 2002. Рұқсатпен.)

5
Мұнай кәсіпшілігі қызметінде экономиканың рөлі

Мұнай-газ саласы миллиардтаған долларды көмірсутектердің барлауына, табылуына, игеруіне, өңделуіне, өндірілуіне, тасымалдануына және қайта өңделуіне жүз жылдан аса уақыт бойы инвестиция жасап, әлдеқашан көптен бері байлық құрудың аса үлкен қайнар көзі болып табылады.

Күрделі шығыстар бойынша ұсыныстар жетерліктей нақты болуы керек, барлау және өндіру (Б&Ө), жерүсті мұнай операциялары (ЖМО), мұнайды қайта өңдеу үшін олардың негіздемесі, сондай-ақ кеңейту мақсаттарын немесе шығындарды қысқарту және қажетті алмастыруларды қамтамасыз ету үшін. Негізінен, күрделі шығыстардың ұсынысын бағалау техникалық, сондай-ақ экономикалық сипатта болады. Біріншіден, жобамен байланысты техникалық мүмкіндіктер және құқықтылық болады, одан кейін экономикалық бағалау мен негіздеме жүреді.

Бағалаудың экономикалық фазасында мұнай менеджменті инвестиция үшін капиталдан гөрі, көбірек инвестициялық мүмкіндіктерге ие екеніне немесе инвестициялық мүмкіндіктерден гөрі, инвестиция үшін көбірек капиталға ие екеніне тап болуы мүмкін. Қандай да жағдай болмасын, мұнай менеджементіне инвестициялық ұсыныстарды таңдау немесе қабылдамау үшін кейбір экономикалық талаптарға жүгіну қажет. Мүмкін, менеджмент шешімі көбінесе инвестициядан қаржылық қайтарым деңгейіне немесе олардың экономикалық тартымдылығына негізделеді.

Бұл тарауда біз газ-мұнай кәсіптік қызметінде қолданылатын кейбір экономикалық негіздерді ұсынамыз. Мұнайды және газды өндіру операцияларының барысында әркім келесі сұрақтарға жауаптарды іздестіруде қызығушылық білдіреді:

1. Күрделі салымдарды қайда және қашан жұмсау керек?
2. Шикі мұнайдың және табиғи газдың өндірісі қанша тұрады? Бір мұнай барреліңің өндірісінің жалпы құнын қалай есептеу керек?
3. Мұнай-газ жобаларында инвестициялардың рентабельділігін бағалау үшін кейбір экономикалық көрсеткіштерді қалай қолданады?

5.1 Мұнайды өндірудегі тозу және таусылу

Салым капиталын қайда және қалай жұмсау керектігі туралы сұраққа жауап келесідей дискуссия ретінде анықталады. Мұнай операциялары үшін шығындар мен кірістердің экономикалық талдауы екі маңызды

фактіні мойындауды талап етеді:

1. Физикалық активтер уақыт өткен сайын құнын азайтады, яғни, олар *құнсызданады*.

2. Мұнай ресурстары, басқа табиғи ресурстар сияқты, жылдар өткен сайын қалпына келмейді, үнемі *таусылады*.



Pre-oil production phase – Мұнай өндірудің алдын-ала фазасы
($): capital - ($): капитал
Spent in – Шығындар
Preliminary site preparation – алдын-ала құрылыс алаңын дайындау
Exploration work – Геологиялық барлау жұмыстары
Test wells/development – Ұңғымаларды тексеру/дамыту
Depletion allowance – Жер қойнауының таусылуына жеңілдік
Post-oil production phase – Мұнай өндірісінің фазасы
Production of oil, gaas-oil separation and other processing operations – Мұнайды өндіру, газ-мұнай қоспасын ажырату және басқа технологиялық операциялар
Storage and transportation – Сақтау және тасымалдау
Crude oil for sale – Сатуға арналған шикі мұнай
Appreciation allowances – Рұқсат етілетін нормадан ауытқуды бағалау

5.1-СУРЕТ

Мұнай өндірудің өзіндік құнына таусылу мен амортизациялық аударымдар салымы.

Тозу немесе амортизация активті тиімді пайдалану мерзім бойы пайда мен зиян бойынша есепте баланстан амортизациялық шығысқа актив құнын жүйелі бөлу ретінде сипатталады. Бір жағынан, жер астындағы байлықтарға жеңілдіктері табиғи ресурстардың таусылуын есептеу үшін қолданатын төлем ретінде амортизация болып табылады.

5.1 суретінде көрсетілгендей, мұнайды шығару бойынша операциялар үшін бізде екі фаза бар, онда күрделі салымын жұмсауға тура келеді. Бірінші фаза, *мұнай өндірудің бастапқы фазасы* деп аталады, бастапқы дайындықты, барлауды, ұңғыманың өнімсіз бұрғылауын және игеруін қамтиды. Осыдан кейін екінші фаза үшін жағдайлар дайын, онда ақшалар қажетті активтерді жеткізуге және өндіріс пен мұнайға дейінгі өндіріс кезеңі үшін қондырғыларға жұмсалады. Мұндағы сұрақ: мұнай шығарудың бастапқы фазасына жұмсалған капиталды қалпына қалай келтіре аламыз, сондай-ақ *өндіріс*/*постөндіріс* фазасында?

Мұнай өндіру бойынша жұмыстар үшін, 1.9-тарауында көрсетілгендей, күрделі салымдардың көлемі екі ретті кезеңде жүргізіледі: мұнай өндірудің бастапқы фазасы және өндірістің/мұнай өндірісіне дейінгі фаза . Екінші кезеңге қатыстысы физикалық активтердің қолда бары тексерілуі мүмкін; демек, осы күрделі салымдардар ды қалпына келтіру үшін *амортизацияны есепке алу* қолданылуы мүмкін. *Бірінші* кезеңде, бір жағынан, керісінше болады: материалды емес шығындар салынды, өйткені ешқандай физикалық активтер олар үшін есептелінген жоқ. Бұл жағдайда *таусылуды есепке алу* өңдеуге арналған шығындарды өтеу үшін енгізіледі, олар мұнай мен газдың нақты өндірісіне дейінгі барлауға және басқа да бастапқы операцияларға жұмсалған болатын.

Басқа сөзбен айтқанда, таусылуды есепке алу, табиғи ресурстардың таусылу есебінен қолданылатын амортизация болып табылады.

5.1.1 Амортизацияны анықтау әдістері

Уақыттың нақты кезең ішінде амортизацияны анықтаудың бірнеше әдісі бар. Пропоцианалды шығынға жатқызу әдісі оның қарапайымдылығы арқасында мұнай өнеркәсібінде жұмыс жасайтын инженерлермен және экономистермен кең қолданылады.

Әдіс келесідей түрде түсіндіріледі. Математикалық тілмен айтқанда, актив құнының уақыты келе сызықты азаяды деп жорамалданады. Ал егер келесі өзгермелілер анықталған болса:

d = амортизацияның жылдық нормасы ($/жыл)

Vo и Vs = бастапқы мәні және сәйкесінше активтің таратулық құны ($)

n = қызмет ету мерзімі (жыл)

$$\text{then the annual depreciation cost} = \frac{\text{depreciable capital}}{n}, \text{ or}$$

$$d = \frac{V_o - V_s}{n}$$

сонда амортизацияның жылдық құны =
амортизацияланатын капитал, немесе
Активтердің құны V_a жылына a, келесі түрге ие болады

$$V_a = V_o - (a)(d)$$

5.1-мысал

Дала жағдайында қажетті жылулық алмастырғыштың амортизациялық құны 100.000 $ мөлшерінде деп есептейік. Ол қайта өңдеуден кейін, айтарлық, 20 миллион баррель қызмет көрсете алады. Егер ол жылына 600.000 баррельді өндесе, жылулық алмастырғыштың амортизациясының жылдық құнын есептеу керек.

Шешімі

Амортизация коэффициенті= 100.000/20.000.000 = баррельге 0,005$.
Амортизацияның жылдық құны d = (600.000)(0,005) = 30.000$.

5.1.2 Таусылуды анықтау әдістері

Үдерістің талаптарын қанағаттандыру үшін мұнай-газ ажыратқыштары әдетте бірінші кезең ажыратқышы бөлудің бастапқы фазасы үшін пайдаланылатын, сонымен бірге екінші және үшінші кезеңдердің ажыратқыштары да әр жеке фазаны (газды, мұнай мен суды) одан әрі өңдеу үшін қолданатын бірнеше кезеңдерде дайындалады.

Әдетте мұнайдан алынған су ішінара еркін су мен мұнайдағы су эмульсиясынан тұрады. Кейбір жағдайларда, алайда, су-мұнай ара қатынасы болғанда аса жоғары, мұнайдағы су емес, судағы мұнай тұжырымдамасы дұрысырақ болады. Мұнайдан алынған еркін су шөгетін және ауырлық күшінің әсеріндегі мұнайдан бөлінетін су ретінде анықталады. Эмульсияланған суды бөлу үшін, соған қарамастан, термиялық, химиялық және электростатикалық өңдеу немесе ықпалдастық тұнбалануына қосымша өңдеудің осы әдістерінің тізбегі қажет болады.

Сумен және мұнаймен бірге құрамында әрқашан газ болады, соған сәйкес ол сұйықтықтан ажыратылуы тиіс болады. Газ көлемі көбіне өндіру мен бөлу шарттарына қатысты болады. Газ көлемі сұйықтық көлемімен салыстырғанда салыстырмалы түрде аз болғанда еркін суды, мұнай мен газды ажырату үшін пайдаланылатын әдіс *еркін суды кон-*

денсаттық аулау деп аталады. Мұндай жағдайда суды мұнайдан бөлу резервуар құрылымын анықтайтын болады. Сұйықтықтан (мұнай мен су) газдың үлкен мөлшерін ажырату қажет болғанда резервуар *үшфазалық ажыратқыш* деп аталады және максималды газ өнімділігі немесе максималды су-мұнай бөлу талаптары резервуар құрылымын анықтауы мүмкін.

Еркін судың конденсаты аулағышы және үшфазалық ажыратқыштары негізінен қарпы мен құрамы жағынан ұқсас. Одан басқа, жобалаудың сол тұжырымдары мен рәсімдері резервуарлардың екі түрі үшін де қолданылады. Сондықтан «*үшфазалық ажыратқыш*» барлық осы бөлім бойында резервуарлардың екі түрі үшін пайдаланылатын болады.

Үшфазалық ажыратқыштар 6-бөлімде сипатталған осыған ұқсас екіфазалық ажыратқаштарға жоғары қысымды көлденең немесе тік резервуарлар болуы мүмкін. Соған қарамастан, үшфазалы ажыратқыштар бақылаудың қосымша құрылғыларына және қосымша ішкі құрамдас бөліктерге ие болады.

7.2 Үшфазалы көлденең ажыратқыштар

Үшфазалық ажыратқыштар үшфазалық ажыратшыштың сұйықтықты жинауға арналған секциясының бір емес, екі араласпайтын сұйықтықты (мұнай мен суды) өңдейтіндігімен екіфазалық ажыратқыштардан ерекшеленеді. Бұл секция, соған сәйкес, әр сұйықтық деңгейін реттеуге арналған заттарды қамтамасыз ету үшін және әр сұйықтық үшін жеке шығуды қамтамасыз ету үшін екі сұйықтықты бөлуге арналған.

7.1 және 7.2 суреттерінде көлденең үшфазалық ажыратқыштардың екі жалпы түрінің схемасы көрсетілді. Осы екі түр арасындағы айырмашылық, негізінен, мұнай мен су фазаларының деңгейлерін реттеу тәсілінде. 7.1-суреттегі ажыратқыш үшін бұл реттеу фазалар мен су төгінділері бөлімінің деңгейін реттеуді қамтамасыз етеді. Екінші түрдегі құрылым (7.2-сурет), әдетте, кішкене бак пен су төгіндісі ретінде танымал фазалар бөлімі деңгейін реттегіштегі қажеттілікті жояды.



Inlet – Кіру
Inlet diverter – Кіретін ағындарды қабылдаушы
Pressure control valve – Қысымды реттеу қақпақшасы
Gas out – Газдың шығуы
Gravity settling section – Гравитациялық шөгу секциясы
Oil and emulsion – Мұнай және эмульсия
Water – Су
Water out – Судың шығуы
Oil out – Мұнайдың шығуы
Level control valves – Деңгейді реттеу қақпақшасы

7.1-сурет

Үшфазалық көлденең ажыратқыш (фазалар мен су төгіндісі бөлімі деңгейінің реттеушісімен)



Inlet – Кіру
Inlet diverter – Кіретін ағындарды қабылдаушы
Mist extractor – Ылғал бөлгіш
Pressure control valve – Қысымды реттеу қақпақшасы
Gas out – Газдың шығуы
Water weir – Су құю табалдырығы
Gravity settling section – Гравитациялық шөгу секциясы
Oil and emulsion – Мұнай және эмульсия
Water – Су
Water out – Судың шығуы
Oil out – Мұнайдың шығуы

Oil bucket – Мұнай бөшкесі
Level control valves – Деңгейді реттеу қақпақшасы

7.2-сурет
Үшфазалы көлденең ажыратқыш (бөшке мен су төгінділері құрылымы).

Ажыратқыш жұмысы жалпы екіфазалы ажыратқыш жұмысына ұқсас. Не болмаса өндіру ұңғымаларынан тікелей, не болмаса еркін судың конденсаты ұстағышының ыдысынан түсетін флюидтің алынған ағымы ажыратқышқа түседі, импульстың өзгеруі және флюид тығыздығының айырмашылығы есебінен газ бен сұйықтықтың бастапқы салмағын бөлу орын алатын кіру ағымдарын қабылдамаушыға тап болады. Газ тіпті анықталған минималды мөлшерге дейінгі (әдетте 100 мкм) сұйықтықтың ұшып кеткен тамшылары ықпалдастықтық секциясы арқылы (ажыратқыштың жоғарғы бөлігі) көлденеңнен өтеді, ауырлық күшінің әсерімен бөлінеді. Сосын газ сұйықтықтың ұшқан тамшыларының азы ылғал бөлгіш арқылы өтеді және ажыратқыштың жұмыс қысымын бақылайтын және оның тұрақты деңгейде ұстап тұратын қысымды реттеу қақпақшасы арқылы ажыратқыштан шығады. Кіру ағымдарының қабылдамаушысына бөлінетін сұйықтықтың көп бөлігі, әдетте, ағымы мұнай-су бөлігінен төмен бағытталатын құю стақаны арқылы төмен ағады. Сулы шайынды деп аталатын су қабаты арқылы сұйықтық ағымы үздіксіз мұнай фазасында тұтасып өсуге және су тамшыларына бөлінуге көмектеседі. Сұйықтықты жинау секциясы мұнайды және судан эмульсияны бөлу үшін жеткілікті уақытты қамтамасыз ету үшін жеткілікті көлемге ие болуы қажет. Су беткейінде қалыптасқан мұнай мен эмульсия қабаты мұнайлы жастық деп аталады. Төгу мұнайлы жастық деңгейімен басқарады, ал фазалар бөлімі деңгейін реттеу су деңгейімен басқарады және судың шығару қақпақшасын әрекетке келтіреді. Мұнай мен эмульсия су төгіндісі арқылы ағады және олардың деңгейі мұнайдың шығару қақпақшасын әрекетке келтіретін деңгейді бақылау құрылғысымен реттелетін жеке бөлікте жиналады.

Ажыратқыш ішінде газбен және сұйықтықпен толған салыстырмалы көлемдер жүргізілген газ бен сұйықтықтың салыстырмалы көлемдеріне тәуелді болады. Алайда, әр екі фазаның әрқайсысы ажыратқыш көлемінің 50% алатынына болжам жасайтын қарапайым тәжірибе бар. Рас, бір фазаның жасалған көлемі басқа фазадан біршама аз немесе айтарлықтай көп болатын сол жағдайларда ажыратқыш көлемі фазалар арасында талапқа сай түрде бөлінген болуы тиіс. Мәселен, егер газ-сұйықтық ара қатынасы салыстырмалы түрде төмен болса, біз ажыратқышты сұйықтық ажыратқыш көлемінің - 75%, ал газ қалған 25%

алатындай етіп құрастыра аламыз.

Көлденең ажыратқыштың басқа түрінің жұмысы (7.2-сурет) сұйықтықтар деңгейлерін реттеу тәсілінде ғана ерекшеленеді. Мұнай мен эмульсия мұнай құйылысы бойынша мұнайдың шығу қақпақшасын әрекетке келтіретін деңгейдің қарапайым реттегіші көмегімен оның деңгейін бақылайтын мұнай бөшкесіне құйылады. Су мұнай бөшкесінің астындағы кеңістік арқылы, ал сосын оның деңгейі судың шығару қақпақшасын әрекетке келтіретін деңгейдің реттеушісімен бақыланатын су жинау секциясындағы су төгіндісі арқылы ағады. Ажыратқыштағы сұйықтық деңгейі, әдетте, орталықта мұнайдың жоғары ағуын бақылайды. Мұнайлы жастық қалыңдығы мұнайды ұстап тұрудың жеткілікті уақытын қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы қажет. Ажыратқыштың төменгі бөлігінде қысымның қарапайым теңгерімі су беткейі және су мен мұнай беткейі арасында келесідегіше мұнай жастығының қалыңдығын шамамен анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін:

$$H_o = \frac{H_{ош} - H_{шш}}{1 - \left(\rho_o / \rho_w\right)} \qquad (7.1)$$

бұл жерде *Ho* - майлы жастық қалыңдығы, *How* - мұнай ағызу биіктігі, *Hww* - суды ағызу биіктігі, ал ρ*o* мен ρ*w* - мұнай мен судың тығыздығына сәйкес.

7.1 теңдеуі майлы жастық қалыңдығының тек шамалас мәнін ғана береді. Егер 7.1 теңдеуіндегі мұнай тығыздығы мұнай мен мұнай жастығындағы эмульсия қабаттарының қалыңдығына тәуелді болатын мұнай тығыздығы мен эмульсия тығыздығының орташа мәнін ауыстырса, анағұрлым дәл мән алынуы мүмкін. Су ағызу биіктігі мұнайлы жастықтың өсуі мен су ағызудың астында мұнаймен бөшкеден төмен ағуы және сумен төгілуі үшін мүмкіншілігінің төмендеуін болдырмас үшін тым аз болмауы керек. Мұнай бөшкесінің оның терең болуы қаншалықты мүмкін болса, соншалықты болғаны және мұнайды ағызуға, не болмаса суды ағызуға, не болмаса екеуін де, оның үстіне ағым жылдамдығының және/немесе сұйықтық қасиеттерінің кез келген күтпеген өзгерулеріне бейімделу үшін реттелетін болғаны жөн. Мұндай мәселелер фазалар бөлімі деңгейін реттеу жеңіл реттелетіндіктен, 7.1-суреттің фазалар бөлімі мен ағызу құрылымы деңгейін реттеумен жеңіл реттестіріледі. Кей жағдайларда су мен мұнай немесе су мен эмульсия тығыздығындағы айырмашылық үлкен болмағанда (мәселен, үлестік салмағы төмен мұнаймен жасалған операцияларда), фазалар бөлімі деңгейінің реттеушісі жұмысы сенімсіз болады және бөшкенің қолайлырақ құрылымы болады (7.2-сурет).

7.3 Үшфазалы тік ажыратқыштар

6-бөлімде айтылғандай, көлденең ажыратқыштар, әдетт,е ажырату фазасына мүмкіндік беретін ағым геометриясынан тік ыңғайлырақ. Соған қарамастан, кейбір жағдайларда инженер оның соңғы басымдығына қарамастан, көлденеңнің орнына тік ажыратқышты таңдауға мәжбүр болуы мүмкін. Мұндай қолданулардың мысалын пайдалу платформасындағы кеңістіктік шектеулер тік ажыратқышты пайдалануды талап етуі мүмкін қайраңдық операцияларда табуға болады.

7.3-суретінде типтік үшфазалы тік ажыратқыш схемасы көрсетілген. Флюидтің өндіру ағымы беткейден ажыратқышқа түседі және сұйықтықтан газды ажыратудың негізгі бөлігі орын алатын кіру ағындарының қабылдамаушысына түседі. Газдан белгілі минималды мөлшерге дейін (әдетте 100 мкм) сұйық тамшыларды бөлуді қамтамасыз ету үшін құрамдастырылған ықпалдастық тұнбалану секциясы арқылы газ ағады. Сосын газ сұйықтықтың ұсақ тамшылары жойылатын ылғал бөлгіш арқылы өтеді. Газ ажыратқыштың қысымын бақылайтын және оны тұрақты деңгейде ұстап тұратын қысымды реттеу қақпақшасы арқылы жоғарғы бөлігіндегі ажыратқыштан шығады.

Сұйықтық құю стақаны мен мұнай-су бөлімі шекарасында орналасқан ағым кеңейткіші арқылы төмен ағады. Сұйықтықтың кеңейткіштен қалай шығатыны жағынан мұнай мұнайлы жастыққа көтеріледі, мұнайға тартылған су тамшылары ажыратқыштың төменгі бөлігінде су жиналу секциясында жиналу үшін көтеріліп жатқан мұнай базасына қарсы бағытта шөгеді және ағады. Мұнай ағу орны арқылы мұнай камерасына және ажыратқыштан мұнайдың шығару қақпақшасы арқылы ағады.



Inlet – Кіру
Inlet diverter – Кіретін ағындарды қабылдаушы
Mist extractor – Ылғал бөлгіш
Gas out – Газдың шығуы
Water – Су
Water out – Судың шығуы
Oil out – Мұнайдың шығуы
Level control valves – Деңгейді реттеу қақпақшасы
Down corner – Төменгі бұрыш
Spreader – кеңейткіш
Chimney – моржа

7.3-сурет
Үшфазалы тік ажыратқыш схемасы

Деңгейді реттеуші камерадағы деңгейді бақылайды және мұнайдың шығу қақпақшасын әрекетке келтіреді. Осыған ұқсас жағдай бойынша сумен тартылған мұнай тамшылары мұнай жастығындағы су ағымына қатысты қарсы бағытта көтерілген кезде кеңейткіштен су жинау секциясына төмен ағады. Судың шыққан қақпақшасын әрекетке келтіретін фазалар бөлімінің деңгейін реттеуші су деңгейін реттейді. 7.3-суретте көрсетілген схемада мұнайдан босатылған газға бөлінген газдың қалған бөлігіне көтерілу мен қосылуға және сонымен ажыратқыштың сұйықтық секциясында артық қысымға жол бермеуге мүмкіндік беру үшін суретте көрсетілгендей, газбұрғыш қамтамасыз етілуі тиіс. Осы

құрылымда мұнай ағызу мен камераны қолдану мұнай ажыратқыштан шығар алданда ағызудың толық биіктігіне дейін көтерілу қажет болғандықтан мұнайдан суды жақсылап бөлуді қамтамасыз етеді. Мұнай камерасы, соған қарамастан, кейбір мәселелерді ұсынады. Біріншіден, ол кеңістікті алады және мұнай мен суды ұстау уақыты үшін қажетті ажыратқыштың көлемін азайтады. Ол тазалау мәселелерін жасайтын және резервуардан мұнай ағымына кедергі болуы мүмкін бөліністер мен жыныстарды жинауға арналған орынды да қамтамасыз етеді. Бұдан басқа бұл ажыратқыш құнын көтереді.

Сұйықтық-сұйықтық фазаларының бөлімі деңгейінің реттеушілері екі сұйықтықтың тығыздықтары арасындағы айтарлықтай айырмашылығы болып тұрғанда тиісті жұмыс істейтін болады. Үшфазалық ажыратқышты көпшілік қолданғанда су- сулы-мұнайлы эмульсия және су-эмульсия түріндегі бөлім су-мұнай бөлімінің орнына ажыратқышта қатысатын болады. Эмульсия тығыздығы мұнайға қарағанда жоғары және су тығыздығына тым жақын болуы мүмкін. Сондықтан су-эмульсия бөлімінің шекарасындағы тығыздықтың аз айырмашылығы фазалар бөлімінің деңгейіндегі реттеуші жұмысына кері әсер ететін болады. Ажыратқышта эмульсияның болуы кері жағдайда мұнай мен судың қолжетімді болуы мүмкін болатын кеңістікті алады. Бұл мұнай мен суды ұстап тұру уақытын азайтады осылайша, мұнай мен судың азырақ тиімді бөлінуіне алып келеді. Эмульсияның қатысуы мәселелі болатын көпшілік операциялардағы флюид ағымына сұйық фазамен араласуға арналған эмульсияландырмайтын агенттер ретінде белгілі химиялық заттектер енгізіледі. Осы химиялық заттектер одан әрі 8-бөлімде сипатталғандай, эмульсияның бұзылуына көмектеседі. Осы мақсаттар үшін де пайдаланылатын басқа әдіс ажыратқыштағы сұйықтыққа жылу қосу болып табылады. Алайда, екі жағдайда да операциялардың экономикасы техникалық шектеулермен байланысты бағалануы қажет.

7.4 Ажырату теориясы

6-бөлімдегі екіфазалы ажыратқыштар үшін жасалған бөлу және есептік теңдеу негізгі түсініктері, жалпы, үшфазалы ажыратқыштар үшін әділ. Ішінара максималды газ өнімділіктерін анықтайтын газ фазасынан сұйықтық тамшысын бөлу үшін жасалған теңдеулер үшфазалы ажыратқыштар үшін дәл сондай.

Үшфазалы ажыратқыштардағы сұйық фазаны жасау, соған қарамастан, екіфазалы ажыратқыштарды өңдеуден ерекшеленеді. Екіфазалы ажыратқыштардың сұйықтығы бойынша өнімділігін анықтау үшін қолданылған бір ғана критерий ұстап тұрудың максималды уақыты

болып табылады. Үшфазалы ажыратқыштар үшін, алайда, ұстап тұрудың максималды уақытына қосымша судан мұнай тамшырын және мұнайдан су тамшыларын тұндыру мен бөлу қарастырылуы қажет. Бұдан басқа, тағы да түрліше болуы мүмкін судың да, мұнайдың да ұстау уақыты қарастырылуы тиіс.

Судан мұнай тамшыларын және мұнайдан су тамшыларын ажыратуда тамшылар мен қоршаған дисперсиялық фаза арасында салыстырмалы қозғалыс болады. Мұнай тамшысы, тығыздығы жағынан суға қарағанда азырақ болып, ықпалдастық немесе итеріп шығаратын күштің әсерімен, *Fg*, жоғарыға тігінен орналасу тенденциясына ие болады. Бір жағынан, үздіксіз фаза (су) кедергі күшін, *Fd*, қарсы бағыттағы мұнай тамшысына көрсетеді. Май тамшысы тарту күшіне, *Fd*, сұйықтықтың үйкеліс кедергісі жақындаған және теңескен *Fg* сәтке дейін жылдамдайтын болады; осыдан кейін, май тамшысы *тұнбалану жылдамдығы* немесе *тұнбаланудың ақырғы жылдамдығы* ретінде белгілі тұрақты жылдамдықпен көтерілуді жалғастырады. Дәл осылай, мұнайға қарағанда анағұрлым жоғары тығыздыққа ие бола отырып, су тамшысы ықпалдастық немесе итеріп шығаратын күштің әсерімен, *Fg*, төменге тігінен орналасу тенденциясына ие болады. Бір жағынан, үздіксіз фаза (мұнай) кедергі күшін, *Fd*, қарсы бағыттағы су тамшысына көрсетеді. Су тамшысы тарту күшіне, *Fd*, сұйықтықтың үйкеліс кедергісі жақындаған және теңескен *Fg* сәтке дейін жылдамдайтын болады; осыдан кейін су тамшысы *тұнбалану жылдамдығы* немесе *тұнбаланудың ақырғы жылдамдығы* ретінде белгілі тұрақты жылдамдықпен көтерілуді жалғастырады. Судағы мұнай тамшыларының көтеріліп келе жатқан тұнбалануын және мұнайдағы су тамшыларының бәсеңдейтін тұнбалануын Стокс заңына бағынады және тұнбаланудың ақырғы жылдамдығы келесіше алынуы мүмкін. Кедергі күші, *Fd*, тамшы беткейінің ауданына пропорционал және ағын бағыты мен оның кинетикалық энергиясының көлем бірлігіне перпендикуляр болады. Соған сәйкес,

$$F_d = C_d \frac{\pi}{4} d^2 \frac{\rho_c u^2}{2g} \tag{7.2}$$

бұл жерде *Fg* анықталады

$$F_g = \frac{\pi}{6} d^3 (\Delta\rho) \tag{7.3}$$

бұл жерде *d* - тамшы диаметрі (футтар), *u* - тамшының тұнбалану жылдамдығы (фут/с), ρ*c* - үздіксіз фаза тығыздығы (фунт/фут3), *g* - ықпалдандырулық үдеуі (фут/с), ал *Cd* - кедергі коэффициенті. Рейнольдстың

төмен саны, Re, ағыны, кедергі коэффициенті үшін қойылды.

$$C_d = \frac{24}{\mathrm{Re}} = \frac{24\mu' g}{\rho d u} \tag{7.4}$$

бұл жерде μ′ - үздіксіз фаза тұтқырлығы (фунт-с/фут2). 7.4 теңдеуінен 7.2 теңдеуіне *Cd* қою береді

$$F_d = 3\pi\mu' d u \tag{7.5}$$

Тұнбаланудың ақырғы жылдамдығы, *u*, *Fd* = *Fg* болғанда жетеді. Соған сәйкес, 7.3 пен 7.5 теңдеуі теңесе отырып, *u* үшін тамшының тұнбалану жылдамдығын шеше отырып, біз аламыз

$$u = \frac{(\Delta\rho) d^2}{18\mu'}$$

Тамшы диаметрі мен тұтқырлықты анықтау үшін қолданылған типтік қондырғылармен, соған сәйкес, микрометрлер мен сантипуаз болып табылады. μ - сП тұтқырлық және *dm* мкм тамшы диаметріне болжай отырып, төмендегі түрдегі алдыңғы теңдеуді аламыз

$$u = \frac{(\Delta\rho)(3.281\times10^{-6} d_m)^2}{18(2.088\times10^{-5}\mu)}$$

$$u = 2.864\times10^{-8}\,\frac{(\Delta\rho) d_m^2}{\mu}\,\frac{\mathrm{ft}}{\mathrm{s}} \tag{7.6}$$

немесе

$$u = 1.787\times10^{-6}\,\frac{(\Delta\gamma) d_m^2}{\mu}\,\frac{\mathrm{ft}}{\mathrm{s}} \tag{7.7}$$

бұл жерде $\Delta\gamma = \gamma w - \gamma o$. γo and γw мұнай мен судың үлестік салмақтары болып табылады, соған сәйкес, *u* - тамшы тұнбалануының ақырғы жылдамдығы (фут/с), *dm* - тамшы диаметрі (мкм), ал μ өзімен үздіксіз фаза тұтқырлығын (сП) білдіреді.

7.6 теңдеуі (немесе 7.7 теңдеуі) тамшылардың тұнбалану жылдамдығының үздіксіз фазаның тұтқырлығы кері пропорционал екендігін көрсетеді. Мұнай тұтқырлығы су тұтқырлығына қарағанда бірнеше есе жоғары. Осылайша, мұнайдағы су тамшыларының тұнбалану жылдамдығы судағы мұнай тамшыларының тұнбалану жылдамдығына қарағанда әлдеқайда аз. Бір үздіксіз фазадан шөгу және екі фаза аралығындағы бөлім шекарасына жету үшін тамшыға қажетті уақыт өткен тамшының тұнбалану жылдамдығы мен ара қашықтығына қатысты. Мұнайлы жастық қалыңдығы су қабатының қалыңдығына қарағанда, су тамшылары

көбірек болған операция барысында су тамшылары, мұнай тамшылары өткен жолға қарағанда, су-мұнай бөлімінің шекарасына жету үшін үлкен ара қашықтыққа орналасу жасайды.

Су тамшыларының тұнбалануының анағұрлым баяу жылдамдығымен тіркескенде бұл судан мұнайды бөлу үшін қажетті уақытқа қарағанда мұнайдан суды бөлуге қажетті уақытты жасайды. Су қабатының мұнай жастығына қарағанда қалыңдау болатынына алып келетін су-мұнай аса жоғары қатынасы операцияларының өзінде су қабатының қалыңдығы мұнайлы жастық қабатының қалыңдығына қатысты тұтқырлық әсерінің орнына келтіруі болмайды. Осылайша, үздіксіз мұнайлы фазадан су тамшыларын бөлу әрқашан үшфазалы ажыратқыштар үшін жобалық критерий ретінде қабылданатын болады.

Ажыратқыштың шығар жерінде мұнай мен судың белгілі сапасына жету үшін мұнайдан жойылуға тиіс болатын су тамшыларының минималды мөлшері және судан жойылуға тиіс болатын мұнай тамшыларының минималды мөлшері пайдалану шарттары мен сұйықтық қасиеттерінен айтарлықтай дәрежеде тәуелді болады. Үлгілендірілген далалық жағдайларда жүргізілген зертханалық сынақтар барысында алынған нәтижелер жобалау үшін ең жақсы деректермен қамтамасыз етеді. Деректердің келесі жақсы көздері жақын орналасқан кен орындарынан алынған деректер болуы мүмкін. Егер ондай деректер болмаса, мұнайдан жойылған су тамшысының минималды мөлшері 500 мкм тең болып алынады. Осы белгілерге сай жасалған ажыратқыштар құрамында 5%-ден 10%-ға дейін су болатын мұнай мен эмульсия шығарады. Мұндай өндірістік мұнай мен эмульсия мұнайды сусыздандыру құрылғысында жеңіл өңделуі мүмкін. Бұдан басқа, тәжірибе су тамшысының 500 мкм жою негізінде құрастырылған үшфазалы ажыратқыштардың өлшенген жағдайда 2000 мг/л азырақ болатын құрамында мұнайы бар суды шығарады. Бұл шығарылған су 15-бөлімде сипатталатындай, оны пайдаға асыру алдында өңделген болуы қажет.

Ажыратқышты құрылымдаудың басқа маңызды аспектісі ажыратқыштағы сұйықтық талап ететін көлемін анықтайтын ұстау уақыты болып табылады. Мұнай базасы еріген газдың тепетеңдігі мен босатылуы мұнайға жету үшін жеткілікті уақыт кезеңі бойында ажыратқышта ұсталуы тиіс. Ұстау уақыты тиімді тұнбалану мен бөлуге мүмкіншілік беруі үшін мұнайда өлшенген су тамшысының айтарлықтай коагуляциялануы үшін де жеткілікті болуы тиіс. Осылайша, сулы фаза мұнайдың өлшенетін тамшыларының коализациялануы үшін жеткілікті уақыт кезеңі бойындағы ажыратқышта ұсталуы тиіс. Мұнай мен су үшін ұстау уақыты бәрінен бұрын зертханалық сынақтар негізін-

де анықталады; ол, әдетте, пайдалану мен сұйықтықты қасиеттерінің шарттарына қатысты 3-тен 30 минутта анықталады. Егер осындай зертханалық деректер қолжетімді болмаса, әдетте, мұнай үшін де, су үшін де ұстау уақытын пайдаланады.

7.5 Ажыратқыштардың мөлшерін анықтаудың формулалары мен ережелері

Бұл тарауда үшфазалық ажыратқыштардың көлденең және тік мөлшерлерін анықтау үшін қолданылатын теңдеулер мен ережелер шығарылды және ұсынылды.

Бұл теңдеулерді, әдетте, ажыратқыштар мөлшерін алдын-ала анықтау үшін қолданылатындығын түсінген жөн. Дизайнның басқа маңызды аспектілерін елемеуге болмайды. Кен орнының қызмет көрсету мерзімі бойында өндірістік жылдамдық, газ-сұйықтық ара қатынасы, су-мұнай ара қатынасы, сұйықтық, қысым мен температура сияқтыларды пайдалану шарттарында өзгеруі жобаға қосылуы қажет. Жаңа кен орнын зерттемелеу кезінде қолда бар деректер мен ақпараттарда болатын белгісіздіктің кейбір деңгейі әрқашан бар. Бұл құрылғы құрамының ажырамас бөлігі болуы тиіс. Бұдан басқа, кеңістік құны қол жетімділігі мен шектеулілігі дизайн мен жабдық таңдауға әсер етуі мүмкін.

Ауытқушылық рәсімі, әдетте, мұнайдан суды және судан мұнайды бөлуін есепке алмағанда екіфазалы ажыратқыштардың ауытқуына ұқсас үшфазалық ажыратқыштарға арналған қосымша шектеулер болып табылады.

7.5.1 Көлденең ажыратқыштардың мөлшерлерін анықтауға арналған формулалар

Максималды газөнімділігі мен сұйықтықты ұстаудың максималды уақытын қарастырудың екіфазалық ажыратқыштар жағдайында сияқты екі деңгейге алып келеді; әрқайсысы ыдыс диаметрінің оның ұзындығына қатынасын береді. Екі теңдеуді талдау құрылымын реттейтін және диаметрлер мен ұзындықтардың ықтимал комбинациясын анықтау үшін қолданылуы қажет теңдеуді анықтайды. Үшфазалық көлденең ажыратқыштар үшін мұнайдағы су тамшыларының тұнбалануын қарау ажыратқыштың максималды диаметрін анықтайтын үшінші теңдеуге алып келеді. Осылайша, диаметрлері таңдалған резервуардың диаметрі - ұзындығы комбинациясын анықтау барысында есептелген максималды диаметрге қарағанда, тең немесе аз болуы қажет.

7.5.1.1 Су тамшыларының максималды тұнбалануы

Екіфазалық ажыратқыштармен салыстырғанда, үшфазалық көлденең ажыратқыштар құрылымындағы қосымша шектеу мұнайдың су тамшылары белгілі максималды мөлшердің шөгуі үшін жеткілікті болуы тиіс сол мұнайды ұстау уақыты болып табылады. Беріктік қорын иелену үшін бөлінетін су тамшысын мұнай жастығының жоғары жағында орналасқан деп есептейміз. Сондықтан ондай тамшылар су-мұнай бөлімінің шекарасына жетпес бұрын мұнай жастығының аралығын, тең қалыңдығын өтуі қажет. Бұл шектеулік мұнайды ұстау уақытына мұнай жастығының қалыңдығы арқылы өту үшін су тамшылары үшін қажетті уақытты теңестіру жолымен пайдалы ара қатынаста таратылуы мүмкін.

Мұнай жастығының қалыңдығы, *t*wd min, арқылы өту үшін су тамшыларына қажетті уақыт, 7.7 теңдеуде анықталған мұнай жастығының қалыңдығын, *Ho* (дюйм), судың тұнбалану жылдамдығына бөлу жолымен алынады; соған сәйкес,

$$t_{\text{wd}} = \left(\frac{1}{60}\right)\frac{(H_o/12)}{1.787\times10^{-6}(\Delta\gamma)d_m^2/\mu_o}\ \text{min} \qquad (7.8)$$

7.8 теңдеуін мұнайды ұстау уақытына, *to*, теңестіре отырып және шеше отырып, төмендегіше көрсетілген май жастығының максималды рұқсат етілген қалыңдығын, *Ho*,max, аламыз:

$$H_{o,\max} = \frac{1.28\times10^{-3}t_o(\Delta\gamma)d_m^2}{\mu_o}\ \text{in} \qquad (7.9)$$

Жойылуы қажет болатын су тамшысының минималды диаметрі, *dm*, 6.1 бөлімінде сипатталғандай, зертханалық сынақтардың нәтижелері бойынша анықталады. Егер мұндай деректер болмаса, *dm* 500 мкм мәні меншіктелуі мүмкін.

Мұнай мен су ағымының жылдамдығы, ұстау уақыты мен ыдыс диаметрі мұнай жастығының биіктігімен басқарады. Жартылай сұйықтық толған ажыратқышты қарастыра отырып, келесідей геометриялық қатынастырды алу оңай:

$$\frac{A}{A_w} = \left(\frac{1}{\pi}\right)\left[\cos^{-1}\left(\frac{2H_o}{D}\right) - \left(\frac{2H_o}{D}\right)\left(1-\frac{4H_o^2}{D^2}\right)^{-0.5}\right] \qquad (7.10)$$

бұл жерде *Aw* және *A* - сумен айналысатын ажыратқыштың көлденең қиысу ауданы және ажыратқыштың көлденең қиысуының жалпы ауданы, соған сәйкес, ал *D* - ыдыс диаметрі. Мұнай мен су ағымының және ұстап тұру уақытының берілген жылдамдықтары барысындағы *Aw*/*A* қатынасы келесідей анықталуы мүмкін. Жартылай сұйықтықпен толған

ажыратқыш үшін ажыратқыштың көлденең қиысуының жалпы ауданы, *A*, су алып жатқан алаңға, *Aw* және мұнай алып жатқан алаңға, *Ao*, тең болатын сұйықтық алып жатқан екі еселенген алаңға тең; соған сәйкес, $A = 2(Ao + Aw)$.

Осы жерде былай еткен жөн

$$\frac{A_ш}{A} = 0.5\frac{A_ш}{A_o + A_ш}$$

Әр фазаның алып жатқан көлемі көлденең қиысу алаңы мен тиімді ұзындықты жасау болып табылатындықтан, көлденең қиысу алаңы тікелей көлемге пропорционал болады. Бұдан басқа, кез келген фазаны алып жатқан көлем де ағым жылдамдығын жасау мен ұстап тұру уақытын жасау ретінде анықталады. Сондықтан,

$$\frac{A_ш}{A} = 0.5\frac{Q_ш t_ш}{Q_o t_o + Q_ш t_ш} \qquad (7.11)$$

Соған сәйкес, *Aw*/*A* қатынасы ғана 7.11 теңдеуінен анықталады, 7.10 теңдеуі *Ho*/*D* қатынасын анықтау үшін шешілуі мүмкін. Сосын ол 7.12 теңдеуіне сай мұнайлы жастықтың максималды биіктігімен байланысты ыдыстың максималды диаметрін анықтау үшін *Ho,*max мәнімен қолданылады:



7.4-сурет
Aw/A функциясы ретіндегі Ho/D.

$$D_{\max} = \frac{H_{o,\max}}{H_o/D} \qquad (7.12)$$

Бұл, осылайша, ажыратқыш диаметрі үшін жоғарғы шектеуді белгілейді. 7.9 теңдеуінен *Ho*/*D* мәнін алу үшін 7.10 теңдеуін графикалық шешуді пайдалану ыңғайлы (7.4-суреттер берілді).

7.10 және 7.11 теңдеуіне ұқсас теңдеу сұйықтық ажыратқыш көлемінің жартысынан көбірек немесе азырақ алуы мүмкін басқа жағдайлар үшін алынуы да мүмкін.

7.5.1.2 Максималды газ өнімділігі

3-бөлімдегі екіфазалық көлденең ажыратқыштар үшін шығарылған максималды газ өнімділігінің теңдеуі үшфазалы көлденең ажыратқыштар үшін де әділ. Теңдеу ажыратқыш диаметрі мен тиімді ұзындық арасындағы қатынасты келесідей қамтамасыз етеді:

$$D = 422\left(\frac{Q_g TZ}{P}\right)\left[\left(\frac{\rho_g}{\rho_o - \rho_g}\right)\left(\frac{C_d}{d_m}\right)\right]^{1/2} \qquad (7.13)$$

бұл жерде *D* - ажыратқыштың ішкі диаметрі (дюйм), *L* - ажыратқыштың тиімді ұзындығы (футтар), *T* - жұмыс температурасы (°R), *Z* - жұмыстық қысым мен температурасы барысындағы газдың сығылымдылығы, *P* - жұмыс қысымы, ρ*g* - газ тығыздығы (фунт/фут3), ρ*o* - мұнай тығыздығы (фунт/фут3), *Cd* - кедергі коэффициенті, және *dm* - газдан ажыратылуы тиіс болатын мұнай тамшыларының минималды мөлшері (мкм).

3-бөлімде айтылғандай, әдетте *dm* 100 мкм ретінде қабылданады, ал *Cd* сонда сипатталған итерационды рәсіммен анықталады.

Жоғарыда аталған су тамшыларының максималды тұнбалануынан анықталған максималды диаметрге қарағанда төмен диаметрді пайдалана отырып, максималды газ өнімділігін қанағаттандыратын диаметр мен ұзындықтың ықтимал комбинациясын анықтау үшін 7.13 теңдеуін қолданамыз.

7.5.1.3 Ұстап тұрудың максималды уақыты

Ажыратқыш мөлшері мұнай мен су үшін әр фаза ұстап тұрудың қалаған уақыты бойында ажыратқыштың ішінде ұсталатындай етіп кеңістіктің жеткіліктілігін қамтамасыз етуі тиіс. Сұйықтық екіфазалы ажыратқыштар үшін пайдаланылған ажыратқыш көлемінің жартысын алатындығы жайлы жорамал осында да қолданылады. Алайда, бұл жағдайда мұнай да, су да осы көлемді алады. Осылайша, диаметрі, *D* (дюйм) және тиімді ұзындығы, *L* (футтар), бар ажыратқыштағы сұйық фазаны алатын көлем (мұнай да, су да), *Vl* беріледі

$$V_l = 0.5\left(\frac{\pi}{4}\right)\left(\frac{D}{12}\right)^2 L \text{ ft}^3$$

1 баррель (барр.) = 5,61 фут3 болғандықтан ,

$$V_l = 4.859 \times 10^{-4} D^2 L \text{ bbl} \tag{7.14}$$

Мұнай алып тұрған ажыратқыш көлемі, *Vo*, мұнай ағымының жылдамдығын, *Qo* және мұнайды ұстап тұру уақытын, *to* шығару болып табылады. Егер *Qo* күніне - баррельде (БВД), ал *to* минутте өлшенетін болса, онда

$$V_o = \frac{t_o Q_o}{24 \times 60} \text{bbl} \tag{7.15}$$

Ұқсас жағдайда, су алып тұрған, *Vw*, ажыратқыш көлемі су ағымының жылдамдығын, *Qw* және суды ұстап тұру уақытын, *tw* жасау болып табылады:

$$V_w = \frac{t_w Q_w}{24 \times 60} \text{bbl} \tag{7.16}$$

$V_l = V_o + V_w$ болғандықтан,

$$4.859 \times 10^{-4} D^2 L = \frac{Q_o t_o + Q_w t_w}{24 \times 60}$$

Сондықтан,

$$D^2 L = 1.429(Q_o t_o + Q_w t_w) \text{ in}^2 \text{ ft} \tag{7.17}$$

Тағы да су тамшыларының максималды тұнбалануынан белгілі, максималды диаметрге қарағанда азырақ диаметрді қолдана отырып, ұстап тұрудың максималды уақытын қанағаттандыратын диаметр мен ұзындықтың ықтимал комбинациясын анықтау үшін 7.12 теңдеуін қолданамыз.

Үшфазалы көлденең ажыратқыштың диаметрі мен ұзындығын анықтау тәртібін келесідей қадамдарда былайша түйіндеу:

1. 7.11 формуладан Aw/A мәнін анықтау.

2. Aw/*A* есептік мәні үшін *Ho*/*D* мәнін анықтауға 7.4-суретін қолданыңыз.

3. dm., 500 мкм тең 7.9 теңдеуінен мұнайлы жастықтың *Ho*,max максималды қалыңдығын анықтаңыз.

4. 7.12 теңдеуінен *D*max анықтаңыз.

*5. D*max қарағанда азырақ диаметрге *dm* үшін 100 мкм қойып, 7.13 теңдеуден максималды газ өнімділігін қамтамасыз ететін *D* және *L* комбинацияларын анықтаңыз.

*6. D*max азырақ диаметрлері үшін 7.17 теңдеуінен ұстап тұрудың

максималды уақытын қанағаттандыратын D және L комбинацияларын анықтаймыз.

7. 5 және 6 қадамдарын орындау кезінде алынған нәтижелерді салыстырыңыз және газ өнімділігін немесе ажыратқыш құрылымын ұстап тұру уақытын анықтайды ма, біліңіз.

8. Егер газ өнімділігі құрылымды анықтаса, ажыратқыштың жапсарынан жапсарына дейінгі ұзындықты, *Ls*, анықтаңыз, бұдан

$$L_s = L + \frac{D}{12} \tag{7.18}$$

Егер сұйықтықты ұстап тұру уақыты (сұйықтық жөніндегі өнімділік) құрылымды анықтайды, мынадан *Ls* анықтаңыз

$$L_s = 4\frac{L}{3} \tag{7.19}$$

3-5 диапазонындағы көлденең қиысудың тереңдігі мен ауданына сай дәйектелген диаметр мен ұзындық ұсынылады. Кесімді таңдау жасау үшін құн және қолжетімділік ретінде сондай түсініктің маңызды мәніне ие болады. Кей жағдайларда көлденең қиысудың тереңдігі мен ауданының ара қатынасы 3-5диапазонынан ерекшеленуі мүмкін екенін атап өткен жөн. Мұндай жағдайларда, әсіресе, көлденең қиысудың тереңдігі мен ауданы 5-ке қарағанда көбірек, газ-сұйықтық бөлімін тұрақтандыру үшін толқын тосқындары ретінде көрінетін ішкі қалқа шымылдықтар орнатылуы тиіс.

7.1 мысал

Пайдаланудың келесі жағдайлары үшін үшфазалы көлденең ажыратқышының жапсардан жапсарға дейінгі диаметрі мен ұзындығын анықтаңыз:

Мұнай өндіру жылдамдығы:	8000 барр./тәулік
Су өндіру жылдамдығы:	3000 барр./ тәулік
Газ факторы:	1000 қалыпты куб.фут/барр.
Мұнар тұтқырлығы:	20 сП
Мұнайдың үлестік салмағы:	0.89
Судың үлестік салмағы:	1.04
Газдың үлестік салмағы:	0.65
Газ сығымдылығы:	0.89
Жұмыстық қысым:	квадрат дюймға 250 фунт
Жұмыс температурасы :	95°F
Мұнайды ұстап тұру уақыты:	15 мин.
Суды ұстап тұру уақыты:	10 мин.

Шешім

7.9 теңдеуін қолдана отырып, *Ho*,max анықтаймыз:

$$H_{o,\max} = \frac{1.28\times10^{-3} t_o(\gamma_o - \gamma_w)d_m^2}{\mu_o} \text{in}$$

$$H_{o,\max} = \frac{1.28\times10^{-3}(15)(1.04-0.89)(500)^2}{20} = 36 \text{ in}$$

Aw/*A* ара қатынасын анықтау үшін 7.11 теңдеуін қолданамыз:

$$\frac{A_w}{A} = \frac{0.5Q_w t_w}{Q_o t_o + Q_w t_w}$$

$$\frac{A_w}{A} = \frac{0.5(3000\times10)}{(3000\times10)+(8000\times15)} = 0.1$$

7.4-суретінен *Aw*/*A* = 0.1 үшін *Ho* /*D* ара қатынасын анықтаймыз

$$\frac{H_o}{D} = 0.338$$

Бұдан,

$$D_{\max} = \frac{H_{o,\max}}{H_o D} = \frac{36}{0.338} = 106.5 \text{ in}$$

Бұл ыдыстың максималды рұқсат етілген диаметрі.

7.13 теңдеуіндегі максималды газ өндірушілік береді

$$DL = 420\left(\frac{TZQ_g}{P}\right)\left(\frac{\rho_g C_d}{d_m(\rho_o - \rho_g)}\right)^{0.5}$$

$$DL = 420\left(555\times0.89\times\frac{8}{250}\right)\left(\frac{\rho_g C_d}{100(\rho_l - \rho_g)^1}\right)^{0.5}$$

Газ бен мұнай тығыздығын анықтаймыз және алдыңғы *Cd* = 0,65 теңдеуге қоямыз:

$$\rho_g = \frac{2.7\gamma_g p}{TZ} = \frac{2.7\times0.65\times250}{555\times0.89} = 0.888 \text{ lb/ft}^3$$

$$\rho_l = \rho_w \gamma_1 = 62.4\times0.89 = 55.54 \text{ lb/ft}^3$$

Осылайша, максималды газ өнімділігі көрінеді

$$DL = 68.22 \qquad (7.20)$$

Сұйықтық бойынша өнімділікті тексеру (ұстап тұру уақыты) үшін 7.17 теңдеуін қолданамыз:

$$D^2L = 1.429(3000\times10 + 8000\times15) = 214{,}350 \qquad (7.21)$$

Белгілі максималды диаметрден кіші диаметрді таңдаймыз және соған сәйкес, максималды газ өнімділігі мен сұйықтық бойынша өнімділік үшін 7.20 және 7.21 теңдеулерінен талапқа сай тиімді ұзындықты табамыз. 7.20 теңдеуін зерттеу, әдетте, кез келген таңдалған диаметр үшін 7.21 теңдеуі бойынша есептелгенмен, салыстырғанда тиімді ұзындықтың тым аз екендігін көрсетті. Сондықтан газ өнімділігі құрылымын анықтамайды. Сұйықтық бойынша өнімділік үшін нәтижелер келесідей кестеде берілді:

D **(дюйм)**	***L*** **(фут) (Ур-е 7.21)**	***Ls*****(= 4*****L*****/3) (фут)**	***L*****/(*****d*****/12)**
66	**49.21**	**65.61**	**11.93**
72	**41.35**	**55.13**	**9.19**
78	**35.23**	**46.98**	**7.23**
84	**30.38**	**40.50**	**5.786**
90	**26.46**	**35.28**	**4.71**
96	**23.26**	**31.01**	**3.88**
102	**20.65**	**27.47**	**3.23**

Жоғарыдағы кестедегі диаметрлер мен ұзындықтардың соңғы үш комбинациясы сәйкес нұсқалар болады, өйткені анағұрлым тарағаны 3 пен 5 арасындағы көлденең қиысудың тереңдігі мен ауданының қатынасы болып табалады. Осылайша, ажыратқыштың ұсынылған мөлшері құны мен қолжетімділігі жағынан 36 футқа 90 дюймнан не болмаса, 31 футтан 90 дюймнан, не болмаса 28 футқа 102 дюймнан болуы мүмкін. Әдетте, диаметрі кіші және анағұрлым ұзынырақ ажыратқыш диаметрі үлкен және анағұрлым қысқа ажыратқышқа қарағанда, арзанырақ болып табылады.

Таңдалған ажыратқыш анағұрлым жоғары жылдамдықтағы газ ағымын өңдей алады. ажыратқыштың нақты газ сыйымдылығын *Qg* мәнін есептей отырып, *d* және *L* мәндері қойылған 7.8 формуласы бойынша есептеуге болады. 31 футқа 96 дюйм ($L = 3Ls/4 = 23.26$) ажыратқыш үшін газ сыйымдылығы 263 ММСКФД. Бұл 8 ММСКФД өндірісінің жылдамдығына қарағанда, әлдеқайда үлкен. Бұл ажыратқышты жартылай сұйықтықпен толтырылушылық негізіндегі жасаудың тиімді болып табылмайтынын көрсетеді. Ажыратқыш көлемінің жартысынан көбінің сұйықтықпен толуына мүмкіндік бере отырып, оның мөлшерінің азаюы мүмкін.

7.5.2 Тік ажыратқыштардың мөлшерін анықтау үшін қолданылатын формулалар

Тік үшфазалық ажыратқыш мөлшерін анықтау тік екіфазалы

ажыратқыштардың мөлшерін анықтаумен ұқсас жүзеге асырылады (6-бөлімді қараңыз); яғни, максималды газ өнімділігі ыдыстың минималды диаметрін анықтау үшін қолданылады, ал сұйықтықты ұстаудың максималды уақыты ыдыс биіктігін анықтау үшін қолданылады. Үшфазалы ажыратқыштар үшін, алайда, үшінші шектеу қосылады. Бұл мұнайлы жастықтың белгілі минималды мөлшерінің су тамшыларының тұнбалану талабы. Бұл, келесі тарауда көрсетілгендей, ажыратқыштың минималды диаметрі үшін екінші мәнге алып келеді. Осылайша, ыдыс диаметрін таңдау кезінде, максималды газ өнімділігі мен судың максималды тұнбалануынан анықталған минималды диаметрлердің үлкенін ыдыстың минималды рұқсат етілген диаметрі ретінде қараған жөн.

7.5.2.1 Су тамшыларын максималды тұндыру

Су тамшыларының шөгуі және мұнайдан бөлінуіне арналған жағдай мұнайлы фазаны орташа жылдамдығын жоғары, *uo*, су тамшыларының шөгу жылдамдығына берілген мөлшердің төмен, *uw* теңестірумен белгіленеді. Мұнайдың орташа жылдамдығы ағымның көлденең қиылысы ауданына мұнай ағымының жылдамдығын бөлумен алынады. Егер *Qo* - мұнай жылдамдығы (БВД), онда

$$u_o = \frac{Q_o \times 5.61}{24 \times 3600}\frac{\text{ft}^3}{\text{s}}\left(\frac{4 \times 144}{\pi D^2}\right)\text{ft}^2$$

$$u_o = 0.0119\frac{Q_o}{D^2}\frac{\text{ft}}{\text{s}} \qquad (7.22)$$

7.7 теңдеу су тамшыларының шөгу жылдамдығын береді:

$$u_w = 1.787 \times 10^{-6}\frac{(\Delta\gamma)d_m^2}{\mu_o}\frac{\text{ft}}{\text{s}} \qquad (7.23)$$

Мұнайдан су тамшыларының шөгуі үшін, *uw*, *uo* қарағанда, көбірек болуы қажет. *Uw*-ны *uo*-ға теңестіру, осылайша, судың максималды тұнбалануын қанағаттандыратын *D*min ажыратқыштың минималды диаметрін анықтауға алып келеді. 7.22 және 7.23 теңдеулерінен күтіледі

$$D_{\min}^2 = 6686\frac{Q_o\mu_o}{(\Delta\gamma)d_m^2}\text{in}^2 \qquad (7.24)$$

бұл жерде *D* - ажыратқыштың ішкі диаметрі (дюйм), *Qo* - мұнай ағымының жылдамдығы (БВД), μ*o* - мұнай тұтқырлығы (сП), Δγ - мұнай мен судың үлестік салмағының айырмашылығы, ал *dm* - газдан бөлінуі тиіс болатын су тамшысының минималды мөлшері (мкм).

7.24 теңдеуінен анықталған минималды диаметрдің үлкен кез кел-

ген диаметрі мұнайдың анағұрлым төмен орташа жылдамдығын береді, осылайша, судың бөлінуін қамтамасыз етеді.

7.5.2.2 Максималды газ өнімділігі

6-бөлімде сипатталғандай, тік ажыратқыш үшін максималды газ өнімділігі ыдыстың минималды диаметрі үшін келесі формуланы береді:

$$D_{\min}^2 = 5058 Q_g \left(\frac{TZ}{P}\right)\left(\frac{\rho_g}{\rho_o - \rho_g}\frac{C_d}{d_m}\right)^{1/2} \text{ in}^2 \qquad (7.25)$$

бұл жерде *D* - ажыратқыштың ішкі диаметрі (дюйм), *T* - жұмыс температурасы (°R), *Z* - жұмыс қысымы мен температурасы кезінде газдың сығылушылығы, *P* - жұмыстық қысым, ρ*g* және ρ*o* - газ бен мұнай тығыздығы (фунт/фут3), *Cd* - кедергі коэффициенті және *dm* - газдан бөлінуі тиіс болатын май тамшысының минималды мөлшері (мкм).

7.25 теңдеуінен анықталған минималды диаметрдің үлкен болатын кез келген диаметр газ ағымы жылдамдығының төмендеуіне алып келеді және соған сәйкес, *dm* тең және үлкен диаметрдегі сұйықтық тамшыларын газдан бөлінуді және шөгуді қамтамасыз етеді.

7.5.2.3 Сұйықтықтарды ұстап тұрудың максималды уақыты (ұстап тұру уақыты)

Ажыратқыш ұстап тұруды талап ететін уақыт бойы ажыратқышта ұсталып тұратын мұнай мен су үшін жеткілікті көлемді қамтамасыз етуі қажет. Ұстап тұру уақыты мұнайдан су ұшқан тамшыларын бөлуді, судан мұнайдың ұшқан тамшыларын бөлуді және мұнайдың газбен тепе-теңдікке жетуді қамтамасыз ету үшін анықталады. 7.2 тарауында айтылғандай, ұстап тұру уақыты зертханалық сынақтар негізінде аса жақсы анықталады және әдетте, пайдалану флюидтер мен жағдайлар қасиеттеріне негізделе отырып, 3-тен 30 мин-қа дейінгі шамаларда болады. Зертханалық деректер болмаған жағдайда, ұстап тұру уақыты 10 мин. мұнайға да, суға да қолданылуы мүмкін.

Ho мен *Hw* мұнай мен судың биіктігі бола берсін (дюймда), соған сәйкес. Ол кезде, ажыратқыштағы әр фазаның көлемі беріледі

$$V_o = \left(\frac{1}{12}\right)^3 \left(\frac{\pi}{4}\right) D^2 H_o \text{ ft}^3$$

және

$$V_w = \left(\frac{1}{12}\right)^3 \left(\frac{\pi}{4}\right) D^2 H_w \text{ ft}^3$$

Соған сәйкес,

$$V_o + V_w = 4.543 \times 10^{-4} D^2 (H_o + H_w) \text{ ft}^3 \tag{7.26}$$

Көлемі де ұстау уақытындағы сұйықтықтың көлемдік шығынын көбейтумен есептеледі; соған сәйкес,

$$V_o = Q_o \frac{5.61}{24 \times 60} \frac{\text{ft}}{\text{min}} \times t_o \text{ min ft}^3$$

$$V_w = Q_w \frac{5.61}{24 \times 60} \frac{\text{ft}^3}{\text{min}} \times t_w \text{ min ft}^3$$

сонда,

$$V_o + V_w = 3.896 \times 10^{-13} (Q_o t_o + Q_w t_w) \tag{7.27}$$

7.26 және 7.27 теңдеулерден аламыз

$$(H_o + H_w) D^2 = 8.576 (Q_o t_o + Q_w t_w) \text{ in}^3 \tag{7.28}$$

Осылайша, тік үшфазалы ажыратқыштардың жапсардан жапсарға дейінгі диаметрі мен ұзындығы келесідей түрде анықталады:

1. 7.24 теңдеуінен су тамшыларының минималды тұнбалануын қанағаттандыратын минималды диаметрді анықтаймыз.

2. 7.25 теңдеуінен максималды газ өнімділігін қанағаттандыратын минималды диаметрді анықтаймыз.

3. 1 және 2-тармақтарда анықталған екі минималды диаметрден үлкені ыдыстың минималды рұқсат етілген диаметрі қарастырылады.

4. Ыдыстың минималды рұқсат етілген диаметрінен үлкен диаметрдің әр түрлі мәндері үшін сұйықтықтың диаметрлері мен биіктіктер комбинацияларын анықтау үшін 7.28 теңдеуді пайдаланамыз

5. Әр комбинация үшін келесі функциялардың жапсардан жапсарға дейінгі ұзындығын анықтаймыз:

$D > 36$ дюйм үшін

$$L_s = \frac{1}{12}(H_o + H_w + D + 40) \text{ ft} \tag{7.29}$$

$D < 36$ дюйм үшін

$$L_s = \frac{1}{12}(H_o + H_w + 76)\ \text{ft} \qquad (7.30)$$

7.2 мысал

Пайдаланудың келесідей жағдайлары үшін үшфазалы тік ажыратқыштың жапсардан жапсарға дейінгі диаметрі мен ұзындығын анықтау:

Мұнай өндіру жылдамдығы:	6000 БВД
Су жинау қарқыны:	3000 БВД
Газ өндіру жылдамдығы:	8.0 ММСКФД
Мұнай тұтқырлығы:	10 сП
Мұнайдың үлестік салмағы:	0.87
Судың үлестік салмағы:	1.07
Газдаң үлестік салмағы:	0.6
Газ сығымдылығы:	0.88
Жұмыстық қысым:	500 фунт кв. дюйм
Жұмыс температурасы:	90°F
Мұнайды ұстау уақыты:	10 мин.
Суды ұстау уақыты:	10 мин.
cd:	0.64

Шешім

ρ*g* мен ρ*o* анықтаймыз:

$$\rho_g = \frac{2.7 \times 0.6 \times 500}{550 \times 0.88} = 1.674\ \text{lb/ft}^3 4$$

$$\rho_o = 0.87 \times 62.4 = 54.288\ \text{lb/ft}^3$$

Су тамшыларының тұнбалануға минималды диаметрді анықтау үшін 500 м тең *dm* 7.24 теңдеуін пайдаланамыз:

$$D^2_{\min} = \frac{6686 Q_o \mu_o}{\left(\gamma_o - \gamma_w\right) d^2_w}\ \text{in}^2$$

$$D^2_{\min} = \frac{6686 \times 6000 \times 10}{0.2 \times 500^2} = 8023.2\ \text{in}^2$$

$$D^2_{\min} = 89.57\ \text{in}$$

Газдың максималды сыйымдылығына минималды диаметрді анықтау үшін 100 м тең *dm* 7.25 теңдеуін пайдаланамыз:

$$D_{\min}^2 = 5058 Q_g \left(\frac{TZ}{P}\right)\left(\frac{\rho_g}{\rho_o - \rho_g}\frac{C_d}{d_w}\right)^{1/2}$$

$$D_{\min}^2 = 5058 \times 8\left(\frac{550 \times 0.88}{500}\right)\left(\frac{1.674}{52.614}\frac{0.64}{100}\right)^{1/2}$$

$$= 835.86 \text{ in}^2$$

$$D_{\min} = 28.911 \text{ in}$$

Осылайша, ыдыстың минималды диаметрімен екі есептелгеннен үлкені қабылданады: яғни 89.57 дюйм.

Ұстап тұрудың максималды уақыты үшін сұйықтық диаметрі мен биіктігі арасындағы ара қатынасты анықтау:

$$(H_o + H_w)D^2 = 8.576(Q_o t_o + Q_w t_w)\text{ in}^3$$

$$= 8.576 \times (6000 \times 10 + 3000 \times 10) \qquad (7.31)$$

$$= 771{,}840 \text{ in}^3$$

89.57 дюйм үлкен диаметрлер үшін *Ho* + *Hw* мәнін анықтау үшін 7.31 теңдеуін пайдаланамыз; сосын 7.29 теңдеуінің көмегімен жапсардан жапсарға дейінгі сай келетін ұзындық мәнін есептейміз және соңында, көлденең қиысу тереңдігі мен ауданының талапқа сай қатынасын есептейміз. Нәтижелер кестеде жиынтықталды.

D **(дюйм)**	***Ho + Hw*** **(дюйм)**	***Ls*** **(фут)**	**12*Ls/d***
90	95.289	18.774	2.50
96	83.750	18.312	2.29
102	74.187	18.016	2.12
108	66.173	17.848	1.98
114	59.391	17.783	1.87
120	53.600	17.800	1.78
132	44.298	18.025	1.64
144	37.222	18.4351	1.54

Жоғарыдағы кестедегі жапсардан жапсарға дейінгі диаметр мен ұзындықтың барлық комбинациясы көлденең қиысудың тереңдігі мен ауданы қатынасы олардың әрқайсысы үшін 1,5 пен 3 арасында орналасқандықтан, қолжетімді болып табылады. Сондықтан, құны мен қолжетімділігіне қарай кесімді таңдау болады. Бәлкім, үздік таңдау 19 футқа 96 дюйм ажыратқыш болып табылады.

СҰРАҚТАРҒА ШОЛУ ЖАСАУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ МІНДЕТТЕРІ

1. Келесі пікірлердің әрқайсысының ақиқат (А) немесе жалған (Ж) екендігін анықтаңыз:

a. Ылғал бөлгіш өндірілген ағымнан еркін су мен еркін газ салмағын бөлу үшін қолданылады.

b. Судан мұнай тамшыларын алу, мұнай тығыздығы суға қарағанда төмен болғандықтан, мұнайдан су тамшыларын бөлуге қарағанда жеңіл әрі тез.

c. Егер зертханалық деректер қолжетімді болмаса, ажыратқыш құрылымындағы мұнайдан жойылуы қажет болатын су тамшыларының ең төмен мөлшері 100 мкм құрайды.

2. Дұрыс жауаптар саласы (бір жауаптан көбірек не дұрыс болуы мүмкін екендігіне назар аударыңыз):

a. Үшфазалық ажыратқыштарда өндірілген флюид мыналарға бөлінеді:

i. Газ, мұнай мен су + эмульсия

ii. Газ, мұнай + эмульсия, және су

iii. Газ, мұнай, эмульсия және су

b. Ажыратқыштардағы эмульсия құрамын мыналарға әкеле аламысыз:

i. Мұнай-газ бөлімінің бақылауға жатпайтын деңгейіне

ii. Мұнай мен суды ұстап тұрудың тиімді уақытын азайту

iii. Жылыстау

iv. Ылғал бөлгіштің бітелуі

c. Судан мұнай тамшыларын бөлумен салыстырғанда мұнайдан су тамшыларын бөлу:

i. Суға қарағанда мұнай тығыздығы аз болғандықтан, күрделірек

ii. Мұнай тұтқырлығына қарағанда су тұтқырлығы төмен болғандықтан жеңілдеу

iii. Су тұтқырлығына қарағанда мұнай тұтқырлығы жоғары болғандықтан күрделірек

iv. Анағұрлым маңызды белгі ажыратқышты жобалау болып табылады

3. Келесі деректер шағын мұнай кен орны үшін берілді:

Мұнай шығыны:	8000 БВД
Су шығыны:	3000 БВД
Газ факторы:	2000 норм.куб.фут/барр.
Жұмыс қысымы:	кв. дюймге 500 фунт
Жұмыс температурасы:	80°F
Мұнайдың үлестік салмағы:	35°АНИ
Судың үлестік салмағы:	1.07
Газдың үлестік салмағы:	0.6
Мұнай тұтқырлығы:	10 сП
Мұнайды ұстап тұру уақыты:	600 с
Суды ұстап тұру уақыты:	360 с

a. Кен орнын өңдеу үшін көлденең ажыратқышты жобалаңыз

b. Кен орнын өңдеу үшін тік ажыратқышты жобалаңыз

4. Пайдаланудың алдыңғы жағдайлары үшін диаметрінде 60 дюймі және жапсардан жапсарға дейін 15 футы бар көлденең үшфазалы ажыратқыштың нақты газ, мұнай және су өнімділігін анықтаңыз.

5. Келесі деректерді есепке ала отырып, квадраттық дюймда 585 фунт және 80°F болған жағдайда жұмыс істейтін жапсардан жапсарға дейін 16 фут ұзындық пен 48 дюйм диаметрі бар үшфазалы көлденең ажыратқышқа арналған нақты газ, мұнай және су өнімділігін анықтаңыз:

Газдың үлестік салмағы:	0.6
Судың үлестік салмағы	1.07
Мұнайдың үлестік салмағы:	0.875
Су тұтқырлығы:	1.12 сП
Мұнай тұтқырлығы:	5.0 сП
Су-мұнай ара қатынасы:	1:1.5
Мұнайды ұстап тұру уақыты:	600 с
Суды ұстап тұру уақыты:	480 с
K:	0.26
Z:	0.89

6. 5 мысалда көрсетілген бір ғана жағдай үшін тік үшфазалы ажыратқыштың нақты газ, мұнай және су өнімділігін анықтаңыз. Екі ажыратқыш үшін нәтижелерін салыстырыңыз.

III тарау
Шикі мұнайды тазарту

Шикі мұнайды тазарту өзімен газ-мұнай ажыратудан кейін мұнай кен орындарындағы беткейлік операцияларда екінші анағұрлым маңызды үдерісті танытады. Мұнай өндірудің көпшілік үдерістері мұнай мен суды тазалау жабдықтарын жобалау және пайдалану үшін маңызды мәселені танытады. Шикі мұнай эмульсиясының табиғаты кен орнының тозуына орай үздіксіз өзгереді және уақыт өте келе жағдайлары өзгереді.

Қазіргі нарықтағы шикі мұнай мен сұйық көмірсутектердің жоғары құны жалпы шикі мұнайды конъюктуралық өсіру үшін тазартудың сенімді, жоғары өнімді жүйелерін орнату қажетті етеді.

Шикі мұнай таза түрінде сирек өндіріледі, әдетте, ол түрлі түрлерде сумен бірге шығады. Су біршама мәселелер жасайды, ішінара - эмульсия қалыптасу. Мұнайдан бөлінгеннен кейін өндірілген су, 15-бөлімде сипатталғандай, тазартылуы тиіс. Өңдеудің бұл кезеңдері шығындарды өсіреді. Бұдан басқа, конъюктурлық шикі мұнай негізгі шөгінді мен судың (НШС) мөлшерін және мұнайдың мың барреліне тұз фунттарының (МБФ) бірліктеріндегі тұздың құрамын қоса есептегенде, өнімнің белгілі ерекшеліктеріне сай болуы керек.

III тарауда, 8-10 бөлімдерде берілгендей, соған сәйкес, шикі мұнайды эмульсияны тазарту мен гидраттарсыздандыру, тұзсыздандыру, тұрақтандыру және сульфуризациясыздандыру қарастырылады. Осы тарауда шикі мұнай сапасын көтеруге бағытталған тазартудың басқа нұсқаларын талқылау үшін алаңсыз жаңа бөлім енгізіледі (11-бөлім).

8
Эмульсияны тазарту және шикі мұнайды дегидратациялау

Негізінен, ұңғымадан мұнай, су, газ және тіпті құм қоспасы да шығады. Шикі мұнай газдан бөлінгеннен кейін, ол өңдеудің одан арғы сатыларынан өтеді. Мұнай кен орындарын өңдеу процесіндегі маңызды аспект шикі мұнайды өңдеу нысандарын жобалау мен пайдалану болып табылады. Су және құм сияқты бөтен заттар соңғысы сатылғанша мұнай мен газдан ажыратылуы тиіс. Осы процесс мұнайды бастапқы дайындау немесе мұнайды дегидратациялау ретінде белгілі.

Осы бөлімде дегидратация сатылары қарастырылады. Осы өңдеу мақсаты, біріншіден, еркін суды жою, ал сосын мұнайдағы тұрып қалған эмульсияланған суды азайту үшін мұнайлы эмульсияларды өңдеу болып табылады. Мұнайдағы судың бастапқы құрамына, сонымен қатар, оның тұздылығы мен дегидратацияның пайдаланушы үдерісіне қатысты мұнай кен орны 0,2-0,5-тен 1%-ға дейін қалдық су құрамы бар мұнай шығаруы мүмкін. Қалдық суды әдетте табандық шөгінділер мен сулар (ТШС) деп атайды.

Сонымен, дегидратация сатысы өзімен екіеселік процесті ұсынады: мұнай көлемінен қалдық еркін суды толықтай жоюды қамтамасыз ету және мұнай эмульсиясын бұзу үшін қандай да бір құралдарды қолдану. Дигидратация жүйесі, жалпы, өзіне тазарту түріне қатысты жабдықтың алуан түрлерін қамтиды: суды жою немесе эмульсияны бұзу. Жабдықтың негізгі түрлері өзіне ажыратқышты, еркін судың ылғал бөлгішін және термоажыратқышты қамтиды.

8.1 Кіріспе

Мұнай өндірудің көптеген үдерістері өзімен мұнай және газ кен орындарын өңдеу бойынша технологиялық жабдық үшін айтарлықтай мәселені танытады. Бұл технологиялық жабдықты жобалау мен пайдалануға жатады. Типтік мысалы болып мұнай эмульсиялары табиғатының кен орнының тозуы жағынан үздіксіз өзгеретін дерегі саналады. Осылайша, шарттары да өзгереді.

Ұңғыма сағасынан өндірілетін флюид, әдетте, газдан, мұнайдан, ерікті судан және эмульсиялы судан (сулы-мұнайлы эмульсия) тұрады. Мұнайды тазартуды бастамас бұрын, біз ұңғыма ағымынан газ бен еркін суды жоюымыз қажет. Бұл мұнайды бастапқы дайындау жабдығының мөлшерін азайту үшін керек.

D үшін түрлі мәндерді аламыз және алдыңғы қатынастағы тиісті *H* мәнін анықтаймыз. Нәтижелері келесідей үлгіде берілген: суреттен ұстаудың қисық уақытынан төмен болатын барлық диаметрлер мен биіктіктер қолайлы болып табылмайды. Өңдеудің үш температурасы үшін коалесценция секциясы биіктігі қисық ұстау уақытымен қиылысында мәндерді теңестіре немесе үлкен бола отырып, максималды ұстау уақытын да, сонымен қатар максималды шөгуді де қанағаттандырады. Диаметрі 66 дюйм деэмульсатор және коалесценция секциясы биіктігі 60 дюйм деп алу дұрыс таңдау болады.

Өңдеу температурасы практика жүзінде тым төмен температурада өңдеу мүмкіндігімен 105°F болады. Жаңғыны бағалау 8.9 теңдігімен анықталады.

Оқу тапсырмалары мен сұрақтарына шолу жасау

1. Келесі пайымдаулардың дұрыс жауаптарын қоршау:

a. Шикі мұнайды құрғату кезіндегі әдеттегі мақсат – құрамындағы суды азайту:

i. 0.5% көлемге дейін

ii. 5% көлемге дейін

iii. 10% көлемге дейін

iv. Жоғарыда аталғандардың біреуі де емес

b. Мұнайды суландырудың мақсаты мынада:

i. Тек бос жатқан суларды бөліп алу

ii. Мұнайдағы майландырғыш су құрамын төмендету

iii. Бос суларды бөліп алу (егер ол табылған болса) және майландырғыш су құрамын азайту.

9
Шикі мұнайды тұзсыздандыру

Шикі мұнайды өңдеу барысындағы келесі кезең тұзсыздандыру болып табылады. Шикі мұнайдағы тұз көпшілік жағдайда мұнайдағы қалдық су құрамында еріген күйде болады. Шикі мұнай құрамындағы тұз көлемі екі фактормен анықталатындығы сөзсіз:

1. Қалыпты сусыздандырудан кейін мұнай құрамында қалатын қалдық су көлемімен
2. Осы су көзіндегі тұздың бастапқы жиналуы немесе тұздылығымен

Осы тарауда кейбір негізгі құрылымдық пікірлермен қатар тұзсыздандыру процессінің бір сатылы және екі сатылы түрлері толық сипатталады. Акцент шикі мұнайды электростатикалық тұзсыздандыруға қойылады. Тұзсыздандыру операцияларына пайдалану өлшемдерінің әсері кейбір кемшіліктерді жою бойынша кеңестермен қатар талқыланады.

9.1 Кіріспе

Біз *қалдық тұз ерітіндісі* деп атай алатын табылған тұздарды жою тұзсыздандыру процессінде жүзеге асырылады. Бұл шикі мұнай құрамындағы тұз көлемін 15-тен 20 ФТБ дейін төмендетуге мүмкіндік береді (тұз фунты, натрий хлорид эквиваленті түрінде мұнайдың мың баррелімен беріледі). Мұнайды өңдеуден кейін гидратсыздандыру арқылы және тұзсыздандыру барысында шикі мұнайды тұрақтандыру және сульфидсіздендіру мүмкіндігі пайда болады, күкіртті мұнай жағайында 10-тарауда талқыланғандай болады. Бастапқы шикізаттты өңдеу брысында шикі мұнай құрамындағы тұзды жою, осы күнге дейін міндетті кезең болып табылады. Бұл әсіресе, егер тұз құрамы 20 ФТБ асып түссе, дұрыс болып табылады. Тұзсыздандыру процессі үшін аса оңтайлы орын, әдетте, мұнай өңдеу зауыттары болып табылады. Алайда, маркетинг немесе құбыр тұрбаларына талаптар қойылатын болса, жөнелту алдында, мұнай тұзын өңдеу үшін өндірістік қондырғылар орнату қажет. Тұзсыздандыру орыны мұнай өңдеу зауыттарында немесе дала жағдайында орнатылғандығы аса маңызды орын алады. Шикі мұнайдағы тұз көп жағдайда ерітілген күйде мұнайдағы қалдық тұз ерітіндісінде болады.

Қалдық тұзды су 8-тарауда сипатталған гидратсыздандыру тәсіл-

дерінің кез-келгені арқылы төмендету мүмкін болмайтын тұзды су бөлігі болып табылады. Оны әдетте суда да негізгі шөгіндіге қосады (ООВ). Бұл қалдық су шикі мұнай құрамында мұнай көлеміндегі күшті майлағыш өте ұсақ тамшы шашырандылары түрінде болатындығы түсінікті. Бұл тұзды судағы минералды тұздар негізінен натрий хлорид, кальций және магнийдан тұрады. Мұнай өңдеу зауыттарынан алынған шикі мұнайдың қысқаша сипаттамасы, 9.2-кестеде келтірілгендей, кейбір қарапайым шикі мұнайлар үшін орташа ФТБ мәнімен қатар 9,1- кестеде келтірілген.

9.1-кесте

Мұнай өңдеу зауыттарында тиелген шикі мұнай құрамы

	Диапазон	Орташа алғанда
Мұнайдағы су, % мұнай көлемі	0.1–2.0	0.3–0.5
Шикі мұнайдағы тұз құрамы ФТБ	10–250	60–130
Тұзды судағы тұз шоғыры, сс.% салмағы	0.4–25	–
Тұзды судағы тұз шоғыры, мг/м3	4000–50000	–

9.2-кесте

Кейбір қарапайым мұнай үшін ФТБ орташа мәні

Мұнай көздері	Тұздың орташа көлемі (ФТБ)
Қиыр Шығыс	8
Венесуэла	11
Пенсильвания	1
Вайоминг	5
Шығыс Техас	28
Сев. побережье Мексиканского залива	35
Оклахома және Канзас	78
Батыс Техас	261
Канада	200

9.2 Шикі мұнайдағы тұз шоғыры

Мұнайдың мыңдаған бареллыңдегі тұз фунты (ФТБ) ретінде анықталатын шикі мұнайдағы тұз көлемі мұнайда қалатын тұзды су көлемі (қалдық су) функциясы *WR* (% ООВ) және миллион бөлігіндегі (мг/м3) оның тұздылығы *SR* болып табылады. Математикалық тұрғыдан біз мұны функционалдық қатыстылық түрінде аламыз:

$$\text{PTB (Salt content)} = f(W_R, S_R)$$

Мэннинг және Томпсон бойынша (1995), келесідей қатынастарды аламыз:

$$\text{PTB} = 350\gamma_{\text{Brine}} \frac{1000\, W_R}{100 - W_R}\left(\frac{S_R}{10^6}\right) \qquad (9.1)$$

Мұнда меншікті салмақ γ тұзды суға берілген.

Қалдық су (*WR*) көлемін төмендету есебінен ФТБ төмендету тәсілін әдетте мұнайды сусыздандыру процессіне жатқызады. Бұл 8–тараудың басты тақырыбы болды. ФТБ төмендетудің келесі балама тәсілі қалдық судағы еріген тұз көлемін барынша ұлғайту болып табылады (яғни оның шоғырлануын, *SR*). Бұл процесс осы тарауда сипатталады, ол тұзсыздандыру ретінде белгілі және кейіннен 9.1-суретте көрсетілген қосалқы құралдардың бірінің көмегімен бөлу арқылы еріту үшін суға қосу арқылы қол жеткізіледі.

Шикі мұнайды тұзсыздандыру шикі мұнай құрамындағы минералды тұздардың болуына байланысты проблемаларды жоюға немесе барынша төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл тұздар көбінесе жылу тасымалдағыш жабдықтардың дистилляция түйіндерінде хлоридтер тұндырады және өсу әсерін туғызады. Бұдан өзге кейбір хлоридтер жоғары температура кезінде улы тұз қышқылын түзеп, жатады:



Salty crude oil – Тұзды шикі мұнай
Addition of fresh water – Таза су қосу
Mixing step – Араласу кезеңі
Separation step – Ажырату кезеңі
Takes place under the influence of – Әсер ету арқылы жүреді
Chemical action – Химиялық әсер ету
Electrical action – Электрлі әсер ету
Chem-electrical action – Химиялық-электрлі әсер ету
Desalted crude oil – Тұзсыздандырылған шикі мұнай

9.1-сурет

Шикі мұнайды тұзсыздандыру процессінің базалық тұжырымдамасы мысалы.



Salinity of brine, 103 ppm – Тұзды судың тұздылығы, 103 мг/м3

9.2-сурет

Қалдық тұзды судың 0,1% көлеміндегі тұз құрамы.

$$MgCl_2(aq.) \xrightarrow[H_2O]{\text{High temp.}} Mg(OH)_2 + HCl \qquad (9.2)$$

Бұл тұздарды жою шикі мұнайды тазалау процессіндегі үнемді жұмыс циклін қамтамасыз етуге бағытталған. Тұз құрамын нақты ФТБ дейін төмендету. Тіпті, осындай төменгі тұз құрамында да күніне 25000 баррель шикі мұнай өңдеу күніне 65 фунтқа тең болатын хлорлы сутегі (HCl) көлемін беретіндігі анықталды.

Шикі мұнайдағы тұз құрамы келесі тәсілді пайдалану арқылы анықталуы мүмкін. Мысалы, шикі мұнай қалдығы үшін судың 1% көлемінен біздің есебіміздің негізі ретінде (тұзды су қалдығы) 1/10 деп алсақ, онда осы қалдық судағы мың барелль мұнайдағы тұз фунтында (ФТБ) берілген тұз құрамы және оның шоғырлануы немесе миллион бөлігінде берілген тұздылығы арасындағы қатынас 9.2-суретте кесте түрінде берілген. Басқа көлемдері үшін осы кестеде берілген қарапайым еселік сандар пайдаланылады. Келесі мысал осы қатынастарды пайдалануды сипаттайды.

9.1-мысал

Қалдық судың 10% көлеміндегі шикі мұнай ФТБ табу, егер оның

шоғырлануы бағалау бойынша 25°C кезінде 40000 мг/м^3 болса.

Шешуі

Мысал екі тәсіл арқылы шешіледі: олардың бірі 9.2.-суретке негізделген, ал екінші тәсіл негізгі есептерді пайдаланады.

1. 9.2-суреттен көріп отырғанымыздай, тұздылығы 40000 мг/м^3 қалдық судың 0,1% шикі мұнай ФТБ 14 ФТБ тең болады. 10% қалдық су құрайтын шикі мұнай үшін 9.2-суреттен алынған ФТБ көлемін 100 көбейту қажет, осылайша бұл шикі мұнай құрамында 1400 ФБТ бар.

2. Негіз ретінде 1000 баррель сулы мұнайды аламыз; ООВ = 10%, ал тұзды су шоғыры = миллиондағы 40000 бөлігінде = 4%. Онда,

$$\text{Мұнайдағы су көлемі} = (1000)0.1 = (100\ \text{bbl})(5.6\ \text{ft}^3/\text{bbl}) = 560\ \text{ft}^3$$

Енді тұзды су тығыздығы 9.3-кесте бойынша бағаланады. 4% шоғырлану үшін және 25°C кезінде тығыздық 1,0253 г/см3 тең, немесе 63,3787 фунт/фут3. Тиісінше,

Судың салмағы = (560 фут3) 63,3787 фунт/фут3 = 35828 фунт

Судың осы салмағында табылған тұз көлемі NaCl, (35828) (40 000)/106 = 1433 фунтқа тең. Себебі біздің негізіміз - 1000 баррель мұнай, тұз құрамы 1433 ФТБ.

3. 9.1 теңдігін пайдалана отырып, аламыз

$$\text{PTB} = 350\gamma_{\text{Brine}}\frac{1000\,W_R}{100 - W_R}\left(\frac{S_R}{10^6}\right)$$

$$\text{PTB} = (350)(1.0253)\frac{1000(10)}{100 - 10}\left(\frac{40,000}{10^6}\right)$$

$$\text{PTB} = 1595$$

9.3-кесте
Судағы органикалық емес ерітінділердің тығыздығы (натрий хлориді [NaCl])

%	0°C	10°C	25°C	40°C	60°C	80°C	100°C
1	1.00747	1.00707	1.00409	0.99908	0.9900	0.9785	0.9651
2	1.01509	1.01442	1.01112	1.00593	0.9967	0.9852	0.9719
4	1.03038	1.02920	1.02530	1.01977	1.0103	0.9988	0.9855
8	1.06121	1.05907	1.05412	1.04798	1.0381	1.0264	1.0134
12	1.09244	1.08946	1.08365	1.07699	1.0667	1.0549	1.0420
16	1.12419	1.12056	1.11401	1.10688	1.0962	1.0842	1.0713
20	1.15663	1.15254	1.14533	1.13774	1.1268	1.1146	1.1017
24	1.18999	1.18557	1.17776	1.16971	1.1584	1.1463	1.1331

9.2-мысал

8-тараудағы 8.2 мысалды қайта жасау, судың тұздылығы миллиондағы 20000 бөліктің орынына миллионда 40000 бөлікті құрайды және құрғату 1%-дан 2/10 дейін жүзеге асырылады деп алсақ. Мұнайдағы ФТБ есептеу.

Шешуі

9.2-суретке сілтеме жасай отырып, 1%-дан 1/10 сәйкес келетін ФТБ 14-ке тең болады. Тиісінше, 1% -дан 2/10 үшін ФТБ (14) (0,2 / 0,1) = 28 тең. Сондықтан келесі құрғатудың екінші сатысы ретінде ФТБ азайту мақсатында тұзсыздандыру ұсынылады.

9.3 Тұзсыздандыру процесін сипаттау

9.2-мысалдан көріп отырғанымыздай, біз тек құрғату арқылы мұнайдағы тұз көлемінің экономикалық қанағаттандыратын көлеміне қол жеткізе алмаймыз (бірінші кезең). Бұл әсіресе, егер мұнаймен алынған судың тұздылығы миллиондағы 20000 бөлігіне қарағанда біршама көп болса, дұрыс (тұзды судың шоғырлануы 50000-250000 мг/л). Тиісінше, 9.3a-суретінде көрсетілгендей екі сатылы жүйе қолданылады (құрғату және тұзсыздандыру сатылары). Белгілі-бір шарттарда, алайда, 9.3b-суретінде көрсетілгендей құрғату және екі сатылы тұзсыздандыру процестерінен тұратын үш сатылы жүйеде пайдаланылуы мүмкін.

9.3-суретте көрсетілгендей араластыруға арналған су деп те аталатын шаятын су құрғату сатысынан түсетін шикі мұнаймен араластырылады. Не таза су, не қалдық суға қарағанда тұздылығы төмен су болуы мүмкін шаятын су қалдық судағы тұз шоғырын еріте отырып, қалдық

сумен араластырылады. Араластыру су-мұнай эмульсиясының түзелуіне алып келеді. Мұнай (және эмульсия) содан кейін, 8-тарауда сипатталғандай гидратсыздандырылады. Бөлініп алынған су қойнау суын өңдеу және пайдалану жүйесі арқылы пайдаға асырылады. Тұзсыздандырудың екі сатылы жүйесінде еріту үшін суды екінші сатысында қосады, екінші сатыда жойылған судың барлығын немесе бір бөлігін тұзсыздандырудың бірінші кезеңінде ерітуге арналған су ретінде пайдаланады. Тұзсыздандырудың екі сатылы жүйесі үшін, әдетте, шаятын суларға қойылатын талаптарды барынша азайту үшін пайдаланылады.

Шикі мұнайды тұзсыздандырудың араластыру сатысы, әдетте, шикі мұнайды (үздіксіз фаза болып табылатын) және шаятын суды (дисперстік фаза болып табылатын) бөлек араластырғыш қондырғымен айдау арқылы жүзеге асырылады. Қарапайым араластырғыш қондырғы жай дроссель клапан болып табылады. Араластыру дәрежесі, егер араластыру кезінде қалыптасатын фаза бөлігі қабатын ұлғайтса, жоғарылауы мүмкін. Бұл мақсат үшін пайдалы қондырғы құрамында шығынды өлшегіш диафрагма бар араластырғыштарды қолдану болып табылады.



Produced oil stream – Өндірілген мұнай ағыны
Injector – Инжектор
Mixing value – Аралстырғыш клапан
Dehydration or desalter – Дегидратор немесе тұзсыздандырушы
Clean oil – Таза мұнай
Water to disposal – Ағызуға арналған су
Dilution water – Аралстыруға арналған су
Pump – Сорап
Stage 1 – 1 кезең
Dehydration – Дегидрация
Desalting – Тұзсыздандыру
Degassing – Газсыздандыру
Coalescing – Коагуляциялау
Desalted oil – Тұзсыздандырылған мұнай
Discharge – қыздыру
Recycle – қайталау циклі
Food (wet oil) – Өнім (ылғалды мұнай)

9.3-сурет
(a) Бір сатылы тұзсыздандыру. (b) Екі сатылы тұзсыздандыру.

Бұл ретте, қалдық суды тұщы сумен араластыру теориясы жалпы алғанда, ойға қонымды болғанымен, оны нақты жағдайларда іске асыру мүмкін болмайтындығын ескеру маңызды. Бәрі, қалдық суды араластыруға арналған сумен мұқият араластыруға байланысты.

Эмульсиялық өңдеу кезеңінде, әдетте, қыздыру, химиялық немесе электрлік сұйықтан мұнайды айыру құралдары пайдаланылады (немесе олардың тіркестері) (9.1.-суретінде көрсетілгендей). Химиялық тұзсыздандыру процесі кейіннен тұндыра отырып, алдын-ала қыздырылған мұнайға шаятын су мен химиялық агенттерді қосудан тұрады. Тұндыру уақыты бірнеше минуттан 2 сағатқа дейін түрленеді. Аса жиі пайдаланылатын химиялық агенттердің кейбіреулері сульфонаттар, ұзын тізбекті спирттер және май қышқылдары болып табылады.

9.4 Мұнайды электростатикалық тұзсыздандыру

Бұл жағдайда сыртқы электр өрісі судың ұсақ тамшылары коалесценциясы үшін пайдаланылады да, осылайша, мұнайдағы су тамшысының тұнуына ықпал етеді. Электр өрісі кез-келген келесі режимдердің бірінде қолданылуы мүмкін:

• Объектіде сумен қанықкан эмульсия үшін айнымалы ток (ac) қондырғысы – айнымалы токты (ac) қолдану ең жақсы коалесценцияға алып келетін судың поляр молекулаларын алмастырады. Айнымалы токтың (ac) электростатикалық коалесценция сызбасы 9.4.-суретте көрсетілген.

• Максималды құрғатуға арналған ac/dc өрісі – бұл жағдайда айнымалы және тұрақты ток тіркестері пайдалынады (ac и dc). Бұл процесстің негізгі конфигурациясы 9.5.-суретте көрсетілген. Айнымалы ток электродтар астындағы аумақтан шығарылады, ал бұл ретте тұрақты ток өрісі көршілес жатқан электродтар арасынан пайда болады. Мұндай үйлестіру судың барынша көп жойылуын қамтамасыз етеді.

• Максималды тұзсыздандыруға арналған айнымалы ток градиенті – егер өріс градиенті белгі-бір шектен жоғары ұлғайса (*Ec*), онда бұл тамшыларды бұзады; бұл төмендегіше беріледі:

$$E_c \le k\left(\frac{\gamma}{d}\right)^{1/2}$$



Process water – Технологиялық су
Unrefined crude – Тазартылмаған мұнай
Pump – Сорап
Heater – Жылытқыш
Electrical power – Электр қуаты
Mixing valve – Араластырғыш клапан
Desalted crude – Тұзсыздандырылған мұнай
Effluent water – Ағынды су
Water emulsifier – Су эмульгаторы

9.4-сурет
Электрмен тұзсыздандыру



Rectifier – Түзеткіш
Dry hydrocarbon – Құрғақ көмірсутегі
Water cut – Судың шығуы
Wet hydrocarbon – Ылғалды көмірсутегі

9.5-сурет
Екі кереғар өріс ac/dc.

мұнда k – диэлектрлік тұрақты, γ – фаза арасындағы керіліс және d – тамшы диаметрі. Осылайша, тамшы көлемін өріс градиенті арқылы басқаруға болады. Электр өрісі араластыру үшін де, сонымен бірге тамшыларды бөлу үшін де пайдаланылуы мүмкін.

Өріс кернеулігі циклін қайталаумен, бұл процесті электр өрісінде тамшының ұстау уақыты ішінде бірнеше мәрте қайталауға болады. Электрстатикалық өріс сонымен, бірге судың биполярлы молекулаларын түзейді.

Электрмен тұзсыздандыру процесінде тұнба ыдысы арқылы өткізілетін жоғары әлеуетті өріс (16,500-33,000 В) коалесценцияны күшейтеді. Химиялық-электрлі тұжырымдама химиялық агенттерді де, сонымен бірге электр өрістерінде пайдаланумен өте тиімді практика болып табылады.

Тұзсыздандыру процесіндегі қарапайым практика мұнайдың булануы нәтижесінде көмірсутегінің кез-келген шығынын ұстау үшін жеткілікті қысымды қолдану болып табылады. Әдетте, тұзсыздандыру процессінде пайдаланылатын қысым шаршы дюймда 50-ден 250 фунтқа дейінгі диапазонда болады.

9.5 Бұрғылау ерітінділерін сұйылтуға арналған су

Оперативті тұрғыдан алғанда шикі мұнайды тұзсыздандыру кезінде қосылған сұйылтуға арналған су көлемі (*WD*) қалдық су мен оның тұздылығы көлемі есебімен 5%-дан 10% дейінгі көлемде болады.

Келесі корреляция *WR*, *SR*, *SD* функциялары (сұйылтуға арналған судың тұздылығы) және екі фаза арасындағы араластыру тиімділігі ретінде *WD* анықтау үшін дайындалды, *E*:

$$W_D = \frac{2.5 \times 10^3 (W_R)^{0.01533}}{(S_D)^{0.2606} (S_R)^{0.0758} E^{0.6305}} \tag{9.3}$$

мұнда *SD* және *SR* – миллионға бөлігінде. Екінші жағынан алғанда, келесі аналитикалық қатынастар шикі мұнайдағы тұз көлемінің рұқсат етілген шегін анықтауы мүмкін. Тұз үшін материалдық баланс компоненті береді

$$EW_D S_D + W_R S_R = S_B (W_D + W_R)$$

немесе

$$S_B = \frac{EW_D S_D + W_R S_R}{W_D + W_R} \tag{9.4}$$

мұнда *SB* қалдық судың тұщы сумен араласуы нәтижесі ретінде гомо-

генді фаза көлеміндегі кейбір орташа тұздылыққа жатады.

Жұмыс өлшемдерінің әсері
Шикі мұнайды тұзсыздандырудың тиімділігі, әдетте, келесі өлшемдерге байланысты:

•Су-мұнай бөлімі деңгейі - ол тұрақты деңгейде болуы тиіс; кез-келген өзгерістер электр өрісін өзгертеді және электр коагуляциясын бұзады.

• Тұзсыздандыру температурасы – температура мұнайдың жабысқақтығы әсерінен, су тамшысының тұнуына әсер етеді; тиісінше шикі мұнайдың аса ауыр түрлері аса жоғары тұзсыздандыру температурасын талап етеді.

• Шаятын судың қатынасы – ауыр мұнай электр коалесценциясын ұлғайту үшін шаятын су коэффицентін талап етеді. Шаятын судың жоғары коэффиценті 9.4-кестеде көрсетілгендей температураның жоғарылауы секілді әрекет етеді.

•Араластырғыш клапандағы қысымның төмендеуі – жоғары қысымның төмендеу операциясы жұқа тұрақты эмульсия және жақсы шаюды қалыптастырудан тұрады. Соған қарамастан, егер қысымның түсіп кетуі шектен тыс болып табылса, эмульсияны бұзу қиын болуы мүмкін.

9.4-кесте
Тұзсыздандырудың орташа шарты

Мұнайдың меншікті салмағы (°АНИ)	Тұзсыздандыру температурасы (°С)	Судың минималды қатынасы (% көлемі)
>40	110	2–4
30–40	110	4–8
	120	4–7
<30	130	8–10
	140	>10

Қысымның түсу тиімділігі жеңіл мұнай үшін 1,5 бар және ауыр мұнай үшін 0,5 барды құрайды.

•Сұйықтан мұнайды ажыратқыш түрлері – деэмульгаторлар толық электростатикалық коалесценция және тұзсыздандыруға көмектесу үшін қосылады. Олар ауыр мұнайларды өңдеу кезінде аса маңызды. Мұнайдың миллион бөлігіне 3-тен 10-ға дейінгі бөлік диапазоны деңгейінде пайдаланылады.

9.6 Дайындау сұрақтары

Тұзсыздандыру жүйесін жобалау кезінде келесі негізгі өлшемдер назарға алынады:

- Ағын сызбасын келісу (қарапайым бірсатылы немесе токқа қарсы түйіспелі тұзсыздандыру)
- Тұзсыздандыру сатыларының саны
- Қол жетімді гидратсыздандыру деңгейлері
- Шикі мұнайдағы тұзды судың тұздылығы
- Араластырғыш клапан тиімділігі
- Сұйылтуға арналған судың тұздылығы
- Мақсатты ФТБ ерекшелігі

9.7 Ақаулықты анықтау және жою

9.5.-кестеде бірқатар пайдалану проблемаларын немесе тұзсыздандыру процесі үшін маңызды проблемаларды шешуге пайдалы болып табылатын кеңестер берілген.

9.5-кесте

Проблемалар, себептері мен шешімдері

Проблемалар	Себептері	Шешімі
Тұзсызандырылатын шикі мұнайда тұз құрамының жоғарылығы	• Жоғары құрамда тұз ағыны • Шаятын суды айдау төмендігі • Шикі мұнай ағыны жылдамдығы жоба жылдамдығынан асып түседі • Шикі мұнай мен шаятын судың жеткіліксіз араласуы	• Шаятын су көлемін ұлғайтыңыз • Шикі мұнай шығынын азайтыңыз • Араластыру қысымының түсуін ұлғайтыңыз
Тұзсызданды-рылған ағынды судағы мұнай	• Фазаны бөлу деңгейі тым төмен • Бөлу шекарасында эмульсия белдеуінің қалыңдығы • Шикі мұнай мен шаятын суды шектен тыс араластыру • Шаятын су сапасының нашарлығы • Шикі мұнай температурасы төмен	• Фаза бөлігі деңгейін көтеріңіз • Химиялық заттарды айдаңыз немесе эмульсияны шығарыңыз • Араластыру қысымының төмендеуін азайтыңыз • Шаятын суда кез-келген қалдықтың болуын тексеріңіз

Жоғары деңгейдегі су тұзсыздандырылған шикі мұнайға тасымалданады	• Шаятын су шығыны тым жоғары • Шикі мұнайдағы судың шектен тыс түзілуі	• Шаятын су жылдамдығын азайтыңыз немесе химиикаттарды айдауды ұлғайтыңыз • Фазаны бөлу деңгейін төмендетіңіз және ағынды су қақпағын тексеріңіз

Сұрақтарға шолу

1. Шикі мұнай келесі екі негізгі себептер бойынша тұзсыздандырылуы тиіс:

a.

b.

2. Шикі мұнай тұзсыздандырылуы тиіс, егер ондағы тұз құрамы _____ ФТБ асып кетсе.

3. Келесі терминдердің анықтамасын беріңіз:

a. Қалдық су

b. Сұйылтуға арналған су

c. ООВ

4. Екі сатылы тұзсыздандыру процессінің бір сатылы тұзсыздандыру процесінен басты басымдылығы қандай?

5. Неге тұзсыздандыру құрғату процесі (эмульсияны өңдеу) барысында емес, содан кейін жүретіндігін түсіндіріңіз.

6. Екі сатылы тұзсыздандыру процесін баяндаңыз және қысқаша сипаттаңыз.

7. Мұнай кен орыны күніне құрамында 10 ФТБ тұзбен 200000 баррель таза мұнай өндіреді. Деэмульсатор эмульсиясындағы мұнай 0,3% суды құрайды (тұздылығы = 250000 мг/м^3, ал меншікті салмағы = 1,07). Тұзсыздандыру-құрғату процессінде мұнайды сұйылтуға арналған сумен араластырады (миллиондағы 3000 бөлігіндегі тұздылық және 1,02 меншікті салмақ) және 0,1% дейін құрғатады.

ООВ. Егер араластыру тиімділігі 80% құрайды деп болжайтын болсақ, онда төмендегілерді анықтаңыз:

a. Деэмульсатор эмульсиясындағы мұнай ФТБ тұз құрамын

b. Сұйылтуға қажетті су көлемі (күніне/баррель)

c. Жойылған су (күніне/баррель) және оның тұздылығы (мг/м^3) көлемі

8. Гидратсыздандыру-тұзсыздандыру жүйесі келесі элементтерден тұрады:

a. Бірінші кезең - тек құрғату (шаятын су қосылмайды) онда миллион бөлігінде 25000 бөлік тұздылық және 1,06 меншікті салмағы бар 10% су көлемінен тұратын шикізат алады. Гидратсыздандыру сулылығы 0,3% мұнай өндірісі үшін жүзеге асырылады.

b. Екінші кезең – тұзсыздандыру, мұнда бірінші кезеңнен ағын түседі және құрамында миллион бөлігінде 3000 бөлік тұз бар ағынды судың 10% көлемімен араласады. Содан кейін 0,2% ООВ мұнай өндірісі үшін гидратсыздандыру жүзеге асырылады.

Келесі ФТБ құрамындағы тұз көлемін анықтаңыз:

i. Бірінші кезеңге түсетін мұнай

ii. Бірінші кезеңнен өтетін мұнай

iii. Екінші кезеңнен өтетін мұнай

9. Екі сатылы тұзсыздандыру тәулігіне 100000 баррель таза мұнайды өңдеу үшін пайдаланылады. Бірінші кезеңге түсетін мұнай құрамында тұздың миллиондағы 280000 бөлігі бар және 1,07 меншікті салмақтағы 3% су көлемін құрайды. Мұнайды екінші кезеңдегі қайта пайдаланатын сумен араластырады (араластыру тиімділігі = 80%) және құрамында су көлемі 1% болғанша құрғатады. Екінші кезеңде мұнайды судың тұздың 3000 миллион бөлігі және 1,02 меншікті салмағы бар 7000 баррельмен араластырады (араластыру тиімділігі = 80%), ал содан кейін құрамында судың көлемі 0,1% және тұз құрамы 10 ФТБ болғанша гидратсыздандырады.

a. Сипатталған процестің құрылымдық сызбасын салыңыз.

b. Барлық нүктелердегі тұздылықты анықтаңыз (тұз фунтында/су баррельінде [фунтс/барр.w]).

c. Барлық нүктелердегі мұнайдағы тұз көлемін анықтаңыз (ФТБ).

d. Қайта пайдаланылатын су және екі кезең үшін жойылған су көлемін анықтаңыз.

e. Егер тұзсыздандырудың тек бір сатылы қондырғысы пайдаланылса, онда сұйылту көлемін анықтаңыз.

10
Шикі мұнайды тұрақтандыру және тазалау

Тұрақтандыру қондырғылары шикі мұнай мен конденсат қорларының ұшқыштығын төмендету үшін пайдаланылады. Технологиялық құрылғылар басқаша жағдайда, табиғи газ ағыны арасында жоғалуы мүмкін болатын көмірстуегі сұйықтықтарын барынша үлкен көлемде шығаруға арналған. Өндіріс көлемінің, сонымен қатар екі маңызды бу қысымына қойылған шектеулер және күкірт сутегінің рұқсат етілген құрамы есебінен АНИ градусындағы оның тығыздығының ұлғаюы тұрақтандырудан кейінгі негізгі мақсат болып табылады.

Бұл тарауда шикі мұнайды тұрақтандыру әдістерін қарастырады. Еріген газдарды және күкірт сутегін бөлу, мұнай шикізатын тұрақтандыру және тазалау процесстері қауіпсіздік қаупін және коррозия проблемасын төмендетеді. Газды бөлу науа және таспа түрлерін қоса алғанда, тұрақтандырғыштардың түрлі типтерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Тазалау ауаның шығу немесе булануы үшін пайдаланылатын инертті газдармен бірге тұрақтандыру немесе булану процестерін пайдаланады.

10.1 Кіріспе

Газсыздандырылған, құрғатылған, тұзсыздандырылған және шикі мұнай резервуарларға сақтау үшін жинау жүйесіне айдалады. Алайда, жеңіл немесе аралық көмірсутегі тобына жататын (3-тарауда сипатталғандай) қандай-да бір ерітілген газ болған жағдайда бұл газдарды мұнайды сақтауға жөнелткенге дейін күкіртсутегімен (H_2S, егер ол шикі мұнай құрамында болса) бірге бөліп алу қажет. Бұл процесс шикі мұнайды тұрақтандыру және тазалауға арналған қосарлы процесс ретінде сипатталған.

Тұрақтандыру, резервуардағы сұйықтықтарда сақталатын пентан және жеңіл фракцияларды реттеу кезінде мұнайдың тығыздығын өзгертуге болады. Шикі мұнайдың өндірістік бағасы тиісінше, оның тұрақтылығына байланысты. Біріншіден, сұйық мұнайды сақтауға және нарықтағы газға қарағанда, тиімді шартпен тасымалдауға болады. Екіншіден, жеңіл шикі мұнайдағы газ шығының сақтау кезінде барынша азайтуға болады.

Бұл тарауда өндіріс көлемін барынша арттыру үшін шикі мұнайды тұрақтандыру әдісін, сонымен қатар бу қысымымен салынған екі маңызды шектеулер және күкіртсутегінің рұқсат етілген құрамы есебінен АНИ градусындағы оның тығыздығы қарастырылады.

Тұрақтандыру мен тазалаудың шикі мұнай сапасына ықпалын сипаттау үшін өңдеуге дейінгі және өңдеуден кейінгі мұнай қасиеттері келесідей үлгіде салыстырылады:

Өңдеуге дейін

- Шикі мұнайдағы эмульсия түріндегі су құрамы 3% дейін және бос су түріндегі шикі су 3%-дан 30% дейін құрайды.
- Тұз құрамы: 50000-250000 мг/л қойнау суы
- Газ: газ-мұнай қатынасына байланысты еріген газдар көлемі жағынан ажыратылады (СГН)
- H2S: салмақтан алғанда миллионның 1000 бөлігіне дейін
- Өңдеуден кейін (қосарлы мақсаттағы операциялар)

Жоғары күкіртті, ылғалды, тазартылмаған шикі мұнай сақтау, қайта өңдеу және сыртқа шығару үшін қауіпсіздігі және экологиялық жарамдылығы үшін өңделуі тиіс. Осылайша, су және тұзды жою коррозияны болдырмау үшін міндетті болып табылады; газдардың сепарациясы және H2S шикі мұнайды қауіпсіз және өңдеу үшін экологиялық тиімді жасайды.

- Су құрамы (су-балшық тұнбасы): 0,3% көлемі бойынша, максимум
- Тұз құрамы: 1000 баррель мұнайда (PTB)10–20 фунт тұз (NaCl)
- Бу қысымы: RVP шаршы дюймда 5-20 фунт (Рейд бойынша бу сеpпімділігі)
- H2S: 10–100 масс.сағ.

Шикі мұнай, егер одан қауіпті қышқыл газдар бөлініп алынса, иісі кетірілген деп есептелінеді. Екінші жағынан, егер 100 галлон мұнайда еріген H_2S 0,5 $фт^3$ болса, ол қышқыл ретінде жіктеледі. Күкіртсутегі газы уландырғыш қаупін білдіреді, себебі оның ауа құрамында 0,1% уытты болып табылады және 30 минут ішінде өлімге алып келеді. Қосымша өңдеулер жүргізу міндетті болып табылады, осы қосарлы операцияның көмегімен шикі зат құрамындағы H_2S бірге кез-келген мұнай газ қалдықтары бөлініп алынады. Тұрақтандырғанға дейін шикі мұнай, әдетте, оның қысымын атмосфералық қысымға дейін төмендету мақсатында сақтау үшін 10.1-суретте көрсетілгендей, сфероидке жолданады.



Capacity – Сыйымдылық
Relief – Қысымды төи,ьңз
To flare – мұнара
Low pressure compressor section – Төменгі қысымдағы компрессор секциясы
Crude to dtabilizer at oil processing center – Шикі мұнайды өндеуғ орталығына тұрақтандырғыш жолданады
shipping pumps – Тасымалдауға арналған сораптар
Crude from LPPT or desalter – LPPT немесе минералсыздандырудағы мұнай

10.1-сурет
Тұрақтандыруға дейін сақтауға арналған әдеттегі сфероид

Шикі мұнай мұнайды өңдеу орталығына тұрақтандырғыш жолданады Шикі мұнайды тұрақтандыру және таалау *213*

10.2 Тұрақтандыру процесі

6-тарауда көрсетілгендей, мұнайды бөліп алу үшін шикі мұнай газ қоспасын бөлудің дәстүрлі процесі шамамен ернеу қысымынан атмосфералық қысымға дейінгі қысым диапазонында жұмыс жасайтын (газ-мұнай сепарациялық қондырғы [GOSP]) булану ыдыстарынан тұрады. Шикі мұнай GOSP немесе минералсыздандырудың соңғы сатысынан өткеннен кейін, соңғы сатыдағы жалпы қысымға тең болатын бу қысымына ие болады. Әдетте, бұл жүйенің жұмысы шикі өнімде шаршы дюймдағы 4-тен 12 фунтқа дейінгі диапазонда Рейд бойынша бу қысымына алып келеді. Шикі мұнайдың парциалды қысымының үлкен бөлігі төмен қайнайтын қосындылардан келіп түседі, олар көбінесе күкіртсутегі, метан және этан секілді молекулаллық салмағы төмен күкіртсутегінде шағын көлемде болуы мүмкін.

Енді, тұрақтандыру аса құнды компоненттердің шығынынсыз ұшқыш қосындыларды жоюға бағытталған. Бұл әсіресе, сақтау кезінде

желдету себебінен көмірсутегінің шығынына қатысты, дұрыс болады. Бұдан басқа, көмірсутегінің төменгі қайнау температурасында болатын будың жоғары қысымы қауіпсіздікке қатер тудыруы мүмкін. Тұрақсыз мұнайдан бөлініп шығатын газдар да ауадан ауыр және ауыр таралады, сондықтан үлкен жарылу қаупі орын алады.

Тұрақтандыру механизмі сатылы сепарацияны және аршылым жұмыстарын пайдалана отырып, тез түзелетін булардың ұшқыр компоненттерінің бөлінуіне негізделген.

3.1.-тарауда көрсетілгендей, мұнайды тұрақтандыру үшін анықталған екі негізгі техникалық сипаттамалар Рейд бойынша (RVP) бу қысымы және күкірт сутегі құрамы болып табылады. Осы техникалық сипаттамалар негізінде түрлі жағдайлар туындауы мүмкін:

• 1-жағдай – күкіртсіз мұнай (күкіртсутегінсіз); тұрақтандыру қажет етілмейді. Бұл жағдайдың шарты мұнай тазалау ғимараты кешенінде газ-бензин қондырғысының болуы болып табылады (яғни, петандар және аса ауыр көмірсутектерін бөлуге арналған қондырғылар); резервуарда будың жинақталуына (буды ұстауға арналған қондырғының көмегімен [VRU]) және 10.2-суретте көрсетілгендей олардың тікелей газ-бензин қондырғысына жөнелтілуіне мүмкіндік беріп, тұрақтандыруды жүргізбесе де болады.

• 2-жағдай – жоғары күкіртті мұнай; тұрақтандыру міндетті болып саналады. Бұл жағдай үшін мұнай тазалау имараттары кешенінде газ бензин қондырғысының болмайтындығы болжанады. Шикі мұнайды тұрақтандыру 10.3-суретте баяндалған тәсілдердің бірін қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Негізінен шикі мұнайды тез қайта түрлендіру немесе бензинсіздендіру арқылы жүзеге асырылады.

Күкіртсутегі құрамы ұңғымадағы ағынында тұрақтандыру әдісіне күшті ықпал етуі мүмкін деген қорытынды жасауға болады. Сондықтан, сұйық көмірсутегін бөліп алу азаюы мүмкін, шикі мұнайды бензинсіздендіру талабы Рейд бойынша көрсетілген бу қысымына қарағанда H2S ерекшелігіне сәйкес келеді. Тиісінше, осы өндірістік нысан үшін инвестициядан барынша үлкен экономикалық қайтарымды қамтамасыз ету үшін өнімнің техникалық сипаттамасы жеке анықталуы тиіс.



Case – жағдай
Crude oil – шикі мұнай
Storage tank – резервуар
LPG and gasoline flare – ШФЛУ және бензин жағуға арналған жалғама
Gasoline plant is available, stabilization is eliminated – Газбензин зауыты іске жарамды болғанда тұрақтандыру пайдаланылмайды
VRU – УКП

10.2-сурет

Кен орынын тұрақсыздандырусыз пайдалану



FIGURE 10.2
Field operation with no stabilization.

Degassed, dehydrated crude oil – газсызандырылған, құрғатылған шикі мұнай
Case – Жағдай
Gasoline plant is not part of the field fecilities – Газбензин қондырғысының болмауы
Extra GOS – Қосымша ОТТ
Stabilized oil – Тұрақтандырылған мұнай
Srab., Col. –
Gasses for further processing and recovery –

10.3-сурет

Шикі мұнайды тұрақтандыруға арналған баламалар.

10.2.1 Тез қайта түрленумен тұрақтандыру (қосымша газ мұнай сепараторы)

Тез қайта түрлендіру арқылы тұрақтандыруда сақтауға арналған резервуар үстіне орналасқан, шағын, қымбат емес ыдысты пайдаланады. Ыдыс атмосфералық қысыммен жұмыс жасайды. Сепартордан бөлініп шыққан булар УУП көмегімен жиналады. Мұндай тәсіл шағын көлемдегі сұйықтықтарды өңдеу жүретін аз көлемдегі мұнай учаскелері үшін ұсынылады. Тұрақтандыру процесі негізіне алынатын принциптер, 6-тарауда қарастырылған газ мұнай қоспасы сепарациясы секілді.

10.2.2 Бензинсіздендіру арқылы тұрақтандыру

Бензинсіздендіру кезінде үрлеу немесе булану үшін инертті газдар пайдаланылады, олар шикі мұнайдың негізгі салмағынан қажетсіз компоненттерді ығыстырып шығару үшін не энергия, не салмақ (қайнау температурасы төмен көмірсутегі және күкірт сутегі) болуы мүмкін. Мұндай тәсіл үлкен көлемді сұйықтықтарды өңдеу және УУП болмаған кезде экономикалық орынды болып табылады. Бұдан өзге, оны үрлемелі газ тұрақтандыру үшін пайдаланылатын күкіртті мұнайды тұрақтандыру үшін қосарлы мақсаттағы операцияларға пайдалану ұсынылады. Бензинсіздендіруді жүргізу үшін тұрақтандыру колонналары қондырғылары пайдаланылады.

10.3 Табақты тұрақтандырғыш түрлері

Әдетте табақты тұрақтандырғыштардың екі негізгі түрі пайдаланылады. Қарапайым рефлюксті түрі, әдетте, шаршы дюймда 150-ден 300 фунтқа дейінгі абсолютті қысымда жұмыс жасайды. Олар өнеркәсіп қондырғыларында пайдаланылмайды. Олар, көбінесе, үлкен өнеркәсіп қондырғыларына үйлеседі. Рефлюксті емес тұрақтандырғыштар, әдетте, шаршы дюймда 55-тен 85 фунтқа дейінгі абсолюттік қысым кезінде жұмыс жасайды. Олар салқындай берілетін тұрақтандырғыштар ретінде белгілі. Олар кейбір шектеулерге ие, бірақ, әдетте, өнеркәсіп қондырғыларында құрылымы мен пайдалану қарапайымдылығы себебіне байланысты пайдаланылады.

10.4 Рефлюксті емес тұрақтандырғыштар

Көмірсутегі сұйықтықтары сепараторлардан бөлінген кезде, сұйықтық өз бу қысымында немесе қайнау басындағы температура кезінде болады. Әрбір келесі қысымды төмендетумен қосымша булар босап шығады. Сондықтан, егер сұйықтық тікелей жоғарғы қысымды сепаратордан сақтауға арналған резервуарларға орналастырылған болса, онда

қалыптасқан аса жеңіл булар, сонымен бірге аса ауырларының жоғалуы да орын алады. Газ мұнай сепарациялық қондырғыларында тазалаудың көп кезеңдерінің қажеттілігі осымен түсіндіріледі. Пайдаланылатын кезеңдердің санына қарамастан, кейбір бағалы көмірсутектері соңғы сепарация кезеңінен кейін колонна үстінен бөлінетін немесе сақтау үшін резервуарларға жөнелтілетін бумен жойылады.

Көмірсутегі сұйықтығының максималды көлемі соңғы кезеңде сепараторлық сұйықтықты ажырату арқылы ерітінді буын барынша аз жоғалтумен резервуар жағдайында алынуы мүмкін. Сондықтан, колоннаның төменгі бөлігіндегі температураны ұлғайту кезінде босатылған бу жоғарыдан берілетін салқынның кері ағынымен кездесетін қарапайым ректификациялы колонналар пайдаланылады. Өзара әрекеттесу колоннаның әрбір жаймасында жүреді. Булар десорбациялы реагенттер ретінде әрекет етеді, ал процесс тұрақтандыру ретінде сипатталады.

10.4.1 Құрал-жабдықтар және пайдалану.

Жалпы алғанда, қарапайым ректификациялы колонна суландыру, сораптар, конденсаторлар, салқындатқыш су және инженерлік желілер секілді, көбінесе мұнай кен орындарында бола бермейтін негізгі қосалқы заттарды қажет етеді. Екінші жағынан, тұрақтандырғыштар немесе айдау колонналары осындай қосалқы құрал-жабдықтардың барынша аз көлемімен жұмыс жасауы мүмкін. 10.4-суретте тұрақтандырғыштың қарапайым үлгісі көрсетілген.



Gas to flare or fuel - Жағуға арналған газ немесе отын
Cold feed – Салқындау
Stabilizer – Тұрақтандырғыш
Reboiler – Ребойлер
Crude cooler – Шикі мұнайды салқындатқыш
Hot oil return – Ыстық майды айдау
Hot oil supply – Ыстық майды тасымалдау
CW return – ОВ кері қайтару
CW supply – ОВ тасымалдау
Stabilized oil – Тұрақтандырылған мұнай

10.4-сурет
Науа түріндегі бір үлгідегі тұрақтандырғыш.

Салқын күйде берілетін тұрақтандырғыштар, әдетте, белгіленген жоғарғы және төменгі температура кезінде жұмыс жасайды. Олардың біріншісі, барынша үлкен көлемде бөліп алуға мүмкіндік беретіндей аса төмен болуы тиіс, бұл кезде соңғысы өнімнің төменгі қысымын ұстап тұратындай етіп, реттеледі. Жоғарғы газ температурасы сұйықтық беру температурасына ұқсастығын айта кету қажет, себебі сұйық беру үшін

колоннадан шығатын бу салмағының қатынасы, біршама аз.

Көптеген тұрақтандырғыштар шаршы дюймда 200 фунттан астам абсолютті қысымда жұмыс жасайды және 20 шыны сауыттардан тұрады. Жоғары қысымдағы тұрақтандырғыштар жоғарғы және төменгі сауыттар арасындағы температураның аса жоғарғы ауытқушылығына байланысты үлкен сауыттарға ие болады. Қосымша сауыттар колоннаға тепе-теңдікке жақын жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Диаметрі 20 дюймнан төмен колонналар, әдетте сауыттарды емес, қораптарды пайдаланады. Мұндағы пайда мұнараның 1 фут2 учаскесінде күніне шамамен 1000 баррель сұйықтық өңделу мүмкіндігінде. Кейбір құрылымдарда салқын күйде берілу, жоғарғы сауыттарды газ шығару кезінде сұйықтықтың ауысуының алдын-алу мақсатында пайдалана отырып, жоғарыдан төмен жатқан бірнеше сауыттарға енгізіледі.

Кен орындарында тұрақтандырғышты пайдалану келесідей үлгіде сипатталады. Газ-мұнай сепарациялық қондырғысынан шығатын салқын сұйықтық (мұнай) колоннаның жоғарғы табақшасына беріледі, онда ол төменнен көтерілетін бумен байланысады. Жоғары көтерілетін бу сұйықтықтағы жеңіл фракцияларды босатады (яғни, десорбациялы агент ретінде болады). Бұл мезетте ішкі рефлюкс ретінде әрекет ететін салқын сұйықтық конденсатталады және тазарту процесіндегі секілді шығатын будағы ауыр фракцияларды сұйылтады. Бөлімнің тор құрылымы арнаулы бөліммен салыстырғанда біршама тиімді (3% -7% артық).

Теория тұрғысынан алғанда, тұрақтандырғыштар белгілі бір техникалық сипаттамасы бар өнімді тұрақтандыру үшін жоғарғы және төменгі температуралардың түрлі үйлесімділігі кезінде жұмыс жасай алады. Жалпы, жоғарғы қысымның ұлғаюына қарай аса жеңіл фракциялар төменгі бөлігінде топталады. Қалыпты жұмыс кезінде бастапқы жағу кезінде, жеңіл фракциялардың тым үлкен көлемі шығынынсыз мүмкін болатын, барынша кіші көлемдегі қысымды пайдалана отырып, мұнараны пайдалануға болады.



To gas recovery – Газды шығару үшін
Typical gas content – Типтік газ құрамы
Bottom – түбінде
Mole – моль
Crude – шикі мұнай
Ambient temperature – Қоршаған орта температурасы
3-pass valve trays – 3 сорғыш клапан науасы
Fouling service water every 1-52 months – Әрбір 1-52 айда ылғалды тазалау
Thermosiphon reboilers – Термосифонды ребойлер
Total duty – Толық жүктемесі
Steam – Су буы
Cond. – Кондиц.
Stabilizer column – тұрақтандыру бағанасы
Bottom temperature depends on H2S content – Төменгі температура H2S құрамына байланысты

10.5-сурет

Науа түріндегі типтік тұтандырғыштардың жұмыс мәліметтері

Бұл газдың бөлінуін барынша азайтуға мүмкіндік береді және колонна жұмысын тепе-теңдік жағдайына жақындатады. Бұдан өзге, аса төмен жұмыс қысымы аз көлемдегі отын шығынымен ребойлердің аз жүктемелілігін талап етеді.

Қуаттылығы 40 000 баррель/күніне кері ақпайтын тұрақтандырғыштаға арналған жұмыс мәліметтері 10.5-суретте келтірілген.

10.5 Тұрақтандырғыштарды қолдану тәсілдері мен негізгі сипаттамалары

Жергілікті жерлерде мұнай табу операциялары үшін пайдаланылатын тұрақтандырғыштардың төмендегідей сипаттамалары болуы тиіс:

• Автономды болуы және осы саладағы отынға арналған табиғи газ секілді қол жетімді энергия көздерінің барынша аз болуын талап етуі тиіс.

• Тұрақтандырғыштар автоматты түрде және үздіксіз жұмыс жасауы тиіс.

• Тұрақтандырғыштар қарапайым, бірақ сенімді басқару жүйесімен жабдықталуы тиіс.

• Құрылымы кен орынындарында бөлшектеу және қайтадан жинау үшін қарапайым болуы тиіс.

• Тұрақтандырғыштарға техникалық қызмет көрсету қарапайым және түсінікті болуы тиіс.

Екінші жағынан тұрақтандырғыштарды қолдану келесідей пайдалану жағдайларында тым қарапайым арнаулы бөлімдермен дұрыстығын көрсетті:

• Бірінші кезеңдегі сепарация температурасы 0 °F –тен 40 °F дейінгі диапазонда болады.

• Сепарация қысымы бірінші кезеңде шаршы дюймда 1200 фунттан асып түседі.

• Резервуардағы сұйық мұнайдың меншікті салмағы 45 °АНИ асады.

• Тұрақтандырылуға жататын мұнай құрамында мұнайдың меншікті салмағының 45 °АНИ аз екендігіне қарамастан пентанттар мен аса ауыр көмірсутектерінің біршама көлемі болады.

• Құрамында жеңіл фракциялар көлемінің аз болуын талап ететін мұнайдан алынған өнімдер құрамының техникалық сипаттамасы нарықпен белгіленеді.

10.6 Шикі мұнайды тазалау

Күкіртсіз шикі мұнайды тазалау проблемасынан басқа күкіртсутегі, меркаптандар және басқа да күкірт қосындылары бар жоғары күкіртті шикі мұнай мұнай кен орындарындағы өндірістік нысандарда әдеттен тыс өңдеу проблемаларын тудырады. Ұңғыма ағынында күкіртсутегі және басқа да күкірт қосындыларының болуы көптеген шектеулер қоя-ды. Олардың ішінде аса маңыздылары:

Қызметкерлердің қауіпсіздігі мен коррозиядан қорғау H2S кон-центрациясын қауіпсіздік деңгейіне дейін төмендетуді талап етеді.

Мыс және мыс материалдар күкірт қосындысына ерекше әсер етеді; оларды пайдалануға тыйым салынуы тиіс.

Болат құрылымдарда кернеу мен сульидтен шытынау пробле-масы туындайды.

Меркаптан қосындысының жағымсыз иісі болады.

Тұрақтандырумен қатар, шикі мұнайды тазалау аса жеңіл және қауіпсіз тазалауды жүргізуге мүмкіндік беретін, сонымен қатар шикі мұнайдың сатылымын жақсартатын және нығайтатын қосарлы операцияларды да тудырады.

Өндірістік нысандарда тазалау үшін үш жалпы сызба пайдаланылады:

Процесс	Инертті газ
Инертті газдың көмегімен булану сатысы	Масса (газа)
Инертті газды пайдаланумен науа түріндегі тұрақтандыру	Масса (газа)
Ребойлерді пайдаланумен науар түріндегі тұрақтандыру	Энергия (қыздыру)

10.6.1 Инертті газдың көмегімен кезең-кезеңмен буландыру

Инертті газдың көмегімен кезең-кезеңмен буландыру өзінің атауы айтып тұрғандай, инертті газды пайдаланумен қатар, оның кезеңдерінің бөлінуін пайдаланады. Күкіртсутегі, әдетте, бу қысымы пропанға қарағанда көп, бірақ этаннан аз болатын негізгі күкірт компоненті болып табылады. Қалыпты кезең-кезеңмен бөлу былайша жүреді, сұйықтық резервуарындағы этан және пропан күкіртсутегімен бірге босатылып алынады. Жүйенің десорбациялық өңдеу тиімділігі құрғақ (күкіртсіздендірілген) газды бөлініп алынатын сұйықтықпен бірге бөлудің әрбір кезеңінде араластыру арқылы жақсартылуы мүмкін.

10.6-суретте мұнайды күкіртсіздендіру/тұрақтандыру үшін бөлінетін газды пайдалана отырып, типтік кезең-кезеңмен буландыруды көрсетеді. Бұл процестің тиімділігі бөлудің бірінші кезеңінде болған қысымға (қозғалушы күш ретінде), ағын құрамына, сонымен қатар күкіртсіз мұнай үшін белгіленген түпкілікті техникалық шарттарға байланысты.

10.6.2 Инертті газды пайдаланумен науа түріндегі тұрақтандыру

Инертті газды пайдалану процесінде науа түріндегі тұрақтандыру, бағыттаушы ретінде күкіртсіз газды пайдаланумен табақшалы тұрақтандырғыш (кері ағыусыз) 10.7-суретте көрсетілген.



Sour crude inlet sream – Жоғары күкіртті мұнайдың шығу ағысы
First stage – Бірінші кезең
Sweet gas inlet – Күкіртті газды жіберу
Mixer – Араластырғыш
Stock tank – Сақтау резервуары
Sweetened crude – Күкіртті мұнай
Flare – Жағу
High pressure sour gas – Жоғары қысымды майлы газ
Intermediate – Орташа
Low – Төменгі
Low pressure separator – Төменгі қысым сепараторы

10.6-сурет
Бағыттаушы газды пайдаланумен кезең-кезеңмен буландыру арқылы тазалау.



Sour crude inlet sream – Жоғары күкіртті мұнайдың шығу ағысы
First stage – Бірінші кезең
Sweet gas inlet – Күкіртті газды жіберу
Stabilizer – Тұрақтандырғыш
Low pressure separator – Төменгі қысым сепараторы
Stock tank – Сақтау резервуары
Sour gas to incinerater – Жағуға арналған майлы газ
Sweetened crude – Күкіртті мұнай

10.7-сурет

Бағыттаушы газды пайдалану арқылы науа түріндегі шикі мұнайды тұрақтандыру.

Мұнай бірінші сепаратордан шыққанда құбылмалы десорбер газ ағынында колоннаның жоғарғы табақшасына береді.

Мұнара түбінде төменгі қысым жүреді. Құбылмалы шикізат ыдыс қорына жөнелтіледі, бұл кезде газ сепараторының жоғарғы бөлігінде жинақталған бу, ереже бойынша жағылады. Бұл булар қауіпсіздік тұрғысынан ауаға шығарылмауы тиіс.



Sour gas – Майлы мұнай
Sour crude inlet sream – Жоғары күкіртті мұнайдың шығу ағысы
First stage – Бірінші кезең
Stabilizer – Тұрақтандырғыш
Reboiler – Ребойлер
Crude cooler – Мұнай салқындатқыш
Hot oil return – Ыстық майды айдау
Hot oil supply – Ыстық майды тасымалдау
CW return – ОВ кері қайтару
CW supply – ОВ тасымалдау
Sweet crude to stock tank – Күкіртті мұнайдың сақтау резервуарына өту

10.8-сурет
Ребойлерді пайдалану арқылы науа түріндегі тұрақтандырумен шикі мұнайды тазалау.

Күкіртсутегі қауіпті және ауадан аздап ауыр болып табылады; ол тұндырғыштарда немесе тереңдетілген жерлерде жинақталып қалуы мүмкін.

Бұл процесс алдыңғыға қарағанда тиімдірек болып табылады. Алайда, науалардың тиімділігі колонна басында біршама шектеулер туғызуы мүмкін. Тек 8% тиімділік үшін 1 теориялық тілік нақты 12 науаны қажет етеді. *

10.6.3 Ребойлерді пайдаланумен науа түріндегі тұрақтандыру

Ребойлерді пайдаланумен науа түріндегі тұрақтандыру жоғары күкіртті шикі мұнайды тазалау үшін аса тиімді құрал болып табылады. 10.8-суретте ребойлерді пайдаланумен науа түріндегі типтік тұрақтандырғыш көрсетілген. Оның жұмысы бу колонна бойынша үрмелі газдың емес, ребойлердің көмегімен көтерілетіндігін қоспағанда, үрлемелі газды пайдаланатын тұрақтандырғыш жұмысына ұқсас. Бұл булар аса тиімді болып табылады, себебі тым жоғары температураның болуына байланысты олар импульс қуатына ие болады.

Күкіртсутегіндегі бу қысымы пропанға қарағанда жоғары болатындығына байланысты мұнайдан күкірт сутегін бөліп шығару біршама оңай болып табылады. Екінші жағынан науа түріндегі тұрақтандырғыш колонна сыртында пентандар мен аса ауыр көмірсутектері шығынын барынша азайту үшін бу/сұйықтық байланысының жеткілікті көлемін қамтамасыз етеді.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Шикі мұнайды тұрақтандыру бойынша қызметтерді түсіндіріңіз.
2. Неге жеңіл шикі мұнай тұрақтандырды қажет етеді, ал ауыр мұнай қажет етпейді?
3. Тазартылған және күкіртті шикі мұнайдың айырмашылықтары қандай?
4. Мұнайды күкіртсіздендіру үдерісінің қызметі қандай?
5. Шикі мұнайдан H_2S неге бөліп алу қажет?
6. Жағу арқылы тұрақтандыруға қалай қол жеткізуге болатындығын баяндаңыз. Бұл тұрақтандыру әдісін қандай жағдайларда пайдалануға болады?
7. Шикі мұнайды тұрақтандыру кезіндегі десорбация принципін сипаттап беріңіз.
8. Шикі мұнайды тұрақтандыруды пайдаланудың шарттары қандай?
9. Шикі мұнайды тазалаудың келесі процестерінің жұмыс принциптерін сипаттаңыз:

А. Десорбация газын пайдаланумен булану кезеңі

Б. десорбациялайтын газды пайдаланумен науа түріндегі тұрақтандыру

В. Ребойлерді пайдаланумен науа түріндегі тұрақтандыру

* Бағандар екі теориялық науаға қарағанда, 24-28 фут немесе одан көп биіктікпен шектелген, себебі науалар бір-бірінен шамамен 2 фут алшақтықта орналасқан.

11
Өңдеудің басқа үлгілері

Шикі мұнай өндіріс және бөлінуден кейін 8-10-тарауларда қарастырылған хронологиялық тәртіпте өңдеуге ұшырайды. Бұл өңдеу процесі сапалы мұнай өнімін алу үшін міндетті болып саналады. Бұл тарауда шикі мұнайды өңдеу процесінің басқа тәсілі қарастырылады. Келесі критериялар шикі мұнайды өңдеуді жүргізудің кейбір типтік жағдайлары болып табылады:

• Нарықтық бағасын қосу үшін оның сапасын көтеру мақсатында шикі мұнайды өңдеу (MVA)

•Жоғарғы сату деңгейін қосу үшін оның сапасын арттыру мақсатында шикі мұнайды өңдеу (SVA)

•Айырықша шарттарда өңдеу

11.1 Нарықтық бағасын қосу үшін өндірістік өңдеу (MVA)—1-жағдай

Шикі мұнайгаз қоспасын өңдеу, біз байқағандай, әдеттегі кен орындарын өңдеуге арналған дәстүрлі процедуралар бойынша жүргізілді. Алайда, шикі мұнай келесі жағдайларда өңдеуді қажет етуі мүмкін:

•1-жағдай: нарықтық бағасын қосу үшін өндірістік өңдеу (MVA)
•2-жағдай: жоғары сату деңгейін қосу үшін өндірістік өңдеу (SVA)
•3-жағдай: айырықша шартта өңдеу

Кен орындарындағы шикі мұнайды өндірістік өңдеу туралы айтқан кезде мұнай өндірісі кезіндегі келтірілген жалпы шығындар мен шығыстарды ескеру қажет, ал оларды есептеу тәсілі 5-тарауда түсіндірілді.

Мұнай өндіру саласында бір баррель мұнай өндірудің жалпы шығыны екі негізгі компоненттер соммасын білдіреді:

1. Мұнай өндірудің нобайлы кезеңінде кен орыны құнын өтеу.
2. Нақты объектідегі амортизациялық шығындар (құрал-жабдықтар) плюс мұнай өндіру кезеңінен кейінгі келтірілген операциялық шығындар. Жалпы құнын ($) кен орынының өнімділігіне (баррелге) бөлу $/баррель құнын беруі тиіс.

2-жағдайды талқылау кезінде біз тек, бірінші компонентпен істес боламыз, яғни кен орын құнын өтеуге арналған шығындар.

11.2 Жоғары сату деңгейін қосу үшін өндірістік өңдеу (SVA)— 2-жағдай

Бұл жағдайда шикі мұнайды тазалау процесін нарықтық құнын қосуды алу мақсатында пайдалану болжанады. MVA ағымдағы нарық бағасының орнығуы немесе физикалық объекті мен бастапқы капитал инвестициясы арасындағы айырмашылық ретінде анықталады. Егер MVA оң болса, фирма бағасын қосады. Егер ол теріс болса, фирма құнын жоғалтады. Математикалық тұрғыдан:

$$MVA = C - C_o$$

мұнда MVA - қосылған құн мәні, С – физикалық объектінің ағымдағы құны, ал Со –бастапқы күрделі салым.

Ендігі біздің шикі мұнайды өндірістік өңдеу кезіндегі мақсатымыз, белгіленген процесті пайдалана және жоғарыда аталған критерийлерді ескере отырып, оның сапасын арттыру.

MVA шикі мұнай күкірт құрамы, АНИ градусындағы тығыздығы және мұнайдың жабысқақтығы секілді көптеген факторлармен анықталады.

Келесі жағдайды талқылауда, «АКСН кейін нарық құнын қосу және коррозиядан қорғау/иіссіздендіру үшін барлық шикі мұнайды өндірістік өңдеу» (Меричем компаниясы, 2012), келесі жинақталған нысанда ұсынылады:

Сатып алушыға берілетін құндылық негізінде күкіртті мұнайды меркаптанды өңдеу көптеген басымдылықтарға алып келуі мүмкін. Бұл иіссіздендіруден, коррозиядан қорғаудан, сонымен қатар уыттылығын азайтудан тұрады. Өз кезегінде алынған басымдылықтар тасымалдау шығындарын және иіске жеген шағымдар санын азайтатындығы айтылады.

Ұсынылатын өңдеу блогының жобалық қуаттылығы пайдалану тәулігі үшін 65000-190000 баррель.

ПРОЦЕСТІ ТАЛДАУ

Зерттеуде өңдеуге дейінгі және одан кейінгі шикізаттың (шикі мұнайдың) қасиеттерін салыстыру хабарланады және келесідей көрсетілген:

Шикі мұнай концентрациясы

	Өңдеуге дейін (масс.ч.)	Өңдеуден кейін (масс.ч.)
CO2	40	Ноль
H2S	60	1
Меркаптандар, S секілді	150–650	30 (макс)

Бұл тарауда мұнаймен бірге өндірілген суды тазалау жүйесі алғаш рет суды тазалау жүйесі жабдықтарымен бірге сипатталады. Сонымен бірге, суды тазалау кезінде пайдаланылатын жабдықтарды дайындау және калибрлеумен және суды жоюға арналған құрылғылармен байланысты өлшемдер беріледі. Жабдықтарды таңдау үшін ұсынылатын процедуралар мен ұғымдар талқыланады.

15.1 Теориялық негіздері

Су өндіруді пайдалану, экономикалық және экологиялық проблемаларды туғызады. Шикі мұнаймен немесе табиғи газбен бірге су өндіру өндірудің барлық жүйесінде қысым шығынының ұлғаюы есебінен ұңғыманың өнімділігін төмендетеді. Бұл өндіріс көлемінің қысқаруына немесе өндірудің қажетті деңгейін ұстау үшін жасанды көтеруге арналған қымбат тұратын жүйе құрылғыларының қажеттілігіне алып келуі мүмкін. Су өндіру сонымен бірге, операция құнын ұлғайтатын үлкен коррозия проблемасына да алып келеді. Кітаптың алдыңғы тарауларында талқыланып өткендей мұнай және табиғи газбен бірге су өндіру үшфазалы сепараторларды пайдалануды, эмульсияларды өңдеуді жән жүйені тұзсыздандыруды қажет етеді, бұл операция құнын одан да көп ұлғайтады.

Көп жағдайларда мұнаймен бірге өндірілген судың ешқандай құндылығы болмайды және жойылуы тиіс. Кейбір жағдайларда өндірілген су қойнау қысымын ұстау және суландыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Мұнаймен бірге өндірілген, сепарация, эмульсиялық тазалау және тұзсыздандыру жүйесі арқылы алынған суды экологиялық қауіпсіз жою үшін тым жоғары болып табылатын көмірсутегі концентрациясынан тұруы мүмкін.

Суда көмірсутегі тамшыларының болуы суды ағынды суларды ағызу үшін ұңғымаларға немесе мұнай беруді арттыру үшін су айдау ұңғымаларына енгізуді қиындатады. Бұл көмірсутегі тамшыларының қойнауды тығындаудың ашылуын туғызатындығына байланысты орын алады. Барлық жағдайларда, көмірсутегі көлемін рұқсат етілген шекке дейін төмендету үшін мұнаймен бірге өндірілетін су тазалануы тиіс. Ауыр мұнай бар кен орындары үшін мұнаймен бірге өндірілген су мұнай беруге қажетті буларды өндіру үшін пайдаланылуы мүмкін. Бұл жағдайда су сапасы бу түзілуі үшін жеткілікті болу үшін тұз және басқа да минералдар концентрациясын азайту мақсатында қосымша химиялық өңдеулер қажет болады.

Бұл тараудың мақсаты мұнаймен бірге өндірілген судан мұнайды жою үшін пайдаланылатын жабдықтарды таңдау және калибрлеу үшін пайдаланылатын процедуралар мен ұғымдарды беру.

15.2 Мұнаймен бірге өндірілетін судың сапасын бағалау

Тазартылған су сапасы (яғни максималды рұқсат етілген мұнай концентрациясы және мұнай тамшысының максималды рұқсат етілген көлемі) айдау немесе суды жою талаптарын сақтау үшін анықталады. Экологиялық тұрғыдан алғанда мұнаймен бірге өндірілетін судан барлық мұнайды алып тастау немесе минимум техникалық мүмкін болатын барынша аз деңгейін қамтамасыз ету қажет. Алайда, бұл біршама қосымша пайдалану шығындарын туғызуы мүмкін. Сондықтан, әдетте мұнайдың максималды рұқсат етілген көлеміне қол жеткізу үшін операторлар суды тазалауды жүргізеді. Мұнаймен бірге өндірілетін су сапасы туралы ақпараттар осы мақсатқа жететін тиісінше тиімді және үнемді тазалау жүйесін жобалау үшін қажет болып табылады. Бұл нақты кен орындарындағы үлгілерді лабораториялық талдауларға байланысты. Алайда, әдетте мұндай үлгілер, әсіресе жаңа кен орынын дайындау үшін тазалау жүйелерін жобалау кезінде болмайды.

Шартты түрде айтқанда, өндіру, сепарация және тазалауға арналған жабдықтар жүйесінің барлық компоненттері бойына тамшының бөліну көлемін анықтауға болады. Алайда, анықтаушы теңдікті шешу үшін қажетті көптеген өлшемдер, әсіресе шашырау және коалесценцияға қатысты өлшемдер белгісіз. Кітаптың алдыңғы бөлімдерінде талқыланғандай сепарация және тазалауға арналған жабдықтарды жобалау судағы мұнай тамшысының максималды өлшемін анықтайды. Судағы мұнай концентрациясын анықтау үшін тиісті жобаланатын сепарация және тазалау жабдықтары үшін.

Сепарация және тазалау жабдықтарын дұрыс жобалау үшін су-

дағы мұнай концентарциясын анықтау үшін бірнеше әрекет жасалды. Нәтижелері дисперсиялық жағдайдағы мұнай диапазоны бір литр суда 1000-нан 2000 мг дейін мұнайды құрайды. Өкінішке орай, су сепарация және тазалау жабдықтарынан ағып кететіндіктен, ол мұнаймен ластанған суды тазалау құрылғысына жеткенге дейін түрлі құбыр жүйесіндегі шектеулерден (клапан және жетектер секілді) өтеді.

Осындай жолдардан өту барысында мұнай тамшылары дисперсияға және қосылуларға ұшырайы бұл тазартылған судағы мұнай тамшысын бөлу өлшемін дәл анықтауды қиындатады. Тәжірибе жобалау мақсатындағы консервативті ұсыныстар мұнай тамшысының 250 және 500 мккм арасындағы максималды диаметрімен мұнайдың жинақталған концентрациясы мен мұнай көлемі арасындағы тура қатынастардың көмегімен тамшының таралу көлемін білдіреді.

15.3 Мұнаймен бірге өндірілетін суды тазалау жүйесі

Әдетте, мұнаймен бірге өндірілген су қойнауға айдау немесе жою алдында тазалануы тиіс. Тазалау мақсаты судағы мұнай қалдықтарын суда қалған мұнай көлемі және мұнай тамшысы көлемі жою немесе суды айдау мақсаттарына сәйкес келетіндей етіп, жою болып табылады. Мысалы, суды жер асты қойнауларына жіберу және суды өнім қабатына айдау үшін қойнау саңылау көлемі тазартылған судағы мұнай тамшысының рұқсат етілетін көлемін анықтайды.

Қойнауды мұнай тамшысының көмегімен тығындаудың алдын-алу үшін суда қалған мұнай тамшысының максималды көлемі қойнау саңылауының минималды көлемінен аз болуы тиіс. Әдетте, қайраңдату операцияларында қолданылатын, суды теңізге бұру операциялары үшін судағы мұнай тамшысының көлемі мен өлшемі экологиялық шектеулерге байланысты болады.

Мұнаймен бірге өндірілетін судағы мұнай тамшысы көлемі мен өлшеміне қарай тазартылған судың қажетті көлемі және пайдалану, суды тазалау шарттарына бір фазалы немесе екі фазалы тазалау кезінде қол жеткізуге болады.

Бір кезеңдік немесе тазалаудың бірінші кезеңі *алдын-ала тазалау* кезеңі ретінде, тазалаудың екінші кезеңі *қайталап тазалау* кезеңі ретінде белгілі.

Суды тазалау үшін қолданылатын жабдықтар мұнай тамшысына олар жиналатын және жойылатын су бетінде қалқуға мүмкіндік бере отырып, өз функциясын атқарады. Алғашқы өңдеу үшін бұған атмосфералық тазалауға арналған май бөлетін бактар немесе қысымда тазалау үшін май бөлетін ыдыстардың көмегімен қол жеткізуге болады.

Жалпақ параллель айырғыш және пластиналы айырғыш секілді жалпақ коалесциялы сүзгілері бар сепараторлар мұнай тамшыларының қозғалуы үшін, олардың көлемдерін ұлғайту үшін және осылайша олардың беткі қабатына шығуын жеделдету үшін пайдаланылады. Екінші *ирек түтікті тығыздағыш (SP)* ретінде белгілі құрылғы да мұнай тамшысын коалесценциялау үшін пайдаланылады. Қайталама тазалау үшін пластиналы айырғыштар, ирек түтікті тығыздағыш (SP) және флоатациялық құрылғылар пайдаланылады.

Қайраңдату операциялары үшін су шығару - жіберуге арналған ыдыстар, сепарация ыдыстары немесе ирек түтікті тығыздағыштар SP арқылы жүргізілуі тиіс.

Әдетте, ағынды суларда мұнай бос күйде болады және шығару алдында тазартылуы тиіс. Бұл бірінші тазалауға арналған қарапайым жабдықтар арқылы немесе тікелей жіберуге арналған түрлі ыдыстардың көмегімен жүргізілуі мүмкін.

15.4 Су тазалау құрылғысы

Бұл тарауда мұнаймен бірге өндірілген суларды тазалаудың түрлі құрылғылары сипатталады. Тазалау жабдықтарының негізгі функциялары бос күйдегі мұнай тамшыларын суда бөліп алудан тұрады. Флюид тазалау құрылғысында босап шығатын және жойылуы тиіс еріген газдың біршама көлемін құрауы мүмкін. Сондықтан, мұнаймен бірге өндірілетін суды тазалау жабдықтары жалпы алғанда, мұнайды өндірістік дайындауға арналған үшфазалы сепараторларға ұқсас. Негізгі айырмашылықтары суды тазалау жабдықтары үшін су негізгі үздіксіз фаза болып табылса, мұнай шағын көлемдегі флюд қоспасын білдіреді.

15.4.1 Сүзгілер

Сүзгілерді пайдалану судағы май тамшыларын жоюдың аса тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Тазалаудың бұл әдісінде мұнаймен бірге өндірілетін су мұнай тамшысы сүзгілеу материалына түсетін саңылаулы материалдар, әдетте құм қабатынан өтеді. Минимум екі қатар орнатылған сүзгі пайдаланылады. Пайдаланылған сүзгі ластанып қалатындықтан, ағын екіншісіне бағытталады, ал ластанған сүзгі су немесе еріткіштердің көмегімен шайылады. Тазартылатын флюид тиісті дәрежеде тазартылуы немесе жойылуы тиіс, бұл өз кезегінде тазалау процесін күрделендіреді және шығындарын ұлғайтады. Минимум 25

мг/л судағы мұнай көлемімен мұнаймен бірге өндірілетін суды тазарту үшін жүргізілетін бірнеше жер үсті операциялары туралы айтылды.

15.4.2 Мұнай тұндырғыштар

Мұнаймен бірге өндірілетін суды тазалаудың бұл әдісінде су жоңға тәрізді ұсақ тесікті материалдар арқылы көлбеу ыдыстың ішінде орналасқан құрылымы жағынан үш кезеңді сепараторға жақын мұнай тамшысы коалесценциясы үшін бағытталады. Біріктірілген үлкен тамшылар жоғары су ағынан қарсы ағында жүреді, ол жерде оларды ыдыстардан жинап алуға болады. Мұнаймен бірге өндірілген суды тазалау барысында қажетті сапаға қол жеткізу үшін бұл әдіс тиімді бо-лып табылады, жалғастырушы ортаның ластануы мұнда мұнай тұндырғыштарды пайдалануды шектеген үлкен проблемаларды туғызады.

15.4.3 Көбік бөлгіштер мен ыдыстар

Көбік бөлгіштер мен ыдыстар мұнаймен бірге өндірілетін суды бірінші тазалау үшін пайдаланылатын қарапайым жабдықтар болып табылады. Көбік бөлгіштер мен ыдыстардың, әдетте, компоненттері мен қызметтері ұқсас болып келеді. Алайда, көбік бөлуге арналған ыдыстар атмосфералық тазалауға ұшырайды, бұл ретте ыдыстар су тазалау атмосфералық қысымнан жоғары қысымда орындалатын кезде пайдаланылады. Ұзақ уақыт бойына мұнай тамшысын коалесциялық және гравитациялық бөлу мақсатында байланысын (10-30 мин) қамтамасыз ету үшін көлемі жағынан үлкен жабдықтар пайдаланылады.

Қысымдағы ыдыстар атмосфералық қысымдағы резервуарларға қарағанда тым қымбат болады. Алайда, таңдау су тазалау жүйесінің жалпы талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Қысымдағы ыдыстар атмосфераық қысымдағы ыдыстармен салыстырғанда келесідей себептерге байланысты артықшылықтары болады:

- Атмосфералық резервуарлармен байланысты газ бөлудегі әлеуетті проблемалардың алдын-алу үшін
- Атмосфералық резервуарларда орын алуы мүмкін болатын шектен тыс қысымның әлеуетті қауіптілігін жою үшін
- Қайталап тазалау жабдықтары немесе басқа да жою орындарына тазартылған суды жеткізу үшін қажет етілуі мүмкін сораптарға қажеттілікті жою үшін

Мұнай тұндырғыштардың максималды рұқсат етілген қысымы туралы шешімді қабылдау кезінде техникалық аспектілерді, табыс пен шығынды қарастырған жөн.

Мұнай тұндырғыштар көлбеу немесе тік конфигурацияда болады.

Мұнай тұндырғыштардың формасы мен ішкі бөлшектері үш фазалы сепараторларға ұқсас. 15.1-суретте көлбеу мұнай тұндырғыштың сұлбасын береді. Практика көрсетіп отырғандай, мұнаймен бірге өндірілген су мұнай тұндырғышқа су-мұнай бөлімінің жоғарғы бөлігінен түседі және ыдыс ұзындығы бойымен тіке ағады. Май тамшылары жинақталады және мұнай көпшіктерімен қатарласа су ағыны бағытымен көтеріледі. Мұнай құю саңылаулары арқылы мұнай жинау секциясына ағады және мұнай жинағыштан шығады. Мұнай көпшіктерінің биіктігі суретте көрсетілгендей құю саңылауларымен бақыланады. Бұдан басқа мұнай көпшіктері биіктігі фаза аралық деңгей реттегішпен немесе сыртқы су жиектерімен бақылануы мүмкін. Тазартылған су мұнай жинақтағыштан ыдыстың төменгі бөлігіне түседі. Бөлінген газ ыдыстан тамшы жинақтағыш арқылы шығады.



Inlet – Ену
Mist eliminator – Тамшы жинақтағыш
Water – Су
Oil – Мұнай
Gas out – Газдың шығуы
Oil out – Мұнайдың шығуы
Water out – Судың шығуы

15.1-сурет
Көлденең мұнай тұндырғышының сұлбасы

15.2-сурет, тиісінше, ену және шығу ағындарын бөлу үшін жұмыс жасайтын ену жолында таратқышпен және шығаратын су коллекторымен жабдықталған тік мұнай тұндырғыш сұлбасын көрсетеді.

Көлбеу мұнай жинақтағыш секілді, мұнда да мұнаймен бірге өндірілген су мұнай-су бөлу қабатындағы ыдысқа түседі. Су төмен, ал

бұл мезетте май тамшылары жоғары мұнай көпшіктеріне қарай ағады. Тік ыдыстар, әдетте, су және мұнай ағыны сұлбасының арқасында көлденең ыдыстарға қарағанда тиімділігі аз. Мұнай ағызу саңылаулары арқылы мұнай жинау секцияларына жөнелтіледі, онда ыдыстан бөлініп алынады.

Ыдыстың төменгі бөлігінде су жинақтағыштың артында су шығарғыш болады. Босатылған газ тамшы ұстағыш арқылы ыдыстың жоғарғы жағынан шығады. Құрамында құм және басқа да қатты бөліктері бар суды өңдеу кезінде тік ыдыстар көлбеу ыдыстарға қарағанда лайықты болып табылады. Тік ыдыстардың төменгі бөлігіндегі құм қашыртқылар көлбеу ыдыстардағы құм қашыртқыларға қарағанда аса қарапайым және тиімді тазалау құралдарын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, тік ыдыстар сұйық бүлкілдеткіштерді өңдеу кезінде, көлденең ыдыстарға қарағанда жақсы. Көлденең ыдыстардағы дірілдету, әдетте, ыдыс ішінде максималды жоғары деңгейдің жалған көрсеткіштерін алуға ықпал ететін ішкі толқындардың құрылуына ұмтылады және жалған жоғары деңгейлі ажыратуларға алып келеді.

Мұнай жинақтағыштың екінші түрі ашық науалардағы мұнайды жинауға арналған сепараторды білдіреді, әдетте, ол көлденең, тік бұрышты қима резервуарлар болып табылады. Мұнай тұндырғыштың бұл түрі негізінен атмосфералық жағдайларда пайдалану кезінде тазалау үшін пайдаланылады



Inlet – Ену
Mist eliminator – Тамшы жинақтағыш
Water – Су
Oil – Мұнай
Gas out – Газдың шығуы
Oil out – Мұнайдың шығуы
Water out – Судың шығуы
Spreader – Ұлғайтқыш
Water collector – Су жинағыш
Water leg – Су жинағы
Gas equalizer – Газ теңестіруші

15.2-сурет Тік мұнай тұтқыштарының сұлбасы.

15.4.4 Жалпақ коалесциялы сүзгілері бар сепараторлар

Негізінен, жалпақ коалесциялы сүзгілердің екі түрі бар: *жалпақ параллель айырғыштар* (PPIs) және пластиналы айырғыштар (CPIs), тиісінше 15.3 және 15.4-суреттерде көрсетілгендей. Параллель пластиналардың екі түрі бір-бірінен онша үлкен емес қашықтықта орналасқан және 45° бұрышқа иілген.

PPI коалесциялы сүзгілердің бірінші үлгісі болды, онда иілген қатар жатқан пластиналар қатары ашық науалардан мұнай жинау үшін се-

паратор ішінде орнатылады. Су ағыны пластиналар арасында бөлінеді, сондықтан мұнай тамшысы алдымен қысқа қашықтыққа екі тізбекті пластиналар бойымен жүруі қажет, онда коалесценция жүреді. Гравитацияның арқасында мұнайдың ірі тамшылары иілген пластинаның төменгі бетімен жоғары көтеріледі, ал содан кейін тіке мұнай жинау секциясына көтеріледі, мұнда мұнай резервуарда жойылады. Суда шөгінділер төмен резервуардың төменгі бөлігіне қозғалады, ол жерде жойылуы мүмкін.

CPI өнеркәсіпте жиі қолданылатын пластиналы айырғыш болып табылады. CPI қатар жатқан пластиналардың беткі қабаты су ағыны бағытына параллель өсте тұтқырландырумен дайындалатын PPI қарағанда жетілдірілген.

Тазартылуы тиіс су пластиналы айырғыш CPI арқылы төмен ағады.



Inlet – Ену
Oil – Мұнай
Water – Су
Oil out – Мұнайдың шығуы
Water out – Судың шығуы
Section – Секция

15.3-сурет
Жалпақ параллель жатқан айырғыш.



Water inlet – Судың енуі
Gas – Газ
Oil outlet – Мұнайдың шығуы
Water outlet – Судың шығуы
Contactor – Контактор
Recycle pump – Айналма сорғысы

15.4-сурет. Тұтқырландыратын пластиналы айырғыш.

Мұнай су ағынына қарама-қарсы жоғары көтеріліп, тұтқырландырғыштарға жиналады. Жиналған мұнай тұтқырландыру осі бойымен және су-май бөлігінің бетімен жоғары ағады.

Әдетте, PPIs және CPIs атмосфералық жағдайда су тазалау үшін пайдаланылады. Дискілердің иілу бұрышы 45° мұнаймен бірге өндірілетін су құрамында біршама көлемде шөгінділер немесе құм болған жағдайда проблема тудыруы мүмкін. Қатты бөліктері осындай иілу бұрышымен пластинаның беткі қабатына жабысу процесі болады және бұл пластинаның ластануына алып келуі мүмкін. Қойнау арасындағы ағыс ретінде танымал Түрлендірілген CPI жабдықтары осындай проблемалардың алдын-алу және атмосфералық қысымнан асып түсетін қысымда тазалау мүмкіндігін беру үшін дайындалды. Мұндай жабдықтарда, пластинаның иілу бұрышы 45° (әдетте, көлденеңі бойынша 60°) орындалған, ал пластина пакеті қысымдағы ыдыс ішінде (тік немесе көлбеу) су ағыны пластинадағы тұтқырландыру осіне перпендикуляр болатындай етіп орналастырылған.

Тік ыдыстар, әдетте, шөгінділерді өңдеу және құм проблемалары үшін қолайлы болып табылады.

CPI жүйелі бөлімдері онша қымбат емес және көлбеу қимаға қарағанда, аса тиімді болып табылады, бірақ соңғысы үлкен көлемдегі

құм немесе шөгінділерден құралған суды қысымда тазалау үшін пайдаланылуы тиіс.

15.4.5 Ирек түтіктер модулі

Ирек түтіктер модулі (SP) мұнай тамшысы коаленсценциясының қозғалуы үшін пайдаланылатын тағы да бір аспап болып табылады және осылайша олардың ауырлық күштері әсерінен бөлінуін жеңілдетеді. Алайда, ирек түтіктер модулі үшін коалесценция ұғымы 15.4.4-бөлімінде сипатталған жабдықтардан ерекшеленеді. Су май тамшысының көрсетілген өлшемнен төмен қозғалуын туғызбай коалесценция туғызуға жеткілікті турбулентілік жасау үшін лайықты ирек түтіктер арнасымен өтуге мәжбүр болады.

Ирек түтіктер модулі стандартты өлшемдерде қол жетімді, күніне 900-ден бастап, 73,000 барр/күн дейін су ағынын өңдеу үшін 2-ден 8 диаметрге дейін болады (BPD). Мұндай модулдер тамшының максималды 100 мкм көлемімен тамшы көлемінің қисық таралуын құруға арналған. Мұндай тамшы көлемінің таралуын жасай отырып, гравитациялық шөгу өте тиімді болады. Нақты алғанда, ирек түтік модулдері, тек граватициялық шөгінділермен салыстырғанда қосымша шамамен 50% мұнай жоюға алып келуі мүмкін. Ирек түтік модулі ирек түтік модулі диаметріне ұқсас тиісті су шығару саңылаулары диаметрінің арқасында, әдетте, граватицялық шөгінді ыдыстары ішінде орналасады. Ирек түтік модулі табысты коалесценция және су ағыны ретінде бір фазадан екінші фазаға мұнайды жоюға ықпал ету үшін серияларымен ұйымдастырылуы мүмкін.

15.4.6 Флотаторлар

Судағы мұнай тамшыларын жою барысында флотаторлар мүлдем түрлі концепцияларда пайдаланылады. Тазалау жабдықтарының бұл түрінде судағы ұсақ газ көпіршіктері үлкен көлемде болады. Себебі газ көпіршіктері жоғары көтеріледі, олар беткі қабаттағы мұнай тамшыларын береді, онда олар жинақталады және сосын блоктан бөлініп алынады. Флотаторлар екі түрге жіктеледі.

Олар пайдалану нәтижесінде газ көпіршіктері өндірілетін әдіске негізделеді. Олар ерітілген газды пайдаланушы және бытыраңқы газдарды пайдаланушы аспаптарды білдіреді.

15.4.6.1Бытыраңқы газды пайдалантын флотаторлар.

15.5-суретте көрсетілгендей, тазартылған су бөлігі (20% және 50% ағын арасындағы) алынады және 20 және фунт/шарш.дюйм арасындағы қысым кезінде контакторда табиғи газбен байытылады. Стандартты шаршы футта тұтынған газ көлемі (SCF) 0,2-ден 0.5 ст.куб.фт./барр.н. дейінгі тазартылуы тиіс су диапазонында болады. Газбен байытылған су кері блокқа қайтады, ол газ-су контакторына қарағанда тым төмен қысымда жұмыс жасайды. Қысымның төмендеуіне байланысты ерітілген газ ерітіндіден кішкентай көпіршіктер түрінде шығады. Газ көпіршіктері мұнай тамшыларын өзімен бірге алып кетеді, себебі олар беткі қабатта қозғалады. Блоктың көлемі мен тереңдігі 10 және 40 мин арасында ұстап тұру уақытын қамтамасыз ету қажеттілігімен анықталады. Әдетте, жабдықты өндіруші блокты жобалаудың пайдаланудың нақты жағдайларына қарай бөлшектік өлшемдерін анықтайды.

15.4.6.2 Бытыраңқы газды пайдаланатын флотаторлар

Бытыраңқы газдарды пайдалантын флотаторларда газ көпіршіктері тазартылуы тиіс суда жасалады, енгізіледі және тарайды. Бұны екі тәсілмен жасауға болады. Бір әдісті пайдалану кезінде газ көпіршіктері суда электр қозғалтқыштан жетекпен механикалық роторды пайдалану арқылы құйын туғызып, жасалады және тарайды. 15.6-сурет осы әдісті пайдалантын және Petrolite Corporation компаниясы дайындаған құрылғының көлденең қимасы сұлбасын көрсетеді. Ротормен туатын құйын құйын тұрбасы ішінде вакуум жасайды. Осы вакуумның арқасында газ су иіріміне апарылады және суда тарайды. Газ көпіршіктері мұнай тамшыларын көпіршік түрінде беткі қабатқа алып шығады, мұнда мұнай майсыздандырылады және блоктан жою үшін өндіру арнасына жиналады.



Gas eductor – Газ көтергіш бағана
Nozzle – шүмек
Oil out – Мұнайдың шығуы

15.5-сурет

Бытыраңқы газды пайдаланатын флотаторлар. 324 Petroleum and Gas Field Processing



Eddy current baffle – Индукциялық панель
Caviator mechanism – Кавиатор механизмі
Gas – Газ
Oil – Мұнай
Water – Су
Vortex tube – Құйын тұрбасы
Motor – Қозғалтқыш
Gas control – Гақ бақылау
Skimmed oil outlet – Майсыздандырылған мұнайдың шығуы
Draft inducer – Жобаланатын индуктор

15.6-сурет

Бытыраңқы газды пайдаланатын флотатор сұлбасы.

.Газ көпіршіктерін жасау және ұсақтаудың басқа тәсілі 15.7-суретте көрсетілгендей құрылғы индукторын пайдаланады, бұнда тазартылған су бөлігі сораптың көмегімен кері құрылғыға қайтарылады. Техникалық су Вентури тұрбасы арқылы ағады, қысымның төмендеуінің арқасында блоктың жоғарғы бөлігіндегі бу ауа кеңістігінен газды сорып алады.



Water – Су
Oil droplets – Мұнай тамшылары
Coalescing zone – Коалесценция аумағы

15.7-сурет
Индуктор құрылғысының көмегімен бытыраңқы газды пайдаланатын флотатор.

Газ мұнай тамшыларын көтеретіндіктен, ауа жүретін шағын көпіршіктер түрінде төменгі бөлігі қасындағы шүмек арқылы шығарылады. Соңында мұнай майсыздандырылады және камерада блоктан жою үшін жиналады.

Әдетте, бытыраңқы газды пайдаланатын флотаторлар үш немесе төрт сипатталған ұяшықтардан тұрады. Тазартылуы тиіс су бір

ұяшықтан екіншісіне әрі қарай мұнайдан тазарту үшін өтеді. Әдетте, ұяшықтардың біріндегі мұнайдан тазалау тиімділігі шамамен 50% құрайды. Сондықтан үш ұяшықтан тұратын блоктың жалпы тиімділігі 87%, бұл мезетте төрт ұяшықтан тұратын блоктың тиімділігі 94%. Флотаторлар өндірушілердің патенттелген дизайны бар және әдетте, мұнаймен бірге өндірілген шамамен 5000 барр./күн жылдамдықтағы су ағындарын өңдеуге арналған стандартты блоктарды жасайды. Ағынның аса жоғары жылдамдығы үшін қатарластыра қосымша блоктар қосылады. Флотаторлар блоктары көлемі 30 мкм аз мұнай тамшыларын жоюға қабілетті.

15.5 Суды жоюға арналған қайраңдату жабдықтары

Мұнаймен бірге өндірілген су қайраңдату операциялары барысында тазалаудан кейін тікелей теңізге жіберілмеуі тиіс. Мұнаймен бірге өндірілген тазартылған суларға қосымша жауын сулары және жабдықтарды жууға арналған сулар тиісті дәрежеде жойылуы тиіс мұнаймен ластанған сулардың басқа да көздерін құрайды. Осы мақсатта теңіздегі пайдалану платформалары мұнай құбылмалы қабаттарының пайда болуының алдын-алу үшін суды теңіз бетінен жеткілікті дәрежеде терең және толқын белсенділігінен алыс жерге лақтыратын белгілі бір түрдегі құрылғылармен жабдықталған болуы тиіс. Бұл құрылғылардың ішінде аса кең таралғандары *суды жою үшін пайдаланылатын қада, мұнайдан керосин және жанар майды бөліп алу үшін пайдаланылатын қадалар және тығын қадалар* болып табылады, оларға келесі тарауларда сипаттама беріледі.

15.5.1 Суды жою үшін пайдаланылатын қадалар

Суды жою үшін пайдаланылатын қадалар суды жоюға арналған қайраңдату жабдықтарының қарапайым түрі. Суды жоюға арналған қадалар платформаға жалғанатын және теңіз бетінен нақты минималды тереңдікке дейін тартылатын диаметрі үлкен қарапайым ашық тұрбалар. Қада диаметрі жойылуы тиіс судың жалпы ағынына, судың және мұнайдың меншікті салмағына қарай анықталады. Шағын суларда суды жою үшін пайдаланылатын қадалар нақты теңіз түбіне дейін тартылуы тиіс. Алайда, терең суларда қада тереңдігі әдеттегі су деңгеймен жоғары деңгей және қададағы мұнай түбінен 10 фт. шекке жеткенге дейін өлшемді дабыл қосатындай деңгейде анықталады.

Суды жою үшін пайдаланылатын қада мұнаймен бірге өндірілген тазартылған суды, палубалы шпигат, тазартылған құм және тамшы

ұстағыштағы сұйықтықтарды жинау және оларды теңіз бетінен терең-де жою үшін пайдаланылады. Бұдан өзге, суды жою үшін пайдаланылатын қадалар жабдықтың бұзылуы немесе пайдалану шарттарының бұзылуы жағдайында мұнайды аулаушы ретінде пайдалы болып табылады.

Палубадағы сарқынды су, әдеттегі жауын суы және шаятын сулар оттегімен қанығады және құм және басқа да қатты заттардан құралуы мүмкін. Сондықтан оны ластанумен байланысты проблемалар мен коррозияның алдын-алу үшін мұнаймен бірге өндірілген суларды тазалау үшін пайдаланылатын осыған ұқсас жабдықтардың көмегімен тазартпаған дұрыс.

Суды жою үшін пайдаланылатын қадалар, әсіресе, платформа дренаждарын жою үшін пайдалы.

15.5.2 Суды жою үшін пайдаланылатын қадалар

Суды жою үшін пайдаланылатын қадалар негізінен, 15.8-суретте көрсетілгендей, имек аралықтар мен тіреуіштер қасында жабдықталған суды жоюға арналған қадаларды білдіреді. Резервуарда мұндай аралықтардың болуы екі қызметті атқарады. Олар мұнай тамшысы судан бөліп алу және әрбір пластина үшін ағынсыз су аясын жасау үшін көтерілуі тиіс қашықтықты азайтады. Мұнай тамшысы ағынсыз аумақтан екі қатарлас пластиналар арасынан көтеріледі, онда коалесценция және гравитациялық бөліп алу жүреді. Коалесцияланған ірі мұнай тамшылары пластинаның төменгі жағымен жоғары және мұнай майсыздандырылуы тиіс қада бетімен мұнай жинау тіреуіштеріне көтеріледі. Мұнай қойнаулары суды жоюға арналған стандартты қадалармен салыстырғанда екі нақты басымдылыққа ие. Суды жоюға арналған қадалар мұнайды судан бөліп алу барысында аса тиімді болып табылады. Суды жоюға пайдаланылатын қадалар, сонымен қатар суда болуы мүмкін құм мен майдан тазартудың кейбір деңгейін береді.

15.5.3 Мұнайдан керосин және жанар май бөліп алу үшін пайдаланылатын қадалар

Құрылғының бұл түрінде суды жоюға пайдаланылатын қадалар қасына бірдей дәрежеде ирек түтіктер және мұнайға арналған тіреуіштердің бөлініп қойылған модулдерімен жабдықталады. Су ирек түтік модулі арқылы ағатындықтан, мұнай тамшысы коалесценциясы ықпалдандырылған турбаленттілік арқасында жүреді.



Water in – Судың енуі
Oil riser – Мұнай және газ үшін су бөлетін колонна
Oil out to pump section – Сораптан май шығуы
SP pack – Ирек түтік модулі
Oil pad – Мұнай көпшік

15.8-сурет. Мұнайдан керосин және жанар май бөліп алу үшін пайдаланылатын қада сұлбасы.

Су ирек түтіктегі бір модулден келесісіне өтетіндіктен, көлемі жағынан үлкен тамшылар ирек түтіктің жоғарғы қабатында мұнай көпіршіктерін қалыптастыру үшін көтеріледі. Бұл су бір ирек түтіктен келесісіне өтетіндіктен жалғаса береді. Ирек түтік модулінің төменгі бөлігіне жиналатын мұнай олардың астындағы тіреуіштер арқылы айдау үшін қабат бетіне жеткенге дейін мұнай көпіршіктеріне көтеріледі.

Әдетте, ирек түтік модулдері мұнай тамшыларын 750 мкм максималды көлеміне дейін тауып алу үшін дайындалады. Ирек түтік модулдерінің қажетті көлемі мұнайды жоюдың жалпы тиімділігіне байланысты анықталатын және біреуінің тиімділік есебі кейінірек түсіндіріледі.

15.6 Суды тазалау және жоюға арналған құрылғы құрылымы

Мұнаймен бірге өндірілген суды жою жүйесін дұрыс жобалау үшін белгілі бір мәліметтер мен ақпараттар қол жетімді болуы тиіс. Кейбір жағдайларда қажетті мәліметтер нақты өлшемдер мен талдаулардан алынуы мүмкін. Алайда, кейбір жағдайларда жоғалған немесе қол жетімсіз мәліметтер үшін инженерге тиімді мәндерді жоғалтып алуына тура келеді. Келесі мәліметтер мен ақпараттар тазалау жүйесін дайындау үшін қажетті:

- Мұнаймен бірге өндірілген су ағыны жылдамдығы, Qpw (BPD)
- Мұнаймен бірге өндірілген судың салыстырмалы тығыздығы, γpw және жабысқақтығы, μpw
- Мұнаймен бірге өндірілген судағы мұнай концентрациясы (в мг/л немесе чнм)
- Мұнаймен бірге өндірілген судағы мұнай тамшыларының таралу көлемі
- Айдау кезіндегі мұнайдың меншікті тығыздығы, $γo$
- Қажетті науалар саны (тазартылған су) (мг/л немесе чнм)
- Ағынды сулардағы еріген мұнай концентрациясы
- Тұнбаның қарқындылығы, Qrw және шаятын су ағыны жылдамдығы, Qwd

Бұл жерде осы тарауда талқыланып отырған жабдықтар еріген мұнайды бөле алмайтындығын айта кету қажет. Тазалау жабдықтары тек ұсақталған мұнайды бөліп алуға арналған. Сондықтан еріген мұнай концентрациясы жобалау мақсатында пайдаланылатын ағынды судағы мұнайдың рұқсат етілген концентрациясынан алынып тасталынуы тиіс. Ол судан жойылуы тиіс мұнай тамшыларының көлемін анықтау үшін пайдаланылады, бұл тазалау жабдықтарының көлемі мен түріне біршама әсер етеді.

Келесі тарауларда, алғаш рет, түрлі тазалау жабдықтарының көлемін анықтау үшін пайдаланылатын теңдіктер берілген, сонымен қатар жабдықтарды таңдау процедурасына ұсынылатын нұсқаулыққа да көңіл бөлінген. Теңдеуді шығару барысында келесідей белгілер мен өлшеу бірліктері қолданылады:

Qpw = мұнаймен бірге өндірілген су ағыны жылдамдығы (BPD)
Qrw = палуба ливнесброс ағыны жылдамдығы (BPD)
Qwd = палубадағы шаятын су ағыны жылдамдығы (BPD)
μpw = мұнаймен бірге өндірілген судың жабысқақтығы (cP)
μ = мұнаймен бірге өндірілген судың жабысқақтығы (lb-s/фт2)
dm = жойылуы тиіс мұнай тамшысының ең кіші диаметрі (мкм)

*t*rw = суды ұстау уақыты (мин.)

tw = суды ұстау уақыты (с)

to = мұнай тамшыларының тұну уақыты (s)

Vw = мұнай тұтқыш арқылы өтетін судың орташа жабысқақтығы (фт/с.)

Vo = мұнай тамшысының тұну жылдамдығы (фт./с.) *D* = цилиндрлі мұнай тұтқыш диаметрі (дюймда)

L = мұнай тұтқыштың жұмыс ұзындығы (фт)

Ls = мұнай тұтқыштың жалпы (тігісінен флануцқа дейінгі қашықтық) ұзындығы (фт.)

H = мұнай тұтқыштағы су биіктігі (фт)

W = мұнай тұтқыштың тік бұрышты қимасының ені (фт)

A = су ағыны аймағы (фт.2)

h = CPI және PPI пластиналары арасындағы перпендикуляр қашықтық (дюймда)

θ = көлденең қатынасы бойынша пластиналық сепараторлардың иілу бұрышы (градуста)

15.6.1 Көлденең цилиндрлі мұнай тұтқыштардың көлемін анықтау

Мұнай жнақтағыш көлемі аз тамшыларды бөліп алуға ықпал ету үшін және қажетті ұстау уақыты үшін жеткілікті болуы тиіс. *D* - мұнай тұтқыш диаметрі (дюймда), ал *Ls* - мұнай тұтқыштың ұзындығы (футта) болсын. Мұнай тұтқыш жартылай мұнай тұтқыштың ену саңылауынан шығу саңылауына дейін қозғалатын сумен толыққан деп есептейміз. Түрлі ішкі бөлшектердің болуының арқасында бөліп алу үшін жұмыс ұзындығы *L*, *Ls* салыстырғанда аз болады. Консервативтік пікірлерден біз мұнай тамшысы мұнай тұтқыштың төменгі бөлігінен су бетіне қарай тіке жоғары тұнады деп болжаймыз, яғни мұнай тамшылары беткі қабатына жету үшін мұнай тұтқыштың радиусына тең болатын қашықтықты жүріп өтеді. Мұнай тамшыларын жоғары көтеруге қажетті уақыт, *to*, мұнай тұтқыштың ену саңылауынан шығу саңылауына дейін қозғалуға қажетті уақытқа тең болуы тиіс, *tw*.

Стокс заңына сәйкес мұнай тамшысын көтерудің түпкілікті жылдамдығы, *uo*, келесі теңдеудің көмегімен алынады

$$u = 1.787 \times 10^{-6} \frac{(\gamma_w - \gamma_o) d_m}{\mu_{pw}} \frac{\text{ft}}{\text{s}} \qquad (15.1)$$

мұнда *dm* бұл мұнай тамшысы диаметрі (в мкм). Сондықтан,

$$t_o = \frac{(D/2 \times 12)}{u_o} \text{s}$$

$$t_o = 2.34 \times 10^4 \frac{D\mu_{pw}}{(\gamma_w - \gamma_o)d_m} \text{s} \tag{15.2}$$

Судың орташа жылдамдығы, *uw*, ағын жылдамдығын ағын қимасы ауданына бөлу арқылы алынады; яғни,

$$u_w = \frac{\left[5.61Q_{pw}/(24 \times 3600)\right]}{\left[0.5(\pi/4)(D/12)^2\right]^{-1}} \frac{\text{ft}}{\text{s}}$$

Суды ұстау уақыты жұмыс ұзындығын, *L*, орташа жылдамдыққа бөлу арқылы алынады, сондықтан,

$$t_w = 41.9786 \frac{D^2 L}{Q_{pw}} \text{s} \tag{15.3}$$

15.2 және 15.3-теңдіктерін теңестіре отырып, біз аламыз

$$DL = 557.43 \frac{Q_{pw}\mu_{pw}}{(\gamma_w - \gamma_o)d_m} \text{ in ft} \tag{15.4}$$

Турбуленттілік және қысқа тұйықтаулар үшін 1,8 тең пайдалы әрекет коэффициенті ұсынылады, сондықтан 15.4-теңдігі келесідей түрге ие болады

$$DL = 1000 \frac{Q_{pw}\mu_{pw}}{(\gamma_w - \gamma_o)d_m} \text{ in ft} \tag{15.5}$$

15.5-теңдігі мұнай тамшылары диаметріне *dm* су бетімен көп көтерілуіне мүмкіндік беретін, мұнай тұтқыш диаметрі, *D* және жұмыс ұзындығы, *L* арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Сондықтан 15.5-теңдік қанағаттандыратын қандай-да бір *D және L* үйлесімділігі теориялық жарамды. Мұнай тұтқыштың өлшемдерін басқа да шектеулер қажетті ұстау уақытын *t*rw, қамтамасыз ету үшін жеткілікті дәрежеде үлкен болуы тиіс. Ұстау уақыты су алып жатқан мұнай тұтқыш көлемін *V*pw, су шығынына бөлу арқылы алынады, яғни

$$t_{rw} = \frac{V_{pw}}{Q_{pw}} \tag{15.6}$$

мұнда

$$V_{pw} = 0.5\left(\frac{\pi}{4}\right)\left(\frac{D}{12}\right)^2 L \text{ ft}^3$$

$$Q_{pw}\left(\frac{ft^3}{\text{min}}\right) = Q_{pw}(\text{BPD})\left(\frac{5.61}{24 \times 60}\right)$$

15.6-теңдігін қоя отырып, біз аламыз

$$D^2L = 1.43 t_{rw} Q_{pw} \text{ in}^2 \text{ ft} \tag{15.7}$$

Сондықтан, тұну және ұстау уақытын шектеуді қанағаттандыратын диаметр мен жұмыс ұзындығының үйлесімлігі таңдалуы тиіс. Ол екі 15.5 және 15,7 теңдіктері үшін *D-ны L қарсы* құру және екі теңдікті де қанағаттандыратын *D және L* мәнін анықтау арқылы алынады. Содан кейін мұнай тұтқыштың жұмыс ұзындығы, *Ls*, анықталады

$$L_s = 1.33 \text{ L} \tag{15.8}$$

15.6.2 Мұнай тұтқыштың тік бұрышты қимасу көлемін анықтау (АНИ)

9.6.1-тарауда сипатталған процедураға ұқсас процедура судың енін *W*, жұмыс ұзындығын, *L* және биіктігін *H*, көбік бөлуді анықтау үшін пайдаланылады. Бұл жағдайда, біз аламыз

$$t_o = \frac{H}{u_o} \tag{15.9}$$

$$t_w = \frac{L}{u_{pw}} \tag{15.10}$$

15.9 және 15.10 теңдіктерін 15.1-теңдігінен алынған *uo* –мен және су шығынын [5.61*Q*pw/(24 × 3600)] аймақтағы ағынға (*HW*), бөлу арқылы алынған u_{pw}-мен теңестіре отырып, біз аламыз

$$WL = 36.5\frac{Q_{pw}\mu_{pw}}{(\gamma_w - \gamma_o)d_m}\text{ft}^2 \tag{15.11}$$

Мұнай тұтқыштың осы түрі үшін ұсынылған пайдалы әрекет коэффициенті турбуленттілік және қысқа тұйықтау үшін 1,9 құрайды; сондықтан 15.11-теңдігі келесідей түрге енеді:

$$WL = 70\frac{Q_{pw}\mu_{pw}}{(\gamma_w - \gamma_o)d_m}\text{ft}^2 \tag{15.12}$$

15.10-теңдігінен алынған ұстау уақыты да су шығынына бөлінген су алып тұрған мұнай тұтқыш көлеміне (*HWL*) тең болуы тиіс; сондықтан

$$t_{rw} = 15401\frac{HWL}{Q_{pw}}\text{s} \tag{15.13}$$

Су биіктігі, *H*, әдетте енінің жартысына дейін, *W* шектеледі; сондықтан 15.13-теңдігінде *H* үшін 0,5 *W* қоя отырып және 60-қа бөлу арқылы минуттағы ұстау уақыты анықталады,

$$t_{rw} = 125\frac{W^2L}{Q_{pw}}\text{min} \tag{15.14}$$

15.12 және 15.15-теңдіктерімен қанағаттандырылатын қандай да бір *W және L,*үйлесімділіктері тұну және ұстау уақытын шектеулерді қанағаттандырады.

15.6.3 Тік цилиндрлі мұнай тұтқыш көлемін анықтау

Тік цилиндрлі мұнай тұтқышта мұнай тамшысы тіке төмен ағатын су ағынына қарсы тіке жоғары қозғалады. Тұну орын алу үшін мұнай тамшысы жылдамдығы *uo*, кем дегенде су шығынын мұнай тұтқыштың дөңгелек көлбеу қимасы ауданына бөлу арқылы анықталған судың орташа жылдамдығымен *u*pw, теңестірілуі тиіс, яғни

$$u_w = \frac{5.61Q_{pw}/(24\times 3600)}{(\pi/4)(D/12)^2}\frac{\text{ft}}{\text{sec}}$$

uw 15.1-теңдігімен берілген *uo –ға* теңестіре отырып, және мұнай тұтқыш диаметрі үшін шешіп, *D*, аламыз

$$D^2 = 6691\frac{Q_{pw}\mu_w}{(\gamma_w - \gamma_o)d_m}\text{in}^2 \tag{15.16}$$

15.16-теңдігі өлшемі 48 дюймге дейін болатын диаметрлерге үйлеседі. Турбуленттілік және қысқа тұйықтаулар жүретін үлкен диаметрлер үшін 15.16-теңдігі 1-ден көп F коэффицентіне көбейтілуі тиіс. F мәні көп жағдайда ағын таратқыш, мұнай жинағыш және аралықтардың ену және шығу саңылауларының құрылымына байланысты болады.

Ұстау уақыты мұнай тұтқыштағы су биіктігін, H, судың орташа ағу жылдамдығына бөлу арқылы анықталады:

$$t_{rw} = H\left(\frac{5.61Q_{pw}/(24\times 3600)}{(\pi/4)(D/12)^2}\right)^{-1} \text{ s} \qquad (15.17)$$

15.17-теңдігінде $t$rw минутқа ауыстырыңыз және биіктік, H үшін шешіңіз:

$$H = 0.7\frac{t_{rw}Q_{pw}}{D^2}\text{ ft} \qquad (15.18)$$

15.16-теңдігі тұну шектеулігін анықтайтын мұнай тұтқыштың ең кіші диаметрін анықтайды. 15.169-теңдігінде анықталған көлемге тең немесе үлкен болатын қандай-да бір диаметр оңтайлы болып табылады. 15.8-теңдігі ұстау уақытын шектеуді қамтамасыз ету үшін таңдалған диаметр үшін су биіктігін анықтайды. Мұнай тұтқыштың жалпы биіктігі (тігісінен фланцқа дейінгі ұзындық), *Ls*, 3 фт H –ға қосу арқылы алынады, яғни,

$$L_s = H + 3\text{ ft} \qquad (15.19)$$

15.1-мысал

Мұнай кәсіпорыны газ сепаратор және тазалау құрылғысынан 1 литр су құрамында мұнай тамшысының максималды өлшемі 500 μm болатын 2000 мг мұнай бар тәулігіне 8000 баррель су өндіреді. Судың жабысқақтығы және меншікті тығыздық, тиісінше, 1.1 cP мен 1.07, мұнайдың меншікті тығыздығы 0,87 құрайды. Мұнай құрамын 800 мг/л дейін төмендету үшін өндірілетін суды тазарту талап етіледі.

Ұстау уақытына 10 мин ала отырып, өлшемдерін анықтаймыз

(a) Тиісті тазалауды қамтамасыз ететін көлбеу цилиндрлі мұнай тұтқыштар,

(b) (b) көлбеу, тік бұрышты қима мұнай тұтқыштары және

(c) (c) тік цилиндрлі мұнай тұтқыштары.

Шешуі

Алғашқы қадам тазартылған судың тиісті сапасына қол жеткізу үшін жою қажет болатын май тамшысы көлемімен анықтау болып табылады. Мұнай тамшысы мен концентрация арасындағы қатынас жоюға жататын тамшы диаметрімен, *dm*, шамамен сызықтық болғандықтан, біз аламыз

$$d_m = 500\left(\frac{800}{2000}\right) = 200\,\mu\text{m}$$

a Көлбеу цилиндрлі мұнай тұтқыш. Мұнай тұтқыш өлшемдері тұну және ұстау уақыты бойынша тиісінше 15.5. және 15.7-теңдеулердегі шектеулерді ескеретіндей болуы тиіс. 15.5-теңдігін қолдана отырып,

$$DL = \frac{(1000)(8000)(1.1)}{(1.07-0.87)(200)^2} \qquad (15.20)$$

$$DL = 1100$$

15.7-теңдігін қолдана отырып,

$$D^2L = (1.43)(8000)(10) = 114{,}400 \qquad (15.21)$$

Түрлі мәндерді *D* қойып және тиісті *L* мәнін анықтай отырып, 15.20 және 15.21-теңдеулерден келесі кесетін құрамыз:

Тұну	(15.20-теңдігі)		Ұстау уақыты (15.21-теңдігі)	
***D* (in)**	***L*(ft)**	***Ls*(ft)**	***L*(ft)**	***Ls*(ft)**
60	18.33	24.44	31.78	42.26
72	15.28	20.36	22.07	29.35
84	13.10	17.46	16.21	21.56
96	11.46	15.27	12.41	16.51
108	10.19	13.58	9.81	13.05
120	9.17	12.22	7.94	10.57

Кестеге талдау жасау ұстау уақыты бойынша шектеулер 96 дюймге дейінгі диаметр моделін ұсынатындығын көреміз , осыдан кейін

Диаметрді таңдау тұну бойынша шектеулермен анықталады. Қолайлы таңдау 84 дюйм × 22 фут немесе 96 дюйм × 17 фут моделі болып табылады.

b. Көлбеу тік бұрышты қима мұнай тұтқыштар. 15.12-теңдігін

пайдалана отырып (тұну бойынша шектеулер),

$$WL = \frac{(70)(8000)(1.1)}{0.2(200)^2} \tag{15.22}$$

$$= 77 \text{ ft}^2$$

Тұну бойынша шектеулерді пайдалана отырып, 15.14-теңдеуі

$$W^2L = (0.008)(8000)(10) = 640 \text{ ft}^3 \tag{15.23}$$

		***L*(ft)**	***L*(ft)**
***W*(ft)**	***Hw* = 0.5 W**	Тұну (15.22-теңдігі)	Ұстау уақыты (15.23-теңдігі)
5	2.5	15.40	26.6
6	3.0	12.83	17.28
7	3.5	11.00	13.06

Тағы да ұстау уақыты бойынша шектеулер мұнай тұтқыш моделін анықтайды. Қолайлы үлгі 18 фут ұзындығында ені 6 фут және 14 фут ұзындығында 7 фут ені бар мұнай тұтқыш моделі алынады. Мұнай тұтқыштағы су биіктігі енінің жартысымен шектеледі.

c.Тік цилиндрлі мұнай тұтқыш. Тұну бойынша шектеулер 15.16-теңдеуге сәйкес мұнай тұтқыштың ең кіші диаметрін анықтайды:

$$D^2 = \frac{(6691)(8000)(1.1)}{0.2(200)^2} = 7360$$

$$D_{\min} = 85.79 \text{ in}$$

Диаметр 48 дюймнан асып кететіндіктен, тұну теңдігі құйындату және қысқа тұйықталуды есептеу үшін 1-ден үлкен коэффицентке көбейтілуі тиіс. 1.5 коэффициенті береді

$$D\text{min} = 105 \text{ in}$$

Диаметрді 108 дюйм деп қабылдап, 15.18 теңдігі мәнін есептеп (ұстау уақыты бойынша шектеу), су бағаны биіктігі анықталады:

$$H = \frac{(0.7)(8000)(10)}{(108)^2} = 4.8 \text{ ft}$$

Мұнай тұтқыш биіктігі (цилиндрлі бөлігінің ұзындығы), *Ls* анықталады

$$L_s = H + 3 = 4.8 + 3 = 7.8 \text{ ft}$$

Осылайша, мұнай тұтқыш диаметрі 108 дюйм және биіктігі 8 фут.

Кез-келген үш мұнай тұтқыш тиісті су тазалауды қамтамсыз етеді. Түпкілікті таңдау бағасына, қол жетімділігіне және ауданының шектеулілігіне байланысты болады.

15.6.4 Жалпақ параллельді ажыратқыш құрылғылары бар мұнай тұтқышты іріктеу

Бұл жағдайда, мұнай тамшыларын судың мұнай тұтқыштың жұмыс ұзындығымен өту уақытына *tw,* тең уақыт ішінде *to*, тек құрылғы түбіне көтеру қажет. Біз тұндыру процесіндегі жұмыс ұзындығы жалпақ параллельді ажыратқыш құрылғылардың (PPI) нақты ұзындығының 70% құрайды және құрылғы ағын қимасы ауданының (*HW*) 10% алып жатыр деп болжаймыз,

$$t_o = \frac{\left(h/12\cos\theta\right)}{u_o} \tag{15.24}$$

мұнда *h* CPI (пластиналы) және PPI (жалпақ параллелді) ажыратқыштар арасындағы перпендикулярлы қашықтық болып табылады. 15.1-теңдігінен *uo* есептей отырып,

$$t_o = 4.681\frac{h\mu_{\text{pw}}}{(\gamma_w - \gamma_o)d_m^2\cos\theta}\text{ s} \tag{15.25}$$

судың ұстау уақыты анықталады

$$t_w = \frac{L}{u_w} = 0.7\frac{L_s}{u_w} \tag{15.26}$$

мұнда

$$u_w = \frac{5.61Q_{\text{pw}}/(24\times 3600)}{0.9HW}\frac{\text{ft}}{\text{s}} \tag{15.27}$$

Сондықтан

$$t_w = 9.703\times 10^3\frac{LHW}{Q_{\text{pw}}}\text{s} \tag{15.28}$$

15.25 және 15.28 теңдіктерін теңестіріп,

$$HWL = 4.824 \frac{Q_{\text{pw}} h \mu_{\text{pw}}}{(\gamma_w - \gamma_o) d_m \cos\theta} \tag{15.29}$$

Мұнай тамшыларын тиімді тұндыру үшін анықталды, Рейндольс саны (Re) 4 гидравликалық радиусты құрайтын өзіне тән өлшемімен 1600 аспауы тиіс. Бұл төменде көрсетілгендей ағын қимасының ең кіші ауданымен (*HW*) теңдеу құру үшін пайдаланылуы мүмкін. Гидравликалық радиус мәні, *R*, айырулар арасындағы ауданды құраушы, суланған бет периметрі мәніне бөлу арқылы алынады.

$$R = \frac{(h/12)(W/\cos\theta)}{2\left((W/\cos\theta)+(h/12)\right)}$$

$$R = \frac{(h/12)}{2\left(1+(h\cos\theta/12W)\right)}$$

(h cos θ/12) ≪ W, R шамамен болуы мүмкін екендігін ескере отырып, анықталды

$$R = \frac{h}{24}$$

Сондықтан,

$$\text{Re} = \frac{\rho_w D u_w}{\mu g} = 1600$$

мұнда g еркін құлауды жеделдету болып табылады, фут/сек2. 15.27-теңдігінен uw есептеп, $D = 4R$, ρw = 62.4 γw фунт/фут3 және μ = 2.088 × 10–5 μpw және HW анықтап, біз аламыз

$$HW = 6.982 \times 10^{-4} \frac{Q_{\text{pw}} h \gamma_w}{\mu_{\text{pw}}} \text{ft}^2 \tag{15.30}$$

15.30-теңдігі, алдымен, HW ең кіші мәнін анықтау үшін пайдаланылады, содан кейін 15.29 –теңдігі ең кіші анықталған мәннен жоғары кез-келген HW мәні үшін L анықтауға пайдаланылады.

15.6.5 Пластиналы ажыратқыш құрылғылары бар мұнай тұтқыштарын таңдау

Пластиналы ажыратқыш құрылғылар, әдетте, стандартты өлшемдермен H = 3.25 фут, W = 3.25 фут, L = 5.75 фут, h = 0.69 дюйм және θ = 45° шығарылады. CPI мұнай тұтқыш өлшемдері орнатылған CPI са-

нымен анықталады. Мұнда берілген шамада Рейндольс сандары мәнін қамтамасыз ету үшін стандартты CPI арқылы өтетін ағын жылдамдығы күніне 20,000 баррельден аспауы тиістігін екеру қажет.

15.29-теңдігін және CPI стандарттарын, CPI талап етілетін көлемі, N пайдалана отырып, анықтаймыз

$$N = 0.11\frac{Q_{\text{pw}}\mu_{\text{pw}}}{(\gamma_w - \gamma_o)d_m} \tag{15.31}$$

15.6.6 Көлбеу ажыратқыш құрылғылары бар мұнай тұтқыштарын таңдау

15.5-тарауда сипатталғандай, көлбеу ажыратқыш құрылғылар ажыратқыштар арасында судың тегіс бөлінуі үшін ішкі құрылғылардың және коллекторлардың монтаждалуын талап етеді. Спредерлердің тиімділігі көлбеу ажыратқыш құрылғылары бар мұнай тұтқыштарды таңдау кезінде ескерілуі тиіс, себебі спредердің болуы ағынның 100% тегіс таралуына кепілдік бермейді. Мұнай тұтқыштарды таңдау кезінде оң жағын 0.75-ке бөлгеннен кейін 15.29 теңдігі қоданылуы тиіс, осылайша,

$$HWL = 6.432\frac{Q_{\text{pw}}h\mu_{\text{pw}}}{(\gamma_w - \gamma_o)d_m\cos\theta} \tag{15.32}$$

15.6.7 Ирек түтіктер нығыздауыштарының талап етілетін санын анықтау

Бұрын 5.5-тарауда сипатталғандай, ирек түтік нығыздауыштары, әдетте, мұнай тамшыларымен тұтасып кетеді және бөлу процесін желделдету үшін олардың көлемін ұлғайтады. Тазалауға қойылатын талаптарға сәйкес, бір кезеңнен астам талап етілуі мүмкін мұндай жағдайда, кезеңдер сериямен ұйымдастырылады. Ирек түтік нығыздағыштарын тазалау кезеңі саны, n, келесідей үлгіде анықталуы мүмкін.

Ci тазалауға түскен судағы мұнай концентрациясын білдіре берсін, ал Co – тазалаудан түскен судағы (тазартылған су) ең үлкен рұқсат етілген мұнай концентрациясын білдіреді. Осылайша, сепарация немесе тазалаудың жалпы тиімділігі, E, анықталады

$$E = 1 - \frac{C_o}{C_i} \tag{15.33}$$

Тамшының гранулометриялық құрылымы шамамен сызықты болғандықтан, балама ретінде E анықтауға болады

$$E = 1 - \frac{d_o}{d_i} \qquad (15.34)$$

мұнда *do* тазартылған судағы мұнай тамшысының ең үлкен диаметрін, ал *di* – тазалауға түскен судағы мұнай тамшысының ең үлкен диаметрін білдіреді.

Енді, *dm* белгілі бір өлшемдерді скимермен бөліп алуға болатын мұнай тамшысы диаметрін білдіреді. Ирек түтік нығыздағышы қызметі диаметрді *d*max дейін ұлғайту үшін мұнай тамшыларымен тұтасу болып табылады (әдетте, стандартты ирек түтік нығыздағыштары үшін *d*max шамамен 1000 μm құрайды). Ирек түтік нығыздағышының тиміділігін анықтауға болады

$$E_{SP} = 1 - \frac{d_m}{d_{max}} \qquad (15.35)$$

Осылайша, ирек түтік нығыздағыштары *n* үшін сериялы тазалаудың жиынтық тиімділігін ирек түтік тиімділігі арқылы білдіруге болады

$$E = 1 - (1 - E_{SP})^n \qquad (15.36)$$

15.6.8 Флотация құрылғысын таңдау

Флотация құрылғысын дайындаушылар спецификалық өлшемдер мен шығыны бойынша шектеулі түрлі стандартты құрылғыларға ие. Осылайша, құрылғыны жобалаушы инженердің рөлі флотация құрылғыларының тазалау процесі үшін және олардың талап етілетін санын анықтаумен шектеледі. Флотация құрылғыларына қажеттілік тазартылған (шығатын) судың талап етілетін сапасына байланысты. Әдетте, егер тазартылған судағы мұнай тамшысының ең үлкен рұқсат етілген көлемі шамамен 30 μm немесе одан аз болса, онда флотация құрылғысын қарастырады. Флотация құрылғысының, шамамен 87% - 94% құрайтын, тиімділігі және камералар санына байланыстылығында, содан кейін 15.33 немесе 15.34-теңдіктерінен флотация құрылғысында тазалауға болатын тазалауға түсетін су сапасын (мұнай концентрациясы немесе мұнай тамшысының ең үлкен көлемі) анықтау үшін пайдаланылады. Тазалауға түсетін су сапасы бұдан кейін бірінші тазалау кезеңінің қажеттілігін анықтау үшін өңделген су сапасымен салыстырылады.

15.2-мысал

Ал, 15.1-мысалы шартын пайдалана отырып, тазалау бойынша талап етілетін құрылғыны тазартылған судың 1 литрінде 80 мг көп емес мұнай болатындай етіп, жобалап шығарыңыз.

Шешуі

Тазартылған суда кездесуі мүмкін болатын мұнай тамышысының ең үлкен көлемі, анықталады

$$d_m = \frac{(80)(500)}{2000} = 20\ \mu\text{m}$$

бұл көлем кез-келген габариттерді скиммерлермен бөліп алу мүмкіндігі үшін тым аз. Сондықтан, не флотация құрылғысы, не ирек түтік нығыздағыштары пайдаланылуы тиіс. Екі нұсқаны да қарастырайық.

Флотация құрылғысын пайдалану

Флотация құрылғысы әдетте стандартты орындауда күніне 500 баррель шығында қол жетімді. Екі құрылғы қатар қолданылуы тиіс, себебі күніне 8000 баррель су тазалауға жатады. Төрт камералы құрылғы пайдаланылады және оның тиімділігі 90% құрайды деп болжаймыз. Флотация құрылғысында тазалауға жататын су сапасы, былай анықталады

$$E = 1 - \left(\frac{d_{mo}}{d_{mi}} \right)$$

$$0.9 = 1 - \left(\frac{20}{d_{mi}} \right)$$

$$d_{mi} = 200\ \mu\text{m}$$

диаметр өңделген су тамшысынан кіші болғанықтан алдын-ала тазалау оны флотация құылғысында тазалағанға дейін міндетті болып табылады. Алдын-ала тазалау көлемі 200 μm тең және одан үлкен мұнай тамшыларын жою үшін қажет. Осындай талаптар 15.1-мысалында да көрсетілген. Тазалау жүйесі осылайша, 96 дюйм × 17 фут көлденең цилиндрлі скиммерден немесе диаметрі 108 дюйм және биіктігі 8 фут тік скиммерден және параллель екі флотация құрылғысынан тұруы мүмкін.

Ирек түтік нығыздағыштарын пайдалану

Талап етілетін жиынтық тиімділік ең алдымен, есептеледі,

$$E = \frac{2000 - 80}{2000} = 0.96$$

Біз 15.1-мысалда көрсетілген тік скиммерді пайдаланамыз деп болжасақ, мұндай скиммер тазалай алатын тамшы көлемі, 200 μm құрайды.

Осылайша, ирек түтік нығайтқыштарының тиімділігі (тамшы көлемін 1000 μm дейін ұлғайтқан жағдайда) құрайды

$$E_{SP} = 1 - \left(\frac{200}{1000}\right) = 0.8$$

15.32-теңдігінен,

$$0.96 = 1 - (1 - 0.8)^n$$

$$n = 2$$

осылайша, тазалау процессі екі 108- дюйм тік скиммерлерді нығайтқыштармен пайдалану қамтамасыз етілуі мүмкін.

Жоғарыда сипатталған екі опцияның бірін таңдау бағасына және флотация құрылғысы үшін газдың болуы секілді өзге де есептерге байланысты болады.

15.6.9 Қалдықтарды өңдейтін құрылғыларды таңдау

15.6.9.1Қадалы қалдықтарды өңдейтін құрылғылар

15.6.1-тарауында көрсетілгендей, қадалы қалдықтарды өңдеу құрылғылары өңделетін суды тазалау үшін жобаланбайды; олар тек тазартылған өңделген суларды ағызу үшін пайдаланылады. Алайда, қадалы қалдықтарды өңдейтін құрылғылар, сонымен бірге дауыл шпингаттарынан, әдеттегі жауын немесе шаятын суларды ағызу үшін де пайдаланылады. Мұндай суларда, әдетте, мұнай болады, сондықтан қалдықтарды өңдейтін құрылғыларда белгілі бір көлемдегі мұнай тамшыларын тұндыруға арналған құралдар болуы тиіс. Көп жағдайда қадалы қалдықтарды өңдеу құрылғылары көлемі 150 μm тең немесе одан көп мұнай тамшыларын бөліп алу үшін жобаланады. Алайда, бұл жергілікті заңнама талаптарына байланысты.

Қадалы қалдықты өңдейтін құрылғылардың диаметрін анықтау үшін тік скиммерлер үшін дайындалған 15.16-теңдеуі қолданылады, теңдеу келесідей үлгіде қайта жазылады:

$$D^2 = 6691 \frac{Q_w \mu_w}{(\gamma_w - \gamma_o)} \text{in}^2 \qquad (15.37)$$

мұнда *Qw* берілген

$$Q_w = Q_{pw} + Q_{rw} + Q_{wd} \text{ BPD} \quad (15.38)$$

Әдетте, 15.38-теңдігінде жауын және шаятын сулардың шығыны көп болса, олардың бір мезетте пайда болу мүмкіндігі де соншалықты аз болады. Судың жабысқақтығы, μ*w*, 1 cP қабыланады.

Теңіздің қалыпты деңгейіне дейін түсірілген қаданың ұзындығы тоқтау деңгейінің асып түскендігі туралы дабыл мұнай деңгейі төменнен 10 фут белгісіне жеткенге дейін іске қосылатындай етіп, анықталады.

Бұл мәнді қада түбіндегі гидростатикалық қысым балансы арқылы анықтауға болады. Құйылу және ағу мәндері, сонымен қатар күтілетін дауылдар да есепке алынуы тиіс.

Lw судың қалыпты деңгейін білдірсе, *L*st – штормның жобалық диапазонын, *Lt* – құйылу мен ағудың орташа мәнін, с.і. дабылдың іске қосылу және ажырау деңгейінде 4 фут, онда түсірілетен қаданың ұзындығы *L* болады.

$$L = 10 + \frac{(4 + L_{st} + L_t + L_w)\gamma_o}{\gamma_w - \gamma_o} \text{ ft} \quad (15.39)$$

Алайда, терең суларда ең кіші ұзындық 50 футты құрайды. Ұсақ суларда қада ұзындығы тереңдік түбіне дейін созылуы тиіс.

15.6.9.2Ағызатын құрылғылар

Ағызатын құрылғылардың ағыны режимінің күрделілігіне байланысты оларды таңдау үшін аналитикалық теңдеулер жоқ. Алайда, ағызатын құрылғылардың өлшемдерін анықтау үшін осы тарауды зерттеу барысында алынған тәжірибелерге негізделген тиісті қарапайым теңдіктер пайдаланылуы мүмкін.

L 15.39-теңдікте анықталғандай, қаданың батырылатын бөлігінің ұзындығын білдірсе, аралық ұзындығы, *Lb*, анықталады,

$$L_b = L - 15 \text{ ft} \quad (15.40)$$

Егер *d* –қада диаметрі (дюймда) және аралықтар мен мұнай тұтқыштар тек 25% көлемді алып жатыр деп болжасақ, су алып жатқан көлем, *v*, құрайды

$$V = 0.75\left(\frac{\pi D^2}{4\times 1144}\right)L_b \text{ ft}^3 \qquad (15.41)$$

Аралықта ұстау уақыты, t_r, көлемді V, 15.38-теңдеуінен анықталатын су шығынына Q_w, бөлу арқылы алынады; осылайша,

$$t_r = \frac{V}{5.61Q_w/(24\times 60)}\text{min} \qquad (15.42)$$

Тәжірибе 20 мин ұстау уақыты қалдықтарды өңдеуге қойылатын талаптарды сақтау үшін жеткілікті екендігін көрсетеді. Сондықтан, 15.41 және 15.42-теңдіктерін біріктіріп, және $t=20r$ алып және $D2Lb$ шешіп, біз аламыз

$$D^2L_b = 19.1\ Q_w \text{ in}^2 \text{ ft} \qquad (15.43)$$

15.6.9.3 SP қада

SP ирек түтіктер нығайтқыштары санын анықтау процедурасы скиммерлер үшін пайдаланылатын процедураға ұқсас. Ең адымен, қада диаметрі таңдалады және SP кезеңіндегі тиімділік анықталады. Осыдан кейін кезеңдер саны 15.36-теңдеуге сәйкес жалпы 90% тиімділікке байланысты анықталады.

15.3-мысал

Палуба ауданы 3000 фут2 теңіздегі пайдалану платформасы күніне 4500 барелль су өндіреді. Тазалаудың бірінші және екінші кезеңдері пайдаланылады, нәтижесінде судың соңғы сапасы бір литр суда 45 мг мұнайды құрайды, бұл қалдықтарды өңдеу талаптарына сәйкес келеді. Учаскедегі қалдықтардың орташа нормасы 1.5 дюйм/сағ құрайды, ал палуба 50 галл/мин шаятын құбырлармен жабдықталған. Тазартылған өңделген суды және палубадағы дренаж суларды өңдеу үшін қажетті қалдықтарды өңдеу құрылғысын жобалаңыз. Судың есепті жабысқақтығы - 1.1 cP, салыстырмалы тығыздық айырмашылығы – 0.2.

Шешуі

Бірінші кезең лақтырылатын судың жалпы санын есептеу болып табылады:

$$\text{Rainwater} = 1.5\frac{\text{in}}{\text{h}} \times \frac{1}{12}\frac{\text{ft}}{\text{in}} \times 3000\ \text{ft}^2 \times 24\frac{\text{h}}{\text{day}}$$

$$\times \frac{1}{5.61}\frac{\text{bbl}}{\text{ft}^3} = 1604\ \text{BPD}$$

$$\text{Washdown water} = 50\ \text{gpm} \times (60 \times 24)\frac{\text{min}}{\text{day}} \times \frac{1}{48}\frac{\text{bbl}}{\text{gal}}$$

$$= 1500\ \text{BPD}$$

Есептеу жанбыр суының ағу жылдамдығы шаятын су ағыны жылдамдығынан жоғары екендігін ескереді. Сондықтан,

$$Q_w = 4500 + 1604 = 6104\ \text{BPD}$$

Біз, алдымен, қарапайым су шығару құрылғысын тексереміз (i.e., қадама). 15.37-теңдеуін пайдаланамыз, онда 15.37, где dm = 150 μm,

$$D^2 = \frac{(6691)(6104)(1.1)}{0.2(150)^2} = 9983.57$$

$$D = 99.9\ \text{in}$$

Мәні тым үлкен. Сондықтан, біз айдайтын құрылғыларды тексереміз. 15.43-теңдеуін пайдаланып,

$$D^2 L_b = (19.1)(6104) = 116{,}586\ \text{in}^2\ \text{ft}$$

Түрлі D қойып қараймыз және тиісті Lb есептейміз:

D (in)	36	42	48
Lb (ft)	89.9	66.1	50.6

Осылайша, біз диаметрі 48 дюйм 50 фут ажырату бөлігі бар қаданы пайдалана аламыз. Батыратын бөлігінің жалпы ұзындығы 15.40-теңдеу бойынша құрайды,

$$L = L_b + 15, \text{ or}$$

$$L = 50 + 15 = 65\ \text{ft}$$

Бұл ең кіші талап етілетін 50 фут ұзындықтан үлкен.

Ағызатын құрылғылар тиімді нұсқа болып табылады. SP қадама құрылғылары да пайдаланылуы мүмкін, онда тазартылған өңделген су ирек түтік нығайтқыштары астымен жүруі тиіс, себебі тазалауды қа-

жет етпейді. Осылайша, қадама ағызу құралдары тым қарапайым және онша қымбат емес құрылғы болып табылады.

Шолуға арналған сұрақтар

1. Тазартылған өңделген сумен келесідей әрекеттерді орындау себебін талқылаңыз

a. Теңізге ағызу

b. Жер астындағы сақтау орындарына ағызу

c. Мұнайды ажыратып алу коэффицентін жақсарту үшін жіберілетін судың сапасы ретінде пайдалану

d. Қойнаудағы термикалық әсер ету суын өндіру үшін пайдалану

2. Атмосфералық құрылғыларды тазалаумен салыстыра отырып, қысымда өңделген тазартылған өңделген судың басымдылықтары мен кемшіліктерін талқылаңыз.

3. Өңделген судың тазартылу тиімділігін қамтамасыз ету үшін келесі жабдықтардың қызметін сипаттап беріңіз:

a. Жалпақ параллелді ажыратқыш құрылғы

b. Пластиналы ажыратқыш құрылғы

c. Ирек түтік коагуляторлары

4. Флотация құрылғысының негізгі операцияларын және мұндай құрылғыларды пайдалану себептерін сипаттап беріңіз

5. Су шығаратын қадама құрылғылардың түрлі типтерінің негізгі операцияларын және қызметтерін сипаттап беріңіз.

6. Тұндыру теңдігіндегі түрлі өлшемдердің (15.1-теңдік) мұнай тамшысын өңделген судан бөліп алу тиімділігіне әсерін сипаттап беріңіз. Сепарация (тазалау) процессін жақсарту үшін бұл өлшемдерді бақылау жолдарын талқылаңыз.

7. Суды тазалау және оны мұнай беру үшін қайта өңдеу құрылғыларын, сонымен қатар жоғарыда көрсетілген шарттарға сәйкес өңдейтін мұнараларды жобалаңыз. Осы тарауда сипатталған барлық өңдеу және қалдықты өңдеу құрылғыларының жобалық есебін орындаңыз, ал содан кейін өз шешіміңізге негізделген жақсы үйлесетін құрылғыларды анықтаңыз.

Өндірілетін су ағыны жылдамдығы:	12,000 BPD
Мұнай көлемі:	2000 мг нефти/л су
Мұнай тамшысының макс. өлшемі:	500 µm
Тазартылған судың талап етілетін сапасы:	70 мг/л
Еріген мұнай көлемі:	25 мг/л
Судың салыстырмалы тығыздығы:	1.074
Мұнайдың салыстырмалы тығыздығы:	0.89
Судың жабысқақтығы:	1.03 cP
Тазалау температурасы:	70°F
Мұнара ауданы:	4500 фут2
Жауын суларының жылдық орташа көлемі:	1.7 дюйм/сағ
Ағызу құбырларының болуы:	50 гал/мин

16
Далалық резервуарлар, буларды өңдеу жүйесі (VRS) және резервуардағы мұнай жабыны

16.1 Далалық резервуарар

Мұнай өнімерін өндіру, тазалау және бөлу түрлі үлгідегі және көлемдегі көптеген резервуарларды қажет етеді. Шағын бұрандалы немесе дәнекерленген резервуарлар кен орындары үшін тамаша шешім болуы мүмкін, бұл ретте құрылымы дәнекерленген көлемді резервуарлар тарату терминалдары мен мұнай зауыттарында қолданылады. Мұнай беру үшін резервуарларды таңдау кезінде көптеген түрлі факторлар ескеріледі. Олардың ішінде аса маңыздылары кен орынын пайдалану шарттары, сақтау орындарының сыйымдылығы және ерекше жобалық шарттар болып табылады. Резервуарлар, көбінесе, цилиндрлі үлгіде болады, жоғарғы беттері перпендикулярлы орналасады және жылжымайтын немесе жылжымалы қақпақтарымен түптері жалпақ болады. Жылжымалы және жылжымайтын қақпақтары бар атмосфералық резервуарлар дала жағдайларында сұйық көмірсутектерін сақтау үшін пайдаланылады.

Резервуарлар мұнайды құбырларға айдағанға дейін ұңғымадан мұнай алу және жинау үшін қажет, олар оның қасиеттерін өлшеуге, сынамалар және басқа да өлшемдерді алуға мүмкіндік береді.

Шикі мұнайға арналған резервуар моделі келесідей факторларды есепке алуы тиіс:

- Сақтауға арналған материалдардың бу қысымы
- Сақтау температурасы және қысымы
- Мұнай өнімдерінің уыттылығы

16.1.1 Резервуарлардың жіктелуі

Өрт қауіпсіздігі ұлттық ассоциациясының анықтаулаына сәйкес (NFPA 30-2008, 2011), *атмосферлік резервуарлар деп* мәні атмосфералық және 6.9кПа арасында ауытқитын қысымда жұмыс істеу үшін жоспарланған резервуарларды атайды. Мұндай резервуарлар екі негізгі моделде шығарылады: жылжымайтын күйде қалатын конус қақпақты және сұйықтық бетінде «жүзетін» жылжымалы қақпақты, ол сұйықтық деңгейіне қарай көтеріледі және түсіріледі. *Қысымдағы резервуарлар* бір жағынан сұйық сутегі секілді сұйытылған газдарды (LH) немесе сығылған газдарды – сығылған табиғи газдарды сақтау үшін пайдаланылады. Оларды *жоғары қысымда* жұмыс жасайтын резервуарларға қосуға болады. Резервуарларды, сонымен қатар жер үсті түрі (AST) жер асты (UST) түрі деп жіктеуге болады.

Әдетте әрбір санатты жобалау және пайдалану үшін көптеген экологиялық және сақталатын сұйықтық сипатына қарай өзге де ережелер қолданылады.

16.1.2 Резервуарлардың түрлері

Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сақтау үшін кеңінен қолданылатын резервуарардың төрт негізгі түрлері бар.

16.1.2.1Қалқымалы қақпақтары бар резервуарлар

Қалқымалы қақпақтары бар резервуарлар қақпақтары жылжымайтын резервуарлармен салыстырғанда басымды қолданылады, себебі олар будың бөлінуінің (тез тұтанғыш) алдын-алады. Жылжымалы қақпақ резервуардағы сұйықтықтың деңгейіне қарай көтеріліп және түсіріліп, сұйықтық деңгейінен жоғары су-ауа кеңістігін қысқартады. Бұл бак ішінде тұтану немесе жарылу мүмкіндігін де қысқартады. Қалқымалы қақпақтар ОТ талаптары, сонымен қатар көптеген салалар үшін, с.і. мұнай өңдеу саласы үшін ластанудың алдын-алу шаралары болып табылады. Қалқып жүретін қақпақты бактың сыртынан ол сақталатын сұйықтықты жауып тұрады және сұйықтық деңгейіне қарай жылжып отыруы мүмкін. Мұндай резервуарлар буланумен жүретін шығындарды қысқартады және құю кезінде аз тыныс алудан болатын шығынды бақылауға мүмкіндік береді. Олар мұнай өнімдерін 10.3 -тен 76.5 кПа дейін шынайы бу қысымында сақтау үшін аса қолайлы.

Сыртта қалқып жүретін қақпақтардың тағы бір баламасы тұғырда тұрған бак коценпциясын конусты жылжымайтын қақпақтармен

жалғайтын ішкі қақпақтар болып табылады. Олар ұқсас заттарды пайдаланумен қысқарып отыратын, алу және сақтау шығындарын тым сезгіш болып келеді.

16.1.2.2 Жылжымайтын қақпақтары бар резевуарлар

Жылжымайтын қақпақтары бар резервуарлар жалпақ, конус тәрізді немесе шаңырақ тәрізді нысандағы цилиндрлі қабат пен дәнекерленген қақпақтан тұрады. Мұндай резервуарлар 10.3кПА тең немесе одан аз болатын шынайы бу қысымы материалдарды сақтау үшін пайдаланылады. Көлбеу цилиндрлі және сфералық резервуарлар әдетте барынша үлкен қысымдағы көмірсутектері мен химия өнімдерін сақтау үшін пайдаланылады. Атмосфералық резервуарлар немесе төменгі қысымдағы резервуарлар кен орынынан бастап мұнай өңдеу өнеркәсіптеріне дейін кеңінен қолданылады. Резервуарлардың аса кең таралған нысаны – тік цилиндрлі. Бір резервуардың ең үлкен сыйымдылығы100 баррелден 1.5 ММ барр. дейін ауытқуы мүмкін. Тиісінше, резервуар көлемдері 10 футтан кейбір көлемді қалқымалы қақпақты бактар үшін 412 футтан астам диаметрде болады.

Шикі мұнайды сақтау барысында сұйық табиғи газ секілді жеңіл көмірсутектері, ұшатын органикалық қосындылар, қауіпті ластағыш заттар және кейбір инертті газдар сұйықтық пен белгіленген резервуар қақпағы арасында буланады және шоғырланады. Себебі бактағы сұйықтық деңгейі өзгеріп отырады, бұл газдар біртіндеп ауаға шығады. Буды сұйық фазаларға қайтару жүйесі құрылғысы осы шығындарды болдырмауға қарсы шара болып табылады, ол туралы кейіннен сипатталады.

16.1.2.3 Оқ тәрізді резервуарлар

Бұл барлық резервуарлар мен ыдыстар кейбір негізделген себептерге байланысты оқ тәрізді немесе цилиндрлі корпуста жасалады. Жалпы резервуарлар мен ыдыстар белгілі -бір дәрежеге дейін герметизацияланады және нысандары бойынша ерекшеленуі мүмкін. Көмірсутектерін сақтау үшін олар оқ тәрізді немесе цилиндрлі немесе кейде сфералық нысанда шығарылады, себебі олар қысымды шеттері бар ыдыстармен салыстырғанда бірқалыпты таратуға мүмкіндік береді. Беткі ауданы көлемі коэффициенті цилиндрлі резервуарлар үшін

біршама жоғары. Ол сфералық резервуарлар үшін тым биік жасалады. Алайда, сфералық ыдыстарды дайындау және тасымалдауға байланысты белгілі-бір проблемалар болады. Беткі қабаты ауданының төмендігі осы оқ тәрізді ыдыстардың дайындау материалдары бағасының төмендігін білдіреді. Бұдан басқа, олардың нысанына, концентрация нүктелерінің санына қарай оқ тәрізді ыдыстардағы кернеуде аз болады.

16.1.2.4 Сфералық резервуарлар

Сфералық резервуарлар жоғары қысымдағы сұйықтықтарды сақтауға арналған. Сфераның құрылымы өте мықты, себебі ол сыртқы және ішкі бетіндегі кернеуді біркелкі тегіс таратуға мүмкіндік береді. Сфералық ыдыстар, алайда, цилиндрлі және тік бұрышты ыдыстармен салыстырғанда дайындау өте қымбат. Сфералық резервуарлар басқа резервуарлардағы секілді қосымша жабдықтардың болуын талап етеді (мысалы, ойымша, сақтандырғыш клапан, сатылар). Сфералық ыдыстардың басымдылығы олардың басқа кез-келген нысандағы ыдысқа қарағанда көлем бірлігіндегі беткі қабаты ауданының кішілігі болып табылады. Бұл аса жылы ортадан сфераға берілетін сұйықтықтардың жылу көлемі цилиндрлы немесе тік бұрышты ыдыстарға қарағанда аз болатындығын білдіреді.

16.1.3 Резервуарлардың құрылыс материалдары

Бастапқыда мұнай өнеркәсібінде пайдаланылатын резервуарлар түрлі ағаштардан жасалғанымен, қазіргі уақытта олар болаттан немесе балама металл емес материалдардан жасалады. Болат және бетон резервуарларды дайындау материалдарын таңдау кезінде өте танымал болып қалады. Алайда, әйнекпен арматураланған пластмасса, термопластика және полиэтилен резервуарлар үлкен сұранысқа ие болуда. Олар аса жоғары химиялық төзімділік кезінде, әсіресе, жекелеген химикаттарды сақтау кезінде құрылыс материалдары шығыны аз болады. Алайда, олармен белгілі бір проблемалар бар. Пластикалық резервуарлар үшін максималды рұқсат етілген температура шамамен 40°F дан 150°F дейін болады. Кейбір операциялар пластикалық резервуарларды көмірсутектері үшін пайдалануға жол бермейді, себебі пластикалық резервуарлар металл және жарылу қаупі жоғары резервуарларға қарағанда істен тезірек шығады.

Мұнай сақтау үшін резервуарлар құрылысы кезінде дәнекерлеу процесін дамытқанға және жақсартқанға дейін не бұрандалы, не жамау технологиялары қолданылды. Резервуарлар құрылыс алаңдарына толық жинау үшін жобаланып жекелеген сегменттермен жеткізілді. Алаңда дәнекерленген резервуарлар алыс өндіріс алаңдарында, мұнай өңдеу зауыттарында не терминалдарда ыдыстарды кеңейту қажеттілігіне қарай өндіріс талаптарын оңай қанағаттандырады.

16.1.4 Қосымша пікірлер

Көптеген сұйықтықтар құйылуы, булануы не тіпті кішкентай саңылаудан ағып кетуі мүмкін болатындықтан олардың қауіпсіздігін және қорғалған тасымалдауды қамтамасыщ ету үшін арнайы шаралар алынуы тиіс. Олар әдетте бак айналасына төгілуді жою үшін аққан сұйықтықтың сақталу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында құрылысқа топырақ үюді қосады.

Топырақпен байланысатын және мұнай өнімдерін ұстайтын металл резервуарлар өнімнің сыртқа ағып кетуін болдырмау үшін коррозиядан қорғалған болуы тиіс.

Катод қорғанысы жермен байланысатын болат резервуарлар үшін аса тиімді және кең таралған коррозияны бақылау құралы болып табылады.

Өндірістік құрылғыларда, әдетте, не ашық резервуарларды, не атмосфералық қысымда не атмосфералық қысымнан аз ғана асып түсетін қысымда жұмыс жасайтын, белгілейтін қақпақтары бар резервуарларды пайдаланады.

16.2 Буды өңдеу жүйесі

16.2.1 Кіріспе бөлімі

Өндірістік операцияларды орындау кезінде жер астындағы шикі мұнай ерітіндіде жеңіл салмақты көмірсутектерінің үлкен көлемін құрайды. Олар беткі қабатына түскен кезде мұнай газ сепараторы арқылы өтіп, аса үлкен қысым ауытқуына тап болады (GOSP).

Көмірсутегі буларын бөліп шығару көптеген факторларға байланысты болады:

- Өнімнің физикалық сипаттамасы
- Ағылмалы жабдықтардың жұмыс қысымы
- Резервуарда сақтау шарттары

Сақтау кезінде аса жеңіл көмірсутектері шикі мұнайда немесе кон-

денсатта еріп кетеді, с.і. метан және басқа да ұшқыш органикалық заттар (ЛОС), сонымен қатар қауіпті ауа ластағыш заттар (ОЗВ) буланады және шайылып кетеді. Бұл булар сұйықтық пен резервуардың белгіленген қақпағы арасында жиналады. Себебі резервуарлардағы сұйықтық деңгейі ауытқып отыратындықтан, бұл булар ауаға шығады немесе жағылады. Опционды, буды резервуарлардан әрі қарай сату немесе үрлеу үшін ағынды компрессорларға бағыттау үшін оларды қайта өңдеу (немесе ауада үрлеу) үшін компрессорлар қарастырылуы мүмкін. Біршама экономикалық тиімділікке резервуарларда буды қайта өңдеу жүйесін (VRUs) орнату арқылы қол жеткізіледі. Бұл құрылғылар будың шамамен 95% ұстай алады. Еріген жеңіл салмақты булардың шығыны былайша сәйкестендіріледі:

- Мұнай-газ сепараторларындағы жану шығындары
- Айдау толтыру және босату кезінде резервуар ішіндегі сұйықтық деңгейінің өзгеруіне байланысты жұмыс шығындары
- Күндізгі немесе маусымдық температуралардың өзгеруі кезінде байқалатын өздігінен разрядталу немесе аз тыныстау кезіндегі шығындар

Резервуардың аз тыныстауы немесе ағызу-құю операцияларын орындау кезінде ашылуың алдын-алу үшін сақтандырғыш вакуумды клапандар қажет. Вакуумда айдау кезінде бак қақпағын алып тастауға болады.

16.2.2 Экономикалық және экологиялық пайда

Ауаға шығарылатын ЛОС және ОЗВ қалдықтары біз тыныстап отырған ауаны ластайды. Бұл қалдықтарды не оларды қысқарту, не буды қайта өңдеу жүйесін (VRU) орнату арқылы қысқартуға болады. VRU жүйесі АҚШ Қоршаған ортаны қорғау бойынша агенттігінің стандарттарына сәйкес келеді және мұнай және газ өндіруші компанияларға экономикалық пайда әкеледі, атмосферадағы будың негізгі бөлігін жояды. Өңделген газ - жоғалған өнім, жоғалған пайда болып табылады. Шикі мұнайды немесе конденсатты өндіру барысында өндірілген және VRUs ұсталған газдар пайда табу үшін коммерциялық мақсаттарда немесе мұнай өңдеу құрылғыларында пайдаланылуы мүмкін. Опционды қалдықты өңдеу заттары мұнайды қайта өңдеу барысында отын ретінде пайдаланылуы, табиғи газ сақтау орындарына жиналуы және жуып тазалайтын агент ретінде не сатылуы, не пайдаланылуы мүмкін.

VRU құрылғысынан инвестицияның қайтарылуын бағалау үшін төменде келтіріліген процедураны басшылыққа алу қажет.



16.2.3 Буды қайта өңдеу жүйесінің негізгі моделі

Буды қайта өңдеу жүйесі көмірсутегі көдерінен ЛОС және ОЗВ қалдықтарын ұстап қалуға арналған. Олар не оларды қайта пайдалану, не жою (әдетте жағу арқылы) мақсатында химиялық технологияларда және мұнай өңдеу салаларында шығарылатын буларды ұстау үшін пайдаланылады.

Буды қайта өңдеу жүйесі газ ағынында мақсатты қосындыларды ұстауы мүмкін не төменде келтірілген процестердің бірін пайдаланатын көпфункциялы блок ретінде жұмыс жасайды:

• Конденсат жүйесі — газ ағыны мақсатты ластағыш заттар немесе қосындылар ағыннан конденсат түрінде шығып қалатын температураға дейін салқындатылады. Белгілі бір сұйықтықты хладагент ретінде пайдалану ең алдымен қосындыларға және қалдықтардың белгілі бір деңгейіне жетуіне байланысты.

• Белсендірілген көмірмен тазалау жүйесі — белсендірілген көмірдің газ тәрізді қоспалардан белгілі-бір молекулаларды адсорабациялау қасиеті пайдаланылады. Абсорбция процессі не толық карбонизациялау және жоюға дейін, не әрі қарай пайдалану үшін қайта қалпына келтіру аяқталғанға дейін жалғасады.

• Қайта қалпына келтірілген мұнайды сіңіру жүйесі — әдетте, қысыммен жұмыс жасайды. Адсорбциялық май немесе ластағыш бу ағынымен салыстырғанда аса жоғары молекулярлық салмағы бар сұйықтық пайдаланылады. Әдетте, ол бу ағынымен тығыз байланысты қамтамасыз ету үшін нығыздағыш колоннада қарсы ағында беріледі.

Сіңірілетін компоненттер бөлініп алынады және байытылған ерітінділермен қайта қалпына келтіріледі, олар кері қанықтырылмаған колоннаға қайтарылады.

• Бүріккіш сораптар жүйесі — талап етілетін газды ұстап алу үшін бүріккіш эдекторлар пайдаланылады. Газды жоғары қысымда пайдалана отырып, жүйе аса төмен қысымдағы ағыннан талап етілетін қосындыларды ұстайды.

Буды қайта өңдеу жүйесі моделін таңдау кезінде келесідей факторларды ескеру қажет:

• Кейбір заманауи буды қайта өңдеу жүйелері кешенді немесе арнайы газ ағындары үшін сан түрлі технологияларды енгізеді.

• Буды қайта өңдеу жүйесінің түрі көп жағдайда ұсталынатын қосындылардың түрлеріне байланысты болады.

• Аса кең таралған газ тәрізді ластағыштар көптеген жүйе түрлерімен ұсталынатын көмірсутегі болып табылады.

• Пайдалану шығындары және ТК шығындары жүйені таңдау кезінде маңызды. Бұл шығындар, әдетте, жоғары қысымдағы кмпрессорларды немесе төменгі температурадағы конденсаторларды пайдалану кезінде жоғары болады.

Әдетте, біз буды қайта өңдеу жүйесі туралы айтқанда, біз біздің резервуарларымызды (немесе газ көздерін) осындай қызметтерді атқаратын белгілі бір *желдету жүйесіне* қосуға тырысамыз. Күні бойына, температураның көтерілуімен резервуардағы көмірсутегінің буланууынан түзілген шамадан тыс булар бөлініп шығады және VRU құрылғысымен ұсталынып алынады. Түнгі уақыттарда, будың салқындау және ішінара ашылуына алып келетін олардың конденсациялануымен булар VRU құрылғысынан резервуарға бағытталады. Сұйықтықты резервуарға және одан әрі айдау және құю кезінде булар желдету жүйесімен (VRU құрылғысының негізгі құраушысы) шығуы (жиналуы және сорылып алынуы) мүмкін. 16.1 және 16.2-суреттерде осы тұжырымдама көрсетілген.



Wet gas to vacuum side of compressor – Ылғалды газ компрессордың вакуумды жағында
Dry gas makeup from gas system – Газ жүйесіндегі құрғақ кондициорленген газ
VRU unit – VRU құрылғысы
Plan of storage tanks – Резервуарлар жоспары

16.1-сурет Резервуарларға қосылған буды реттеу жүйесі.



Exhibit 1: Standard stock tank vapor recovery – 1-сурет: Жүйедегі стандарты резервуар
Vent line back pressure valve – Үрлеу сызығының кері клапаны
Crude oil stock tank(s) – Шикі мұнай резервуары
Control pilot – Бқылауды басқару
Sales – Өткізу
Suction line – Сору сызығы
Suction scrubber – Газ тазалау
Condensate return – Конденсаттың қайтуы
Liquid transfer pump – Сұйықтықты айдау сорабы
Electric driven rotary compressor – Электр жетегі бар ротациялық компрессор
Electric control panel – Электр басқару үстелі
Bypass valve – қайта өткізу клапаны
Gas sales meter run – тауарлық газдың шығының өлшегіш
Check valve – тиекті шұра
Gas – Газ

16.2-сурет
Негізгі құраушы VRU.



First – Бірінші
Vapor collection – Бу жинау
Storage tank – Резервуар
Pump – Сорап
Condenser – Конденсатор
Compressor – Компрессор
Liquid – Сұйықтық
Vapors – Булар
Flash drum – Төмен қысым сепараторы
Second – Екінші
Reliquify – Қайта сұйыққа айналу
Third – Үшінші
Return liquid to storage – Сұйықтықтың резервуарға қайта қайтуы

Е 16.3-сурет
Буды қайта өңдеу жүйесінің негізгі қызметі

16.3-суретте көрсетілгендей, ұстау немесе жинау қондырғысынан тұратын, содан кейін конденсация жүйесі мен резервуарға сорап жүйесі орын алатын тұйықталған цикл.

16.3 Резервуардағы мұнайды жабу

16.3.1 Теориялық негізі

Резервуардағы мұнайды жабу немесе толтыру – бұл сұйықтықты сақтауға арналған контейнердегі бос кеңістікті толтыру үшін газ жа-

бынын пайдалану процесі . Оның мақсаты өнімді сақтау немесе қорғау, сонымен қатар қызметкерлерді, жабдықтарды немесе қоршаған орта-ны зиянды әсерлерден қорғау болып табылады. Осылайша, газ қабаты сұйықтық бетінде ұсталады, сұйықтықты ауамен ластанудан қорғайды және детонация қаупін азайтады. Газ көздері резервуардан тыс болады. Көп жағдайларда мұнайдың газ жабыны ретінде резервуарларда азоттан тұрады, басқа да газдар қолданылуы мүмкін. 1970 жылы Appalachian Controls Environmental (ACE) резервуардағы мұнай жабыны үшін клапанды енгізген әлемдегі бірінші компания боолды.

16.3.2 Басымдылығы

Мұнай жабынының басымдылығы өнімнің контейнерде ұзақ уақыт сақталуын, қауіпсіздіктің төмендігін және жабдықтардың аса ұзақ қызмет ету циклін құрайды. Резервуардағы мұнай жабыны сұйықтықтың ауада булануының алдын-алуы мүмкін. Ол атмосфераны жеңіл жанатын немесе ыстық сұйықтықтардан жану әлеуетін төмендету үшін ұстап тұрады. Ол вакуум және атмосфералық ауаның түсуінің алын-алып, резервуардағы заттарды салқындату арқылы көлемдегі айырмашылықтың орынын толтыра алады. Резервуардағы мұнай жабыны оған атмосфералық ауаның әсерін төмендету есебінен өнімінің ластануын немесе қышқылдануының алдын-ала алады. Ол сонымен бірге, ылғалдың көлемін де азайта алады. Азот секілді газдар өте таза және құрғақ күйінде беріледі.

Жанғыш өнімдер үшін резервуардағы мұнай жабынын қолдану мәселесін қарастыру кезінде аса маңызды басымдылық өндіріс процессінің қауіпсіздігі болып табылады. Отын жағу үшін оттегін қажет ететіндіктен, бу кеңістігіндегі оттегі көлемін төмендету үшін жану қаупінің пайда болу тәуекелділігін төмендетеді.

16.3.3 Резервуардағы мұнай жабынының ерекшелігі

Резервуардағы мұнай жабыны үшін пайдаланылатын аса кең та-ралған газ азот болып табылады. Азот өзінің инерттік қасиетінің, со-нымен қатар қол жетімділігі мен салыстырмалы төмен бағасына байла-нысты кеңінен танымалы. Газ үшін резервуарға түсу мүмкіндігі және оны тым жоғары қысым мәнінде ығыстырып шығару мүмкіндігі қамта-масыз етілуі тиіс. Резервуардағы мұнай жабыны жүйесі бу
кеңістігінде артық қысымды туғызуға және сол қысымды нақты ұстап тұруға қа-білетті болуы тиіс.
Контейнер ішіндегі қысым берілген мәннен төмен түсіп кеткен жағдайда, клапан ашылады және газге резервуардағы мұнай жабыны

үшін ішке енуге мүмкіндік береді. Содан кейін, қысым берілген мәнге жеткенде клапан жабылады. Қауіпсіздік шаралары ретінде көптеген жүйелер іштегі қысым максималды мәннен асып түскенде ашылатын қысым клапанын қосады. Бұл контейнерді жоғары қысымға байланысты бұзылудан қорғауға көмектеседі. Көптеген резервуардағы мұнай жабыны үшін газ жүйелері қалыпты қысымнан асып түседі, онда резервуарға енуде қысымды азайту үшін редукциялық клапандар пайдаланылуы тиіс. Резервуардағы мұнай жабыны жүйесі, әдетте атмосфералық қысыммен (атмосфералықтан жоғары су бағанынан бірнеше дюйм) салыстырғанда біршама жоғары қысымда жұмыс жасайды. Бұған қарағанда аса жоғары қысымы, әдетте пайдаланылмайды, себебі ол тек аз ғана пайда береді, ал бұл ретте оған резервуардағы мұнай жабыны үшін қымбат тұратын газдың үлкен көлемі жұмсалады.

Келесі тәсіл, резервуардағы мұнай жабыны үшін қарапайым, тікелей әрекет ететін редуктивтік клапан (РК) пайдалану болып табылады. Соған қарамастан, бұл құрылғылар үздіксіз беру үшін жақсы үйлеседі. Резервуарды толтыру үшін газ беруді дросселдеудің ауқымды диапазоны қажет етіледі. Редуктивті клапандар жұмыс кезінде бақыланатын қысымды жылдамдықты төмендету немесе беруді тоқтату арқылы біршама өзгертіп отырады.

17
Мұнай өндіруге арналған химиялық реагенттер

Мұнай өндіру үшін түрлі арнайы химиялық реагенттерге (ХРДФ) сұраныстың өсіп отырғандығы байқалады, себебі мұнайды көп өндіруге қажеттілік бар. ХРДФ үш негізгі топтарға бөлінеді, оларды тиісіне келесідей үлгіде қолданумен:

1. Бұрғылау ерітінділері
2. Бекіткіштер мен ынталандырушылар
3. Мұнай өндіруге арналған химикаттар

Бұл тарауда біз үшінші топты – барлық кезеңде пайдаланылатын мұнай өндіруге арналған химикаттарды талқылаумен шектелеміз. Ұңғыма ернеуінен мұнайды өндіруден бастап дайын өнімді дайындағанға дейін, ұңғыма діңгегінде мұнай шығару, мұнай және газ сепарациясы, оларды соңғы қайта өңдеуге дейінгі тазалауды қоса алғанда.

Жалпы мұнай өндіру үшін көптеген химиялық реагенттерді пайдалану қалыптасатын су көлеміне тікелей байланысты және сондықтан да қойнаудың жасымен байланысты болады. Бұл топтағы химиялық заттар келесіден тұрады:

- Тұз шөгінділері және коррозия ингибаторлары
- Биоцидтер
- Деэмульгаторлар
- Жеңіл-желпі белсенді заттар
- Газды өңдеу және қайта өңдеу кезінде қолданылатын еріткіштер.

ХРДФ таңдау үшін дәстүрлі практика үнемі олардың белгілі жеке пайдаланулары мен өнімділігіне негізделеді. Соған қарамастан, ХРДФ таңдау және бағалау кезінде осы тарауда сипатталғандай кейбір техникалық көрсеткіштер басшылыққа алынады.

Мұнайды беру кезінде коррозия ингибаторларының көмегімен коррозияны азайту тиімділігі осы тарауда коррозияның кейбір іргелі негіздерін қысқаша талдау түрінде қарастырылады.

17.1 Кіріспе

Шикі мұнай, әдетте, оны өндіру процессінде су мұнай эмульциясы түрінде болады. Мұнай эмульсияларының құрамы судың мұнайға, мұнай құрамындағы табиғи эмульгаторлар жүйесіне, сонымен қатар эмульсияның шығуына қатынасына байланысты болады. Шикі мұнайдағы табиғи эмульгаторлар өте күрделі химиялық сипатқа ие. Әрбір мұнай ұңғымасында олар түрліше және мұнай ұңғымасының жасына байланысты болады, тиісінше, мұнай эмульсиясы әсерін игеру үшін дәемульгаторлар таңдаулы түрде орындалуы тиіс.

Екінші жағынан, түрлі типтегі химиялық заттар бұрғылаудың барлық кезеңінде, мұнай және газ ұңғымаларын дайындау және өндіру кезінде пайдаланылады. Мұнай өндіру саласында орындалатын көптеген қызметтер мұнай/газ операциялары аясында белгілі бір қызметтерді атқаратын арнайы сұйықтықтар немес химиялық заттарды пайдалануымен байланысты.

Мұнай кен орындарында үлкен тиімділік пен өнімділікке қол жеткізу өндірілетін мұнай/газ қоспаларын үстіртін өңдеулерді қоса алғанда бұрғылау алаңдарындағы операцияларға байланысты болады. Бұл операциялар соңғы өнімнің сапасын барынша жоғарылату үшін, сонымен бірге қоршаған ортаға әсерін барынша азайту үшін экономикалық тиімді болуы тиіс. Бұл операциялардың шешуші мәндері осы операцияларға пайдаланылатын мұнай өндіру үшін (ХРДФ) арнайы реагенттерден тұрады.

ХРДФ бұрғылау ерітінділерінің шығу орындарына және кен орындарында операцияларды жақсарту, ұңғымаларды ынталандыру, химиялық заттар өндірісі, цементтеу, ұңғымаларға күрделі жөндеу жүргізу және аяқтаушы жұмыстар, және мұнай өндіру әдістерін жетілдіру (МДФ) үшін пайдаланылады. Мұнай өндіруге арналған арнайы реагенттерге сұраныс шикі мұнай өндірудің өсуі, резервуарлардың орналасуы мен бұрғылау тереңдігі, мұнай кендерінің болуы, мемлекеттік саясат пен түрлі химиялық қосындылар арасындағы үйлесімділіктер секілді түрлі факторларға байланысты.

17.2 Бағалау және таңдау

Әлемдік нарықтың шамамен жартысы бұрынғыша Солтүстік Америкадағы өте ескі кен орынына келеді. Бұл салада химиялық заттарды пайдаланудың өте жоғары пайызы газ кен орнымен байланысты.

Мұнай өндіру кезінде шикі мұнайдың көп бөлігі сумұнай эмульсиясы түрінде болады. Бұл мұнай эмульсиясы табиғи эмульгаторлармен (тұрақтандырғыштармен) жоғары тұрақтандырылған судың түзілуімен

мұнайды мұқият араластыру нәтижесінде қалыптасқан араласпайтын компоненттердің тұрақты қоспалары болып табылады. Сапалы шикі мұнайға деген нарық сұранысын қанағаттандыру үшін ХРДФ мұнай/газ өндіру бойынша операцияларда ХРДФ кеңінен қолданылады.

Жан-жақты тестлеу химиялық заттарда олар пайдаланылғанға дейін жүргізіледі. Бұл екі негізгі кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – сынақ сериялары алдын-ала жүргізу, бұл ретте осы заттар өндірістік процесс барысында болуы мүмкін тиімсіз қосымша әсерлерінің болуы бағаланады. Екінші сынақтар сериясы осы салада әрекет ететін элементтердің қабілеттілігін бағалаудан тұрады.

Соған қарамастан, ХРДФ түпкілікті таңдауға дейін келесідей өлшемдердің әсерін ескерген дұрыс:

• Эмульсия, коррозия, минералды шөгінділер және парафин шөгінділерінің өзара байланысы.

• Коррозия жылдамдығы эмульгаторларды жіберу кезінде ұлғаюы мүмкін, себебі тұрба қабырғалары тек мұнаймен ғана емес, сумен де өзара әрекеттеседі.

• парафин диспергаторлары кристалдардың бір-бірінен серпілуін туғызады, бұл ретте деэмульгаторлар молекулалардың жабысуын ұлғайту тенденциясына ие болады.

• Пленкалы коррозия ингибаторлары металлдың беткі қабатында қорғаныш қабатын туғыза отырып коррозияны азайтады. Бұл пленка тұз шөгінділері мен парафин кристаллдарын қалыптастыру үшін негізгі ретінде пайдаланылады.

• Коррозия парафин және шөгінділер депозитін ұлғайта алады, себебі ол металл қабырғаларына бұдырлылық береді.

Қорыта келе, әрбір бөлек жағдайларда барлық техникалық аспектілерді жақсы түсіну және ХРДФ қолдану кезінде таза нәтижені жан-жақты бағалау өте маңызды.

17.3 Химиялық реагенттердің жіктелуі

Мұнай өндіруге арналған реагенттер, әдетте, түрі мен қолданылуына байланысты жіктеледі. Түрі бойынша жіктелетіндері коррозия ингибаторлары және тұз шөгінділері ингибаторлары, биоцидтер, деэмульгаторлар, депроссорлық қоспалар (ДҚ), жеңіл-желпі белсенді заттар, және полимерлерден тұрады. Қолданылуы бойынша жіктелетін реагенттер бұрғылау ерітіндісін, ынталандырушы, бекіткіштер және өнеркәсіп химикаттарынан тұрады.

17.4 Коррозия және көбік ингибаторлары

Коррозия табиғаттағы дертті шынайылық болып табылады және жекелей алғанда мұнай кен орындарында қымбат жабдықтарға әсер етеді. Коррозия – бұл химиялық реакциялар мен қоршаған орта арасындағы олардың нәижесінде металлдың бұзылуы. Басқаша айтқанда, металл коррозиясы металл электрондарының шығынын білдіреді. Егер, біз, мысалы темір металлды коррозия жеді деп айтсақ, біз жай Fe (атом) электрон Fe++ (ион) болады; яғни, Fe (атом) коррозия кезінде → Fe+++ее қайта түзіледі дегеніміз.

Коррозия ингибиторы ортаға кішкене концентрацияны қосу кезінде қоршаған орта әрекетіне ұшырайтын металл коррозиясы жылдамдығын төмендететін заттардан тұрады. Мұнай өнеркәсібінде коррозия ингибиторлары келесілерден қорғауға арналған: тұщы және ащы сулардан; биологиялық шөгінділер; көміртегі диоксиді (анаэробты коррозия); күкіртсутегі және кен орындарының барлық түрлеріндегі мұнай өндіру процессімен байланысты басқа да органикалық қышқылдар. Әдетте, коррозия ингибиторларының екі түрі болады:

1. Анодты ингибиторлар — олар, әдетте, коррозия әлеуетіне үлкен анодты өзерістер туғызып, металл бетіне қорғаныш оксид қабығын қалыптастыру арқылы әрекет етеді. Бұл өзгерістер металл қабаты улау (пассивтеу) аумағына өтуіне алып келеді. Бұл ингибиторлар *пассиваторлар* деп аталады. Хроматтар, нитраттар және молибадтар анодты ингибиторларының мысалы болып табылады.

2. Катодты ингибиторлар — олар не катодтық реакцияның өзін баяулатып әсер етеді, немесе катод аумағын таңдамалы түрде тұндырады, соның арқасында беткі қабатындағы диффузиялық молекулаларды шектейді.

Коррозия ингибиторлы химикаттар ұңғыма ернеуі деңгейінде, газды бөлу колонналарында, құбыр басында, сонымен қатар тұтынушының қалауы бойынша ол мұнай/газбен бірге айдалатын жерлерде, құбырдағы мұнай және газда, белгілі бір жерлерде қышқылдар, оттегі және тұзды су секілді металл қабаттарындағы коррозиялық қосындылар реакциясын баяулататын металл бетіндегі жұқа қорғаныш қабығын қамтамасыз ету үшін бүркеді, соның арқасында кен орындарындағы жабдықтарды коррозиялық әсер етулерден қорғайды.

Коррозия баяулатқыштарымен химикаттар майлы спирттердің күрделі эфирі мен аминдер, имидазолиндер, олардың тұздары, төрттік аммон қосындылары және дұрыс пропорцияда араласқан және әрбір

мұнай және газ кен орыны үшін белгілі бір талаптарға сәйкес құрылған амидтерді білдіреді.

Тұз шөгінділері ингибиторы бір жағынан өндірістік құбырларда, немесе аяқтаушы жүйеде немесе басқа да жабдықтарда шөгінділердің қалыптасуының алдын-алу немесе бақылау үшін пайдаланылатын химиялық өңдеулер болып табылады. Бұл мұнай өндіруге арналған реагенттер коррозия ингибиторымен ұқсас және мұнай кен орындарындағы құрылғыларда тұз шөгінділерінің түзілуін болдырмау үшін ұңғыма ернеуінде және мұнай және газды қайта өңдеу сатысындағы басқа да жерлерде жіберіледі. Тұз шөгінділері ингибиторлары шикі мұнайды айдайтын құбырларды, қаптама тұрбалар, мұнай мен су құрамында болатын тұз көбіктерінің түзілуі есебінен пайда болатын үлкен тұз шөгінділерінен шикі мұнай мен суды шикі өңдеуге қосылған қуаттылықтар пен жабдықтарды қорғайды. Тұз шөгінділері ингибиторлары, әдетте, бір немесе полифосфанаттар комбинациясын, фосфор қышқылын, акрил қышқылын, және АМПС (2-акриламид-2-метилпроансульфоқышқыл, акрилді монмер) құрайды. Олар негізінен кен орындарын тұз шөгінділерінен қорғау және оның алдын-алу үшін пайдаланылады.

17.5 Биоцидтер

Биоцид өнімдері бір немесе одан көп белсенді заттардан тұратын белсенді заттар және препараттар ретінде анықталады, пайдаланушыға берілген күйінде пайдаланылады, әрекеттерді жою, залалсыздандыру, алдын-алу немесе басқаша тәсілдермен қандай-да бір зиянды организмдерге реттеуші әсер беретін химиялық немесе биологиялық құралдар болып табылады.

Бактерицидтер әсіресе, су айдау кезінде жиі пайдаланылады және ластаушы заттар су өңдеуді жүргізеді, және су қандай-да бір зияндарсыз қайтадан пайдаланылатындай жағдайда бактериялардың көбеюі жүрмейтін және шикізаттың сапасын нашарлатпайды.

Бұл өнімдер төрттік қосындылардың үйлесімділігі, май қышқылы этоксилаттар және тетракис сульфат гидроксиметил фосфония (ТСГФ) қосындылары негізінде дайындалған.

17.6 Деэмульгаторлар

Кен орындарынан алынатын мұнайдың үлкен көлемі су немесе натрий хлориді су ерітіндісімен немесе басқа да эмульгирленген үлгідегі тұздармен ластанады. Мұндай су құрамы жүйесі су-мұнай эмульсиясы түрінде басымдылықпен кездеседі. Шикі мұнайдағы табиғи эмульгаторлар өте күрделі химиялық сипатқа ие. Әрбір мұнай ұңғымасында

олар түрліше және мұнай ұңғымаларының жасына байланысты болады, тиісінше мұнай эмульсиясы әсерін игеру үшін деэмульгаторлар таңдаулы түрде орындалуы тиіс. Практикада, суды су-мұнай газ сорап жүйесіне өте шағын көлемде деэмульгаторлар деп аталатын, ажыратқыш эмульсия заттарын қосу арқылы бөліп алады.

Аталған мақсат үшін түрлі құрамдағы деэмульгаторлардың үлкен көлемі ұсынылды. Деэмульгаторлардың химиялық құрамы жағынан ең алдымен мұнай шығуы жағынан түрліше болатындығы себепті, қатты ерекшеленетіндіктен түрлі құрамда болады. Бір аумақтағы шикі мұнайдың сумұнай эмульсиясын бұзу үшін жарамды болып табылатын деэмульгаторлар, егер шикі мұнай басқа жерден немесе басқа көздерден өндірілген болса, жарамсыз болуы мүмкін. Бұл деэмульгаторлардың тиімділігі өзгеше және тиісті мұнай немесе шикі мұнай компоненттерінің табиғатына байланысты екендігін білдіреді.

Деэмульгаторлар өндірілетін шикі мұнайды тазарту үшін, су, ауыр тұздар және балауыз секілді қоспаларды бөлу үшін пайдаланылады. Шлам биоірілткіш болып табылады.

Мұнай құрамында эмульгирленген түрде болатын су мұнайға қарапайым деэмульгаторларды және ұсақ бөліктер түріндегі кремний диоксидін қосу арқылы бөлініп алынады. Кремний диоксиді деэмульгаторлармен физикалық қоспасында қолайлы болып табылады. Кремний диоксиді саны деэмульгаторлар санына есептегенде салмағы бойынша шамамен 0,1%-дан 10% дейін болады.

Маңызды блоктар – бұл тартылған блок-полимер, май спирті блок-полимері. Майлы амин пропоксилаты, май қышқылы блок-полимері, таллий май пропоксилаты, полиамин пропоксилаты, сызықты спирт этоксилаты, амин және спирт этоксилаты қоспалары. Деэмульгаторлар үшін осы негізгі өнімдердің үйлесімділігі қажет, ол шикі мұнай мен кен орынының қасиеттеріне байланысты, тиісінше, өнім әрбір тұтынушы және кен орындары үшін ғылыми негізде жиналады.

Алкилсульфаттар және алкиларилсульфонаттар, сонымен қатар амин тобындағы тұздар түріндегі мұнай сульфонаттары деэмульгирлеу мақсатында ұсынылады.

Деэмульгатор концентрациясы әдетте миллионнан 5-тен аз бөлігінен бастап (шамамен 1 галлон/5000 баррель) миллионнан 200 бөлігіне дейін (шамамен 8л/1000 баррель) диапазонда болады. Аса кең таралған диапазон миллионнан 10 бөлігінен 50 бөлігіне дейін болады. Деэмульгаторлардың мөлшері және түріне қарамастан, тазалау процессінде түрлі компоненттерді бағалау арқылы деэмульгаторларды пайдалануды азайту және оңтайландыруға болады.

17.7 Беткі-белсенді заттар

Беткі-белсенді заттар екі сұйықтықтар арасындағы немесе сұйықтық пен қатты дене арасындағы үстіңгі созылуды төмендететін қосындыны білдіреді. Беткі-белсенді заттар жуатын заттар, жұмсартқыш агенттер, көбік құраушы агенттер және диспергаторлар ретінде болады. Олар коррозия, көбік түзілуді бақылау, тұз шөгінділерін, парафин диспрегаторларын бақылау, асфальтендер мен деэмульсацияларды бақылау үшін пайдаланылады.

Лаурил спирті этоксилаттары ионогенсіз беткі-белсенді заттардың ерекше классын білдіреді. Ол этиелн оксидін көміртегінің алкилді атомынан тұратын майлы спиртпен араластыру арқылы өндіріледі. Олар шамамен 12-ден 14 дейін лаурил спирті атомына ие және LAE коммерциялық атауы бар. Олар құрамында өте жоғары көлемде кальций бар иондар шегіне ие, майлы заттардың ерігіштігі өте жоғары және оңай биоірілткіштер бар. Олар сонымен қатар, гигроскопиялық, су сіңіргіш және липофилді сипатқа ие.

17.8 Тұзсыздандырылатын химиялық реагенттер

Тұзсыздандырылатын химиялық реагенттер айдау және шығару процессінде шикі мұнайдағы тұз деңгейін төмендету үшін пайдаланылатын амин және шайыр қоспасын білдіреді. Мұнай өндіруге арналған тұзсыздандыратын реагенттерді шикі мұнайды тазалау үшін деэмульгаторлармен араластырады. Олар сонымен бірге, мұнай өңдеу зауыттарында шикі мұнайдағы тұз мөлшерін қысқарту үшін пайдаланылады.

17.9 Мұнайдың қату температурасын төмендеткіштер

Отын немесе мұнайдың қату температурасы – бұл олар белгілі бір шарттарда салқындату кезінде сұйық күйінде болатын ең төменгі температура. Жалпы алғанда, қату температурасы мұнайдағы балауыз көлемін көрсетеді. Төменгі температура кезінде балауыз мұнайдың біршама көлемін байланыстырып, оның ағынын баяулатып, бөлініп шығуға ұмтылады. Ол сонымен қатар, мұнай жартылай қатты болатын және өзіне тән ағу қасиетін жоғалтатын температура ретінде анықталады. Шикі мұнайда жоғарғы қату температурасы, әдетте, жоғарғы парафин құрамымен ұқсастырылады.

Полиметакрилаттар жабысқақтық индексін жақсартушы және мұнайдың қату температурасын төмендетуші ретінде пайдаланылады. Олар тазартылған мұнайдың айырықша тұрақтылығын және төменгі температура қасиетін береді. Мұнайдың төменгі қату температурасына барлық кен орындары бойында шикі мұнайды тасымалдайтын шығу

желісін қосқан дұрыс.

17.10 Газды тазалау және өңдеуге арналған химиялық реагенттер

17.10.1 Жоғары күкіртті газды тазалау

Гады тазалау және қышқыл газды жою газдағы күкіртсутегін (H2S) және көміртегі диоксидін (CO2) жою үшін түрлі алкиламиндердің су ерітінділерін (әдетте қарапайым аминдер деп аталатын) пайдаланатын процесстер тобына жатқызылады. Бұл мұнай химия зауыттары, табиғи газды қайта өңдеу және басқа өндіріс салаларының жұмыстарында кеңінен пайдаланылады.

Бірқатар амин еріткіштері газдарды: диэтаноламин (ДЭА), моноэтаноламин (МЭА), метилдиэтаноламин (МДЭА) және дигликольамин (ДГА) тазалау кезінде пайдаланылады. Өнеркәсіп кәсіпорындарында аса жиі қолданылатын аминдер ЖЭА, МЭА және МДЭА алаканоламиндері болып табылады.

17.10.2 Газ гидратсыздандыру

Бірқатар химиялық заттар гидратсыздандыру үшін таңдалған тәсілдерге байланысты қолданылады. Аса кең таралған әдістердің бірі гликоль және метанол секілді сұйық құрғатқыштарды пайдаланумен жұту болып табылады. Гликольдердің үш түрі болып табылады: этиленгликоль (ЭГ), диэтиленгликоль (ДЭГ) және триэтиленгликоль (ТЭГ). Екінші әдісі глинозем және кремнезем секілді қатты құрғатқыштарды пайдаланумен адсорбия болып табылады. Метанол табиғи газ желісінде гидраттардың түзілуін баяулату үшін пайдаланылады.

18
Құбырлар мен сораптар

Құбырлар сораптармен бірге шикі мұнайды, көмірсутегі өнімдері, табиғи газды, сонымен қатар басқа да маңызды отынның қазба түрлерін тез, сенімді және үздіксіз тасымалдаудың тиімді құралы болып табылады. Құбырлар тұрақты және сенімді пайдаланылуы және жұмыстың барынша жоғары тиімділігін, қауіпсіз тасымалдауды және барынша аз тұру уақытын қамтамасыз ету, сонымен қатар экологиялық стандарттар мен сапа стандарттарын ұстау үшін бақылануы тиіс. Күшті сораптар, бір жағынан мұнайды, шикі мұнайды мұнай кен орындарынан тасымалдау және мұнайды соңғы жету нүктесіне дейін жеткізу үшін қажет.

Бұл тарауда мұнай кен орындарында операцияларда құбырлар мен сораптардың рөлі түсіндіріледі. Бұл келесі бөлімедерден тұрады:

- Кен орындарының мұнай жинау жүйесі
- Шикі мұнайды жеткізу желісі
- Құбыр өлшемдерін анықтау және қабырға қалыңдығын таңдау
- Құбырлардағы экономикалық теңгерім және құбырдың қолайлы диаметрі
- Құбырлардың басқа да аспектілері
- Сораптардың түрлері және жіктелуі
- Сорапты қалай таңдау қажет
- Сорап үшін ат күші есебі (HP)

18.1 Құбырлар

18.1.1 Кіріспе

Құбырлар мұнай және газ тасымалдаудың екінші аса маңызды нысаны болып табылады. Оларды пайдалану табиғатына қарай тек шикі мұнайды, мұнай өнімдерін, газды мұхиттар немее кеме жүзетін өзендердегі біршама шектеулі нүктелермен тасымалдайтын танкерлерді пайдаланумен салыстырғанда күрделірек. Құбырлар, алайда, шикі мұнайды мұнай өңдеу зауыттарында немесе теңіз терминалдарында тасымалдау үшін мұнай кен орындарындағы мұнай жинау жүйелерінде пайдаланылады және көбінесе мұнай өңдеу зауыттарынан жергілікті тарату пункттеріне мұнай өнімдерін тасымалдау үшін пайдаланылады.

Нарықтағы сұраныстың өсуі, әрине құбырлардың қажетті көлемді тасымалдау қабілеттілігінен асып түсуі мүмкін. Бұл проблеманы шешудің бірінші тәсілі, сорап стансаларының сандарын ұлғайту арқылы

құбыр бойымен тасымалданатын мұнайдың жылдамдығын ұлғайтудан тұрады. Бірақ, құбырлардың үйкелісі геометриялық тұрғыдан ағын жылдамдығының ұлғаюымен бірге өсіп отыратындықтан, құбырларды көбейту тиімді болып саналады. Бұл процесс дубляж деп аталады, және қолданыстағы құбырдың қасынан тағы бір құбыр салудан тұрады. Осылайша, құбырлар мұнай және табиғи газдарды тасымалдаудың аса маңызды қызметін атқарады.

18.1.2 Мұнай кен орындарында пайдаланылатын мұнай жинау жүйесі

